

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова



Тарих факультеті
Исторический факультет



Этномәдени және тарихи-антропологиялық зерттеулер орталығы
Центр этнокультурных и историко-антропологических исследований

Археология, этнология және Отан тарихы кафедрасы
Кафедра археологии, этнологии и Отечественной истории

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН: ТАРИХИ ЖАДЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына арналған халықаралық қатысуымен өтетін республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары

ВЕЛИКАЯ ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ВОЙНА И КАЗАХСТАН: ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ

Материалы Республиканской научно-практической конференции с международным участием, посвященной 75-летию Победы в Великой Отечественной войне

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.
Букетова

Тарих факультеті
Исторический факультет

Этномәдени және тарихи-антропологиялық зерттеулер орталығы
Центр этнокультурных и историко-антропологических исследований

Археология, этнология және Отан тарихы кафедрасы
Кафедра археологии, этнологии и Отечественной истории

**«ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН:
ТАРИХИ ЖАДЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына арналған халықаралық
қатысуымен өтетін республикалық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның материалдары

**«ВЕЛИКАЯ ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ВОЙНА И КАЗАХСТАН:
ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ»**

Материалы Республиканской научно-практической конференции
с международным участием, посвященная 75-летию Победы в Великой
Отечественной войне

Караганды - 2020

УДК 94 (47+57)
ББК 63.3
В 27

Жауапты редактор: т.ғ.к. **Б.А. Досова**
Ответственный редактор: к.и.н. **Б.А. Досова**

Редакторлар: т.ғ.к. **Қ.К. Абдрахманова**, т.ғ.к. **Ж.А. Қарсыбаева**, ғ.ғ.м. **Д.Д. Шапағатова**
Редакторы: к.и.н. **Қ.К. Абдрахманова**, к.и.н. **Ж.А. Қарсыбаева**, м.ғ.н. **Д.Д. Шапағатова**

Сын пікір берушілер:
Даниярова А.Е. – т.ғ.к., ҚарМТУ Қазақстан тарихы кафедрасының доценті
Омаров Т.Д. – т.ғ.к., ҚМУ Қазақстан тарихы және ӘСП кафедрасының ассоц. профессоры

Рецензенты:
Даниярова А.Е. – к.и.н., доцент кафедрасы тарихы Қазақстан КарГТУ
Омаров Т.Д. – к.и.н., ассоц. профессор кафедрасы тарихы Қазақстан и СПД МУК

В27 Ұлы Отан соғысы және Қазақстан: тарихи жадының мәселелері: халықаралық қатысуымен өтетін республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. / Жалпы редакциясын басқарған т.ғ.д., З. Ж. Сактаганова. – Қарағанды, 2020. – 458 б.

Великая Отечественная война и Казахстан: проблемы исторической памяти: Материалы Республиканской научно-практической конференции с международным участием. /Под общей редакцией д.и.н. З.Г. Сактагановой. – Караганда, 2020. – 458 с.

ISBN 978-9965-39-869-8

Жинаққа Ресей мен Қазақстанның ғалымдары мен зерттеушілерінің, ҚР мұрағаттары мен мұражайлары қызметкерлерінің мақалалары, сондай-ақ Қазақстанның жоғары оқу орындары мен колледждерінің студенттері, магистранттары, докторанттары, республикалық мектептердің тарих пәні мұғалімдерінің мақалалары кірді. Мақалалар тақырыптың өзектілігімен ерекшеленеді, ғылыми айналымға жаңа мұрағат және мұражай материалдары енгізіледі. Жинақ Ұлы Отан соғысы тарихын зерттеуде отандық және ресейлік зерттеушілердің проблемалық сәттерге заманауи көзқарастарын көрсетеді. Жинақтың материалдары ғылыми қызметкерлерге, оқытушыларға, орта мектеп және колледж мұғалімдеріне, докторанттарға, магистранттарға, оқу орындарының студенттеріне қызықты болады.

В сборник вошли статьи представителей научных школ России и Казахстана, сотрудников архивов и музеев Казахстана, а также статьи студентов, магистрантов, докторантов вузов и колледжей Казахстана, учителей истории республиканских школ. Статьи отличаются актуальностью тематики, в научный оборот вводятся новые архивные и музейные материалы. Сборник отражает современные взгляды отечественных и российских исследователей на проблемные моменты в изучении истории Великой Отечественной войны.

Материалы сборника будут интересны научным сотрудникам, преподавателям, учителям средних школ и колледжей, докторантам, магистрантам, студентам учебных заведений.

УДК 94(47+57)
ББК 63.3

Жинақ «ЖОО үздік оқытушысы 2019» Мемлекеттік грантының иегері, т.ғ.к., доцент Б. А. Досованың қаржылай қолдауымен жарияланды

Сборник опубликован при финансовой поддержке обладателя Государственного гранта «Лучший преподаватель вуза 2019 года», к.и.н., доцента Досовой Б.А.

ISBN 978-9965-39-869-8

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ**

Предисловие	7
--------------------------	---

**ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ТАРИХЫН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ И ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ ВЕЛИКОЙ
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ**

Аймапов Б.С. Кеңес – герман соғысындағы әскери тұтқындар мәселесінің зерттелу тарихынан	8
Альменбетова У.А. Ұлы Отан соғысы тақырыбы бойынша өзекті мәселелер.....	15
Айтбаева А. Р. Соғыс буындарының өзгерілуі	19
Амангосов Е.К., Мантаева М.К. К некоторым вопросам изучения истории в колледжах.....	24
Аманжолова Д.А. Некоторые вопросы историографии Великой Отечественной войны	29
Бедельбаева М.В. Контент тематической экскурсии по городу Караганда «Спасибо за Победу!».....	36
Досова Б.А., Писоцкая Д.С. Роль переводчика в годы Великой Отечественной войны	43
Жанбосинова А.С. Великая Отечественная война: междисциплинарные подходы казахстанской исторической науки	47
Жумашев Р.М. Уроки войны – уроки истории	57
Исина А.С. Современные проблемы изучения Великой Отечественной войны в школе	64
Ковригин В.В. Трансформация подходов к освещению Второй мировой войны в российских и зарубежных школьных учебниках	70
Сактаганова З.Г. К обсуждению вопроса об участии женщин Казахстана на фронтах Великой Отечественной войны	77
Самохин А.Ю. История поиска родственников-фронтовиков: алгоритм, технологии и источники.....	82
Сибиряков И.В. Высшие учебные заведения Челябинска в годы Великой Отечественной войны	87
Черная Е.Б. Память, которая объединяет	93
Шлюпиков М.В. Казахстан в Великой Отечественной войне. Некоторые проблемы историографии	98

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА МАЙДАНДА ЖӘНЕ ТЫЛДА
ҚАЗАХСТАНЦЫ В ГОДЫ ВОЙНЫ НА ФРОНТАХ И В ТЫЛУ**

Абдрахманов С.А. Формирование, боевая подготовка и участие 310-ой Акмолинской стрелковой дивизии в битвах Великой Отечественной войны	105
Алибекова Г.Т., Казтаев Р.К. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанның жеңіске қосқан үлесі	109
Айтказина М.М. Великая Отечественная война (Память моего народа).....	114
Ақпан Ж.Ә. Бауыржан Момышұлы – жауынгер және қаламгер	118
Алжанова Р.К. Вклад Казахстана в победу в годы Великой Отечественной войны.....	123
Алимханова Д.А., Шайжанова Г.К. Қазақстанға эвакуацияланған кәсіпорындарды қабылдау және орналастыру	128
Аупеннова А.У., Омарова А.С. Краткий анализ эвакуации людских ресурсов в первые годы Великой Отечественной войны в республики Средней Азии и Казахстана	132
Ахметова Л.С. Бозжанов Жалмухамед – политрук 1 пульроты 1073 сп 316 стрелковой – 8 гвардейской дивизии имени генерала И.В. Панфилова	139
Бакбергенова Г.Т. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халықтың әлеуметтік ахуалы	143
Бугай Н.Ф. Представители этнических меньшинств Казахстана в Великой Отечественной войне 1941–1945 годов	149
Джумагалиева К.В. К вопросу о проведении эвакуационных работ в годы Великой Отечественной войны	155

Досова Б.А., Калибекова К. С., Касапиди К.А. Участие казахстанцев во французском движении Сопротивления в годы Второй мировой войны	161
Досова Б. А., Назаренко В.М. Участие казахстанцев в освобождении территории Китая от японских захватчиков в 1945 году	166
Жарылгасынова А.Р. Ұлы Отан соғысы қиын қыстау кезеңінде Қарағанды облысы аумағындағы НКВД совхозының ауылшаруашылық тәжірибе станциясы жұмыстарымен онда жүргізілген сараптамалар нәтижелері	171
Зинич М.С. Жизнь эвакуированных историков в Алма-Ате в 1941-1943 гг.	176
Карсыбаева Ж.А., Кичкембаева Х.Х. Оңтүстік Қазақстан облысының Ұлы жеңіске қосқан үлесі	182
Капарова У.К. Роль Жездинского марганцевого месторождения в годы войны.....	188
Карчалова АМ. Писатели-фронтовики Восточного Казахстана Касым Кайсенов и Есет Аукебаев	195
Касимов Т.А., Шапкова Г.А. Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!!!	200
Кистаубаева А.К. Тыл – фронту (на основе фондовых материалов ЦГМ РК)	206
Кистаубаева А.К. Участие казахов во французском движении Сопротивления	212
Козина В. В. К вопросу о миграционных процессах в Карагандинской области в годы Великой Отечественной войны	217
Мажитова Ж.С. Героический боевой путь краеведа А.Ф. Дубицкого	221
Макаримова М.С. Некоторые документы из истории Карагандинских кирпичных заводов в годы Великой Отечественной войны	224
Мендикулова Г. М. Новые архивные документы об участии казахов в антифашистском сопротивлении в Италии в годы Второй мировой войны	228
Мухаметжанова Н.Т. Б.Момышұлы шығармаларындағы соғыс тақырыбы	232
Намазбаева Н.З. Соғыс жылдарында тылда еңбек еткен жерлестер	238
Нурбекова Р.К. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы шығысқазақстандықтардың ерен еңбегі	240
Өскембаев Қ.С. Әкеміз жайлы айтсам.... ..	244
Өскембаев Қ. С. Екінші Дүниежүзілік соғыстағы қазақстандықтардың батырлығы мен қасіреті	247
Санақбекқызы Н. Отан үшін от кешкен. Абай ұрпақтары	254
Саркенова К.А. Атырау облысы еңбеккерлерінің тылдағы ерлік шежіресі	258
Сүлейменова Ә.Т. Атбасар мен Берлин арасы: әскери тұтқынның тағдыры	263
Чиликова Е.В. К вопросу эпидемиологического благополучия в Казахстане. 1941 – 1945 гг.	268
Шамшиев М.З. Шығысқазақстандық Әбітай Құсметовтің ерлігі	277
Шильдебаева Ж.М. Всё для победы - памятники вечной славы! К 75-летию празднования Великой Победы	281

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР МЕН БАЛАЛАР ЖЕНЩИНЫ И ДЕТИ В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

Абдрахманова К.К. Героизм женщин Казахстана на фронтах Великой Отечественной войны по материалам наградных листов	287
Аленова К.Е. Женщины Северного Казахстана в годы войны: подвиг на фронте и в тылу ...	294
Беркун О.Е. Военное детство	298
Елеуханова С.В. Женщины - медицинские работники Западного Казахстана на фронтах Великой Отечественной войны	303
Жаркынбаева Р.С., Абдирайымова А.С. Рост удельного веса женщин в народном хозяйстве Казахстана.....	309
Жумашев Р.М., Оте Д.Е., Хлебников И.Д. Из истории общеобразовательной школы Казахстана в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 годы)	313
Карсыбаева Ж.А., Тимофеева Е.В. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Оңтүстік Қазақстан әйелдерінің әскери жорық жолдары	321
Рысбаева С. К. Әйелдердің соғыстағы ахуалы: майдан шебі және тыл.....	328
Сактаганова З.Г., Абдукаримова Ж.К. Работа детских яслей Центрального Казахстана в годы Великой Отечественной.....	334
Сарбасова А.Б. Хиуаз Доспанова - қазақ қыздарына үлгі.....	342
Турсынова Ж.Ж. Героический подвиг женщин–карагандинок в годы войны.....	346

Уразбаева А.М. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі балалар тағдыры.....	351
Хисамутдинова Р. Р. Материально-бытовые условия жизни сельских детей Чкаловской (Оренбургской) области в годы Великой Отечественной войны по их воспоминаниям	355
Хмелева Т.В. Женское лицо войны	361

БІЗ ҰМЫТПАЙМЫЗ, БІЗ МАҚТАН ТҰТАМЫЗ: ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕР СОҒЫС ТУРАЛЫ

МЫ ПОМНИМ, МЫ ГОРДИМСЯ: МОЛОДЫЕ ИССЛЕДОВАТЕЛИ О ВОЙНЕ

Абдинурова А.С. №7 симфония Д.Д. Шостаковича как памятник подвигу Советского народа в Великой Отечественной войне.....	366
Амангельдина М. Ешкім де ұмыт қалмайды, ешнәрсе де ұмытылмайды.....	374
Аханов А.К. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қарағанды облысы әйелдері қосқан үлесі.....	379
Бабырбек А.М., Абдрахманова К.К. 1941-1945 жж. Орталық Қазақстан балаларының тұрмыстық-әлеуметтік жағдайы мұрағат материалдарында.....	383
Баспакова М.Е., Шапагатова Д.Д. Дальневосточный фронт: и тыл и плацдарм в годы Великой Отечественной войны.....	386
Бекетова К.Е., Джумагалиева К.В. Легендарная дочь казахского народа – единственная ночная бомбардировщица.....	390
Қалмахан А. Ұлы Отан соғысының батыры. Мәлік Ғабдуллин – қазақ ғылымының көрнекті өкілі.....	394
Мухатаева Г.А. Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақ әйелдері туралы (Солтүстік және Орталық Қазақстан бойынша).....	398
Мұрат Т.М. Военно-патриотическая тематика в произведениях Касыма Аманжолова.....	405
Ожаева Б. Б. Ерліктері еленбеген екі батыр немесе Кеңес Одағы Батыры атағын алмаған аталарымыз.....	409
Райымбек А.А. Тұңғыш қорғаныс министрі С.Нұрмағамбетовтың жауынгерлік қызметі.....	414
Рыспаева К.Б., Абдрахманова К.К. Женская повседневность в «АЛЖИРе» в годы Великой Отечественной войны.....	418
Сабыр А., Қоскеева Ә.М. Түркістан легионы және Мұстафа Шоқай.....	423
Сағындықова А.М. Мектепте, колледждерде және ЖОО-да тарихты оқытудағы Екінші Дүниежүзілік соғыс және Ұлы Отан соғысының мәселелері.....	427
Сарманова А., Абишева Ж.Р. Соғыс жылдарындағы қазақ қыздарының ерліктері хақында.....	432
Тасырбаева Э.К., Джумагалиева К.В. Проблема беспризорности детей в годы Великой Отечественной войны.....	437
Темірболат М.М. Қазақстандық 101-ші ұлттық атқыштар бригадасының Белоруссияны азат етуге қатысуы.....	441
Tulegenova S.G., Zueva L.I. The Great patriotic war of 1941-1945: history in biographies of veterans of Kazakhstan.....	446
Турсунова Б.Ж. Вклад казахстанцев в Великой Отечественной войне на примере одной семьи – Салыкжановых.....	451
Абилева Ж.К., Сактаганова З.Г. Труд женщин Карагандинской области в тылу в годы Великой Отечественной войны	454

ПРЕДИСЛОВИЕ

Республиканская научно-практическая конференция с международным участием «Великая Отечественная война и Казахстан: проблемы исторической памяти» состоялась на базе исторического факультета КарГУ им. Е.А. Букетова. Организатором конференции выступил Центр этнокультурных и историко-антропологических исследований во главе с д.и.н., профессором З.Г. Сактагановой

Сборник включает в себя 4 секции. Первая секция содержит работы исследователей по актуальным проблемам изучения Великой Отечественной войны. Во второй секции статьи, посвященные участию казахстанцев в войне. Третья секция раскрывает историю судеб женщин и детей в годы войны. В четвертой секции размещены статьи молодых исследователей – студентов, магистрантов и докторантов, в которых прослеживаются взгляды молодого поколения к трагическим событиям военных лет.

В сборник вошли более 80 статей, авторами которых явились представители российской и отечественной исторических школ. Российские авторы представили такие научные центры как Институт Российской истории РАН (Москва), Оренбургский государственный педагогический университет (Оренбург), Пермский институт ФСИН России (Пермь), Российский экономический университет им. Г.В. Плеханова (Москва), Южно-Уральский государственный университет (НИУ) (Челябинск) и др. Из отечественных центров – КарГУ им. Е.А. Букетова (Караганда), КазНУ им. аль-Фараби (Алматы), Пограничная академия КНБ Республики Казахстан (Алматы), КазАТК им. М. Тынышпаева (Алматы), Академия «Bolashaq» (Караганда), КазАТУ им. С.Сейфуллина (Нур-Султан), ВКГУ им. С. Аманжолова (Усть-Каменогорск), Казахстанский филиал МГУ имени М.В. Ломоносова (Нур-Султан), Satbayev University (Алматы), Государственный университет им. Шакарима (Семей), Евразийский гуманитарный институт и Международный университет Астаны (Нур-Султан), Институт истории и этнологии им. Ш. Валиханова (Алматы), ЕНУ им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан) и др. Также в сборник вошли статьи сотрудников архивов и музеев Казахстана: Национальный музей Республики Казахстан (Нур-Султан), Историко-культурный заповедник-музей «Памятники древнего Тараза» (Тараз), Государственный архив Карагандинской области по научно-технической документации (Караганда), Карагандинский областной музей изобразительного искусства (Караганда), Государственный архив Карагандинской области (Караганда), Музей истории горного и плавильного дела им. М. Торегелдина (пос. Жезды), Восточно-Казахстанский областной архитектурно-этнографический и природно-ландшафтный музей-заповедник (Усть-Каменогорск), Центральный государственный музей РК (Алматы), Государственный архив города Караганды (Караганда), Музей Абая (Семей), Темиртауский городской историко-краеведческий музей (Темиртау), Архив Президента РК (Алматы), Государственный архив Каражала (Каражал) и др. В сборнике материалов конференции размещены статьи студентов, магистрантов, докторантов вузов Казахстана, а также учителей истории республиканских школ.

Статьи посвящены разным аспектам истории Великой Отечественной войны. Отрадно, что наряду с фундаментальными научными исследованиями ведущих ученых, в сборнике представлены исследования учителей школ, студенческие работы. Последние, кстати, отличаются эмоциональным подходом в изложении материала. Некоторые написали историю своих родственников и близких, земляков. Не это ли проявление патриотизма. Одно объединяет все статьи сборника – это искренняя благодарность потомков героям войны за мирное небо над головой.

Учеными, ведущими сотрудниками архивов и музеев в научный оборот были введены материалы из архивных и музейных фондов России и Казахстана. В результате сборник может быть расценен научной общественностью как весомый вклад в исследования истории ВОВ и в целом проблем войны, военной повседневности, депортации народов, политических репрессий и т.д.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ТАРИХЫН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ И ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ
ВОЙНЫ

Айманов Бауыржан Сагидуллаевич, тарих пәні мұғалімі
Ақшұқыр мектеп-лицейі, Маңғыстау қ., Қазақстан, bauka_ab_84@mail.ru

КЕҢЕС – ГЕРМАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАР
МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН
(Ұлы Жеңіске – 75 жыл!)

Андатпа: автор өз зерттеуінде Кеңес – герман соғысындағы кеңестік тұтқындардың санын анықтау мен зерттеу тарихына тоқталады. Соғыс тарихындағы тұтқын мәселесінің өзектілігі Гаага – Женева конвенцияларындағы әскери тұтқынның құқықтық мәртебесінің сақталуынан, оған көрсетілетін медициналық көмек пен жәбірлеуге жол берілмейтіндігі, тұтқындарды қорғауды жүзеге асыру көзделді. Германия жаңа соғысқа дайындала отырып, 1934 жылы 21 ақпанда Гаага конвенциясының келісімдеріне қол қойып, болашақ соғыстағы тұтқын мәселесін шешіп алды. Большевиктер өзін «Ресей империясының құқықтық мұрагері емеспіз» деген бейіл таныта отырып, халықаралық екі құжатты да қабылдамады. Бұл әрекет соғыс жылдары жүздеген мың кеңестік тұтқындарды тағдыр тәлкегіне тастап, оларға қарсы жасалған қылмыс болды.

Түйін сөздер: соғыс тұтқыны, конвенция, Қызыл Крест, репрессия, концлагерь, реабилитация.

«Гитлер де, Сталин де залым. Бірі – әсіреұлтышыл-нацист, ал екіншісі – интернационалист болып көрінгеніне қарамастан, екеуінің де саясаты мен залымдығы тең дәрежеде. Егер екеуі достасып, бірігіп дүниеге үкім жүргізбекші болса, онда бүкіл дүниежүзін қан қақсатады», - деп жазған болатын 1939 жылы алыстағы Францияда эмиграцияда жүріп, большевиктер билігіне қарсы күрескен Мұстафа Шоқай «Прометей» және «Яш Түркістан» журналдарында [1, 212-2113 бб.].

Сан қилы саяси және әлеуметтік қайшылықтар мен дүрбелең үстінде өткен ХХ ғасыр адамзат санасында жойқын соғыстарымен де сақталары сөзсіз. Өйткені, бір ғана Екінші дүниежүзілік соғыстың өзі қаншама ұрпақты қайғы-қасіретке душар етіп, адамзатты рухани және материалдық құлдырауға ұшыратты. Жалпы, үлкен тарих тұрғысынан алғанда азғантай мерзім болғанымен ұзақтығы жағынан 1418 күн және түнге созылған Кеңес - герман соғысы өзінің ауқымы мен қилы-қилы оқиғаларға қанықтылығымен тұтас бір дәуірге тең. Өйткені, ол сан миллион адамдардың өмірін қиған, жер бетінде бұрын-соңды болмаған ең зардапты, әрі қантөгісті соғыстың бірі болған еді. Бұл соғыста Кеңес Одағында 1710 қала мен қала типтес елді мекендер, 70 мың ауыл мен қыстақ, 32 мың өнеркәсіп орындары, 98 мың ұжымшар мен 1876 кеңшар талқандалып, талан-таражға ұшырады. Мемлекеттік комиссия соғыс жылдарында Кеңес Одағы ұлттық байлығының 30 %-нан, ал герман оккупациясында болған аудандардың материалдық шығыны 2/3 бөлігін құрайтынын анықтады. Шығынды ақшамен есептегенде – Кеңес Одағы 2 трлн. 600 млрд сом шығын көрді. Ал екінші дүниежүзілік соғыста – Англия ұлттық байлығының 0,8 %-нан, Франция 1,5 %-нан айырылып, АҚШ-тың айтарлықтай материалдық шығынға ұшырамағанын ескерсек бұл соғыстың КСРО үшін зардабы қаншалықты ауыр болғанын көреміз [2, 497-498 бб.].

«Соғыс құрбансыз болмайды», десекте бұл соғыс қаншама адамның жастығын құртты немесе герман тарапына қанша кеңестік әскерилер тұтқынға түсті деген сауал төңірегінде жүріп жатқан пікірталастар әлі күнге дейін толастар емес. Себебі күні бүгінге дейін қаза болғандар, жаралылар, әскери тұтқындар мен хабарсыз кеткендер туралы нақты

дерек жоқ. Кейбір зерттеушілер бұл санды азайтып көрсетсе, ал басқалары керісінше әсірелеп көбейтуге тырысуда. Бұл мәселе 1946 жылы Сталиннің соғыста Кеңес Одағы 7 миллион адамынан айырылды деген сөзінен басталса керек. Ал Хрущевтік «жылымық» кезінде бұл көрсеткіш 20 миллионға дейін жетсе, Брежневтік «тоқырау» мен Горбачевтік «қайта құру мен жариялылық» дәуірінде 27 миллионға жеткізілген статистика бертінге дейін өзгермеген қалпы сақталып келеді. Осы мәселе төңірегінде 1988-1989 жылдары КСРО Қарулы күштерінің Бас штабында «1941-1945 жылғы кеңес әскерінің жеке құрамы мен қару-жарақтың, соғыс техникасының шығынын анықтау жөнінде» екі комиссия жұмыс істеді. Оның қорытындысы қаралып, бекітілді. Онда «майданда қаза тапқан, жоғалып кеткен, тұтқынға түсіп, одан қайта оралмаған, жарақат алып немесе кездейсоқ оқиғаға ұшырап өлгендер – Қиыр Шығыстағы науқанды қоса есептегенде 8 млн. 668.400 адам», - деп жазды Бас штаб бастығы, армия генералы М.А. Моисеев [3, 14-17 бб.].

Горбачевтік комиссиядан соң 1993-1994 жылдары кеңсе қойнауынан шыққан «Гриф секретности снят» деген еңбекте соғысқа қатысты шығын деп осы цифр (8 млн. 668-400 адам) қайталанатын, онда хабарсыз ғайып болғандар мен тұтқынға түсіп, әскер қатарынан кеткендердің саны 11 млн. 441.100 адам деген мәлімет берілген. Алайда бұл мәлімет кейінірек және өзгерді. Бас штабтың бұрынғы басшысы (1991 ж.), армия генералы В.Н.Лобов басқа дерек келтіреді. Ол электрондық банк қорында тіркелген қаза тапқандар 17 млн.ға жетті деген хабарлама айтады [4, 4-5 бб.]. Бірақ, кейін құпия сыры ашылған соң басқа хабар-ошарды салыстыра отырып жасаған В.Первышин өз зерттеуінде «кеңес азаматтарының соғыс кезінде өлім-жітімге ұшырағаны 38 млн.794 мың болғанын» есептеп шығарады [5, 8-9 бб.].

Соғыстың алғашқы айларында кеңес әскері тарапынан адам шығыны өте көп болды. Атап айтқанда, 1941 жылдың маусымы мен қараша айлары аралығында майдан даласында күн сайын 17 мың адам қаза болып, 7 мыңнан астам адам жараланып отырды. Бұл күн сайын Қызыл армия 2 дивизиядан айырылып отырды деген сөз. Оның ішінде алғашқы 3 айда ғана Кеңес Одағы өлісі бар, жаралысы бар, 1 млн. 200 мыңнан астам адамын жоғалтып, олардың 700 мыңдайы тұтқынға түскен. Әйтседе, Кеңес - герман соғысындағы құрбан болғандар мен тұтқынға түскен әскерилердің саны туралы мәліметтер әлі де нақтыланбай келеді. Бүгінге дейін жарияланған ресми, бейресми жарияланымдар мен неміс деректерінде соғыс кезінде 5,7 – 5,75 млн. кеңестік әскерилер тұтқынға түсіп, оның 2 – 2,5 млн.ы құрбан болғаны айтылуда. Соғыс кезі мен одан кейінгі жылдары тұтқыннан 1 млн. 836 мың адам оралған болса, ал 1 млн. 783,3 мың тұтқын – опат болды, қаза тапты немесе өзге елдерге эмиграцияда қалды [6, 3-4 бб.].

Адамзат қоғамында теңсіздік пайда болғалы бері бастау алған ірілі-ұсақты қарулы қақтығыстардың бәрінде шайқас нәтижесінде жеңімпаздар қолына түскен тұтқындар мәселесі әртүрлі шешіліп келді. Көне дәуірден бері тұтқындарды құл ретінде сату, сыйға тарту, өз елі тарапынан сатып алынуы, соғыс зардабын жою мен әртүрлі ғимарат құрылыстарына пайдалану немесе көзін жою орын алып келгені белгілі. Әйтседе адамзат жаңа заманға аяқ басқан соң соғыс ережелері мен оның нәтижесінде қолға түсетін тұтқындар мәселесіне де өзгерістер енді. Әскери тұтқындар туралы сөз болғанда зерттеушілердің бірінші кезекте көңіл аударатыны халықаралық Гаага - Женева конвенциялары негізінде соғыс тұтқындарының құқықтық мәртебесі туралы мәселе болып табылады. Бұл халықаралық келісімнің шығу тарихы ХІХ ғасырдан бастау алады.

ХІХ ғасырдың екінші жартысында соғыс жүргізудің ережелерін және тұтқындардың құқықтарын белгілеген халықаралық келісімдер жасау басталды. Мұндай алғашқы келісім 1864 жылы 10 мамырда болып, ол Голландия, Ресей, Ұлыбритания, Түркия және Швеция елдері арасында жасалды. Бұл конвенцияда соғыс кезінде жаралылар мен ауруларға медициналық көмек беру бейтараптық сипатта болуы тиіс, олар соғысушы елдің азаматы болса да, көмек алуға құқылы деп көрсетілді. Кейінірек бұл конвенцияға Еуропа елдерінің барлығы дерлік қолын қойды. 1864 жылғы Женева конвенциясының бастамасы 1899 жылы Гаагада өткен халықаралық конвенцияда өз жалғасын тапты. Оған 26 елден 100-ден

астам мемлекеттік және саяси қайраткерлер, ғалымдар мен мамандар қатысып, конференцияда соғыс және бейбітшілік мәселелерін талқылады [7, 3-4 бб.].

1899 жылы 29 шілдеде «Құрлықта соғыс жүргізудің заңдары мен ережелері» деп аталған конвенция жасалып, оған қатысушы елдердің барлығы қол қойды. Бұл конвенцияда соғысушы ел әскерлерін тұтқындау сол елдің әскерін әлсірету мақсатында ғана жасалатыны ескертіліп, соғыс тұтқынының өміріне қауіп төндірмеу, денсаулығына зиян келтірмеу міндеттері белгіленді. Кейінірек, 1907 жылы 18 қазанда Гаагада өткен екінші бейбітшілік конференциясында соғыс тұтқындарына адамгершілікпен қарау қағидасы толықтырылып қабылданды. Бұл конвенция бойынша, соғыс тұтқындары оны тұтқынға алған әскери бөлімнің немесе жеке адамның емес, тұтқындаушы мемлекет үкіметінің билігінде болатыны нақтыланды. Соғыс тұтқындарын мемлекеттің тұтқыны ретінде қабылдау жаңа дәуірде соғыстың сипатының өзгеруіне де байланысты болды. Көне және ортағасырлар кезеңінен жаңа заманға дейінгі тарихи кезеңде соғыс жеке адамдар немесе билеушілер арасында қарулы қақтығыс ретінде қаралса, жаңа кезеңнің соңғы жылдарында соғыс мемлекеттер арасындағы күрес деген қағида қалыптасты. Бұл біріншіден, соғыс тұтқынын жеке әскери топтар мен адамдардың жәбірлеуіне жол бермейді, екіншіден, соғысушы мемлекеттер үкіметтерінің алдына тұтқындарды қорғаудың белгілі бір халықаралық-құқықтық міндеттерін қояды. Ал үшіншіден, үкіметтерге соғыс тұтқындарын қорғау ережелерін бұзғандығы туралы бір-біріне айып тағуға мүмкіншілік береді.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары неміс тұтқынында болған шетелдік әскери тұтқындардың (ағылшын, француз, американдық, т.б.) мәртебесі сақталып, мұндай мүмкіндіктен кеңестік миллиондаған тұтқындар мақрұм болды. Кезінде жоғарыда аталған конвенцияларға II Николай үкіметі қолын қойып, аталған ережелерді сақтау мен орындауға келіскен болатын. Оның айқын мысалы ретінде бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары Қазақстанға әкелінген құрамында славян тектестер басым болған соғыс тұтқындарын айтсақ болады. Себебі 1914-1918 жылдары болып өткен соғыста бір-біріне қарсылас лагерь болған Антанта мен Үштік (кейінірек Төрттік) Одақ елдері Гаага конвенцияларының ережелеріне сүйенді. Оған сол кезде әлемнің 47 мемлекеті қол қойған болатын. Алайда Ресей империясында 1917 жылы төңкерістер орын алып, үкімет бірнеше рет ауысты да ел азаматтары екіге жарылып, бір-бірімен қырқысып кетті. Бұл тарихта 1918-1920 жылдары болып өткен азамат соғысы мен шетелдік интервенция деген атпен белгілі. Осы қантөгіс кезінде ескі (патшалық) билікті қалпына келтіруді көздеген ақ гвардияшылар мен жаңа қоғам орнатпақшы болған қызылдар (Кенес үкіметі) билікті өз қолдарында сақтап қалу үшін барлық шараларды жүргізді. Зерттеушілер, міне, осы қантөгістер кезінде большевиктердің саясаты мен ұстанған бағытының өзгеріске ұшырағанын айтады.

Бұдан кейін жас мемлекет ретінде халықаралық оқшаулануды бастан кешірген Кеңес үкіметі қалайда өзіне одақтас табуды көздеді. Оны мойындаған Түркия, Ауғанстан, Қытай мен Монғолия сияқты елдер халықаралық деңгейде айтарлықтай маңызға ие емес еді. Міне, осы кезде кеңестік Ресей мен Веймарлық Германия арасында 1922 жылы Рапалло келісімін жасап, қарым-қатынасын жолға қойды. 1920-1930 жылдардағы халықаралық саясатты «сенімсіз жылдар» деп атаса да болады. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлемде тыныштық пен бейбітшілікті сақтаушы ретінде танылған Ұлттар Лигасы іштен іріп-шіріді. Оған мүше елдер ережелерді орындауға немқұрайдылық танытып, Еуропада бір-біріне қарсылас соғыс ошақтары бой көтеріп келе жатты. Ал мұхиттың аржағындағы «доллар қожайыны» АҚШ үкіметі Германияға Дауэс-Юнг жоспарымен қаржылай көмек бере отырып, оның қолтығына дем берді. Англия мен Франция Еуропада гегемондыққа таласып, іргесіндегі болашақ қауіпке мән бермей жатты. Ал алыстағы «күншығыс» мемлекеті Жапонияда Маньчжурияны басып алуға білек сыбана кірісіп кетті. Германияда билік басына Гитлердің келуі, оның фашистік Муссолини үкіметі және милитаристік Жапония сияқты елдермен жақындасуы әлемде жаңа соғыс өртін лаулата түсті. Веймар

кезеңінде басталған КСРО мен Германия арасындағы тату-тәтті қатынасқа сызат түсе бастады. Германия жаңа соғысқа дайындала отырып, 1934 жылы 21 ақпанда Гаага конвенциясының келісімдеріне қол қойып, болашақ соғыстағы тұтқын мәселесін шешіп алды.

Ал Сталин бастаған большевиктік үкіметтің сыртқы саясатында елеулі өзгерістер орын алып, өзін «Ресей империясының құқықтық мұрагері емеспіз» деген бейіл таныта отырып, халықаралық екі құжатты да (Гаага – Женева конвенциялары) қабылдамады. Женева конвенциясы бекітілген кезде тұтқындар ұлттық нышанына қарай жеке бөлініп сақталады деген міндетті ережеге КСРО үкіметі келіспейтінін білдірді. Бұл *«кеңес азаматтарының ұлттық мүддесіне қысым жасау болып табылады»* дегенді сылтау ете отырып, Кеңес үкіметі бұл құжатты да қажетсіз деп тапты [8, 304 б.]. Оның бұл әрекеті соғыс жылдары миллиондаған кеңестік әскери тұтқындарды тағдыр тәлкегіне тастап, оларға қарсы жасалған кешірілмес қылмыс болды. Яғни, Кеңес үкіметі осы әрекетімен өзінің азаматтарын тұтқынның алуы тиіс құқықтық мәртебесінен, қала берді әскери тұтқындардың тізімін туған еліне жіберу құқығынан айырды. Сондай-ақ, тұтқындағы кеңестік әскерилер медициналық көмек, Халықаралық Қызыл Крест қоғамының өкілдерінің бақылауынан, туған-туыстарымен хат жазысу мүмкіндігінен мақрұм болды [9, 57-58 бб.].

Міне, қалыптасқан осы жағдай Үшінші рейхты қолға түскен кеңестік тұтқындарға қорлықтың түрін жасап, істеген азаптары мен зұлымдықтарына қандайда бір жауапкершілікке тартылу міндетінен босатты. Сондықтан да Германия басшылығы КСРО-ға қарсы соғыс басталмай жатып, 1941 жылы 16 мамырда болашақта кеңестік тұтқындардың құқығын шектеп, оларға тиым салатын шараларды қолдану туралы бұйрыққа қол қойды. Бұл бұйрықта қолға түскен большевиктерге ұлттық-социалистік Германияның жауы ретінде қарап, ал әсіреұлтшылдардың пікірінше өздерінің «жауыздығы», «варварлығымен» белгілі деп есептелген кеңестік азиялықтарға ерекше қаталдық көрсетілуі керек екендігі атап көрсетілді.

Сонымен бірге әскери және азаматтық билікті өз қолына шоғырландырған Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті (ГКО-төрағасы И.Сталин болған соғыс жылдарындағы басқару орталығы) соғыстың алғашқы кездері тұтқынға түскен әскерлер мен офицерлерге қатаң репрессиялық шараларды қолдануды заңдастырған бұйрықтарды толассыз шығарып жатты. Тіпті кейінірек құрылған Саяси репрессия құрбандарын ақтау жөніндегі ресейлік Комиссия НКГБ (Мемлекеттік Қауіпсіздік Халық Комиссариаты), НКВД (Ішкі Істер Халық Комиссариаты) мен КСРО Прокурорының 1941 жыл 28 маусымындағы біріккен бұйрығын «нағыз жантүршігерлік қылмыс» ретінде бағалайды. Себебі бұл бұйрық тұтқынға түскендердің отбасы мүшелерін әскери трибунал немесе НКВД-ның Ерекше кеңесінің шешімімен «Отанын сатқаны үшін» деп сырттай сотталғандарын заңдастырды. Яғни, тұтқынға түскен әке мен бала, аға мен іні үшін бүкіл отбасы мүшелері «сенімсіз» ретінде кудалауға ұшырады. НКГБ мен НКВД органдары жасаған арнайы құжатқа сәйкес оларды еліміздің шет аймақтарына жер аударудың қалай жүзеге асырылатындығы қарастырылып, оның ережесі жасалды [10, 92-96 бб.].

Ал, 1941 жылғы 16 тамызда И.Сталин төраға болған МҚК (Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті) тұтқынға түскен Кеңес әскерінің әскери қызметкерлерінің отбасылары мен туыстарын қуғындау туралы № 270 директиваны шығарды. Аталған бұйрықтың шығуы ұзақ жылдар бойы қоғамдық санада «сатқындар», «опасыздар», «халық жаулары» деген түсінікті қалыптастырды. Бұл директива негізінде шайқас барысында өз еркімен немесе қарсылық көрсетпей жаудың тарапына өтіп, қарсылықсыз қолға түскен, жаумен ауыз жаласқан, т.б., әрекеттері анықталған әскери командирлер мен жауынгерлер сырттай жазаға кесіліп, отбасы мүшелері «Отанын сатқандардың отбасы мүшесі» ретінде еңбекпен түзеу лагеріне айдалатын болды. Себебі, соғыстың алғашқы айларындағы қоршауға түсу мен кері шегіну, жүз мыңдаған қызыл әскерлер мен командирлердің қоршауда қалуы осындай төтенше шараға баруға итермеледі.

Соғыс аяқталып, 1945 жылы шілде айының аяғында КСРО ІХК-нің (НКВД) «Елге оралған кеңес азаматтарын есепке алу және тіркеу тәртібі туралы нұсқаманы жариялау туралы» бұйрығы шықты. Оған сәйкес елге оралғандардың бәрі де – әскери тұтқындар, соғыс кезінде Германияға қара жұмысқа әкетілгендер, т.б. «сенімсіздер», «халық жаулары» ретінде қарастырылды. Ал, 1948 жылы 21 ақпанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының «Аса қауіпті мемлекеттік қылмыскерлерді жазасын өтеу үшін КСРО-ның жырақ жерлеріне қоныс аудару» туралы» Жарлығы шықты. Бұл жарлық бойынша Кеңес үкіметі «Аса ірі мемлекеттік қылмыскерлер қатарына» тұтқыннан қайтып оралған миллиондаған әскерилерді де жатқызды. Осылайша неміс концлагерінің азабын тартып, отанына оралғандар енді Сталиндік лагерьдің ащы дәмін татуға тиіс болды. Неміс лагерінен қашып шығып, Еуропадағы Қарсыласу қозғалысы мен партизандық күреске араласқан немесе кеңестік партизандар мен әскери құрамаларға келіп қосылғандар да кейінірек соғыс аяқталғасын «сатқындар», «опасыздар» ретінде қудаланды.

1953 жылы наурызда Сталин қайтыс болған соң ғана «қатқан тоң» жібіп, сең ери бастады. Қоғамда Хрущевтік «жылымық» басталып, 1955 жылы 17 қыркүйекте КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасы «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысы кезінде басқыншылармен ынтымақтаста болған кеңес азаматтарына кешірім жасау туралы» Жарлық шығарды. Ал 1956 жылы 19 сәуірде КОКП ОК Төралқасы маршал Г.К.Жуковтың жетекшілігімен бұрынғы әскери тұтқындардың жағдайы туралы комиссия құру туралы шешім шығарды. Комиссия мүшелерінің маңдай терінің нәтижесінде Қорғаныс халық комиссариатының жұмысшы батальондары арқылы 1,5 миллион кеңестік тұтқындар, елдің азаматтары, әскери міндеттерін өтеу кезінде қолға түскендердің жазықсыз жапа шеккені анықталды. Аталған комиссия КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасына 1955 жылғы 17 қыркүйекте тұтқынға түскені үшін сотталған бұрынғы кеңес әскерилеріне кешірім беру туралы Жарлықты күшіне енгізу туралы ұсыныс жасады. Алайда аталған ведомствоның шығарған заңдары мен жарлықтарында өзіндік кемшіліктері болды. Ол бұрынғы әскери тұтқында болғандардың құқықтарына нұқсан келтіріліп, моральдық қысым жасалды. Яғни, «отанына опасыздық жасады» деген айыптау өз күшін жоймай, тек кешірім жасаумен шектелді.

1980 жылдардың ортасында Горбачевтік «демократияландыру мен қоғамда жариялылықты» енгізу шаралары басталды. Нәтижесінде 1988-1989 жылдары кеңестік тұтқындар мәселесі тіралы комиссия жұмыс жүргізді. Әйтседе кеңестік номенклатура жұмысы өз нәтижесін бере қоймады. Тек ғана Кеңес Одағы ыдырап, Ресейдегі «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі» Комиссия соғыстағы әскери тұтқындарға жүргізілген заңсыздықтардың бетін ашты. Комиссия төрағасы А.Н.Яковлев РФ Президенті Б.Н.Ельцинге бұрынғы әскери тұтқындарға және соғыс жылдарында фашистік лагерлерге түскен, жер аударылған азаматтарға қатысты тарихи әділеттілікті қалпына келтіру мәселесімен жүгіне отырып, мемлекет басшысының жарлық шығаруына ықпал етті. Ресей президенті 1995 жылы 24 қаңтарда «Ұлы Отан соғысы жылдары мен соғыстан кейінгі кезеңде елге оралған бұрынғы әскери тұтқындардың және азаматтардың – Ресей азаматтарының заңды құқығын қалпына келтіру туралы» Жарлыққа қол қойды.

Осы орайда бізде соғыс тұтқындарын ақтауға байланысты қандай шаралар жүргізіліп жатыр деген заңды сұрақ туары сөзсіз. Әскери тұтқындар тақырыбы төңірегінде зерттеу жүргізіп жүрген саусақпен санарлық ғалымдардың еңбегі мен әуесқой тілшілердің БАҚ беттерінде жариялап жүрген мақалаларынан басқа іліп алатын жұмыс жоқтың қасы. Жоғарыда аталған Ресей басшысының жарлығы Кеңестер Одағы ыдыраған соң шықты, сондықтан ол басқа одақтас республикалардың азаматтарына де юре (заңды) түрде қатысты емес екені айтпаса да түсінікті. Ал біздегі қуғын-сүргін құрбандары туралы шыққан заңдар мен жарлықтарда соғыс жылдарындағы әскери тұтқындар мәселесі қамтылған. Біздегі аталған тұтқын мәселесін шешу үшін мемлекет басшысының әскери тұтқындарға байланысты арнайы заңы мен жарлығы кезек күттірмейтін іс. Қазір ҚР Президенті Мұрағатының ұйымдастыруымен соғыс тұтқындарына байланысты арнайы

жоба басталды. Осы жобаның мәліметінше 1945 жылдың 3 қазанына дейін Кеңес Одағына оралған 1.368.849 тұтқынның ішінде 23.143 қазақ тұтқынның саны анықталғаны, алайда олардың қаншасы кеңестік лагерьге айдалып, қаншасының елге оралғаны белгісіз. Осы жобаның tutkyn.kz сайты ашылып, онда көптеген материалдар жинақталып, жарық көруде. Осы жоба жұмысы нәтижелі аяқталса, оның басшылығы мемлекет басшысының қазақстандық соғыс тұтқындарына байланысты жарлығын шығаруға қол жеткізсе игі іс болмақ.

Соғыстан кейінгі атышулы істің бірі соғыс кезінде жау қолына тұтқынға түсіп, «Түркістан легионы» құрамында болды, «сатқын», «опасыз» деген айыппен жазаланған «49-дың ісі» болды. «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы (көп томдық) атты еңбектің 10-томында» бұл сот процесі туралы біршама нақты жазылған. Оларға ортаазиялық республикалардың МҚК-лері (Қазақ, Өзбек, Қырғыз және Түркімен Мемлекеттік Қауіпсіздің Комитеті) «немістердің арандатуымен Түркістан Ұлттық Комитетін құрды, жаумен ауызжаласты, неміс армиясымен бірігіп күресу арқылы Кеңес үкіметін құлату, тыңшылық, арандату жұмысын жүргізіп, Қазақстан мен Орта Азияда көтеріліс ұйымдастыру, «Үлкен Түркістан» (Гросс Түркістан) буржуазиялық мемлекетін құру, ұлттық-буржуазиялық Алаш, Милли иттихад, Иттихад ва теракки ұйымдарының жұмысын қайта жандандыру, т.т. көптеген айыптарды таға отырып, әртүрлі жаза кесті. 11 адам ең жоғары ату жазасына кесіліп, кейін бұл үкім өзгертілді және олар 25 жыл итжеккенге жіберілді. Қалған 38 тұтқын 7-25 жылға дейінгі жазалауға кесіліп, сталиндік еңбекпен түзеу лагерлерінен айдалды. Аталған 49-дың ұлттық құрамы мынадай: 20-сы Қазақстаннан (19 қазақ, Түркістан қаласынан 1 өзбек), 20-сы Өзбекстаннан (18 өзбек, 2 тәжік), 7-уі Түрікменстаннан (7-уі де түркімен), 2-уі Қырғызстан қызғыздары [8, 228-235 бб.].

Бұл сот процесі туралы неміс тұтқыны мен легионында және сталиндік лагерьде (Магаданда) болып, 25 жылға бас еркіндігінен айырылған талантты қазақ музыканты Айткеш Толғанбаевтың «Қатал тағдыр тәлкегі» деген еңбегінен де оқуға болады. Аталған еңбекте А.Толғанбаев былай деп жазады: «... *Жабық кеңесті жүргізушілер Сталин мен Берияның баяғы атышулы ерекше «үштігі» еді... Сот процесі 1947 жылдың 8 сәуірінде басталып, он күнге созылды және 18 сәуірде юстиция генерал-майоры Хасбулатов үкімді оқыды. РКФСР ҚК-нің 319-ші және 320-шы баптарын басшылыққа ала отырып, әскери трибунал үкім етеді... 11 адам ату жазасына кесілді. Ал маған РКФСР ҚК-нің 51-бабын қолданып және 58-11-бабына сәйкес саяси құқығы жойылып, дүние-мүлкі тәркіленіп, еңбекпен түзеу лагеріне кесілсін. Сонымен бірге РКФСР ҚК-нің 58-10-бабының 2-тармағымен бас бостандығынан айырып, 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне, 5 жылға саяси құқығынан айыруға жіберілсін, жалпы барлығын қоса есептегенде 25 жыл бас бостандығынан айыру деген үкім шығарылды» [11, 75-78 бб.].*

Ұлы Отан соғысы кезіндегі кеңестік (соның ішінде қазақстандық) әскери тұтқындар тақырыбын зерттегенде көптеген «ақтандық» мәселелерге тоқтауға болады. *Бірінші*, кеңес (кейінірек ресейлік) және неміс зерттеушілерінің еңбектеріндегі тұтқындар санының сәйкессіздігі. *Екінші*, тұтқындардың қиын, ауыр, адам төзгісіз зұлымдықты бастарынан өткізуіне себеп гитлершілдердің жауыздығы ма әлде большевиктік басшылардың Гаага – Женева конвенцияларына қосылмауы ма? Бұлай десек, соғыс жылдарында тұтқынға түскен неміс әскерілеріне Кеңес үкіметі тарапынан Гаага-Женева конвенцияларының талап-ережелерінің сақталғаны туралы әр алуан пікірлер айтылып келді. Тіпті, кеңестік тұтқыннан елдеріне оралған ондаған мың неміс және оның одақтастарының әскерілері лагерьлерде оларға жақсы қарым-қатынаста болғанын мемуар естеліктерінде жазады. Неліктен кеңес үкіметі неміс тұтқынына оң көзбен қарап, жау қолында болған миллиондаған өзінің азаматтарына жылы қабақ танытпай, соғыстан кейін оларды 10-25 жылға соттады? *Үшіншіден*, осы тақырыпты зерттеушілердің Сталин үкіметінің тұтқындар мәселесі туралы жүргізген саясатының дұрыстығы мен бұрыстығы туралы нақты бір тоқтамға келе алмауы. Осы мәселе төңірегінде зерттеу жүргізетін қазақ ғалымдарының

Сталиндік саясатты ғана кінәлі деп табуын айтуға болады. Алайда, бұл мәселеге біржақты баға беру де дұрыс емес. *Төртінші*, тұтқын мәселесі бұрынғы Одақ кезінде «жабулы» тақырыптың бірі болып, бұл жөнінде зерттеулер 1980 жылдардың соңында басталды. Демек әлі нақты бір тоқтамға келмеді. *Бесіншіден*, тұтқынға түскен кеңестік әскерилердің бәрі де «опасыз», «сатқындар» деп баға берер болсақ, онда үлкен қателік жасағанмыз. Себебі соңғы кездегі зерттеулерде тұтқындардың концлагерьде, немесе арнайы құрылған ұлттық құрамаларда (мысалы, Түркістан, Еділ-Орал, т.б. легиондарда) жүріп-ақ, неміс-фашистерге қарсы іштей күрес, іріткі, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізе отырып, оларды қолдамауға, мүмкіндік туған сәтте лагерьден қашып партизандарға қосылуға үндеп отырғаны тағы бар.

Соғыстың аяқталып, Ұлы Жеңістің 75 жылдығы үсітімздегі жылы мемлекеттік деңгейде атап өтіледі деп күтілуде. Алайда арадан қаншама жылдар өтседе бұл сұм соғыстың көптеген «ақтаңдақ» тақырыптары ашылмай қала бере ме деген ой туады. Әсіресе, бұрынғы Одақ келмеске кеткеннен кейін тәуелсіздігін алған елдердегі пікір алуандығы, соғыс тақырыбына мемлекеттік идеология мен саясаттың «қол сұғуы», қоғамдағы немқұрайдылық, т.т. Себебі, соғыс жылдарындағы жау тұтқынында немесе «Түркістан легионында» болғандар туралы біздің қоғам мен билік оларға әлі де «өгейсіреп» қарауда. Олардың қаншасы ақталды, қаншасы соғыс ардагері деген құрметті атқа қол жеткізді немесе «сатқын», «опасыз» деген атақтан арыла алмай бақилық болып кетті деген сұраққа ешкім жауап бере алмасы анық. Тұтқындардың лагерьдегі ауыр жағдайы, жаздың ыстығы, күздің жаңбыры мен қыстың қақаған аязында ешқандай медициналық көмексіз, аш құрсақ, киімсіз өмір үшін күрескені кеудесінде саңылауы бар адамды ойландыруы тиіс. Осыларды көз алдымыздан өткізіп, олардың басынан кешіргендерін ой елегінен өткізе отырып қана біз олар туралы жазуға, пікір айтуға тиіспіз.

Соғыс тақырыбы мен ондағы сансыз ерліктер тек біржақты зерттеу мен насихатталмауы тиіс. Яғни тек «жақсыны» көрсетіп, «жаманды» жасыру қоғамды нигилизмге апарары сөзсіз. Соғыс жылдарындағы неміс тұтқынында ауыр азапты бастарынан кешірген соғыс ардагерлерінің тағдырын кино арқылы көрсетсек, бәріміз үшін үлкен сабақ болар еді. Олардың тұтқында жүріп өмір сүру үшін, жеңісті бір қадам болсада жақындату жолында жүргізген әрбір үлкенді-кішілі күресінің бәрі де теңдессіз ерлік. Жеңістің дөңгеленген датасын (70, 80 немесе 100 жылдығын) күтіп отырмай-ақ, арамызда күн сайын сиреп бара жатқан ардагерлер мен осы атаққа қол жеткізе алмай жүргендердің ерлігін ертелі-кеш насихаттасақ, кино арқылы қаншама адамда отансүйгіштік пен өмірге деген құштарлық сезімді оятар едік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қыдырәлі Д.Қ. Мұстафа. – Астана: Деловой Мир Астана, 2012. – 276 б.
- 2 Великая Отечественная война Советского Союза 1941-1945: Краткая история. – 3-е изд., испр. и доп. – М.: Воениздат, 1984. – 560 с.
- 3 Наши интервью М.А.Моисеев – «Цена победы». //Военно – исторический журнал. –1990. – № 3. – С.14-17
- 4 Память сердца. Беседовал с генерал армии В.Н.Лобовом журналист Олег Горупай.// Красная звезда. – 06.05.2009. – С.4-5
- 5 Көлбаев Т. Өшпес даңқ. – Алматы: ИИЦ «Азия Арна» баспасы, 2013. – 480 б.
- 6 Ибатуллин Т. Военный плен: причины, последствия. – СПб., 1997. – 196 с.
- 7 Көкебаев Г.К. Гаага – Женева жүйесі және соғыс тұтқындарының құқықтық статусы. Абай ат. ҚазҰПУ – Хабаршы: Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. № 2(29). 2011. – 90 б.
- 8 Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы (көп томдық).10-том. Тұтас Түркістан идеясы. – Алматы: «Ел-Шежіре», 2008. – 306 б.
- 9 Садыкова Б.И. История Туркестанского легиона в документах. – Алматы: Кайнар, 2002. – 248 с.

10 Судьба военнопленных и депортированных граждан СССР: Материалы Комиссии по реабилитации жертв политических репрессий // Новая и новейшая история России. – 1996. – № 2. – С. 91-112

11 Толғанбаев А. Қатал тағдыр тәлкегі /Әдеби жазып өндегендер – И.М.Савина, С.А.Толғанбаева/ – Алматы: «Ана тілі». 2001. – 133 б.

Альменбетова Уржамал Абдуллақызы, тарих магистрі, аға ғылыми қызметкер

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан, Urzhamal61@mail.ru

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Аңдатпа: Мақалада Фин соғысы, 1937 жылы жазалау саясатына ұшырағандардың Ұлы Отан соғысында жасаған ерліктері белгісіз жауынгерлер мен қоса тарих ғылымында осы тақырыпты зерттеудің күрделі мәселелері қарастырылған. Осы кезеңге дейін марапаттау, батыр атағы берілмеудің себептері мен көрші елдің соңғы жылдары жүргізіп жатқан саясатының көлеңке жағы да сараланған. Қазіргі кезеңде қандай зерттеу жұмыстарын жүргізу, арнайы тарихшы жас ғалымдарды дайындау мәселесі де қарастырылған. Тақырып бойынша соғысқа қатысқандардың саны мен қаза болған, із-түссіз жоғалып кеткендердің нақты саны көрсетілмегені, оны анықтау қажеттілігі. II-ші дүниежүзілік соғыстың ауқымды, әлемдік деңгейдегі мәселелерін зерттеп, осы мәселелер бойынша қазақстандық ғылыми тұғырнаманы қалыптастыру керек. Бізде мұндай зерттеулер аз. Соғыс тақырыбы зерттеулер жүргізу шетел мұрағаттарында жұмыс істеуді талап етеді.

Түйін сөздер: Фин соғысы, блокада, жазалау саясаты, державалық пиғыл.

Ұлы Отан соғысы тарихын зерттеу әлі күнге дейін жалғасын табуда. Осы кезеңнің әлі ашылмаған жақтары көп. Бұл соғысқа қазақстандықтардың қосқан салмағы да қомақты, ал қаза болғандардың өзі қаншама. Қазіргі кезеңде Ұлы Отан соғысы жайлы бұрмалаушылықтарға жол беріліп кеткен. Ресейдің осы тарихи датаға арнап соңғы жылдары шығарған кез-келген туындылары, көркем және құжатты деректі фильмдері, әдеби, прозалық, поэзиялық шығармаларын алып қарасаңыз тек орыстардың рөлін ерекше көрсетеді.

Жыл сайын келетін Жеңіс мерекесі күндері еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін бөлекше бір сезімді бастарынан өткергенімен, тарихтың сұрапыл сынының ақиқатына жету қиындығын еріксіз мойындайсың. Қалай болғанда да, аталарымыз бен апаларымыздың қанын төккен сол соғыстың бетпердесін ашуды талап етуге әрбіріміздің заңды хақымыз бар.

Ал кешегі Одақтас республикалардан және Қазақстаннан соғысқа қатысқан адамдар жайлы нақты, тура мүлдем мәлімет жоқ. Бар болса да тиіп-қашып. Бұл Ресей саясатының басты мақсаты Ұлы Державалық саясатты бекем ұстау, соның аясында өз тарихына бұрмалауды көрсетеді. Тек қана соғысқа ер азаматтарымыз қана қатысып қоймай, Қазақстан Ұлы Отан соғысында Тылдың өзі болғаны белгілі. Азық-түлік, киім-кешек, соғыс қарау-жарақтарын шығарудың басты базасы болды. Саясаттың әсерінен елімізге сырттан өзге ұлт халықтарын көшірді, эвакуацияның қайнар көзіне айналды. Бұл жөнінде көптеген ғылыми еңбектер мен зерттеулер болды. Менің бүгінгі мақаламда Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандықтардың ерлігі жайлы, бізге беймәлім болған, дер кезінде олар жайлы айтылмай қалған жақтарына талдау жасау.

Қазақ халқының кешегісі және бүгінгісіне көз жүгіртсеңіз, қаншама тарихи оқиғаларға, ерліктерге толы, елдің болашағына бар өмірін құрбан еткен ата-бабаларымыздың жүріп өткен жолы сайрап жатқан мәңгілік жол. Қазақстандық жауынгерлер Украинаны, Белоруссияны, Балтық бойын, Молдовияны азат етуге қатысты. Мыңдаған қазақ жігіттері Кеңес әскерінің құрамында Шығыс Еуропа халықтарын

Гитлердің тепкісінен азат етуіне ат салысты. Ресейлік тарихшылардың мәліметіне сәйкес, 1941 жылы қамалды 7 000 сарбаз қорғаған. Оның 1 мыңға жуығы Қазақстаннан барған жауынгерлер. Жау шабуылынан кейін аман қалған Брест қамалының қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болды. Біразы Беларусь жерінде жерленген [1,12 б].

Қазақстанға келер болсақ, әскери мекемелердің ресми мәліметтеріне сәйкес, елімізде соғыс жылдарында 12 атқыштар, 4 кавалериялық дивизия, 7 атқыштар бригадасы және 50 тарта полктер мен батальондар жасақталған Ал майданға 1 млн. 400 мың адамға дейін аттанған. Оның 600 мыңға жуық отандасымыз соғыстан , (олардың 300 мың-ға мыңнан астамы хабар-ошарсыз кеткендер) оралмағандар. [2, 44 б]

Күні кеше ғана естен шыға бастаған, еліміздің басына туған сын сағаттардың ауылы алыстап бара жатса да, ол бізді қайта шақырғандай болып тұрады. Өйткені өткенді еске алмай, болашаққа бастау алу табиғат заңы, өмірдің талабы.

Еліміздің елордасына ат басын тіреп, осында Астана қаласының алғашқы игі бастамаларымның бірі соғысқа қатысқан ардагерлер, ерлігі еш жерде жариялбаған Ұлы Отан соғысында болғандар жайлы іздену, табу басты мақсатым болды. Нұр-Сұлтан қаласында екі жылдай мектепте сабақ беріп жүріп, уақытым бос болған кезде мәліметтер жинай бастадым. Қалалқы мұрағаттан соның біріне қол жеткіздім. Кезінде әріптес болған қалалық №26 мектептің физика пәнінің мұғалімі, мектептің кәсіподақ ұйымының төрағасы болған Қалимаш Шаяхмет қызының әкесі туралы айтқан бір әңгімесі есімде қалып қойды. Ұлы Отан соғысының 75 жылдығына қарбалас дайындық бастала бастаған кезде, маған ол кісінің әкесі ойыма орала кетті. Содан апаймен кездесуге келісіп, жолығып, әкесі Шаяхмет Қасымұлы туралы мұрағатта дерек алғанымды, ол жөнінде толық мәліметті өзінен бастауды жөн көрдім. [3, 23 б].

- 2 [ЭР]. Режим доступа: http://www.toscananovecento.it/eGallery/partigiani/view?id=TESEO_445813&tipologia=PERdef
- 3 Албаев Бурабек. [ЭР]. Режим доступа: <https://mod.gov.kz/memorial/pages/a/a1.html>
- 4 Албаев Бурабек. [ЭР]. Режим доступа: <https://obd-memorial.ru/html/info.htm?id=79851656>
- 5 Документ, найденный в ОБД «Мемориал», содержащий и подтверждающий этническую принадлежность советских солдат, воевавших и репатрированных из Италии. [ЭР]. Режим доступа: <https://obd-memorial.ru/html/info.htm?id=79851821>

Мухаметжанова Назира Тлеугазыевна, ф.ғ.м., аға оқытушы

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.,
Қазақстан, muhametzhanova_n@mail.ru

Б. МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СОҒЫС ТАҚЫРЫБЫ

Аңдатпа: Мақалада Б.Момышұлы шығармаларындағы тарихи және көркемдік шындықты айқындап, оның мақал-мәтелдерінің, соғыс терминдерінің мәнін, әдеби тілге қосқан үлесін ғылыми тұрғыда дәйекті түсіндірген. Алдына қойған міндеттерін шеше алған деп айтуға болады. Себебі, отандық және тарихи әдебиеттердегі зерттелген мәселелерге теориялық талдау жасаған, соғыс психологиясын, жауынгер тұлғасын, соғыс ауыртпалығы мен тарихилығын аша білген, қызыләскерліктердің қайталанбас, қайтпас мінезін, қайсарлығын, өжеттігін қарастырған. Б.Момышұлының туындыларындағы тарихи тұлғалардың өмірде болғандығын дәлелдеп, жұмыстар жүргізген. Қазақ әдебиетіне тың жанр әкелген Б.Момышұлы шығармаларына жалпы шолу жасағанда, оның жазушылық шеберлігі бірден аңғарылады. Б.Момышұлы - әскери-мемуарлық әдебиеттің негізін қалаған. Жазушы өзінің өмірден бастан кешкенін, соғыста көргенін жазған. Мақалада келтірілген ғылыми тұжырымдары мен түйіндеген пікірлері әдебиеттану және тарих ғылымдарының негізгі қағидалары мен заңдылықтарына сәйкес келеді. Ғылыми тұрғыдан алғанда сапалық деңгейі жоғары.

Түйін сөздер: батыр, адамзат, соғыс, тарихи, шындық, шығармалар.

Қазақ халқының айбынды батыры, Отан қорғаған қаһарман ұлдарының бірі – Кеңес Одағының батыры, Қазақстанның халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы. Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24-желтоқсанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Көлбастау ауылында туған. Бабасы Имаш 1911 жылы 92 жасында дүние салған, орта бойлы, от жанарлы, шымыр кісі болған. Әкесі Момыш өз бетімен ескіше сауат ашып, өле-өлгенше оқып-тоқыған, тіпті, орыс алфавитін де білген. Сонысымен де бүкіл аймаққа әйгілі, сыйлы болыпты. Анасы Рәзия ерте қайтыс болғандықтан, Бауыржан үш жасынан бастап Қызтумас әжесінің тәрбиесімен өсіп-жетіледі. Әлемнің пайда болуы, тірлік дамуы, адамзаттың шығуы, өмір жайлы жан баурайтын аңыздар мен ертегілерді, ненің жақсы, ненің жаман екенін де ол ең алғаш әжесінен естіп біледі. Адам ретінде қалыптасуына да әжесінің ықпалы жайлы Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұясында» баяндаған. «Әжем өзінің кейбір көңілсіз сәттерінде бізді қасына отырғызып алып, аңыз-ертегілер айтушы еді. Бәлкім, осындай әңгімелермен көңіліндегі көмескі, көлеңкелі сәттерді қуатын шығар. «Балаларым, құлақ салыңдар» деп бастайтын әжем.» деп құрметпен еске алады. [1,39 б]. Осы орайда, ол ертегісіз өскен баланы рухани мүгедекке балайды, қазіргі балалардың Қызтумас апа тәрізді ғұлама әжелері азайып бара жатқанына қабырғасы қайысады. Немерелеріне ертегі оқитын әжелердің бар болғаны бір ғанибет деп санайды.

Сөз өнеріне деген сүйіспеншілігі әже әлдиімен оянған Бауыржан бала кезінен-ақ кітапқа ерекше құштар болады. Ес білгеннен-ақ Ахмет, Мағжан, Міржақып тәрізді Алаш зиялыларының шығармаларын жаттап, орыс, француз және испан классиктерінің шығармаларын құныға оқиды. Бұл әдетін есейген кезінде қоймайды.

Ж.Дәдебаев «Жазушы еңбегі» атты кітабында пікір келтіреді:

«Тарихи шығармадағы тарихи деректер, фактілер, нақтылықтар сол тарихи кезеңнің бар тыныс – лебін, жаратылысын екшеуге, оларды неғұрлым толық таныту мақсатына бағындырылады. Сондай-ақ бұл мақсатқа тарихи дәуірдің шындығына негізделген суреткерлік ойдан шығару да қызмет етеді.»[2,7 б].

Қазақ әдебиеті - әлем әдебиетінің бір бұтағы. Мұхитқа құятын шалқар айдынды құнарлы өзен. Бұл қазақ әдебиетінің тарихын жасап жүрген білікті ғалым, даңқты ақын-жазушылары айтып, тебірене жазған шындық.

«Тарихи шындық пен көркем шындық арасындағы күрделі метаморфоза да тарихилық негізінде, тарихи кезеңдер аясында ұғынықтырақ, қызғылықты көрінеді. Ежелгі мұраларда тарихи тұлғалар мен тарихи құбылыстарда ойдан қосу, әсірелеу аз байқалады. Байқалмайды деген де шындыққа үйлеседі. Тарихи адамдар, тарихи оқиғалар бәз күйінде сипатталады. Тарихи шындық қана емес, поэтикалық басқа да ең бір көркемдік таным сарабынан өткен нышандарының өзі де тіршілік, тұрмыс көріністерінен қаз-қалпында көшіріліп алынған.»[3, 195 б].

Б.Момышұлы 1928 жылы Шымкенттегі жеті жылдық мектеп-интернатты бітірген соң, бастауыш мектеп мұғалімі, ауатком хатшысы, милиция бастығы болды. Осы кезде

еңбекқорлығымен, ынтасымен ерекшеленген. 1928 жылы Орынборға оқуға барғанда жолжазба жазады. Осы жолжазба кезінде біраз өлеңдерін шығарады. 1932 жылы Қызыл армия қатарына алынды. Еңбекшіл, іскер азаматтардың қандай да болсын істен нәтиже шығара білетіні белгілі. Бауыржан бойындағы мұндай қасиеттерін әскер қатарынан оралғаннан кейінгі жылдары көрсетсе керек. Қызметін өтеп қайтқан соң, Шымкент, Алматы өнеркәсіп банкілерінде жұмыс істейді. 1936 жылы Ленинград финанс академиясы жанындағы курсты бітіріп, Қызыл армия қатарына қайта алынады, взвод, рота, полк штабы бастығының көмекшісі, ал 1941 жылы Қазақ әскери комиссариатының нұсқаушысы. Ұлы Отан соғысы басталысымен 316-атқыштар (кейіннен 8- гвардиялық) дивизиясының жасақталуына атсалысып, сол дивизия құрамында майданға аттанады. Мәскеу түбіндегі ұрыстарға қатысты. Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияның батальон, полк командирі болды, соғыстың соңғы жылдары осы дивизияны басқарды. Соғыс – адамзат өмірінің трагедиясы. Соғыс – адам жанын қинайтын ең ауыр, ең ащы азап. Осы соғысқа Кеңес Одағының миллиондаған адамы қатысты. Солардың ішінде қазақ халқының арасында аты аңызға айналған батыр Бауыржан Момышұлы да болды.

Ұлы Отан соғысы кезінде ұрыс жүргізудегі әскери шеберлігімен, тапқырлығымен және жеке басының ерен ерлігімен ерекше көзге түсті, батырлық атақ-даңқы аңызға айналды. 1952 жылы Кеңес Армиясы Бас Штабының жанындағы Жоғары әскери академияны бітіреді. 1950-1956 жылдары Мәскеудегі К.П.Ворошилов атындағы әскери академияда сабақ берді және тұрақты әскери қызмет атқарды. 1952 жылы «Офицердің күнделігі», 1954 жылы «Бір түннің тарихы», 1956 жылы орыс тілінде «Біздің семья» атты алғашқы кітаптары сол тұста жарық көрген. 1954 жылы «Калинин» баспасынан «История одной ночи» деген кітабы жарық көреді. 1954 жылдан бастап Б.Момышұлы прозамен нақты, түбегейлі айналыса бастаған. Б.Момышұлы шығармаларын орыс-қазақ тілдерінде бірдей жазды. 1958 жылы «Москва үшін шайқас» шығармасын орыс тілінде жазып, жариялаған. «Москва үшін шайқас» - соғысқа қатысқан жауынгер, лейтенант, капитан, генералдың ерлігін суреттейтін, патриоттық рух беретін шығарма. 1959 жылы қазақ тіліне аударылды. 1958 жылы «Жауынгердің тұлғасы», 1961 жылы «Майдан», 1962 жылы орыс тілінде «Майдандағы кездесулер», 1963 жылы орыс тілінде «Генерал Панфилов», 1966 жылы қазақ тіліне аударылып, басылды. 1965 жылы «Төлеген Тоқтаров», 1965 жылы «Куба әсерлері», 1970 жылы «Ел басына күн туса», 1975 жылы «Ұшқан ұя», 1981 жылы «Адам қайраты», 1990, 1991 жылдары «Қанмен жазылған кітап», 1991 жылы «Психология войны» атты кітаптары жарық көрген. Бұл шығармаларды оқырман, әдебиетші қауым жылы қабылдап, жоғары бағалаған.

Б.Момышұлы Мәскеу түбіндегі соғыстың қызған кезінде ұрыстың күнделікті жазбаларын дәптеріне түрте жүріп, соғысты басқарған. Соғыстың күнделікті күніндегі оқиғаларды қолы босап қалған кезде жазып отырған. Сондықтан да бұл оқиғаларда нақтылықпен хронология сақталып, шындық жазылған. Кейін соғыс аяқталаған соң шығармаларын толықтырып, екшеп, халыққа жеткізген.

Б. Момышұлы 1982 жылы 10 маусымда Алматыда дүниеден өтті.

2000 жылы «Жазушы» баспасынан шығармаларының екі томдығы, ал 2010 жылы 30 томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Шығармалары бірнеше шетел тілдеріне аударылып басылған.

Сұрапыл соғыс жылдарында ол өзінің асқан ерлігімен, соғыс өнерінің қыр-сырын меңгерген білікті жауынгерлік қасиетімен ерекшеленіп, оның атақ-даңқы аңызға айналады. Момышұлының ерліктері жөнінде осы уақытқа дейін көптеген еңбектер жазылды. Оның қаһармандық ерлігі туралы орыс жазушысы Александр Бек «Волоколамское шоссе» (1947, 1960, 1962, 1988; қазақ тілінде «Арпалыс» - 1948, 1959, 1977, аударған Қ.Сағындықов) повесінде жан-жақты жазды. Б.Момышұлының өміріне арналған

Ә. Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы 1976 жылы жарық көрді. «Қазақфильм киностудиясы» «Ел басына күн туса» көркем фильмін түсірді.

Бауыржан Момышұлы атақ-даңқтан кенде адам емес. Ол «Қызыл Ту», «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы», 1- дәрежелі «Отан соғысы», 2 рет «Қызыл Жұлдыз», «Құрмет белгісі» сынды орден-медальдармен марапатталған. 1990 жылдың 11-желтоқсаны күні Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Назарбаев – Бауыржан Момышұлына Кеңес Одағының Батыры атағын беру жөнінде нақты ұсыныс жасап, тарихи әділеттілік орнына келді.

Біртуар болмыс пен қайталанбас қайсар, өжет мінездің иесі болған батыр Бауыржан бүкіл саналы ғұмырында Батыр болып өтті. Халықтың сөзін сөйлеп, халықтың жоғын жоқтаған, сол жолда басын бәйгеге тіккен Б.Момышұлы ұлттық рухтың көрінісі болды. Бауыржан Момышұлы жалаң батыр емес, қолына қару мен қаламын қатар ұстаған бұрынғының жырау-батырлары сияқты халықтың мүддесін қорғап, батыл айта білген ұлттың үніне айналды.

Б.Момышұлының шығармалары шындыққа, реалды оқиғаларға негізделген. Өзінің соғыста көрген оқиғаларын, жауынгерлер мен лейтенанттар, политруктар, генералдың бейнесін сомдауда соғыс шындығын, реалды оқиғаларды пайдаланған. Жауынгерлердің ерлігін жазып кету, айтып, елге жеткізуді өз міндеті деп санаған. Б.Момышұлының шығармаларындағы образдардың көбі өмірде болған, соғысқан, елін қорғаған жауынгердің бейнелері. Генерал Панфилов 316-атқыштар дивизиясын басқарған, тарихта болған адам. Б.Момышұлының шығармаларынан тұнып тұрған тарихи шындықты көреміз. М.Исламқұлов та өмірде, тарихта болған адам. Исламқұлов «Социалистік Қазақстан» газетінде журналист болып жұмыс істеп, соғысқа өзі барып, қатысқан. Толстунов, Бозжанов, Логвиненко, Блоха, Токтаров, Капров, Мухамедьяров, Чистяков атты кейіпкерлер тарихта болған. Жазушы соғыс кезіндегі оқиғаларды, образдарды асқан талантпен, түсінікті тілде жеткізе білген.

Тарихи шығармаларда қазақ халқының өз алдына этникалық топ болуы, қалыптасуы, оның алғышарттары, бұл ұлттың өз дербестігі үшін тарихи жеңілісі мен жеңісі суреттеле бастады. Тарихи оқиғалар желісімен қатар осы оқиғалар өзегінде жатқан идеялар, пікірлер күресі, олардың даму, жалғасу заңдылықтары ашылады.

«Соғыстың аты – соғыс. Ол орны толмас шығын әкелді. Соңғы мәліметтер бойынша Ұлы Отан соғысы жылдарында 27 миллионға жуық кеңес азаматтары опат болған еді.»[4, 97 б]. Б.Момышұлының қаламынан шыққан шығармалары осы соғыстың ауыр, қиын, басты кезеңдерін, жауынгерлердің бейнелерін, солардың қайғысы, ішкі әлемін, қуаныштарын нанымды әрі түсінікті тілмен жеткізеді. Б.Момышұлының қаламынан туған туындылар реалды, тарихи оқиғалардан, ұрыс кезінде, қырғын соғыс кезінде, оқ пен оттың ортасында туған туындылар екені анық. Момышұлының шығармаларында қоспа, артық ауыз сөз болмайды.

Соғыс туралы әдебиет – қарындашпен, сиямен емес, жауынгерлердің қанымен жазылған әдебиет. Халқымыздың маңдай алды мақтанышы болған Бауыржан Момышұлының шытырманға толы шырғалаң ғұмыры, азаматтық асқақ тұлғасы қазақ әдебиетінде қала берді, бүкіл Кеңес әдебиетінде талай-талай тамаша шығармаларға арқау болды.

Б.Момышұлы өз шығармаларының бетінен соғыстың қиын ауыртпалығын, кеңес адамдарының өмірінің қаһармандық әрі трагедиялық суреттерін көрсетеді. Автор кеңес жауынгерлері мен әскери қолбасшылардың ел мен жер, Отан алдындағы парызына, қасиетті парызына адалдығын тебірене отырып баяндайды. Ұшқан ұя, Отанға деген шексіз сүйіспеншіліктің кеңес жауынгерлерін жаппай ерлікке, адамгершіліктің, азаматтықтың шырқау биігіне, қаһармандық қиясына бастаған ерекше қатты, ұлы сезім екендігін тарихи нақты оқиғалар арқылы бейнелейді.

Халқының шын мәніндегі қаһарман ұлына Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін 1995 жылы «Қазақстанның Халық Қаһарманы» атағы берілді. Осылайша қазақ халқы батыр ұлының асқақ рухын тағы бір рет ұлықтады.

«Москва үшін шайқас» шығармасы позитивті, патриоттық шығарма. Бұл Отан үшін шайқастың шежіресі, халқымыздың қаһармандық рухын танытатын туынды. «Москва үшін шайқас» кеңес адамдарының ерлігін, қайсар рухын, Отанға деген баянды махаббатын жырлап қана қоймайды, сонымен бірге ол жауынгерлерге, олардың тағдырына деген сүйіспеншілік пен құрметке толы. «Москва үшін шайқас» - ұлтжанды қаһарманды биік өреге көтерген шығарма. Ол – қазақ әдебиетінің өз қойнауынан шыққан туынды.

Б.Момышұлының «Соғыс психологиясы» шығармасында Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі әскери тәжірибеге назар аударылып, бүгінде өзінің мәнін жоймаған әскери өнер мәселесі түсінікті баяндалған.

Б.Момышұлының «Біздің генерал» атты туындысы қазақ әдебиетінен ойып тұрып орын алған шығарма. Момышұлы үшін Иван Васильевич Панфилов әрі ұстаз, әкесі сияқты мейірбан жақын адамы болған. Бауыржан Момышұлы генералды ерекше құрметтеген.

«Бес дивизия гвардиялық атақ алды, солардың ішінде Кеңес Одағының батыры И.В. Панфилов атындағы әйгілі 8-гвардиялық дивизия бар. Соңғы Кеңес Одағының Батыры атағы 1991 жылы 11 желтоқсанда аты аңызға айналған ержүрек жауынгер Бауыржан Момышұлына берілді.»[4,94]. Соғысты Б.Момышұлы полковник атағымен, 8-гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі болып жүріп аяқтады.

Жазушы Шерхан Мұртаза бір сөзінде: «Біз Бауыржанды тек батыр деп танимыз, ал ол тұнып тұрған ақыл» - дейді. [5, 52 б]. Б. Момышұлы халық ауыз әдебиетінен нәр алды, орыс, әлем әдебиетінен сусындады, өмірдің ащысы мен тұщысын қатар татты. Өмір мектебі оны кемеңгерлікке, даналыққа жетеледі. Бауыржанның өмірлік тәжірибесі, шығармашылық мұрасы рухани байлық. Бауыржан Момышұлы елін шын сүйген азамат. Сондықтан да халықтың оған деген ықыласы, қызығушылығы шексіз. Оның еңбектері оқырманды патриоттық рухта тәрбиелейтін туындылар.

Бауыржан Момышұлының көптеген шығармаларында Панфилов туралы көп айтылған. Бауыржан Момышұлы Панфиловқа «Біздің генерал» атты жеке кітап арнаған. Панфилов атақты әскербасы болған тұлға. Кеудесіне орден мен медальдар таққан әскери қайраткер. Есімі де, атағы да әйгілі жоғары дәрежелі офицер.

Генерал Панфилов Бауыржан Момышұлын сыйлап, өзімен тең санап, оның ойымен санасқан.

И. Панфиловтың бейнесін толық ашып көрсету үшін оның өмірбаянына тоқталу қажет.

Иван Панфиловтың дүние келуін Б. Момышұлы былай суреттейді:

1893 жылдың бірінші январында Саратов губерниясының Петровск қаласындағы ұсақ қызметкер Василий Захарович Панфиловтың әйелі Александра Степановна ұл тапты. Ол заманда дүниеге келген нәрестелерінің атын шіркеуге алып барып қойдырады емес пе? ... Шіркеуде сәбиге орыстың байтақ өлкесіндегі атамзаманнан жаралған есім –Иван деп ат беріпті.

Табысы аз, бір қора бала-шағалы болғандықтан, Панфиловтардың тапқан-таянғандары, қысқа көрпедей басына тартса, аяғына жетпей, аяғына тартса, басына жетпей жатыпты. Тапшылық тақсіретін ол жөргенінен көре бастаған. Бала-шағаның анасы, үйдің ұйтқысы Александра Степановна от басындағы қарапайым әйел еді. Ол 1904 жылы кенжесі Ваняны мектеп жасына жеткізіп, дүние салған. [6,6].

Б. Момышұлы дәуір мен соғыстың шындығын ғана ашып қана қоймай, әдебиетімізге өзіндік ой, көзқарас алып келген тың туындыларды жазып қалдырды. Ол әдебиеттің ардың ісі екендігін, оның қасиетті өнер екендігін түсінген. Мақал-мәтелдердің өзіндік ерекшеліктері мен өзгешеліктері болады. Ол даналық баға, тұжырымды түйін есебінде қолданылады. Осы орайда Б.Момышұлы халықтың тұрмыс-тіршілігіне, Отанға деген сүйіспеншілігіне, қоғамдық өміріне, өмірлік тәжірибесіне байланысты мақалдарды бөліп көрсете білген. Халықтық кең өрісті, келісті көрініс табуы мақалдары мен мәтелдерінде,

шешендік сөздерінде, халықтың даналығында. «Мақал-мәтел – үлкен тәрбие құралы» деп түсінген Бауыржан Момышұлы сөзге сарабал, пікірге бай, ой айтуға құштар екендігін осы мақалдары мен нақылдарынан көруге әбден болады. Сөздің де сөз арқылы бағы ашылары айдан анық.

Б.Момышұлының еңбек мұраларында өмір тұрмыстан туындаған, уақыттың талап-таразысынан ақыл-парасат жемісіне айналған қанатты сөздер көптеп саналады. Олардың тақырыптары әр алуан, мазмұны маңызды, үлгі-ғибраттық қасиеттері аса жоғары. Б.Момышұлының мақал-мәтелдерінде адалдық пен әділеттілік тұтастығы, елдік пен ерлік салтанаты, ұлттық сезім мен туған ел, Отан орны, өлім, өмір мәні, дос-дұшпан арақатынасы, жақсы мен жаман сипаты, болмыс, мінез, тәртіп туралы өмірлік тәжірибеден туған көзқарас, жағымды түйіндер мол. Өзіміз оқып-біліп жүргеніміздей, басқа жазушылардан Б. Момышұлы шығармаларының ерекшелігі – оның шығармаларының көпшілігі әскери тақырыпқа арналған.

Бауыржан Момышұлы өмір шындығын, өзінің көргенін, келер ұрпаққа өсиет айтар даналық сөздерін мирас ету үшін шығармаларын жазып кеткен. Б.Момышұлының шығармаларында жасандылық, қоспа, болжам жоқ, сұрапыл соғыс шындығы ақ қағазға алқынған тынысымен, ақиқат шындығымен шынайы түскен. Көркем сөз уақытқа, өсіп келе жатқан жеткіншектерге ескерткіш.

Бауыржан Момышұлының шығармаларынан тек қана қан майдан оқиғалары мен жағдайларын ғана емес, тіпті әрбір жеке кейіпкердің басынан кешкен, жүрегінде қалған сезімдерін анық көруге болады. «Соғыс психологиясы» - деп аталатын еңбегі шын мәнінде ерлік дастаны. Бұл – достық, адамгершілік, Отанға деген шексіз сүйіспеншілік жайындағы жыр. Бұл кітап оқырманның көңілін толқытады, жанын жақсылыққа баулып, ел үшін ерлікке шақырады. Қазақ халқының ардагер ұлы, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының 100 жылдық мерейтойы 2010 жылы ЮНЕСКО аясында аталып өтті.

Жалпы тұжырымдай келсек, «Москва үшін шайқас», «Біздің генерал», «Соғыс психологиясы» туындылары – сол кездегі оқиғалардың айнасы, соғыс шындығын арқау еткен қазақ әдебиетіндегі теңдесі жоқ туындылар. Оларды оқыған әрбір адам өзін сол оқиғаларды басынан кешкендей етіп қабылдайды, бұның өзі – қаламгерлік қасиеттердің бірі, әркімнің қолынан келмейтін талант. Сипаттау арқылы сезімді жеткізу – таланттың жоғары белгісі. Осы қасиеттер Бауыржан Момышұлына тән. Осы еңбектерге негіз болған күнделіктердің өзі сол соғыс кезінің куәсі, шежіресі. Ар-ұят тазалығы – жазушының шығармаларының барлығына негіз болған. Б.Момышұлының туындыларын оқи отырып әрбір азамат патриоттық тәрбие алады, рухани жағынан өседі. Шығармадан жауынгерлердің сом тұлғасын, халқымыздың жігері мен қайратын, бірлігін, туысқандығын, командирлердің табандылығын көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Б. Момышұлы Ұшқан ұя. Повесть, әңгімелер, нақылдар. – Алматы: «Атамұра», 2003. –240 б.
- 2 Ж. Дәдебаев Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 340 б.
- 3 Р. Нұрғали Жеті томдық шығармалар жинағы. 5 том. Әдебиет теориясы. Нұсқалық. Астана: «Фолиант» баспасы, 2005. – 536 б.
- 4 Б.Ғ. Аяған, Х. М. Әбжанов, Д. А. Махат. Қазіргі Қазақстан тарихы. Жоғары оқу орындарының тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арналған оқулық. – Алматы: Раритет, 2010. – 448 б.
- 5 Б. Бейсембаева «Бауыржан Момышұлы: тарихи тұлға және көркем образ.» Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті. //Хабаршы ғылыми журнал. Филология сериясы. – 2010. – №5.
- 6 Б.Момышұлы Біздің генерал. Жазушы. Алматы,1966.

Намазбаева Нұрбатима Зайырқызы, қойма меңгерушісі

Қарағанды облысының ғылыми-техникалық құжаттама жөніндегі мемлекеттік
архиві, Қарағанды қ., Қазақстан, nurbatima.zairova.65@mail.ru

СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА ТЫЛДА ЕҢБЕК ЕТКЕН ЖЕРЛЕСТЕР

Аңдатпа: Бұл мақалада Қарағанды халқының, соның ішінде Қарағанды Ботаникалық бағы еңбекшілерінің соғыс жағдайындағы тыныс-тіршілігі, қол жеткізген жетістіктері турады жазылған. Соғыстың ауыр кезеңіне қарамастан Ботаникалық бақтағы адам саны қысқармай, жұмыс қарқыны бәсеңдемей, қаланы көріктендіру, жаңа өнім өсіру жалғаса берді. 1942-1943 жылдардағы қыстағы ауа температурасы - 48,1-ге дейін төмендегеніне қарамастан, жұмыс қарқыны тоқтамады. Бақтағы өсімдіктерді аман алып қалу мақсатында жұмысшылар өз күштерімен жылы жай салып, қосалқы шаруашылықтар ашып, толассыз жұмыс жүргізді.

Түйін сөздер: Ұлы Отан соғысы, Қарағанды Ботаникалық бағы, Қарағанды облысы, тылдағы халықтың соғысқа, жәрдемі, тынымсыз еңбек.

Өткен ХХ-ғасырдың 30-жылдың соңына қарай Сарыарқа жерінде Совет Одағы бойынша үшінші орындағы Көмір өндірісі салына бастады. Онымен қоса жас қала – Қарағанды да бой көтеріп, іргесі қалана бастады. Бұл қалада осы көмір өндірісіне тығыз байланысты үлкен өндірістік кәсіпорындар іске қосылды. Қаланың халық саны артып, облыстық орталыққа айналды.

Қаланың экологиялық ахуалын жақсарту мақсатында 1939-жылы Халық Комиссарлар Кеңесі мен Коммунистік Партиясының «Қарағанды қаласын жоспарлау туралы» №61/а Қаулысы шықты. 1940-жылдың 17-шілдедегі Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысымен Қарағанды қаласында КСРО ғылым Академиясының филиалы – Ботаникалық бағы ашылды. Ботаникалық баққа Қарағанды орталық мәдениет және демалыс саябағынан 32,2 га жер берілген. Ботаникалық бақ құрылғанда штат 6 адамнан ғана тұрды. Директоры – аға ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер, бухгалтер, хатшы, моторшы және атшы. Архивте тұрақты сақтаудағы Ботаникалық бақтың құжаттарына қарай отырып, байқағанымыздай ҚазССР Ғылым академиясының Қаулысына сәйкес, 1940 жылдың 10-шілдесіндегі №7 бұйрығы бойынша бұл мекеме 27-шілдеден бастап 7 күндік, 8 сағаттық жұмыс күнін белгілеген. [1]

1941-1942-жылдары штаттағы адам саны 10-ға жетті. Қиын жылдарға қарамастан бұл штат Ұлы Отан соғысы кезінде де өзгеріссіз қалды. Маусымдық жұмысшылар экономикалық қызмет нәтижесінде (көшеттер, тұқымдар сату, жиналған дақылдарды сату) алынған қаражаттың мөлшеріне байланысты жалданды және осы жылдары мекемеде 10-нан 25 адамға дейін еңбек етті. 1942 жылдың көктемінде питомникте 101 алма, 7 алмұрт, 11 шиі өсірілді, 6- кара өрік, 4- кара өрік, 11- таңқурай, 8- қарлыған, 12- қарақат, 5- құлпынай, 3- жүзім. барлығы 168 сорт, оның ішінде 49 алма ағаштары гүлдеп, 1942 жылы жеміс берді.

1943 жылы Ботаникалық бақ - 44 жаңа өсімдік түрлерімен толықты. 1943-жылдың қорытынды есебіндегі мәліметтер бойынша 1943 жылы Ботаникалық бақ өсімдіктерді зерттеу және игеру бойынша 4 тақырыпты жүргізді, олар: 1-ағаш-бұта, 2-жеміс ағаштары, 3-экономикалық өсімдіктер, 4-сәндік гүлдер. [2] Дендрологиялық және жеміс бөлімдерінің көптеген ағаштары екінші жылы тұрақты орынға ауыстырылды. Қыста ауа температурасы -48 градус аязға дейін жетті, дегенмен, олардың көпшілігі өздеріне тән емес қатаң қысты, жазғы құрғақшылықты бастан кешірсе де гүлдеп, жеміс берді. 1942-1943 жылғы Ботаникалық бақтың коллекциялық учаскесі өсімдіктерінің түрлері: Тағамдық, Азықтық, Техникалық, Дәрілік болып бөлінді. Шаруашылық жұмыстарымен бірге жылыжай салынып болғанша уақытша 5x2,5м жылыжай (теплица) салынып, суыққа төзімсіз өсімдік түрлері сақталды.

Соғыс кезінің қиындықтарына байланысты жұмысшыларға жалақы бірнеше ай бойы төленбеді, дегенмен ұжым өз күштерімен жылыжай (оранжерея) салуды қолға алды. Қарағанды Ботаникалық бағы коллекциясында өсімдіктердің 2612 түрі, оның ішінде 586 дендрологиялық, 860 сәндік, 32 түр және 576 жеміс және жидек сорттары. ағаштар мен бұталардың саны 1300 - ге дейін, гүлдердің-2000 түрі мен сорттарына дейін, жеміс - жидек-600-ден астам сортқа дейін, тропикалық және субтропикалық-700-ден астам түрге дейін және табиғи флора өсімдіктерінің 400-ден астам түріне дейін өсті (оның ішінде 14 Қызыл кітапқа енгізілген). 70-тен астам тұқымдық, 494 дәрілік өсімдіктен және 23 мың гербарийден тұратын коллекция жинақталған. Әлемнің 100 - ден астам ел ұйымдарымен ынтымақтастық жұмыс жасады.

Соғыс кезеңінде транспорттың жетіспеушілігі себепті негізгі көлік құралы - жылқы малы болғандықтан, басшылық жылқыны баптауға аса мән бергені байқалады. Өйткені жылқы – бір жағынан жол қатынас құралы болса, екіншіден жер жырту, жүк тасу үшін де пайдаланған. Штатта атшы міндетін атқаратын жұмысшының міндеті аса жауапты. Мысалы 1943-жылғы 8-сәуірдегі №2 бұйрыққа назар аударсақ мынадай мазмұнда жазылған:

«1. В целях лучшей подготовки лошадей к полевым работам направить с 11-апреля 1943г. тов. Умарова К. в Акбастау для наблюдения и помощи в уходе за лошадьми.

2. Обязываю тов. Умарову за оставшийся период до полевых работ максимальной упитанности лошадей и лечение их от заболевания часотки и другие...». [3]

Ботаникалық бақтың Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан қиын кезеңдегі күнделікті тыныс-тіршілігіне құжаттар арқылы зер салсақ, 1945-жылдың 1-наурызындағы №4 бұйрықта мынадай жазбалар бар екен:

«1. В день Международного Женского дня выношу благодарность младшему научному сотруднику Ботсада Калякиной Т.И. за создание коллекции растительных ресурсов, сбор гербария Карагандинского угольного бассейна и пропаганду полезных растений тов. Калякину Т.И. премировать подарком.

2. Выношу благодарность рабочей Комендантовой С.И. за добросовестный уход и поддержания чистоты, порядка в коллекционных участках отдела цветоводства тов. Комендантовой С.И. премировать подарком.

Директор Ботсада». [4]

Қысқа уақыт ішінде ғылыми-зерттеулердің жоспары бекітілді, басты тақырыбы: «Сәндік және жеміс беретін дақылдарды енгізу арқылы Қарағанды қаласын көгалдандыру». [5]

Отырғызу материалы мен тұқымдары еліміздің барлық аймақтарынан келе бастады, сонымен бірге отырғызу материалы Нұра өзенінің алқабындағы ағаш-бұта түрлерінің табиғи шөгінділерінен пайдаланылды. Осы жылдар ішінде ғылыми зерттеулердің ауқымы кеңейе түсті, сондықтан «Орталық Қазақстанның шөлейт аймағында протекциялық орман өсіру» тақырыбы енгізілді, онда өсімдіктердің 140-тан астам түріне эксперименттер жүргізілді. [6]

Қарағанды Ботаникалық бағы өзге өңірлерден ағаштар мен бұталарды жартылай шөлейт жағдайға бейімдеу үшін арнайы құрылған. Онда негізінен әйелдер жұмыс істеді. Ботаникалық бақ қызметкерлері өз мамандығына адал мамандар болды, олардың ішінде профессор ғылыми атағы бар алғашқы қызметкер - Скандраков Сергей Вячеславович болды. Сондай еңбектің нәтижесінде Қарағанды Ботаникалық бағының аумағында сирек кездесетін өсімдіктер коллекциясы жиналды. Ол туралы очерктер жазып, деректі фильмдер түсірілді.

Климаттың қатал жағдайына қарамастан, топырақтың құнарсыздығы, жеткіліксіз суару, салыстырмалы ылғалдылығы мен жиі желдері болғанымен, жұмысшылар мен зерттеуші мамандардың еңбегінің арқасында өсімдіктер КСРО-ның орта жолақтарындағы сияқты қарқынды өсіп, дамыды. Бұл Ботаникалық бақ аймағын жергілікті халық «Қарағанды Маржаны» («Жемчужина Караганды») деп атаған және қарапайым халық

сирек кездесетін ағаштардың көлеңкесінде демалып, серуендеп, спорт, дене шынықтырумен айналысқан. Сырттан келген қонақтарға мақтанышпен көрсеткен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 ҚОҒТМА Қ.2., Т.1., I.1.
- 2 ҚОҒТМА Қ.1., Т.1., I.2.
- 3 ҚОҒТМА Қ.1., Т.1., I.4.
- 4 ҚОҒТМА Қ.1., Т.1., I.5.
- 5 ҚОҒТМА Қ.1., Т.1., I.6.
- 6 ҚОҒТМА Қ.1., Т.1., I.6a.

Нурбекова Раушан Калымбековна, т.ғ.к., доцент

С. Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ., Қазақстан, r_nurbekova@mail.ru

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫСҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЕРЕН ЕҢБЕГІ

Аңдатпа: Мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарындағы шығысқазақстандықтардың еңбектегі тарихы, олардың отанымыздың қиын-қыстау кезеңінде қосқан үлестері жайлы баяндалады. Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының қорларында сақталған материалдар арқылы мәліметтер қарастырыла отырып, еліміздің тарихында бұрын қамтылмаған жақтарынан, өлкеміздің осы жылдарда майдандағы жауынгерлерге көмек көрсету мақсатында жасаған іс шараларының, ерен еңбектері жайлы қарастырылады.

Түйін сөздер: Ұлы Отан соғысы, шығысқазақстандықтар, Шығыс Қазақстан мемлекеттік мұрағаты, заем, майдангерлер, тыл еңбеккерлері.

Әрбір қоғамдағы тарихи уақыттың міндеттерін анықтау, еліміздің тарихының елеулі оқиғалары жайында нақты дерек қалдыру, сондай-ақ өткен жайларды тарихи деректермен салыстыра отырып зерделеу, назар аудару бүгінгі ұрпақтың басты міндеті болмақ.

Сол сияқты, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы шығысқазақстандықтардың еңбек тарихын, бұрын мүлде айналымда болмаған тарихи мәліметтер тұрғысынан зерттеу, оның әр қырлы жақтарын ашу, сол кездегі жағдайларды, қазіргі кезеңнің талабына сай, анық, ақиқаттық тұрғыдан зерттеудің өзектілігіне орай, осы бағытта туған өлкенің тарихында шығысқазақстандықтардың отанымыздың қиын-қыстау кезеңінде қосқан үлестері жайлы мәліметтермен Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының қорларында сақталған материалдар арқылы танысуға болады.

Шығысқазақстандықтардың еңбектерінің тарихы жайлы жазылған еңбектерді бүгінде кездестіре алмайсыз. Көбінесе тарихи зерттеулерде, баспасөз материалдарында бұл мәселенің кейбір аспектілері ғана қаралады. Сондықтан жергілікті мұрағат арқылы, еліміздің қазіргі кезеңіндегі бұрын қамтылған жақтарынан өлкеміздің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы майдандағы жауынгерлерге көмек көрсету мақсатында жасаған іс-шараларының, ерен еңбектерінің орны ерекше. Өңірдің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарихын зерттеу, деректерді саралап, ғылыми айналымға енгізу бүгінгі тарих ғылымының алдында тұрған міндеттердің бірі.

Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының деректеріндегі бай құжаттардың 12 қоры, атап айтқанда, №3, 13, 270, 279, 321, 370, 454, 787, 176, 746, 745, 753 және осы мұрағаттың Риддер бөлімшесінің 3 қоры: №1, 137, 191; Зайсан бөлімшесінің 6 қоры: №5, 6, 29, 63, 105, 260; Зырян бөлімшесінің 7 қоры: №3, 4, 5, 6, 7, 187, 191 қорларының құжаттары арқылы Шығыс Қазақстан өңірінің Зайсан, Ұлан, Тарбағатай, Күршім, Марқакөл, Өскемен, Зырян, Киров, Самар, Катон-Қарағай, Шемонайха, Бұқтырма, Глубокое, Ақсуат, Большенарым, Лениногор, Риддер, Таврия, Предгорный

аудандарының еңбекші халқының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы майдандағы жауынгерлерге көрсеткен көмегі мен қолдауы жайлы мол мағлұматтарды кездестіруге болады.

Осы кезеңдегі қарастырылып отырған кезеңдегі мұрағат материалдарының келесі тобын, осы мұрағатта сақталған, келесі облыстық «Большевик Алтая», Киров ауданының «Прииртышский коммунар», Риддер ауданының «Риддерский рабочий», Таврия ауданының «Путь Ильича», Катон-Қарағай ауданының «Сталинское знамя», Тарбағатай ауданының «Большевиктік колхоз», Зайсан ауданының «За большевистские клохозы», Самар ауданының «Сталинец», Предгорный ауданының «Алтайский колхозник» атты мерзімдік басылымдарының әр жылдарындағы сандарының беттерінде берілген материалдардың орны ерекше.

Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатында «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғыс жылдарындағы шығысқазақстандықтар» атты қор құрылған. Онда жауынгерлер естеліктері, анкета, әскери хаттар, фотосуреттер, жеке істер жинақталған. Нәтижесінде майдангерлер мұрағатқа майдан кезіндегі жеке полкпен түскен фотосуреттерін, естелік хаттарын жібере бастады.

Осыған сәйкес, мұрағат қорында бұрын белгілі болмаған мағлұматтар айналысқа енді. Яғни, облыс шеңберіндегі 1941-1945 жылдардағы шығысқазақстандықтардың Ұлы Отан соғыс кезіндегі майдангерлер, тыл еңбеккерлерінің ерен еңбегі, ескерілмей қалған азаматтардың, өнеркәсіп, ауыл шаруашылық ұжымдарының қызметі жайлы мұрағат деректерін пайдалана отырып, айналымға енген еңбектер арқылы, тарихта еленбей қалған тұстарын жаңа қырынан көрсетуге болады.

Соғыстың басталуымен-ақ майдандағы тікелей соғыс қимылдарына қатысқан шығысқазақстандықтар өшпес ерліктің, батырлық пен қаһармандықтың үлгісін көрсетті.

Ұлы Отан соғысындағы жеңістің маңызды факторларының бірі халықтың майданға көрсеткен көмегі болды. Сол бір қиын жылдарда кез-келген азаматтың ой-ниеті майданға қолдан келгенше көмектесіп, қайткенде де жауды жеңуге бағытталды. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ, елдің ішкі өмірі мен экономикасын майдан талабына сай қайта құруға және қызыл армияның қорғаныс қуатын арттыруға байланысты көптеген шаралар іске асырыла бастады. Елдің қорғаныс қабілетін нығайтып, әскери экономикаға зор үлес қосқан Шығыс Қазақстан еңбекшілері соғыс жылдарында жүргізілген төрт мемлекеттік заем бойынша көп қаражат берді. Соғыс заемдарын тарату жөнінде Қазақстанның Шығыс өңірі тыл аймақтарының ішіндегі алдыңғы орындардың бірінде болды. Шығысқазақстандықтардың соғыс жылдарындағы майданға берген көмегі өте зор болды. Майдандағы армияны қамқорлыққа алу, оларға материалдық және рухани көмек беру жерлестеріміздің қасиетті борышына айналды. Қызыл Армияға жылы киім, жүздеген эшalon сыйлықтар жиналып жөнелтілді.

Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының мағлұматтарын саралай отыра, Отан қорғау қорына арнайы есеп ашылғаннан кейін мемлекеттік банк бөлімшелері еңбекшілердің жеке өз қаражатынан берген ақшалай көмегін қабылдап ала бастады. Есеп шоты ашылысымен 1941 жылдың қарашасына дейін Шығыс Қазақстан Облысы қорғаныс қорына 1438000 сом, оның ішінде жеке-жеке Өскемен еңбекшілері 352000 сом, Лениногор кеншілері 322000 сом, Шемонаиха еңбекшілері 139000 сом, Бұқтырма ауданы 138000 сом аударған. Өскемен қаласының халқы мемлекеттік банкіге 112,9 кг. алтынмен, 5,9 кг күміс тапсырған. Облыс бойынша 1 қазанға дейін 6987000 облигация заемдері өткізілген. Лениногордан 149000 сом, Өскеменнен 908000, Зырян ауданынан 589000, Зайсан ауданынан 508000 облигация түскен [1].

Облыс бойынша 1941 жылдың 26 қазанына дейін 2166000 облигация заемдері өткізілді. Онда Лениногордан 581000 сом, Өскеменнен 553000, Зырян ауданынан 208000, Зырян қаласы бойынша 208000, Предгорныйдан 154000, Шемонаихадан 113000, Самардан 111000 сом және 9 млн облигация мемлекеттік заемдар бойынша тапсырылды [2].

Ал қарашада облыс бойынша 8520000, Лениногордан 1812000, Өскеменнен 161200, Зайсаннан 771000, Зыряннан 679000 сом облигация тапсырылды [3].

1941 жылдың қараша айында тек Лениногор қорғаныс зауытының ұжымы қорғаныс қорына 33685, ал желтоқсанда 224260 сом облигация тапсырған [4].

1941 жылдың күзінде Риддерге Люберец электр-техникалық зауыты, Мәскеу энергетикалық институты, артиллериялық мектеп, 23 госпиталь; Өскеменге Симферополь мотожөндеу зауыты; 1942 жылы Орджоникидзе қаласынан «Электормыс» зауыты эвакуацияланып, 2000 жұмысшы, инженер-техниктер олардың отбасыларымен келді [5, б.39-40].

Көптеген елді мекендер мен үлкен қалаларда, ұжымжар-кеңшар орталықтарында үгіт пункттері қорғаныс қорына қаржы қабылдайтын қоғамдық орындарға айналды.

Зайсан ауданынан 1941 жылы 1145 адам, 1942 жылы 4098 адам соғысқа, 276 адам еңбек армиясы қатарына жіберілді. Жалпы төрт жарым жылда соғысқа 6569 және еңбек армиясына 1099 зайсандықтар аттанды. Бұлардың ұлттық құрамы: 2673-і орыс, 4889-ы қазақ, 69-ы татар, 15-і украин, 13-і басқа ұлттардан болған. Олар Мәскеу, Ленинград, Белоруссия, Сталинград, Қырым, Украина, Балтық жағалауындағы елдерді қорғауға қатысқан. Біразы батыстағы соғыс аяқталысымен, 1945 жылы шілде - тамыз айларында Жапониямен соғысқа қатысып, өздерінің жауынгерлік жолдарын Тынық мұхит жағасында аяқтайды. Ауданнан 2595 адам қаза болса, оның 238 госпитальда жарадан көз жұмған, 1339-ы хабар-ошарсыз, 175 адам әртүрлі аурудан, 3 адам неміс тұтқынынан қаза болған [6].

Зайсан өңірінен тек 1942 жылы Отанға 716 ірі қара, 4141 қой, 166 бас шошқа тапсырылып, қорғаныс қорына 455 ірі қара, 1844 қой, 114 жылқы және 38 шошқа, ет қосымша жіберілген. Отан қорғау қорына және Қазақстан комсомолы танк колоннасына 2,5 млн сом көмек берілген [7, б.102].

Ал, Тарбағатайдан соғысқа аттанған 2693 жауынгердің 2125 соғыста көз жұмды. 1942 жылы аудандағы Отан қорғау қорына 35 ірі-қара, 184 қой-ешкі, 264 пұт май, 1254 ц. ет, 981 шолақ тон, 450 пима, 700 қалпақ, 2 тұлып, 26012 сом ақшалай, 705000 заем, 677 тері, 524 кг жүн және оқушылардың күшімен 23798 кг. қара металл дайындалып, 146557 сом ақша, 6 кг алтын танк колоннасының құрылысына жіберілген. 1943 жылға дейін Қызыл Армияға 79 пұт астық, 7600 пұт ет, 3000 жуық жылы киім жөнелтілген [8, п.26].

Ұлы Отан соғысы жылдары Ұлан ауданының халқыда 1941 жылы 13 кг. таза күміс жинап, мемлекетке тапсырған. Қызыл Армияның Сталинград, Орел-Курск иініндегі жеңісіне орай, ұжымшар мүшелері жеке-жеке меншік қоймаларындағы астықтан 5 мың пұт жинаған. «Таулы Алтай» танк колоннасына, «Калбаолово» кен басқармасының ұжымы 460 мың сом қаржы қосқан. Обухов кеңшарынан Х. Ақжолов А. Маресьев атанды, ол 19 жасында майданға аттанып, екі аяғынан айрылып, ауылға қайтқысы келмей, бірақ протезбен жүруді үйреніп, шөп машинасында істеп, кейін шопан болған. «Қызыл Ту» орденімен марапатталған [9].

Халықтың майданмен тікелей қарым-қатынасын, олардың жауынгерлерге арнап жіберген сәлемдемелерінен көруге болады. Еңбекшілердің майданға жолдаған сәлемдемсін қабылдап алу, жөнелту жұмысын жолға қоюда арнаулы шаралар іске асырылды.

1942 жылы Ұлы Отан соғысының бас кезінде облыс көлемінде қызылармия отбасыларына 14 млн сом, ҰОС мүгедектеріне 600000сом және 10000 сом бір рет берілетін жәрдем ақы, эвакуацияланған халыққа 160000 сом көмек беріліп, 118000 сом тамақтарына, 400000 сом баспаналарына жұмсалды [10, п.31].

1942 жылы облыс бойынша әскери бюджет 67669300 сомға бекітіліп, 1941 жылға қарағанда 26,7 пайызға қысқарды. 1942 жылы Катон-Қарағай ауданы «Шығыс Қазақстан колхознигі» танкі қорына 1000030 сом жинады [11, п.1].

1942 жылы қиын жағдайларға қарамастан, Кенді Алтайда Өскемен СЭС, өнеркәсіптік кәсіпорындар, тұрғын үйлер салынып, эвакуациялық пункттер қалыпқа келтірілді.

1943 жылы Қызыл Армия үшін құрылған ет қорына Шығыс Қазақстан Облысының аудандары бойынша 11215 кг ет өткізілген [12, п.1].

1943 жылы облыс еңбекшілері танк колоннасы мен әскери эскадрилия құрылысына 28 млннан аса сом бөлді. Ауыл шаруашылық азық-түліктерін жіберді. Әскери заем 57 млн болды. Ал 1942 жылы 37 млн болған еді [13, п.35].

Қызыл Армияның Бас Қолбасшылығының есебіне жоспардан тыс өнім шығаруда өндіріс орындары ерекше қарқынмен жүргізілді. Қорғасынды бұрынғыдан да көп өндіру қажет болды. Лениногор аудандық атқару комитетінің төрағасы Вдовин, 1943 жылы 3 сәуірде Мәскеуге жіберген жолдау хатында үкіметтің қорғанысына Жоғарғы Басқолбасшының ерекше қорына аудан еңбекшілерінің 3556799 сом, 16 вагон азық-түлік, қорғаныс қорына 3777602 сом, 74000 тонна қорғасын, танк колоннасы құрылысына еңбекшілер өз жинақ кассаларындағы ақшаларынан 214824 сом жібергені жайлы баяндаған [14, п. 2].

Бұл армия мен флотты қаруландыруда, майданға қажетті өнім шығаруға қосымша себін тигізген ерекше көмек болды. Облыстың халық шаруашылығы өндірістік жоспарды артығымен орындады. Облыс жауға қарс ыон оқтың төртеуін берді. МКК-нің арнаулы тапсырмаларын орындап, түсті және сирек кездесетін металдар шығаруда, КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының Жарлықтарымен 163 жұмысшы, инженер және техниктер және ұжымшар мүшелері орден және медалдармен марапатталды [15].

Соғыс кезінде шығысқазақстандықтар қорғаныс қорына 500000 пұт астық берген. Облыс еңбеккерлері 200000 аса жылы киім, Ленинградқа 380 т. азық-түлік жөнелтіп, майдан қорына 53 млн сом қаржы, 65 кг күміс, 500000 пұт астық, 150000 дана жыл киім, қорғасын қорына 10387000 ақша, 19718000 сом мемлекеттік заем тапсырған [12, п.5].

Майдан мен тылды азық-түлікпен, өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етуде шығысқазақстандықтардың рөлі ерекше. Жұмысшы күші және ауыл шаруашылығының тапшылығына қарамастан, Шығыс Қазақстан өңірі соғыс жылдарында мемлекетке ауыл шаруашылық өнімдерінің барлық түрін, соғысқа дейінгі кездегіден анағұрлым артық тапсырды.

Соғыстың алғашқы күндерінен-ақ халық арасында басталған қорғаныс қорын жасау қозғалысы бірден жаппай бұқаралық сипат алып, елдің экономикасын, барлық ресурстарын майдан талабына сай жұмсады. Қорғаныс қорын нығайтудың әртүрлі жолдарын қарастырған Шығыс Қазақстан еңбекшілері соғыс жылдары Қызыл Армияның астық қорына, Жоғарғы Бас Қолбасшылық пен жеңіс қорына зор үлес қосты.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі қиын сәттерде адамдардың бойында майданға барынша көмектесіп, Жеңіс күнін жақындатуға үлес қосқан ерлік-дәстүрлері еліміздің ерлік шежіресінен өзінің лайықты орнын алары сөзсіз.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы майдандағы жауынгерлердің ерен ерлігімен қатар, тыл еңбеккерлерінің майданға қосқан үлесі жөніндегі материалдарды тарихи зерттеу негізіне ала отырып, жаңа тарихи көзқарастар тұрғысында, жаңа мұрағаттық деректерді саралап, қарастыру барысында тұтас белгілі бір сабақтастыққа негізделген өлкеміздің тарихының жаңа беттерін ашуға болады.

Бүгінгі күні туған өлкенің тарихын жаңғыртып отырған мұрағаттардағы тарихи мағлұматтардың, өткен кезеңнің деректі ескерткіші екені даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Материалы ВОВ. // «Большевик Алтая». – 1941. – 10 мая
- 2 Материалы ВОВ. // «Большевик Алтая». – 1941. – 9 октября
- 3 Материалы ВОВ. // «Большевик Алтая». – 1941. – 4 ноября

- 4 Материалы ВОВ. // «Большевик Алтая». – 1941. – 27 ноября
- 5 Шмурыгин Г.М. Восточный Казахстан в годы Великой Отечественной войны. //Материалы научно-теоретич. конференций. Посв. 50-летию Победы.-Усть-Каменогорск, 1993. – 250 б.
- 6 Құдабаев Б. Бұрынғы Зайсан-бүгінгі Зайсанның болашағы //Достық. – 1974. –19 қазан.
- 7 Зайсан асулары: тарихи-публицистикалық очерктер. Б. Жапаров, Р. Тулькин, Б. Құдабаев, М. Байкөбекова.- Алматы: баспа, 1998. – 350 б.
- 8 ШҚОММ. - 29- қор. - 1- тізбек. -159-іс.
- 9 Мұқанов с. Елу жылда ел жаңа. // Өркен. – 1978. – 12 қаңтар.
- 10 ШҚОММ. - 176- қор. - 3- тізбек. -84-іс.
- 11 ШҚОММ. - 745- қор. - 1- тізбек. -452-іс.
- 12 ШҚОММ. - 745- қор. - 1- тізбек. -341-іс.
- 13 ШҚОММ. - 176- қор. - 3- тізбек. -103-іс.
- 14 ШҚОММ. - 1- қор. - 1- тізбек. -80-іс.
- 15 Лениногорға 200 жыл //Коммунизм туы. – 1986. – 18 маусым.

Өскембаев Қанат Садвақасұлы, т.ғ.к., доценті

Еуразия гуманитарлық институты және Астана халықаралық университеті, Нұр-
Сұлтан қ., Қазақстан, k.uskembayev@gmail.com

ӘКЕМІЗ ЖАЙЛЫ АЙТСАМ...

Аңдатпа: Мақалада, автор бүгінгі күндегі ғаламтор кеңістігінің мүмкіндіктерінің көмегімен Екінші Дүниежүзілік соғыс тақырыптарына арналған деректерді табудың қажеттілігіне тоқталады. Қазақстандағы Kaharman.kz., Ресей мемлекетінде кең түрде қолға алынған «Подвиг народа», «Помните нас», «Помни войну», «Огонь войны» т.б. атты жаңа веб-ресурстарының маңыздылығы айтылады. Соның бір мысалы ретінде автор «Подвиг народа» сайтының көмегімен әкесі Өскембаев Сәдуақас жайлы біршама материалдардың табылуы жайлы сөз қозғайды.

Түйін сөздер: Екінші дүниежүзілік соғыс, Ұлы Жеңіс, веб-ресурстар, майдангер.

Қазіргі кезде электронды бұқаралық ақпарат кеңістігінде интернет тілін, ғаламтор кеңістігін біздер кеңінен пайдаланып жүрміз. Солардың көмегімен керек тақырыптарға арналған деректер табамыз. Сондай маңызды тақырыптың бірі Екінші Дүниежүзілік соғыс тақырыбы. Биылғы 9 мамыр күні Ұлы Жеңіске 75 жыл толады. Сұм соғыста жау оғымен арпалысып, бейбіт өмір мен мамыражай тірлік үшін жан беріп, жан алысқан аға ұрпақтың ерлігін бүгінгі ұрпақ ұмытпайды. Бүгінде осы бағытта бір істеліп жатқан жұмыстардың бірі Қазақстан және Ресей бойынша Ұлы Отан соғысы туралы сайттардың іске қосылуы.

Мысалы 2014 жылы еліміздің бірінші Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ұлы Отан соғысындағы батыр-қазақстандықтардың есімін ардақтауға байланысты берген тапсырмасына орай, қолға алынған «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы аясында, Ұлы Отан соғысының жеңісі туралы 2015 ж. 1 наурызында Kaharman.kz. жаңа веб-ресурсы іске қосылды. Сол уақыттан бастап сайтта бірегей мұрағаттық құжаттар, майдандық оқиғалар, соғыс жылдарының музыкалық композициялары, Ұлы Отан соғысына қатысушылар атынан твиттерлер және басқа да мәліметтер жариялануда.

Жүргізілген жұмыстардың барысында мысалы, бүгінде қазақстандық Кеңес Одағының Батырларының бұрын айтылып келе жатқан санының 497-ден 531 адамға өскені, 142 адамның «Даңқ» орденінің толық иегері атанғаны жайлы айтылады. Жалпы бұл жобаның мақсаты – қолжетімді, қызық, танымдық үлгіде қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы жеңісіне қосқан үлесі туралы мәліметтерді жұртқа жеткізу. Соғыс туралы белгілі және белгісіз ақпараттарды, мәліметтерді, деректерді бір жерге жинақтау болатын.

Осындай сайттардың бірі Ресей мемлекетінде өте кең түрде қолға алынған <http://podvignaroda.mil.ru> (Подвиг народа) атты сайты. Бүгінде осы сайттағы

материалдарды ғаламторды пайдаланушылар өте көп қолданады. Бұл сайтта соғыс кезіндегі ерлігі үшін бүгінгі күнге дейін 27 млн-дай адамның медальдармен марапатталғандары жайлы дерек берілген.

Бұл сайтта соғыс ордендермен және

Сонымен бірге 800 мыңнан астам соғыстағы ерлік тарихы жайлы марапаттау құжаттардың жарияланғаны айтылады. Қорғаныс Министрлігінің орталық архивінде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы КСРО Жоғары Кеңесі президиумының жарлықтары тіркелген құжаттар сақталған. Осы архивтің тек 2015 жылы соғыс жылдары қалалар мен аймақтарды қорғағаны, алғаны және азат ету операцияларына қатысқандары үшін 6 миллион адамның марапаттау құжаттары жарияланған екен.

Айта кету керек бүгінде осыған ұқсас сайттар өте көп. Олар: «Помните нас», «Помни войну», «Огонь войны», «Наша победа день за днем», «Великая победа», «Вставай, страна огромная», «Неизвестная война», «Солдат 1941-1945», «Боевые действия Красной армии», «Великая Отечественная война» және т.б.

Осы жоғарыдағы «Подвиг народа» сайтының көмегімен әкем Сәдуақас жайлы біраз материалдарды таптым. Мысалы, 1-ші құжат

№1 құжат

Ускембаев Садвакас 1913 г.р.

Звание: красноармеец в РККА с 01.09.1943 года

Место службы: 414 сп 1 Прибалт. Фронт.

Дата подвига: 01.03.1944

№ записи: 80142784


Архивные документы о данном награждении

I. Приказ(указ) о награждении и сопроводительные документы к нему


- первая страница приказа или указа
- строка в наградном списке
- наградной лист **Медаль «За отвагу»**



Подвиг (Ерлік):




(7 наурыз 1944 жылы Витебск қаласын азат етуде, қаланың батыс жағындағы Кеңес армиясының қарсы шабуыл шайқасы барысында сол иығын тесіп өткен оқтан ауыр жарақат алды деп жазылған)




Указ Президиума Верховного Совета
(Жоғары Кеңес Президиумының жарлығы)

№2-ші құжат



3 құжат



№4 құжат

Әкем **Өскенбай баласы Сәдуақас** 1913 жылы қазіргі Нұркен атындағы ауылға қарасты Қаракуыс деген елді мекенде дүниеге келіпті. Оның әкесі Өскенбай өз заманында ел арасында беделге ие болған, ақыл жүргізген жалғыз Темірші болысында ғана емес Сарыарқаға аты әйгілі болған жандармен сыйлас, дос бола білген. Соның бірі қазақтың белгілі заңгері **Ақбайдың Жақыбы**. Өскенбайдың үрім-бұтағы бүгінде Қарағанды, Алматы, Астана, Қарқаралы өңірін мекендеп, өмір кешіп, ұрпақ өсіріп жатқан жайы бар.



Сәдуақас 15 жасынан бастап ауылда сауаттандыру жұмысына белсене қатысып, алғашқы еңбек жолын 1928 жылы №1 ауылдың бастауыш мектеп мұғалімдігі қызметінен бастайды. Одан кейінгі жылдарда оқу бөлімі әкемізді жастығын, білімі мен біліктілігін қарап Қарқаралының әр түкпіріндегі мектептерге жіберіп отырған екен. Сол 1928 жылдан санағанда әкеміз соғысқа 1943 жылы кеткенге дейін ауданның сегіз бастауыш мектептерінде ұстаздық еткен. **Олар:** 1928-1930 жж. №1 ауылдағы және № 4 Қарасу, 1930-1932 жж. Құрама колхозында бастауыш мектебінде, 1932-1933 жж. Семей облысында оқытушы, 1933-1938 Қарқаралы ауданының педучилищесіндегі сауаттандыру мектебінде оқытушы, 1938-1943 жылдары Еңбексүйгіш, Темірші жетіжылдық, Ленин сауаттандыру мектептерінде сабақ беріпті. Өзі Қарқаралыдағы Абай атындағы педагогикалық училищеде оқыған, мамандығы бастауыш сынып оқытушысы

Әскер қатарына алынған әкеміз арнаулы даярлайтын, жеделдетілген айлық курстардан кейін майдан даласындағы шайқастарға кіруі 1943 жылы 27 желтоқсан екен. Ресми құжаттарға қарағанда әкеміз майдан даласында барлық жоғы үш айдай болған. Соғыс кезінде бұл ұзақ мерзім. Сол үш айда ылғи оқ пен оттың ортасында жүрген әкеміз Прибалтика майданы құрамындағы 414 атқыштар полкінде соғысқан. 1944 жылдың 3 наурызында жараланып, № 3286 әскери госпитальға түсіп, емделеді. Содан 1944 жылдың 14-мамырында жаракатының ауыр болуына байланысты елге қайтарылған.

Елге қайтып келгеннен кейін де кешегі майдангер, өзінің бұрынғы ұстаздық еткен Ленин атындағы бастауыш мектепте мұғалім болып жұмысын жалғастырады. Кейін Бидайық (Ақтерек) бастауыш мектебінде 1968 жылға дейін ұстаздық етіп, сол жерден еңбек демалысына, зейнеткерлікке шыққан. Сөйтіп ұзақ жылдар ұлағатты ұстаз болып, соғыста өткен уақытты қоспағанда 40 жыл бойы жас жеткіншектерге сапалы білім, саналы тәрбие берген екен.

Майдангер-ұстаздың ел алдындағы еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Әкеміз I дәрежелі Отан соғысы ордені, «Ерлігі үшін» үшін медалымен, сонымен бірге Ұлы Жеңістің 20, 30, 40, 50 жылдығы, КСРО Қарулы күштерінің 60, 70 жылдығымен мерекелік медальдарымен марапатталды. Сонымен бірге көп жылғы білім саласындағы қызметі үшін «Еңбек ардагері» медалымен марапатталып, аймақтық көлемде жақсы танылып, тағы басқа да марапаттарға ие болды. Әкеміз 1989 жылы 15 тамызда 76 жасында ауыр науқастан қайтыс болды.

Бүгінде әкеміздің шәкірттері абыройлы еңбек етіп, алды зейнеткерлікке шыққан. Бәрі де бір кезде өздеріне әліппе танытқан әкемізді қадір тұтып «мұғалім аға» деп қарапайымдылығы мен адамгершілік қасиеттерін сыйлап, ұмытпай, әрдайым еске алып отырады. Ал анамыз Бақтиярқызы Күлән 8 бала тәрбиелеп өсірді, осыдан бір жыл бұрын 1919 жылы 30 сәуірде 96 жасында өмірден өтті (*Әкеміздің қайтыс болғанына тура 30 жыл толғанда*). Ол тоқсанды артқа тастап балаларының, немере-шөберенің қуаныш-қызығын көрді.

Қайран әкем, қайран анашым, жандарың Жәннаттың төрінен болсын дейміз!

...Соңында айтарымыз бұл күнде марқұм болған әкеміз сияқты майдангерлердің парасаттылыққа толы өмір жолдары, жас ұрпаққа қашан да болса өнеге. Олар еліміздің болашағы үшін мұз жастанып, қар жамылып, суық окоптарда бүрсең қағып, түндерді ұйқысыз өткізіп, сол соғыста жаумен арыстандай алысып, жолбарыстай жұлысып, талай рет өліммен бетпе-бет келіп, өлімді жеңіп Ұлы Жеңісті әкелді. Сондықтан бүгінде жанымызда жүрген саны күннен күнге сиреп келе жатқан майдангерлердің қазіргі хал-жағдайына үлкен және шынайы көңіл бөлейік дегім келеді.

Өскембаев Қанат Садвақасұлы, т.ғ.к., доценті

Еуразия гуманитарлық институты және Астана халықаралық университеті, Нұр-

Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы, k.uskembayev@gmail.com

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ БАТЫРЛЫҒЫ МЕН ҚАСІРЕТІ

Аңдатпа: Бұл мақала Екінші дүниежүзілік соғыстың батырлық және қайғылы беттеріне арналған. Кеңестік тарихнамада соғыс туралы көптеген кітаптар жазылып, деректі фильмдер шығарылды. Алайда, ол туралы барлық шындық әлі айтылмаған, оның барлық беттері объективті жазылмаған. Автормен Ұлы Отан соғысы тарихын зерттеуде әлі де тыңғылықты зерттеуді қажет ететін мәселелерді көрсетеді. Қазақстаннан майданға аттанған әскери құрамалар, соғысқа қатысқан қазақстандықтардың санына қатысты мәліметтер талданады.

Түйін сөздер: Ұлы Отан соғысы, тарих, Екінші дүниежүзілік соғыс, тарихнама, әскери құрама.

Бүгінге дейін құрбандықтары мен алапаттығы жағынан адамзат тарихында ешқашан болып көрмеген II-ші Дүниежүзілік соғыс және олардың ажырамас бөлігі болған Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған көптеген естеліктер, шығармалар, монографиялар, көркем әдебиеттер жарық көруде. Мысалы, бұрынғы Кеңестік Одақ бойынша 1945-1977 жылдар аралығында ғана Ұлы Отан соғысының тарихына арналған 16 мыңдай кітап пен кітапшалар шыққан, бұлардың жалпы тиражы 700 млн. данадан асты. Жеңістің 50 жылдығына орай КСРО-да 30 мыңнан астам кітаптар, ғылыми еңбектер, мақалалар жарық көрген екен [1]. Қазір сол соғысқа 75 жыл уақыт өтсе де, соғыс тарихының тақырыбының кең түрде зерттелуіне қарамастан, тарихшылар, журналистер т.б. оған назарын аударуды бір тоқтатқан емес. Біздің ойымызша оның бірнеше себебі бар: *Біріншіден*, қазіргі уақытта сол жылдар тарихына қатысты көптеген жаңа құжаттардың жетімділігі мен ғылыми айналымға алынуы, қоғамдағы өзгерістерге сәйкес шындықтардың жаңа беттерінің ашылуы. Ал *екіншіден*, ол құжаттар өз кезегінде өткен соғыс тарихының көптеген мәселелері бойынша біздің көзқарасымызды, идеяларымызды толықтыруда, нақтылауда және өзгертуде. *Үшіншіден*, өткен соғыстарды зерттеудегі жаңа бағыт-тәсілдерінің пайда болуы. *Төртіншіден*, 2-ші Дүниежүзілік соғыс, Ұлы Отан соғысының тарихының тақырыбы жастар арасындағы әлеуметтік-тәрбиелік маңызы зор жұмыстардың бірі болып табылады, сондықтан Жеңіс күні (*кейбір мемлекеттерде бүгінде «ұлттық келісім» немесе «бейбітшілік және тыныштық күні»*) біздің мемлекетімізде жалпыұлттық мереке болғандықтан, бұл тек қоғамның әлеуметтік жадының айғағы ғана емес, сонымен қатар жас ұрпақты шынайы патриоттық пен ерлік рухында тәрбиелеу мақсатында насихаттау болып табылады. *Бесіншіден*, Кеңес әскеріне қарсы гитлердің әскери күшінің 75% қарсы тұрғаны, фашизмді талқандауда шешуші рөлді КСРО құрамындағы халықтардың атқарғаны бұл тарихи шындық. Осы тарихи шындық пен объективтілікті әрбір адамның санасына мүмкіндігінше жеткізу бүгінгі зерттеушілердің міндеті. Бүгіндер Екінші Дүниежүзілік соғыстың нәтижесін, оның қатысушылары туралы айтылғанда, негізгі оқиғаларды баяндағанда 1944 жылғы 6 маусымда ашылған 2-ші майданды, Франция, Англия және АҚШ-тың рөлін сомдап, ал үшінші рейхтың негізгі күшіне қарсы тұра білген, оны тоқтатып, тойтарыс берген Кеңестер Одағына қатысты мәселелерден ештеңе айтпау, әрине, бұл барып тұрған әділетсіздік. Әсіресе мұндай шынайы ақпаратты жыл сайын әлемде миллиондаған адамдар пайдаланатын кибер кеңістікте (Интернетте) жариялау, тарихи шындықты дәлелдеу деген сөз. Осындай жағдай балалар мен жасөспірімдерге арналған кітаптарға да қатысты. *Мысалы, 2000 жылы Парижде екінші дүниежүзілік соғыстың тарихы туралы CD форматта компакт-диск шығарылды, онда майданда негізгі қатысушылар Франция, Англия және АҚШ деп көрсетіліп, КСРО-ның қатысуы туралы ештеңе айтылмады.*

Бұл соғысқа халқының саны біршама көп, едәуір дамыған өндірістік қуаттары және орасан бай табиғи ресурстары бар Қазақстан КСРО-ның құрамдас бөлігі ретінде кірісті. Социализм қысқа мерзімнің ішінде адамдарға өз жемісін берді: жұмыссыздықты, халықтың жаппай дерлік сауатсыздығы мен әйелдердің еріксіздігін жойды. Бұл, әрине, халықтардың ұлттық санасы мен олардың өзара қатынастарын нығайтты. Бірақ, сонымен қатар сол жылдардың келеңсіз көріністері де қарама-қайшы бағытта байқалды. Қазақ ұлтының жартысына жуығын жалмаған ашаршылық пен террор, халықтардың депортациясы. Ұлы даланы жер аударылған халықтарды қоныстандыру аймағына айналдыра бастау, олардың бірлігін әлсіретіп, экономика мен мәдениеттің, демек республика мен елдің қорғаныс қабілетінің дамуын тежеді.

Көп ұлтты мемлекеттің халықтары Отанды қорғауға шықты. Құрамында қазақстандықтар да бар кеңес әскерлері Ұлы Отан соғысының алғашқы күнінен бастап Қара теңізден Балтық теңізіне дейін созылған барлық майдандарда гитлерші басқыншыларға қарсы қиян-кескі шайқастар жүргізді. КСРО тарапынан соғыстың шынайы халықтық сипаты адам ресурстарын, өндіргіш күштер мен табиғи ресурстарды

жауды тойтаруға шұғыл және толық жұмылдырудың шешуші факторларының біріне айналды.

Академик Манаш Қозыбаев «Кеңес тарихының ең сүбелі бөлігі Ұлы Отан соғысының тарихы зерттеліп келеді. Алайда, әлі де шешуін күтіп тұрған проблемалар баршылық» деуі [2], шындығында да Ұлы Отан соғысына қатысты кейбір мәселелерді қайта бағалауды және жаңа көқарастарды талап етеді.

Екінші дүниежүзілік соғыс тарихы – қазақстандық тарихнаманың кенже қалған саласы. Кеңес мемлекетінің «көзі тірісінде» ресми билік идеологиясы негізінде түсіндірілген бұл соғыс тарихы біз үшін баламасыз тарихқа айналғаны белгілі. Біздің тарихшыларымыз бұл тақырыпты өз бетінше зерттеп, ұлттық көзқарас тұрғысынан зерделей бастауы тәуелсіздік кезеңіне тұспа-тұс келеді. Бірақ, қазақ ұлты мен қазақстандықтардың екінші дүниежүзілік соғыс тарихына қатысты ортақ көзқарасын білдіретін тарихи баға әлі күнге дейін беріле қойған жоқ.

Ұлы Отан соғысының тарихын жазуда билікті идеология біздің назарымызды Отанымыздың тарихындағы қасіретті оқиғалардан аударып әкетті. Зерттеушілердің мұрағат қоймаларындағы құпияларға қолы жетпеді, тарихты зерделеуде таңдау жасау мен бөлектеушілік үстемдік етті. Қатаң идеологиялық бақылау жағдайында зерттеушілер соғыс тарихының көлеңке жақтарын, сталиндік жүйенің соғыс жағдайын пайдаланып жасаған зұлымдықтарын ашып көрсете алмады.

Соғыс және ондағы қазақстандықтардың үлесі туралы басылымдардың басты кемшілігі – жаңа еңбектерде жеке басқа табынушылық заманы мен тоқырау кезінде қалыптасқан ойлау стереотиптері, зерттеу қағидалары мен әдістерінің орын алуы. Әскери-тарихи еңбектерде соғыстың негативті емес, позитивті тұстарын ғана көрсетуі, жоғарғы басшылыққа жағынып кітап, мақалалардың даяр қалыппен берілуі орын алды. Құрамалардың әскери қимылдары көп жағдайда жеке бөлімше құрамалары арқылы көрсетілді, көрші халықтардың жәрдемі, көмекке берілген күш пен құралдары ескерілмей қала берді. Оларда ұрысты жоспарлаған құжаттарға, жағдайдың өзгеруіне байланысты қабылданған шешімдерге талдау аз жасалды. Сонымен қатар, соғыс кезінде нақты ерлік көрсетіп, көзге түскен кейбір батырларымыздың қаһармандығы мүлдем жазылмады немесе ат-үсті ғана аталып өтілді.

Соғыс тарихнамасында көмескі мәселелердің бірі – ол Кеңес Армиясының ұлттық құрамына байланысты нақты мәліметтің аз болуы. Кейінгі жылдары соғыстың «ақтаңдақ» беттері ашылып, ашық пікірлер айтылуда. Мұндай сәттерде салықалы пікірлер мен қатар жаңсақ ойлар да, тіптен белгілі бір мақсатты көздеген арандатушылық әрекеттер де көрініп қалады. Мысалы, біреулер Ұлы Отан соғысының нәтижесі мен Ұлы Жеңістің маңызын жоққа шығарғысы келеді. Ал мұндай нәрселер жас ұрпақтың санасына күдік салып, күнделікті тұрмыста олардың кейбірі соғыс ардагерлерінің намысына тиетін қылықтарға итермелейді. Бұл әрине, маман зерттеушілерден, сондай-ақ соңғы кезде тарихи тақырыптарға асығыс тұжырым жасай салатын тарихшылардан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Себебі, соңғы топтағы авторлардың тарихқа да, қоғамдық ой-пікірге де тигізер пайдасынан зияны мол екендігін ескерген жөн.

Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанда жасақталған ұлттық әскери құрамалар жөнінде тарихшы, академик М. Қозыбаев: «Ұлы Отан соғысы жылдарында ұлттық республикаларда ұлттық-әскери құрамалар құрылғандығы белгілі. Алайда, олардың басым көпшілігі соғыста дұрыс пайдаланылмады. Ал кейбір атты әскери құрамалар танкілерге қарсы шығып, жауған оқтың астында бірден жоқ боп кетті. Бұл бір жағынан халқымызға көрсетілген сенімсіздік болса, екінші жағынан тағдыр салған зобалаң еді. Өйткені, мұндай әскери құрамаларға жаңа ғана өндірдей өсіп жетіле бастаған зиялы қауымның өкілдері алынған-ды. Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ сахарасынан 1 миллион 900 мың адам әскери және еңбек майданына мобилизацияланды. Бұл халықтардың төрттен бірі еді», - деп жазған болатын.

1941-1945 жылдар аралығында Қазақстанда 12 атқыштар мен 4 кавалериялық дивизиялар, 7 атқыштар бригадалары мен 5 жеке полк және әртүрлі әскер түрлерінің батальондары құрылған. Оның ішінде 3 атты әскер дивизиясы мен 2 атқыштар бригадасы ұлттық құрамалар ретінде құрылды. Негізінде олар еріктілер қатарынан жасақталып, майданға кеткенше республика бюджеті мен халық жарнасынан қамтамасыз етілді. Бұл құрамалар соғыс басталысымен іле-шала жасақталып, жедел түрде әскери дайындықтан өтіп, майданға женелтілді. Ұлттық құрамаларды жасақтау туралы бастаманы соғыстың алғашқы қатерлі кезеңінде одақтас республикалар халық комиссариаттары көтерген болатын. Осыған орай, Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1941 жылы 13 қарашадағы қаулысы қабылданған еді [3].

ҚР бірінші Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Сол кезде біздің республика елдің жұмылдыру орталығы болды десек, артық айтпаған боламыз» [4] деп атап өтуі нақты шындық екендігін айғақтап тұр. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына 1 миллион 370 мың қазақстандықтар қатысты [4,11]. Олардың көпшілігі запастағы офицерлер мен әскери училищелерді бітірген Қазақстан азаматтары екендігін айрықша атап өту керек.

Кейінгі деректерге сүйенсек, соғыс қимылы біздің жерде өтпесе де, сол кездегі Қазақстан халқының 1938-1945 жж. арасында 1366 мың адам армия қатарына шақырылыпты, яғни республика халқының 21,2 пайызы. Бұл көрсеткіш әлемдік тәжірибеде жоғарғы көрсеткіш болып табылады. Тіпті, соғыстың негізгі ұйымдастырушысы болған фашистік Германия тотальдық мобилизация жүргізген кездің өзінде әскери іске 12 пайыз халқын тартқан екен. Соғысқа қатысқан 601011 мың қазақстандық азамат опат болған, немесе 11,2 пайызы. Бұл тізімге Атырау облысының Махамбет ауданы және Жамбыл облысының алты ауданы тұрғындарының мәліметтері жоқ. Соғыс жылдары сонымен бірге *туу 592 мың адамға* азайды, сонымен жалпы адам шығыны 1 202 000 жетті. Көрсеткіш бұрынғы Кеңес мемлекеттері бойынша тек Ресейден кейінгі орынды алады [5]. Әрине, бұл соғысқа тартылған 35 млн. халықтың ішінде орыс ұлты Кеңес Армиясының негізгі ядросын құрды. Солармен иық тіресе соғысқандардың ішінде 4,4 млн. украиндықтар, 1 млн. белорусь халықтары болды... т.б.[6]. Қазақстандықтарды майданға жұмылдырудың жоғары пайызы, біріншіден, республиканың аграрлы ел болуына байланысты, ал жұмысшыларды, инженерлік-техникалық қызметкерлерді брондау мүлде кеш, шын мәнінде соғыстың аяқталатын кезінде енгізілді. 700 мың еңбек жауынгерлері, солардың ішінде 200 мың егде жастағы қазақтар, арнайы жер аударылғандармен және әскери тұтқындармен бірге Оралдың, Сібірдің, Қиыр Шығыстың қорғаныс нысандарын салды.

Осы көрсеткіштер кімді болса да – қазақ неге көп өлген? – деген сауал туғызады. Бұл жайында зерттеуші З.Темірғалиұлы өз ойын былай білдіреді: 1-ден, соғыс басталған алғашқы кезде қазақтарды еш дайындықсыз, Семейдің ет комбинатына союға айдаған малға ұқсатып, топ-тобымен соғыс майданына топырлатты. 2-ден, әсіресе ауылдық жерлерде туып – өскен жастарымыз орыс тілін білмейтіндіктен, орыс командирлерінің командасына түсінбеді және әскери дайындақтары жоқтықтың салдарынан бостан-босқа, арыстанның аузына өз еркімен барып түскен аңдардай қырылып кетті. 3-ден, баяғы патша заманынан бойларына сіңген өктемдікпен офицерлер қазақтарды соғыстың ең ауыр, ең қиын шебіне жұмсап отырды. 4-ден, сол кездегі кеңестік патриоттық идеологиямен уланған жастарымыз өлген-тірілгендеріне қарамай, «Отан үшін, Сталин үшін» деп бостан-босқа соғыс құрбандары болып жатты – дейді [7]. Автор өз ойын әрі қарай «...-біздің қазақ жауынгерлерінің соғыста көрсеткен ерліктері өз дәрежесінде бағаланды ма? Жоқ. Неге? Пікіріміз дәлелді болу үшін мына фактілерді айта кетейік» - деп төмендегідей мысалдар береді.

Бірінші факт. 1941 жылы дивизия командирі И. Панфилов көзі тірісінде Бауыржан Момышұлын Ленин орденімен марапаттауға ұсынған болатын –ды. Ал корпус командирі генерал И. Серебряков 1942 жылы Б. Момышұлына Кеңес Одағының Батыры атағын беруді ұсынған. Өкінішке орай, бұл екі награда да Б. Момышұлына бұйырмады. Неге?

Өйткені көрнекті жазушы Александр Бек романына Б. Момышұлын бас кейіпкер етіп алған болатын. Бұған Жуковтан бастап, сол кездегі әскери қолбасшылардың көпшілігі қарсы болған...

Екінші факт: Марапаттау статусы бойынша дұшпанның 100 жауынгерін атып өлтірген мергенге Кеңес Одағы Батыры атағы берілуі тиіс. Ал біздің қазақ мергені Қ. Адамбеков – 239, ал атақты мерген Т. Әбдібеков – 397 дұшпанның көзін жойса да бұл атақты ала алмады. Ақиқатқа жүгінсек, Адамбеков екі мәрте, ал Әбдібеков төрт мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын алуға тиіс. Осыған орай, мына фактіні айта кетейін. Маша деген орыс қызы 87 неміс жауынгерін атып өлтіргені үшін Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Бұл нені көрсетеді? Әділеттің жоқтығын.

Үшінші факт: Фашистердің ұясы Рейхстагқа бірінші болып жеңіс туын тіккен Рахымжан Қошқарбаев пен Григорий Болатовтар болатын, бұл сәуірдің 30-күні. Ту тікті деу, тек қана айтуға жеңіл сөз. Өйткені, Рейхстаг, біздің әскерлердің қорғаныс шебінен не бары 300–ақ метр жерде ғана еді. Ержүрек батырымыз, бұл ара қашықтыққа 7,5 сағат уақыттарын жұмсады. Өйткені, фашистер бұларды нысанаға алып, бас көтертпей, оқ жаудырумен болды. Бұл екі ержүрек ерлер Жеңіс туын тігіп аман – есен оралды. Дивизия командирі Шаталов оларды құшақтап, алғыс айтып құттықтады да, дереу майдан қолбасшысы Жуковқа хабарлады. Ол да оларды құттықтап, Жеңіс туын тіккендердің аты-жөнін сұрады да, оларды Батыр атағына ұсыну керек деді. Ал, Шаталов екеулерінің фамилияларын айтқанда, Жуков қатты ашуланып: -Бүкіл орыстардан лайықты адам табылмағандай, қайдағы жоқ «азияттарды» тапқандарың қалай? – деп ашуланып, қайтадан тез арада Жеңіс туын тіктіру үшін, біреуі орыс, екіншісі «ұлы» көсемнің ұлты болсын деп, тапсырма береді. Ертеңіне – 1 мамыр күні орыс Егоров пен грузин Кантария 15 минутта қайтадан «Жеңіс туын» тігіп, аман-есен қайтып келеді. Ал 15 минутта «Жеңіс туын» тіккен Егоров пен Кантария Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды да, Қошқарбаев пен Болатовтар өліммен бетпе-бет кездесіп, 7,5 сағатта нағыз Жеңіс туын тіккен батырлар атаусыз, атақсыз қалып қойды... [8] т.б. мысалдар бүгінде жеткілікті.

Міне, осындай фактілерді айта берсек, оған сан жетпейді. Бүгін біздің міндет осыларды ашық айту. Айту үшін әрине айғақ керек. Ал, айғақ қайда? Ондай деректер архивтерде, әсіресе Ресей архивтерінде шаң-шаң болып жатыр. Бүгінде көп күттірмейтін жұмыстың бірі осы екі ел келісе отырып, мемлекеттік деңгейде сол құжаттарды Қазақстанға алғызу. Одан кейін, көтерілген мәселелерді жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеу, зерттеу. Бұл жұмысты бірнеше ірі жобалар арқылы бастауға болады. Мысалы 2018 жылы 1-ші Президент Н.Ә. Назарбаев жариялаған «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясындағы «Архив – 2025» бағдарламасы. Осы мақалада Елбасы «Архив – 2025 жеті жылдық бағдарламасын жасауымыз қажет деп санаймын. Бұл жобаны жүзеге асыру барысында тарихшылардан, деректанушылар мен мәдениеттанушылардан құрылған арнайы топтардың отандық және шетелдік ірі архивтермен өзара жүйелі әрі ұзақмерзімді ықпалдастықта болып, іздеу-зерттеу жұмыстарын жүргізуіне баса мән беру керек» [9] - деген сөзін өзімізге жолкөрсетуші қылып алуымыз қажет. Өкінішке орай осы бағыттағы жұмыстар бүгінде мүлдем тоқтап тұрғанын айтамыз.

Осындай шындықтың бет-бейнесін айтқан және айтып жүрген зерттеушілеріміздің саны бүгіндер баршылық. Кезінде, академик М. Қозыбаевтың осы тақырыптағы еңбектерінің өзі қаншама десеңізші. Ол, «...қазақ халқының мобилизацияға ұшырағанда мөлшері фашистік Германиядан 2 есе көп. Себебі неде? Біріншіден, қазақ елі аграрлық ел, онда әскер жасындағы жастарға бронь деген болмады. Тіпті Жезқазған, Балқаш, Қарағанды кәсіпорындарында да бронь өте кеш енгізілді. Соның салдарынан біз соғыстан бұрынғы ұлттық жұмысшы табынан негізінен айырылып қалдық. Қазақ ауылы мұндай тотальдық мобилизация салдарынан аңырап бос қалды. Екінші себебі, қазақ сахарасы жер аударылған келімсектер өлкесіне айналды. Оларды негізінен тыл жұмыстарына ғана алды. Міне, осы фактінің өзінен-ақ ұлт мәселесіне байланысты қандай жаңа көзқарастар қалыптасып жатқанын аңғару қиын емес. Тағы бір ерекшелік әлемдік жоғары дәрежелі

дамыған халықтар өз зиялыларын қатты сақтайды. Ағылшындар ондай зиялы қауымының «элита» тобын ұлттық қор есебінде санайды екен. Оларға деген қоғамдық қамқорлық ерекше» - дейді [10].

Зерттеушілердің еңбектерін және осылай берілген тұжырымдарды ескеріп Орта Азия мен Қазақстанда құрылған ұлттық құрамалар Шығыс Еуропада, яғни Ресей территориясында құрылған ұлттық құрамалардан өзіндік ерекшеліктері болғанын байқаймыз, 1-ден, бұл ұлттық құрамалар өз аймақтарында құрылды; 2-ден, бұл ұлттық құрамаларды басқаратын арнайы әскери мамандар жетіспеді; 3-ден, ұлттық құрама жауынгерлерінің көпшілігі орыс тілін жеткілікті білмеді және әскер қызметін атқарып көрмегендіктен, әскери тәжірибелері болмады; 4-ден, құрамаларды азық-түлік, киім-кешек, қару-жарақ, ат-көлік және олардың азығын республикалардың өздері қамтамасыз етті; 5-ден, оларды құруға жұмсалған шығынның орыны жергілікті (республикалық) бюджет, сондай-ақ халықтың, колхоз-совхоз, кәсіподақтардың қаражаттары есебінде толықтырылды; 6-дан, ұлттық құрамалар агрессорлық соққы алмаған республикаларда жасақталғанымен де, олардың Отанды, жерді қорғауға деген ниеттері өте жоғары болды; 7-ден, Кеңестік Шығыс республикалардың ұлттық құрамалары басқа аймақтағыдай атқыштар дивизияларынан емес, жеке атқыштар бригадалары мен атты әскер дивизияларынан тұрды; 8-ден, кейде құрылған ұлттық құрамалар майданға жіберілмей жатып-ақ басқа өңірде немесе өлкеде құрылған жаңа құрамаларға таратылып, қосылып жатты.

Ұлы Жеңіс адамдардың өмірімен, қанымен, маңдай терімен келді. Жеңісті жасаушы және шыңдаушы майдангерлердің, тыл еңбеккерлерінің ерліктері елге – мұра, ұрпаққа ұран болып қала бермек. Олардың мәңгі ерліктерін ұрпақтар жадында сақтаудың аса үлкен тәрбиелік мәні мен маңызы барлығы дәлелдеуді қажет етпейді. Дегенмен, бүгінгі өскелең ұрпақ өкінішке орай аға ұрпақтың соғыстағы қаһармандық жолымен толық таныс деп айтуға болмас.

Біз бүгіндер II-ші дүниежүзілік соғыстың адамзат дүниеге келгеннен бергі ең ірі апаты болғанын ұмытуға хақымыз жоқ. Осы соғысқа 72 мемлекет қатысты. Яғни, соғыс өрті жер шарының 80 пайызын немесе 1,7 миллиард адамды қамтыды, 55 миллионнан аса адам өліп, 35 миллион адам жараланды. Соғысқа қатысқан мемлекеттердің бір күндік шығыны 500 миллион доллар болған екен, майдан далаларында күніне 25 мың адам шейіт болып отырған. Егер зерттеушілердің деректеріне үнілсек Жер деп аталатын бесігімізде бар-жоғы 80 миллиардтан аса адам өмір сүріп, 20 мың ұрпақ ғұмыр кешкен. Ал, осы адам баласының 7 ұрпағы ғана соғысты көр-мепті. Яғни, зерттеушілердің айтуына қарағанда, жер бетінде осы уақытқа дейін 292 жыл ғана тыныштық болған екен [11].

II-ші дүниежүзілік соғыста антигитлерлік коалиция күштерінің және ең алдымен Кеңес Одағы жеңісінің нәтижесінде, Германияда гитлерлік тәртіп жойылып, Жапон милитаризмі құлатылды. Өткен соғыс халыққа, соның ішінде неміс халқына да адам айтқысыз құрбандық әкелді. Фашистік Германияның кеңес-герман майданындағы адам шығыны 6923700-ге жетті. Австрия, Люксембург, Эльзас, Лотарингия, Судет немістерін, басқа да мемлекеттердің ерікті құрамаларын қосқанда және оның одақтастарының шығынын (Венгрия, Италия, Румыния және Финляндия – 1725000 адам) қоса есептегенде, Германия мен оның одақтастарының орны толмас шығындары 8645500 адам санын құрады. Егер оған 1941 ж. 22 маусымынан 1945 ж. 9 мамырына дейінгі уақытта Кеңес армиясы тұтқындаған қарсыласының 3777300 солдатты мен офицерлерін қоссақ (бұл санның ішінде немістер – 2389500, австриялықтар – 156800, венгрлер – 513800, румындар – 201800, итальяндықтар - 48900, финдіктер – 2400 адам болды. Қалған 46400 әскери тұтқындар – КСРО-ға қарсы соғыста немістерге қызмет еткен ерікті құрамалардың құрамындағы басқа ұлттар – француздар, словактар, чехтар, поляктар, испандықтар, хорваттар, бельгиялықтар, голандықтар және басқалары),

Германия мен оның одақтастары өлген және тұтқындалған 12422800 адамынан айырылды, оның ішінде 8313200-і немістер болды [12].

Ұлы Отан соғысында Кеңес Одағы Қарулы Күштерінің адам шығыны – қаза тапқандар, жарақаттан және аурудан өлгендер, хабарсыз кеткендер, тұтқыннан қайтпағандар, Жапониямен соғысты қоса есептегенде 9 млн. жетіп жығылады екен. Ал, демографиялық баланс әдісімен, Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы кезіндегі барлық адам шығыны 27 млн. деп есептеледі. Бұл бүгінгі ресми сан. Айта кету керек КСРО бойынша осы соғыста 1916-1923 жылдары арасында туған ер-азаматтың 70 пайызы, 1924 жылғылардың 50 пайызы, 1925 жылғы туғандардың 30 пайызы өлді [13].

Фашистік Германияны жеңудегі антигитлерлік коалиция мемлекеттерінің құрбандығын ұмытуға, есептен шығарып тастауға болмайды. Англияның шығыны 370 мың, АҚШ-та 405 мың адамға жетті (кей деректе 300 мың). КСРО осы соғыста өзінің ұлттық байлығының 30 пайызын жоғалтқан болса, Америка үшін бұл соғыс экономикада ғажап табыс әкелді. Олар адам айтқысыз байып, әлемнің алтын қорының 68,5 пайызын өздерің қорына жинап алды емес-пе [14].

Соңында қорытындыласақ, кейінгі 2020 жылғы еңбек министрлігінің дерегінше, Қазақстанда Ұлы Отан соғысына қатысқан 1016 ардагер ғана қалған екен [15]. Осыны ескеріп, қалай дегенде, фашизмді құрту жолындағы жеңіс – халық пен антигитлерлік коалиция армиясының ортақ жеңісі екенін, алайда онда шешуші орынды атқарған Кеңес Одағының көп ұлтты халқының болғанын растауымыз керек. Соғыс туралы пікірімізді қорыта келе айтарымыз, мұз жастанып, қар жамылып, суық окоптарда бүрсең қағып, талай түндерді ұйқысыз өткізіп, сол соғыста жаумен арыстандай алысып, жолбарыстай жұлысып, талай рет өліммен бетпе-бет келіп, өлімді жеңіп Ұлы Жеңісті әкелген, жанымызда жүрген, саны күннен күнге сиреп келе жатқан майдангерлерге қарасақ, жалпы сол жеңісті майданда ғана емес тылда да барлық күштерін салып жақындатып, тер төккендердің қазіргі хал-жағдайына үлкен және шынайы көңіл бөлейік демекпіз. Бұл қазіргі ұрпақтың соғыста шейт болғандармен, тірі жүрген ардагерлер алдындағы парызымыз, мойынымыздағы қарызымыз деп түсінейік.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде. – Алматы: Ғылым, 1985. –320 б.; Балақаев Т.Б., Алдажұманов Қ.С. Историография Казахстана периода ВОВ (1941-45) // Актуальные проблемы истории Советского Казахстана. – Алматы; Наука. – 1980.
- 2 Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Замана асуы). 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1998. – 344 б.
- 3 Нусупбеков А.Н. Вопросы истории Казахстана.: Избр. тр. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 344 б.
- 4 Назарбаев Н.А. Пять лет независимости: Из докл., выступ, и стат. Президента РК. – Алматы, 1996. –Б. 285
- 5 Козыбаев М.К. «Казахстан на рубеже веков: размышление и поиски». В двух книгах. Книга вторая. – Алматы: Ғылым, 2000. – Б.268.
6. Сонда. – Б. 259.
7. Темірғалиұлы З. Соғыс туралы ақиқат. // Азат. – 2006, 11 мамыр.
8. Сонда.
9. Қазақстан Республикасының бірінші Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы. // <https://www.akorda.kz/> 21 қараша 2018 ж. ҚР Президентінің ресми сайты.
10. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі... – Б. 117-118.
- 11 Әбеу Б. Соғыс тағылымы. // Орталық Қазақстан. 2001. 20 маусым.
- 12 Аманжолов К., Тасболатов А. Қазақстанның әскери тарихы. – Алматы. 1999. – Б. 294 – 295.
- 13 Медведев Р. За ценой не постояли. // Аргументы и факты Казахстан. №17, 2005.
- 14 Болса ғой азаматтың бәрі сондай. (М. Имашев жайлы) // Орталық Қазақстан. 2007. 27 ақпан.
- 15 Жанат А. Пандемия жағдайында Жеңіс қалай тойланатыны анықталды Кейбір өңір соғыс ардагерлеріне миллион теңге төлемек. / Тольғырақ: <https://inbusiness.kz/kz/news/pandemiya-zhagdayynda-zhenis-kalaj-tojlanatyny-anyktaldy>. 07.04.2020.

Санақбекқызы Нұрсұлу, ғылыми қызметкер

Абай мұражайы, Семей қ., Қазақстан, abai-museum@mail.ru

ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН. АБАЙ ҰРПАҚТАРЫ

Аңдатпа. Мақала Ұлы Отан соғысына қатысқан Абай ұрпақтарына арналған. Олардың көпшілігі майданда қаза тауып, үйлеріне оралмаған. Мұражай қорында Абайдың ұрпақтары туралы фотосуреттер мен мәліметтер сақталған. Мақала авторы бұл материалдар біздің отандық тарихымыз үшін үлкен құндылыққа ие деп санайды.

Түйін сөздер: Ұлы Отан соғысы, Қазақстан, Семей қаласы, Абай ұрпақтары, майдан.

Ұлы Жеңіс халқымыз үшін тарихта мәңгі қалатын күн. Біз үшін ең қасиетті де қастерлі мереке. Ұлы жеңіс оңайлықпен келмеді. Талай боздақтар Отан қорғау жолында қыршын кетті. Ана баласынан, жар сүйгенінен, бала әкесінен айрылды. Қазақ елінің бұл жеңіске қосқан үлесі орасан. Отанды зұлым жаудан қорғап, қан майданда ерлік көрсеткен ардагерлеріміз қаншама.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс – еліміздің бостандығы мен Тәуелсіздігі жолындағы тарихи жеңіс. Қазақстандықтар, оның ішінде жерлестеріміз қан майданда ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Сол күндердің даңқы ешқашан да өшпейді.

Ұлы Отан соғысына Семейлік жауынгерлер де үн қосты. Сол ержүрек азаматтардың бір тобы – қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының ұрпақтары. Олар Отанды зұлым жаудан қорғап, кескілескен қан майданда ерлік көрсетті. Өз өмірлерін қиып, бейбіт өмірді бүгінгі ұрпаққа сыйға тартқан сан миллион құрбан болғандардың ішінде Абай ұрпақтарының есімдерін де ерекше құрметпен айтамыз.

Ұлы ақынның немерелері, шөберелері және жақын туыстары ұлы Отан соғысына қатысып, майданнан оралмады. Олардың барлығы кеңес мектептерінде білім алып тәрбиеленген. Ел басына ауыр күн туғанда белдерінде қару асынып Отанды қорғауға аттанды. Біздің мұражайдың қорларында осы соғыс батырлары, Ұлы Абайдың ұрпақтары туралы деректер сақталған.

Тоқташ Ізкәйілұлы (1924-1943). Абайдың немересі. Ол домбыра, баянда ойнап, Абай әндерін айтқан. Тоқташ неміс фашистеріне қарсы Отан соғысына қатысып, 1943 жылы қаза болған [1] (сурет 1)

Құзайыр Мекайылұлы (1912-1945). Абайдың немересі, бай тұқымы ретінде жер аударылып елден қуылған Фрунзе қаласына барып паналап, қара жұмыс істеген. Сол жерден әскерге алынып, 1945 жылы майданда қаза болған. [1] (сурет 2).

Әлихан Әубәкірұлы (1918 - ө.ж.б.) Абайдың шөбересі. Отан соғысына қатысып, хабарсыз кеткен. [1] (сурет 3).



Сурет 1. Тоқташ



Сурет 2 Құзайыр



Сурет3 Әлихан

Алпаш Жебрәйілұлы (1922-1990) Абайдың баласы Турағұлдың немересі. Өз әкесі Жебрәйіл Абайдың інісі Оспанның атына жазылған. Ұлы Отан соғысына қатысып, мүгедек болып оралған. Алматы қаласында тұрып, 1990 жылы дүние салған. [1] (сурет 4).

Берекехан Құтайбаұлы (1919-1942) Абайдың шөбересі, Мағауияның немересі. Семейде 7-класты орысша оқып бітірген. Шығыс Қазақстан облысы Новошұльба ауданында Уба-Форпост ауылдық кеңесінен әскер қатарына алынып, Ұлы Отан соғысына қатысқан. [1] (сурет 5).

Ишағы Жағыпарқызы (1922-2014) Абайдың шөбересі, Мағауияның Жағыпарынан туған. Ұлы Отан соғысы жылдарында авиация технигі болып Харбин маңында майданға қатысты. Алматы қаласында тұрған. [1] (сурет 6).



Сурет 4. Алпаш Жебрәйілұлы



Сурет 5. Құтайыр Мекайылұлы



Сурет 3. Ишағы Жағыпарқызы

Қалышер Мекайылұлы (1921-1942). Абайдың немересі. Қалышерге байдың тұқымы деген айып тағылып, жер аударылған. Фрунзе қаласынан әскерге аттанып, Отан соғысында 1942 жылы қайтыс болған [1] (сурет 7).

Жошыхан Жағыпарұлы (1924-1943). Абайдың шөбересі. 1924 жылы бұрынғы Семей облысы Абай ауданында Қарауылда туған. Жошыхан 1934 жылы әкесі қайтыс болғаннан кейін апасы Ишағы, қарындасы Ғазел үшеуі Алматыдағы балалар үйінде тәрбиеленеді. Ол осындағы №12 мектеп-интернатты бітіріп, 1942 жылы майданға кеткен. 1943 жылдың тамыз айында Харьковті азат ету үшін болған шайқаста ерлікпен қаза тапқан. [1] (сурет 8).

Қапсәләм Әубәкірұлы (1907-1943). Абайдың шөбересі. Ұлы Отан соғысында 1943 жылы қайтыс болған. [1] (сурет 9).



Сурет 7. Қалышер Мекайылулы



Сурет 8. Жосыхан Жағыпарұлы




Сурет 9. Қапсәләм Әубәкірұлы

Абайдың немере, шөберелерінің мұражай қорында Ұлы Отан соғысы жылдарында майданнан жазған хаттары сақтаулы. Абай ұрпақтарының бұл сәлем хаттары Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілік, патриоттық ыстық сезімге толы.

Абай ұрпақтарының хаттары 30 шақты. Сол хаттардың көбісін майданнан Абайдың шөбересі Жосыхан Мағауин жазған.

Абай ұрпақтарының мұражай қорында сақталған хаттарынан жауға деген қайнаған кек, өшпенділікті, туған жерге, Отанға берілгендікті, жеңіске сөзсіз жетеміз деген берік сенімді танимыз. Жосыхан Мағауин қарындасы Ғазелге майданнан өлеңмен жазған хатында [1]:



Сурет 10 Берекехан Құтайбаұлының қарындасы Ғазел Жағыпарқызына жазған хаты. 1943 жыл

Бір теңіздің тамшысы едік екеуміз,
Ұласамыз, біз мұратқа жетеміз.
Бұл естелік саған арнап қалдырған,
Ғазелімсің, өлеңімсің балдырған.

Мен аттандым көк қаруды асынып,
Туған Отан бақыты үшін жан құрбан, - деп жазады қарындасы Ғазелге сағынышпен.

Ғазел Жағыпарқызы Мағауина (1927-2011) Абайдың шөбересі. Алматы қаласында тұрған. Ол 2011 жылы қайтыс болды. Өзінің айтуы бойынша Ақшоқыға жерленді. Жосыханның Ғазелге жазған басқа да өлең хаттары сақтаулы.

Жошыхан Жағыпарұлы Мағауин 1943 жылы 3 шілдеде Мағауияқызы Уәсилаға жазған хатында: «Ардақты тәтем, Шамен аға, бауырларым, Алматыдан кеткеніме дәл он ай толған күн 28 шілде күні сағат 8-де немістің оғымен беттестім.



Сурет 11 Абайдың шөбересі Ишағы Жағыпарқызы әскери әуе бөлімінің курсанттарымен


Жарам жеңіл, қайта шығып өшімді алатын күшім бар. Украинаның жерінде күнде көшіп жүреміз, тұрақты госпиталь жоқ. Сондықтан адрес те жоқ. Жазған сол қолым, Жошы, 30 шілде, 1943 жыл. Аман болсақ, соғысты бітіріп, жеңіспен қайтамыз» - деп жазады.

Сұрапыл соғыс үстінде асығыс жазылған бұл сағынып жеткен сәлем хаттар жұртшылық жүрегіне жол тауып жатты.

Мұражай қорындағы бағалы жәдігерлердің ішінде ұлы ақынның немерелерінің, шөберелерінің, жақын туыстарының хаттары, естелік әңгімелері де бар. Майданда болған туыстары туралы Ұлы Отан соғысында от кешкен майдангер Ишағы Жағыпарқызы: «Мен ұлы Абай атамның шөбересімін. Абайдың Мағауия атты ұлынан Жағыпар туады. Мен Жағыпардың қызымын. Жалпы алғанда Абай ұрпақтарынан соғысқа он адам қатынасақанбыз.

Соның сегізі қайтпады, екеуіміз-ақ аман-есен оралдық. Аруақтары риза болсын, сол оралмаған ағаларымның да аттарын атай кетейін: Ақылбай немересі – Ғабдісәлім мен Әлихан. Әбдірахманның жиені – Еніғам.

Мағауия немерелері – Берекехан мен Жошыхан. Мекайыл немересі - Ғұзайыр мен Әлішер. Зікәйіл немересі – Тоқташ соғыстан оралмады. Турағұлдың немересі - Алпаш және Мағауия немересі мен, екеуіміз ғана соғыстан оралған едік. Қайтпаған ағаларымнан ұрпақ жоқ, өйткені олар үйленбей кеткен болатын... Міне, соғыс атты зұлматтың бір әулеттің балаларына әкелген қасіреті... Алпаш 1990 жылы Алматыда ауырып, дүниеден қайтты», - деп соғыста құрбан болған туыстарын сағынышпен айтады өз естелігінде.



Мұнан басқа Абайдың жақын туыстарының, бауырлас достары балаларының қан майданнан жазған хаттары мұражай қорында сақтаулы. Ол біз үшін құнды жәдігерлердің бірі.

Уақыт өткен сайын кешегі күндей күркіреп өткен сұрапыл соғыстың дүрбелең оқиғалары да аулақ салып, алыстап барады. Бірақ қаншалықты алыстағанмен ол көңілден кетіп, жүректерден өшпек емес.

Сондықтан біз Ұлы Отан соғысының ардагерлері сияқты отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеп, солардың бойындағы патриоттық сезімді сіңіре білуіміз керек. Болашақ ұрпақ қан майданда жеңіс әкелген ардагерлеріміздің ерліктерін ешқашан ұмытпауы тиіс. Ардагерлерімізге зор құрмет білдіру - біздің бәріміздің парызымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Семей қаласының Абай Құнанбаев мұражайының қорынан экспозициялар.

Саркенова Клара Айтқалиқызы, ғылыми қызметкер

Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы қ., Қазақстан,
59klara@mail.ru

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ ТЫЛДАҒЫ ЕРЛІК ШЕЖІРЕСІ



Андатпа: Мақалада 2-дүниежүзілік соғыс жылдары Атырау облысы еңбеккерлерінің Ұлы Отан соғысына қосқан ерен еңбегі, тылдағы қарт адамдардың, әйелдердің, жасөспірімдердің қатал заман тағдырға төтеп беріп, Ұлы Жеңісті жақындатуға қосқан үлесі баяндалды. 1942 жылы 1 қыркүйекте Гурьев облыстық партия комитетінің хатшысы Мырзахмет Бекжанов бастаған Гурьев облыстық Соғыс қорғаныс комитетінің құрылуы, сондай-ақ Атырау облыстық мемлекеттік архив материалдары негізінде жау тылына жақын орналасқан облыста арнайы истребительдік батальонның жасақталуы, өте аз мерзім уақытта эвакуацияланған механикалық зауыттың іске қосылуы, Атырау қаласындағы мұнай ғылыми-зерттеу институты, т.б. мәселелер қарастырылып, мақала соңында бүгінгі облыстағы тыл ардагерлерінің естеліктері берілді.

Түйін сөздер: Атырау облысы, 2-дүниежүзілік соғыс, тыл, Гурьев облыстық Қорғаныс комитеті, эвакуация, мұнай, майданға сыйлық, жеңіс.

2-дүниежүзілік соғыс шежіресінде тылда жанқиярлықпен еңбек еткен қазақстандықтардың алар орны ерекше. Академик М.Қозыбаев: «Қазақ елінде соғыс алдында 6, 4 млн. халық болды. 1938 – 1945 жылдары 1 млн. 366 мың адам майданға кетті. Бұл 1941 жылғы халықтың 21, 2%-ы еді, тылдағы әскери өндіріске 700 мың адам алынды. Олардың 200 мыңы қазақ қарттары болды, тыл жұмысына алынғандардың жоғары буыны қан майданның тыл жұмысына 1916 жылдағыдай мобилизацияланды. 1942 жылдың қатал қысында 10 мың қазақ қарты Магнитогорск №6 домнасының іргетасын күрек, сүйменмен қалады. Елде лагерлік экономика орнықты. Қарағанды шахталары, Ембі мұнай кеніштері, Ақтөбе ферросплав зауыты, т.б. ірі кәсіпорындарында арнайы лагерлердің тұтқындары еңбек етті...», – деп жазды [1, 296-297-б.].

Ұлы Отан соғысы басталған алғашқы күннен-ақ Атырау облысы еңбеккерлері «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен қызмет етті. Отан қорғау жөніндегі қастерлі ұғым бұқараны баурап, асқан зор күшке айналды, соғыстың алғашқы күнінен Атырау облысының еңбеккерлері бар күш-жігерін жауды талқандауға жұмсады. 1942 жылы 1 қыркүйекте Гурьев облыстық партия комитетінің хатшысы Мырзахмет Бекжанов бастаған Гурьев облыстық Соғыс қорғаныс комитеті құрылды. М.Бекжанов «Облысымыздың партияда бар және партияда жоқ большевиктерінің жауынгерлік міндеттері» (Социалистік құрылыс. – 25.7.1942 – №174) деген баяндамасында «Қазір Отан соғысының майдандарында сұрапыл, қантөгіс ұрыстар жүріп жатыр, соғыстың бір жылдан астам уақыты ішінде неміс-фашист басқыншыларының авантюристік, стратегиялық пландарының бірінен соң бірі күйреуде, гитлершіл баскесерлердің жүздеген шыныққан полктері мен дивизиялары отанымыздың ұшы-қиыры жоқ кең даласында қырғын тауып, жер жастанды», – дей келіп, облыстағы аудан, қала көлемінде істеліп жатқан жұмыстардың жай-күйіне тоқталып, еңбекшілерді қызу еңбек майданына шақырды. Жау тылына жақын орналасқандықтан облыста арнайы истребительдік батальон жасақталды, өте аз мерзім уақытта эвакуацияланған механикалық зауыт іске қосылды, Атырау қаласындағы мұнай ғылыми-зерттеу институты кешенді зерттеулер жүргізді. Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен ұжымдарда майданға кеткен ерлердің орнын басуға бұрын еркектер атқарып келген жұмысшы мамандықтарына әйелдерді шақырған митингілер өткізіліп, патриоттық үндеуге толы түрлі үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Атырау облыстық мемлекеттік архив материалдары көрсеткеніндей, Атырау облысынан жарамды аттар майдан қажетіне алынып, балық пен қара уылдырық, қарапайым қазақ әйелдері тоқыған жүн-шұлық, Қызыл Армия сарбаздарына арналған сыйлықтар майданға тонналап жөнелтілген [2, л. 34-35; 174; 196]. Мысалы, Сталинградқа 1942 жылдың қарашасында жоспардан тыс өндірілген бір эшелон мұнай және 35 мың тонна балық сыйлыққа жіберілген. Ленинград қорғаушыларына көмек айлығы кезінде 9 вагон сыйлық кеткен. Кеңес Армиясы жауынгерлері облыс малшыларынан 15 мың адай жылқысын алған. Ембінің жастары жоспардан тыс 1 400 тонна мұнай өнімін жөнелткен. Деректер Ұлы Отан соғысы жылдарында әйелдердің аз уақытта жоғары маманды жұмысшы қатарына қосылып, Ұлы жеңісті баянды еткенін көрсетеді. Майданды жанар-жағармаймен қамтамасыз етуде Ембі мұнайшы қыз-келіншектер майданға кеткен ерлерді ауыстыра отырып, мұнайшы мамандығын игерген. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты 2005 жылы дайындаған «Отты жылдар. Құжаттар жинағында» 1941 жылдың 11 тамызында ҚКП (б) Гурьев облыстық комитетінің бюро жиналысында қабылданған «Гурьев қаласы бойынша әйелдерді жаппай мамандыққа тарту және үйретудің барысы туралы» қаулыда мынадай мәліметтер бар: «Обязать горком КП(б)К его секретарей т. Аловягина и Антонова потребовать от руководителей городских промышленных организаций и учреждений в 2-х дневной срок организовать подготовку женских кадров для замены мужчин, подлежащих уходу в РККА, как на курсовых мероприятиях, а также путем бригадного и индивидуального обучения... Обязать горком КП(б)К, принять все меры, обеспечивающие улучшению работы подготовки кадров массовых квалификаций из числа женщин, не допуская разрыва в обеспечении кадрами предприятий и учреждений при

уходе мужчин в ряды РККА... Секретарь обкома КП(б)К: (подпись) (Бекжанов) Основание: Ф.1. Оп.1. Д.487. Л.242, 243» [3, 35-б.]. 1943 жылы мұнайшылар қатары төрт мыңнан астам адам болса, ал 1944 жылы олар 5460-қа жеткен. Соғыс жылдарында еңбек майданындағы стахановшы мұнайшы әйелдің саны 1082 болған. Отты жылдарда ерен еңбек еткен Байшонас мұнай кәсіпшілігінің операторы Б.Доспаева, ауыл шаруашылығында М.Енбаева, Н.Нұрқанаева, С.Шакирова, балық өнеркәсібінде А.Байжігітова, т.б. әйелдер қазақстандық стахановшылардың қатарынан табылған. Сондай-ақ Атырау облысының еңбеккерлері 1944 жылы қарашаға дейін Кеңес Армиясының соғыс машинасын жасақтауға 38 214 мың ақша мемлекеттік банкке өткізіп, 14 278 мың сомның облигациясына жазылған. Есбол ауданының колхозшылары Орел облысына 1943 жылдың соңғы екі айында 242 жылқы, 300 мүйізді ірі қара, 5150 қой мен ешкі өткізген. Орел облысының Почеп қаласын арнайы көмекке алып, 437 463 сом ақша, 633 бас мал, 1006 киім, 3028 үй құралдары, 31107 кг әр түрлі тағам, 3273 дана әдебиет сыйға берген [3, 55-б.].



«Правда» газеті 1943 жылдың 6 ақпанында «Даңқты қазақ халқы Кеңестік Отан үшін күресте» деген бас мақаласында: «Қазақтар майданда жауға қарсы жақсы соғысып жатыр, тылда олардың әкелері, аналары, әйелдері майдан үшін аянбай еңбек етуде. Қазақстан өз жерінің барлық асыл кендерімен майданға қуатты тірек болып отыр. Қазақстан кеңес адамдарына жақын және қымбатты. Біз қазақтардың турашыл, ашық, ерлік жүрегін, кішіпейілділігін, адалдығын жақсы көреміз», – деп жазды [4, 210-б.].

Профессор Х.Табылдиев «Фашистер Атырауға тектен-тек қызықпаған, ол соғыс жағдайында болған жалғыз облыс еді» деген еңбегінде «Соңғы кезде табылған мұрағат құжаттарына қарағанда жау Қазақстанға, соның ішінде мұнайға, балыққа, кенге бай Атырау бойына ерекше көңіл бөлген. Гитлер командованиесі бұл жерді (демек, Еділ мен Жайық аралығын) жаулап алғаннан кейін «Еділ–Жайық» мемлекетін құрмақ болған» дейді [3, 49-б.]. Сондықтан КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы құпия жарлық шығарып, Каспий өңірін соғыс жағдайында деп жариялаған. Ол құпия болғандықтан іс-шаралар да құпия жүргізілген. Гурьев Қорғаныс комитетіне шексіз билік беріліп, тапсырмаларды сол жердегі мемлекеттік ұйым, мекеме, шаруашылық, өндіріс орындары, т.б. бұлжытпай орындауы тиіс болған. Соғыстың бірінші күнінен-ақ Доссор, Сағыз, Байшонас, Мақат, Ескене, Қосшағыл, Құлсары, небәрі тоғыз мұнай кәсіпшілігі өз өнімдерін еселеп берген. Мысалы, Ембі мұнайшылары 1941 жылы 1940 жылмен салыстырғанда қара алтынды 24,4% артық өндірген. Өлке мұнайшыларының қажырлы еңбегі арқасында Ембі мұнайлы ауданы Қазақстанды КСРО-дағы үшінші қара алтынды аймаққа айналдырды. Мұнайды көп өндіріп, жаңа әдістер қолдануда Өтебаев, Калинин, Досмұқанбетов, Сағындықов,

Ханин, Конаненко, Комаров, Аваров, Тулин, Швенберген, Неверов, т.б. геолог, инженер, ғалымдардың еңбектері ерекше болған. Олардың іздестіру жұмыстары нәтижесінде соғыс жылдарында Комсомольск (1942), Қошқар (1944), Байшонас маңынан Тентексор (1945) кәсіпшіліктері іске қосылды. Байшонас, Доссор, Ескене, Қаратон мұнай кәсіпшіліктерінен мұнай өндіру, «Гурьев – Қандыағаш» темір жолын салып, пайдалану, Жайық, Қиғаш, Каспий теңізінен алынған балық пен қара уылдырық, егіншілер мен малшылардың жанкешті еңбегі, т.б. майдан үшін, жеңіс үшін деген ұрандармен жүргізілді. Құжаттар еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін «тынымсыз еңбектің үлгісін көрсеткендігін» көрсетті [2, л. 43-44; 184-185].

Қазіргі таңда Атырау облысында тұрып жатқан тыл ардагерлері сол кезді айта отырып, кейінгі ұрпақты бейбіт өмірдің қадірін түсініп, отанды сүйуге, оның болашағына аянбай еңбек етуге шақырады. Төменде 2016 ж. Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми экспедициясы жинақтаған естеліктердің бірқатары беріліп отыр. Мысалы, Сталинград қаласын қайта қалпына келтіруге жіберілген Атырау облысы Махамбет ауданы Ганюшкино ауылының тұрғыны Кенжалиева Бима Меңдіғазықызы (1922 жылы 1 мамырда туған) сол кезді былайша еске алды:



Кенжалиева Бима Меңдіғазықызы

«1940 жылы осы үйге келін болып түстім. Ол кезде бұл шаңырақта күйемнің ата-анасы, екі қайным тұратын. 1940 жылы май айында күйеуім Кенжалиев Зейнетолла Әбдікәрімұлы (1918 жылы 1 наурызда туған) армияға кетті. Ауылда сиыр саудым, пішен шаптым. 1942 жылы күйеуге шыққаным 3 жыл болған, бірақ әлі балалы болған жоқ едім; сол мен сияқты баласы жоқ келіншектер мен бойдақ қыздарды жинап, «жұмыс істейтін кісі жоқ» деп алып кетті. Мен сияқты біздің Ганюшкиннен 5 қыз, Мыңтөбеден 10 шақты, «Шестой» деген елді мекеннен 5-6 қыз бармыз. Алғашқыда жаяу, одан әрі поезге тиіп, Сталинградқа алып барды. Ганюшкиннің бір пысықтау қызы бригадир болды. Бірақ пішен шаппадық, мал баққан жоқпыз. Сталинградта бомбаланған, қираған, жанып кеткен, опырылып қалған үлкен-үлкен үйлерді тазаладық, күрекпен жинап, далаға тасыдық. Барғанда солдаттардың киетін бәтеңкесін берді, кетер кезде «өзімізге киім жетпей жатыр» деп алып қалды. Үйлердің ішінен өлген солдаттарды зембілге салып, мұсылмандарын бір бөлек, орыстарын бір бөлек тасып, тау төбе қылып жинадық. Машинаға тиіп алып кетеді. Олардың ішінде құрттап кеткендер де болды... Штукатуркасын да үйреніп алдық. Топырақ, тас көтергеннен қолдарымыз жара болды, әйтеуір жазылады, жылап-еңіреп жүріп, жұмыс істедік. Үш уақыт асханадан тамақ берді, шошқаның етін танимыз, ондайды жемейміз. Қасымызда милиция жүреді. Сол милицияға «сен неге істемейсің, милициямын деп әлдеқандай боласың ба, өйтіп қарама маған, сендей менің үйде екі қайным бар» деп айтамын. Сосын «менің шалым осы жақта жүр, оттың ішінде, осы жаққа келсе жақсы болар еді, мені іздеп келе ме» деймін, ол «келеді, келеді» деп қояды. Қасымдағы қыздер «Сталинградқа Зейнетолланы іздеп келген екенсің ғой» деп қалжыңдайтын. Сол үйлерде киім-кешек, үй жиһаздары сияқты заттар көп болды. Біздерге нұсқау беріп жүрген солдаттар «ана заттардан алып алыңдар, киімдерді алыңдар» дейді, бірақ жоқшылық, зат тапшы болса да «жоқ, алмаймыз, бізде бәрі бар» деп сандықтардың аузын ашып қойып

кетеміз, жоламаймыз. Содан кейін үйлердің қирап қалған жерлеріне тас қалап, сылақ жүргіздік, қираған ғимараттарды қалпына келтірумен айналастық. Күз келді, милиция келіп, жиналыс ашып, «елге кетесіңдер» деді. Сөйтіп, күн суығанша, шамамен 5-6 айдай жұмыс істетті да ауылдарымызға қайтарды. Қасымызда ноғай кемпір бар, білетініміз – «Мыңтөбе» ауылы. 20 шақты қызды параходпен Астраханға әкеліп тастады. Содан бері шығып, ноғай кемпірдің үйіне қондық. Одан «Котяевқаға» қонып, кейін бөлініп әркім өз ауылдарына жаяулатып жеттік. Ата-енем жақсы кісілер еді, қолдан жасалған құрт, сүтін сататын. Үйге келе жатсам, атам байғұс ақ шалбар, ақ көйлекпен төбенің басында мал бағып жүр екен. Хат жоқ, хабар жоқ, қайда кеткенімді білмейді. Ганюшкиннің қыздары еліне кетті, Мыңтөбенің 5-6 қызы маған ілесіп келе жатыр. Атамды көріп үйге қарай жүгірдім, атам алдымнан шықты, сөйтіп, аман-есен қауыштық... Соғыс уақытында жұмыстан кейін шам жоқ, от жағып, соның жарығына енем түнімен жіп иіріп, мен шұлық, қолғап тоқимын. Қойдың терісінен шалбар тіктік, бәрін де істедік, майданға жібердік. Соғыс біткен соң қолынан және басынан аздап жараланған күйеуім аман-есен елге оралды. Кейін балалы-шағалы болдық. Ол милиция болып істеді, зейнетке шыққан соң райсовезде бухгалтер болды. Қазір, Аллаға шүкір, немере-шөберелерім өсіп жатыр».

Соғыс теміржолшыларға да ауыр салмақ түсіргені белгілі. Мобилизацияланған мыңдаған қыз-келіншектер мен жасөспірімдер, қарт адамдар жазғы аптап ыстық пен қысқы үскірік аязда күні-түні еңбек етіп, 200 шақырымдық Гурьев – Астрахан темір жол табанын салды. Ол тек қол күшімен – кеспелтек томармен нығыздалған топырақ қаптарға толтырылып, арқаланып, қоларба немесе түйеге артылып, тасылды. Сол үйінді 30 жылға дейін сапасын жоғалтпай, кейін Атырау – Астрахан темір жолын салуда толық пайдаланылды. Атырау облыстық ардагерлер кеңесінің (төрағасы – Қатимолла Ризуанов) анықтауынша «Жол» атты сол науқанға қатысқан мыңдаған адамдардың 90-ға жуығы қазір Атырау облысында тұрып жатыр. Атырау облысындағы сол 90-ның бірі Атырау облысы Есбол ауданы Қаңбақты ауылында 1928 жылы туған Күлима Дәулетова.



Күлима Дәулетова

Кулима апай өз естелігінде былай дейді: «Мектепті соғысқа байланысты 9 жасымнан бастадым. 6 класта оқып жүрген кезімде темір жол салуға шақыртқанда бір аяғымды күйдіріп алған едім. Аяғым күйіп қалған деп дәрігердің анықтамасын көрсеткенімде, оны жырттып тастап, барасың деді. Біздің колхоздан 40-қа жуық жесір әйел, 13-14 жасар балалар, кемтар ер адамдар Сарыөзектен Новобогаттың жанына дейін салынып жатқан темір жол құрылысында жұмыс істеді. Ол жерде шөптен, қамыстан жасалған шалашта тұрдық, жұмыс басына бару үшін бір адам түйеге, екіншісі соған мінгесіп, ал қалғандары жаяулатып жететінбіз. Қара жерді қазып немесе зембилмен өрге сүйреп, топырақ тасыдық. Соғыс уақытында тамақ та тапшы, далада жабайы өсетін құмаршық деген шөптен пісірілген нан мен көжені ішіп күн көрдік. Бірақ ол кезде құмаршық та жоқ, тапсаң ғана жейсің. Жұмыс істеп жүрген жұрттың киімі өте тозық, тіпті түйенің көңінен тігілген киімдер киді. Жұмыс күні ұзаққа созылатын. Таң ата сала жұмысқа кірісіп, әбден кеш батқанша жұмыс істеп келіп, қамыстан жасалған күркешемізге кезек-кезек ұйықтап көз ілдіретінбіз. Күркеміздің іші тар болғандықтан тек 4-5 адам сиятын, сондықтан кезекпен жататынбыз. Бұл темір жол құрылысында 2 жыл жұмыс істедік. Онда ауыл тұрғындарынан Рахила Ихсанова, Ахат Әліпов, Ахат Қуанышева, Айханым Сабыраева,

Ибат Есімғалиев, Базарғали, Сағида, Жібек, Масиха Сидрахметова, Қадим Сапуанов, Сұлтанғали Сағындықов, т.б. болды. Бәріміз бір жапырақ нанды бөліп жеп, ауыр жұмыс болса да еш мойымай бір табақтан ас ішіп, бір үйдің балаларындай болдық. Ол жұмыстан кейін 1944 жылы Қызылқоғаға канал қазу жұмысына алып кетті. Әлі есімде, оған біздің аймақтан 105 адам бардық. Жүгімізді жеткізу үшін 1 түйе мен 1 арба ғана көлік берілді. Жаяу жүріп Қарабау, Қаракөл ауылдарынан асып, аудан орталығына су жүретін канал қазуға кірістік. Мұнда да қиыншылық. Ол кезде еңбекақы деген жоқ. Күнұзақ жұмыс істейміз де кешкісін майдангерлерге шұлық, қолғап тоқимыз, асты да жетістіріп ішпейміз. Адам төзгісіз қиындықтарды ерлермен бірге атқардық, сұм соғысқа қарғыс айтып талай солқылдап жыладық та. Бүгінгі күнге тәубе, елімізде тек тыныштық болсын, кейінгі ұрпақ бұндай қиыншылықтарды көрмесін деп тілеймін. 1947 жылы Ұлы Отан соғысынан оралған Әбдіреш Дәулетовке тұрмысқа шықтым. 4 бала сүйдім, 11 немере, 13 шөберем бар».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қозыбаев М. 7 томдық шығармалары. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – 6-том. – 328 б.
- 2 Гурьевский городской комитет КП(б) Казахстана. Материалы и акты по сбору подарков для национально-добровольного соединения, сбору средств на строительство танковой колонны им. КазССР // Государственный архив Атырауской области (ГААО). – Ф.13. Оп.1. Д.397; Гурьевский городской комитет КП(б) Казахстана. Указания горкома партии первичным партийным организациям по агитмассовой и разъяснительной работе среды населения и коллективов предприятий и учреждений // Государственный архив Атырауской области (ГААО). – Ф.13. Оп.1. Д.234.
- 3 Отты жылдар (Құжаттар жинағы) / Атырау облысы мұрағаттар және құжаттама бөлімі. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты. – Атырау, 2005. – 194 б.
- 4 Қозыбаев М. 7 томдық шығармалары. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – 1-том. – 328 б.

Сүлейменова Әлия Тоймаханқызы, т.ғ.к., бас сарапшысы

Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты, Алматы қ., Қазақстан,
suleimenova1972@mail.ru

АТБАСАР МЕН БЕРЛИН АРАСЫ: ӘСКЕРИ ТҮТҚЫННЫҢ ТАҒДЫРЫ

Аңдатпа: Бұл мақалада 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында тұтқынға түскен қазақ жауынгерінің тағдыры баяндалады. Қазақстан КП (б) ОК бюросының «Басшы комсомол қызметкерлерінен ұлттық әскери құрылымдарға саяси жетекшілердің орынбасарларын іріктеу және дайындау туралы» қаулысы 1941 жылғы 26 қарашада қабылданып, қалыптастырылып жатқан ұлттық әскери бөлімдерді толықтыру үшін қазақтардың қатарынан жауапты басшылық жұмыстағы комсомол қызметкерлерін мобилизациялау туралы Орта Азия Әскери округінің Әскери кеңесінің қатынас хатын қанағаттандыру туралы 1 тармағында көрсетеді. Осы ресми құжат негізінде әскер қатарына алынған ұлттық кіші командирлік құрамында жоғары білімді мұғалім Шәпи Изотов та майдан даласына аттанған. Туыстарының ізденісінің арқасында Подольск қаласында орналасқан Қорғаныс министрлігінің Орталық архиві (ЦАМО) Ш. Изотов жайлы құнды деректер беретін анықтама алынған. Онда: «Изотов Шапи Изотович, 13 тамызда 1914 жылы Целиноград қ. дүниеге келген. 1941 жылы наурызда Шымкент қалалық әскери комиссариатынан әскерге шақырылған, гвардия лейтенанты, 3 кавалериялық полкте қызмет еткен, 1941–22 маусым 1942 жылы Шталаг лагеріне тұтқынға түскен» деп көрсетіледі. Яғни Ш. Изотов қанды қасапқа жіберілген қазақ атты әскерінің құрамында шайқасқа қатысқан

Түйін сөздер: Әскери тұтқындар, қазақ атты әскері, 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы, Жеңіске 75 жыл.

Председатель ЦК союза работников начальной и средней школы Казахской ССР, член правительственной комиссии при СНК по борьбе с детской беспризорностью Л.Е. Атанина в докладной записке на имя председателя ВЦСПС Н.М. Шверника, сообщала, что она дважды – в 1943 и в 1944 гг., выезжала с проверкой в Актюбинскую и Семипалатинскую области с целью проверки работы детдомов, где живут дети фронтовиков и дети-сироты, а также работу органов народного образования по выполнению постановления СНК и ЦК КП (б) Казахстана от 1 июня 1943 г. В результате проверки было установлено неудовлетворительное выполнение данного постановления в ряде детдомов. Поэтому дети покидали школу из-за отсутствия обуви и одежды, трудоустроенные старшеклассники покидали рабочие места. Коопинсоюз и Горпромсоюз выполнили задания по изготовлению детской обуви на 35-40%. Знакомство с работой 7 детдомов Семипалатинской области показало, что торговые организации практически не снабжают их продуктами питания, и детдома «вынуждены существовать только за счет своих, только что развивающихся подсобных хозяйств» [25].

Для обеспечения детдомов продовольствием при каждом из них создавались подсобные хозяйства с опытным участком и небольшой животноводческой фермой. Для снижения скученности детей и приема дополнительного количества беспризорных детей в годы войны в республике было построено 60 новых детдомов, государственные органы и общественность проявили заботу и о дальнейшей судьбе воспитанников детдомов и интернатов. Их подготавливали к обучению в школах ФЗО и ремесленных училищах, трудоустраивали на промышленные предприятия, в колхозы и совхозы, передавали в семьи трудящихся для патронирования и усыновления. Всего было трудоустроено и передано в семьи более 64 тысяч детей [1, с. 127].

Успехи Советских Вооруженных Сил в 1943-1944 гг. сопровождалась общим улучшением экономического положения страны, что не могло не сказаться и на состоянии народного образования.

Война еще была в разгаре, а государство по мере расширения возможностей энергично приступило к восстановлению очагов просвещения в освобожденных районах, вовлечению молодежи в процесс обучения, обеспечению школ педагогическими кадрами и повышению их квалификации. В 1944-1945 годах в Казахстане была восстановлена довоенная сеть общеобразовательных школ. Учитывая положение, сложившееся с состоянием образовательного уровня учительских кадров, ЦК КП (б) Казахстана и Совнарком республики в январе 1944 года разработали программу поэтапного обучения их в системе заочного педагогического образования, направленную на выполнение постановления СНК СССР от 18 декабря 1943 года «О мероприятиях по укреплению системы заочного педагогического образования» [20, с. 436-437]. Осуществление этой программы предусматривалось завершить к концу первого послевоенного пятилетия. В

частности, планировалось при заочном отделении КазГУ и 12 педагогических вузов подготовить 6480 педагогов, а при 22 заочных отделениях педучилищ – 7430 человек. Одновременно были намечены меры по оказанию учебно-методической помощи заочным отделениям, выделено 32 тонны бумаги для дополнительного количества учебников, учебных пособий, планов, брошюр, организации библиотек-передвижек для обслуживания учителей-заочников, проживающих в отдаленных районах [26]. Важное практическое и воспитательное значение в годы войны приобрел общественно-полезный труд школьников. Они оказывали всемерную помощь фронту, ударно трудились на полях совхозов и колхозов, в общественном животноводстве. Всего за годы войны учителями и учащимися школ республики было выработано более 23 млн. трудодней [11, с. 143]. Общественно полезная и трудовая работа, выполнявшаяся учителями и школьниками Казахстана, явилась их вкладом в общее патриотическое дело защиты Родины.

Таким образом, уже на завершающем этапе войны, когда стало возможным реально прогнозировать перспективы ее завершения, были разработаны и стали осуществляться конкретные мероприятия по скорейшему восстановлению школьной сети республики и обеспечению школ квалифицированными кадрами педагогов.

Война нарушила планомерное осуществление массового всеобщего обучения детей и его невыполнение в начале 1940-х гг. было вызвано рядом конкретных причин материально-технического, организационно-педагогического и социально-бытового порядка, вызванных экстремальными условиями военного времени. Было оторочено осуществление обязательного всеобщего среднего образования, и органы народного просвещения в целом сумели добиться сохранения контингента учащихся общеобразовательной школы. Учителя усилили воспитательное воздействие школы, вели решительную борьбу с отсевом учащихся, выдержав суровый экзамен военных лет на профессиональную зрелость.

В целом, несмотря на ряд существенных проблем, вызванных рядом объективных факторов условий военного времени, система школьного образования Казахстана сумела сохранить и впоследствии развить свой потенциал.

Список использованной литературы:

- 1 Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза, 1941-1945 гг. Сборник документов. В 2-х тт. - Алма-Ата: Наука, 1964. Т. 1. – 596 с.
- 2 Казахстан за 40 лет. Статистический сборник. - Алма-Ата: Госстатиздат, 1960. – 284 с.
- 3 Коммунистическая партия Советского Союза в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК (1898-1986). – М.: Политиздат, Т. 7: 1938-1945. – 1985. – 574 с.
- 4 Итбаев Н.М. Бой шёл и за будущих детей. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. – 121 с.
- 5 РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 43. Ед. хр. 512. Лл. 217-225.
- 6 ЦГА. Ф. 1692. Оп.1. Д. 460. Л.3.
- 7 Сулейменов Р.Б., Бисенов Х.И. Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1967. – 422 с.
- 8 РГАЭ. - Ф.1562. - Оп. 17. - Д. 935. - Л.29; Д. 1005. – Л. 13.
- 9 Подсчитано на основании данных: ГАРФ. – Ф. 1562. – Оп. 17. – Д. 935. – Л. 29; – Д. 1005. – Л.13.
- 10 РГАСПИ. – Ф. 17. – Оп. 8. – Ед. хр. 184. – Л.34.
- 11 Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза, 1941-1945 гг. Сборник документов. В 2-х тт. - Алма-Ата: Наука, 1967. Т.2. - 527 с.
- 12 ЦГА. – Ф. 1692. – Оп. 1. – Д. 306. – Л. 18.
- 13 Документы и материалы по истории советско-польских отношений. – М.: Наука, 1974. Т.8: Январь 1944 г.-декабрь 1945 г. – 355 с.
- 14 РГАСПИ. – Ф.17. – Оп. 88. – Ед. хр. 396. – Лл.79,89-90,85.
- 15 Учительская газета. – 1942. – 8 октября.
- 16 Айтбаев Н.М. Бой шел и за будущее детей. - Алма-Ата, 1975. - С. 39.
- 17 ЦГА. - Ф. 1479. – Оп. 4. – Д. 894. – Л.8.
- 18 РГАЭ. – Ф. 1663. – Оп. 17. – Д.763. – Л.8.

- 19 Подсчитано на основании данных: ГАРФ. – Ф. 1562. – Оп. 17. – Д. 1022. – Л. 23; Д.1098. – Л.4.
20 Народное образование в СССР. Сборник документов. 1917-1973 гг. – М.: Педагогика, 1973. – 539 с.
21 Большевик Казахстана. – 1945. – № 11. – С.43.
22 РГАЭ. – Ф. 1662. – Оп.17. – Д. 1024. – Л. 54; Д. 1128. – Л. 58; Д. 1132. – Л. 1.
23 Культурное строительство СССР. Статистический сборник. – М.: Госстатиздат, 1956. – 332 с.
24 Сергазин Ж.С. Размещение эвакуированного населения и материальных ресурсов в Казахстане в годы Великой Отечественной войны. 1941-1943 гг. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Алма-Ата, 1982. – С.5.
25 ГАРФ. – Ф. 5458. – Оп. 28. – Ч. 1. – Д. 47. – Л. 28-29.
26 РГАСПИ. – Ф. 17. – Оп. 44. – Ед. хр. 407. – Лл. 238-254.

Карсыбаева Жулдыз Алпысовна, т.ғ.к., доцент

Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан,

karsybayeva81@mail.ru

Тимофеева Елена Владимировна, қызметкер

Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві, Шымкент қ.,

Қазақстан

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ӘСКЕРИ ЖОРЫҚ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа: Қазіргі уақытта Ұлы Отан соғысы жылдарындағы майдан мен тылдағы әйелдердің ролі мен алатын орны, олардың күнделікті өмір тарихы мәселесі тарихи зерттеулерде ғалымдардың барынша қызығушылығын тудыруда. Басты назарда әйелдердің қаһармандығы мен патриоттық сезімі, соғыс жағдайындағы олардың көңіл-күйі мен ішкі сезімі, психологиясы, жалпы әйелдердің жекелеген әскери өмір тарихы болып отыр. Автор мақалада арнайы тарихи зерттеулер мен баспасөз материалдарының негізінде Оңтүстік Қазақстан өңірінен соғысқа қатысқан майдангер әйелдердің әскери өмір тарихын қарастырады.

Түйін сөздер: Ұлы Отан соғысы, Оңтүстік Қазақстан, майдан, байланысшы әйелдер, әскери госпиталь, әскери өмір тарихы.

Оңтүстік Қазақстан өңірінен қанша әйел адам соғысқа қатысқандығы туралы мәселе толық зерттелген деп айта алмаймыз. Оңтүстік Қазақстан әйелдерінің әскери қимылдарға қатысуы туралы түрлі сандық көрсеткіштер бар. Түркістан облысы мемлекеттік мұрағатының құжаттары бойынша да оңтүстік қазақстандықтардың ерікті түрде майданға кеткені мен барлық әскерге жұмылдырылғандардың нақты санын көрсете алмайды, оның ішінде әйелдердің майданға аттануы туралы көрсеткіштерді де дәл нақтылау қиын. Соғыс басталған алғашқы айлардан бастап майданға жұмылдырылғандардың саны әскери комисариаттардың құжаттарында жасырылды, сондықтан мемлекеттік мұрағат құжаттарында бұл көрсеткіштерді анықтау мүмкін емес.

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазақстан аумағында құрылған 6 облыстың бірі, әкімшілік-аумақтық бірлік ретінде БОАК-тің 1932 жылы 10 наурыздағы қаулысына сәйкес құрылған, республиканың оңтүстігінде Сырдария алабында орналасқан. Жер көлемі 117,3 мың шаршы шақырым, бұл Қазақстан аумағының 4,3 пайыз бөлігін құрайды. 1938 жылы Оңтүстік Қазақстаннан алғаш Қызылорда облысы, ал 1939 жылы Жамбыл облысы бөлініп шықты. 1962 жылы Оңтүстік Қазақстан өлкесі құрылып, орталығы Шымкент қаласы болды. Оның құрамына Жамбыл және Қызылорда облыстары кірді. 1964 жылы желтоқсанда облыс таратылып, Шымкент облысы бұрынғы атауымен қалды. 1992 жылы 6 шілдеде ҚР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен Оңтүстік Қазақстан атауы қайтарылып беріліп, облыс өнеркәсібі, экономикасы, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік-мәдени салалары

жан-жақты дамыған аса ірі аймаққа айналды. Қалалары Шымкент, Арыс, Жетісай, Кентау, Ленгер, Сарыағаш, Түркістан, Шардара [1, 34-35 бб.].

Ұлы Отан соғысы жылдары оңтүстік қазақстандықтар да кеңес халқымен бірге Отанды қорғауға үлес қосты. Соғысқа 140 мыңнан астам оңтүстік қазақстандықтар қатысқан, олардың жартысы майданнан оралмады. 51 жауынгер Кеңес Одағының батыры, 8- Даңқ орденінің толық кавалері атағын алды [2, 7 б.]. Сондай-ақ мыңдаған ардагерлер жауынгерлік ордендермен және медальдармен марапатталды. Басқа деректер бойынша майданға аттанғандар саны 224 мың. 2018 жылы облыста 174 соғыс ардагері, 4885 соғыс ардагерлері мен мүгедектеріне теңестірілгендер, 15733 тыл еңбеккерлері тұрады [3, 1 б.].

Соғысқа Оңтүстік Қазақстаннан аттанған әйел адамдар туралы деректер 2015 жылы жарыққа шыққан «Естелік кітабында» бар, бір өкініштісі берілген аймақтың әрбір ауданы бойынша жауынгерлердің аты-жөндері берілгенімен, жынысы, әскери қызметін өтеген жер, қатысқан шайқастары, жас мөлшері туралы мәліметтер берілмейді. Сондықтан, Оңтүстік Қазақстаннан майданға аттанған әйелдер туралы сандық нақты деректер бере алмайды. Республикадан майданға аттанған әйел жауынгерлер туралы барынша нақты көрсеткіш тарихшы-журналист Жұмайбай Доспановтың көп томдық еңбектерінде берілген. «Женщины-фронтовики Казахстана» деген 6 томдық еңбегінде Қазақстаннан соғысқа қатысқан әйел адамдардың саны 7477, «Екінші жүниежүзілік соғыстағы қазақ офицерлері» атты 10 томдық еңбегінде барлығы 13100 қазақ офицері анықталған соның 22-сі қыз-келіншектер [4, 4 б.]. Көп томдық еңбектерде берілген мәліметтер бойынша 277 әйел адам қатысқан.

Берілген сұрақ бойынша барынша толық ақпаратты «Оңтүстіктің ардагерлері» жинағында берілген, ол бойынша оңтүстіктен майданға қатысқан әйелдер саны-170. [5, 4 б.].

Оңтүстік Қазақстан облысының аудандары бойынша майданға аттанған жауынгерлер туралы әр түрлі еңбектерде, Ұлы Жеңістің мерейтойлық шараларына арналып жарыққа шыққан басылымдарда мәліметтер берілген.

Соғыс басталғаннан соңына дейін Созақ ауданынан барлығы 5 мыңға жуық адам армия қатарына алынған, оның тек үштен бірі ғана елге оралған. Бұл 4 полк немесе 2 дивизияға жинақтауға жарайтын жауынгерлер. Созақ ауданынан аттанған жауынгерлер атақты 316, 238, 310, 312, 314, 387, 391-атқыштар дивизиялары, бригадаларының қатарында ең шешуші шайқастарға қатысты. Олардың қатарында ерлігімен көзге түскен Б.Момышұлының қарамағында Мәскеу түбіндегі шайқасқа қатысқан балдысулық Исабеков Бозтай, М.Ғабдуллиннің басқаруындағы взводта Омарбек Дүйсенбеков, Сталинград майданын шебінен Будапештке дейін 45 мм зеңбірегімен жорық жолынан өткен Өткелбаев Жақсыберген, Берлинде Рейхсстагты атқылаған Өтешов Беркімбай, даңқты барлаушылар Пәрімбек Маханов, Атабек Асылбеков, атақты мерген Құрманбек Әлібаев, Чехословакия аспанында ерлік көрсеткен ұшқыш Құрал Рүстемов сияқты батырлар шыққан. [6, 53 б.].

Қазығұрт пен Қосмола тауларының баурайындағы сол кезденгі Қаратас ауданынан соғысқа 7 мыңнан астам азамат аттанса, отбасына 1173 жауынгер ғана аман оралыпты. Қазығұрт Ауданның қорғаныс істері бойынша бөлім әзірлеген Қазығұрт ауданы бойынша соғысқа шақырылған жауынгерлердің тізімінде тек 4 ғана әйел бар: Ақмолдаева Ш. [7, 52 б.], Зверева Л. [7, 59 б.], Кленина Н.Г. [7, 60 б.].

Соғыс кезеңінде 4509 атқыштар, 408-қол және станокты пулеметшілер, 3416-граната лақтырушылар, 2438-қоян қолтық ұрыстың жауынгерлері, 259-ворошиловшы салт аттылар, 1092-велобайланысшылар мен барлаушы, 52-автомато жүргізушілері, 291-байланысшылар дайындалды. Жалпыға міндетті оқумен 12413 облыс комсомолы қамтылған. [8, 99 б.].

Оңтүстік Қазақстан әйелдерінің Ұлы Отан соғысындағы әскери жорық жолдарын қарастырсақ, 1941 жылғы 15-16 қарашадағы ҚЛКЖО Оңтүстік Қазақстан облыстық комитетінің 4 пленумының отырысының берілгендері бойынша 25000-нан астам

комсомол жас жігіттер мен қыздар қайсарлықпен әскери мамандықтарды меңгеріп [8, 94 б.], өздерін гитлерлік басқыншылармен қан майдандағы жауынгерлік ерліктерге дайындай бастады.

Дьякова Александра Маркияновна 1923 жылы 7 мамырда Волгоград облысы Фроловский ауданында дүниеге келген. 1942 жылы 10 сәуірде әскер қатарына әуе байланысшысы болып майданға аттандырылған. 1943-1945 жылдар аралығында әуе қорғанысы майданында болған. Соғыстан кейінгі жылдары мекемелерде есепші болып жұмыс істеп, 1982 жылы зейнеткерлікке шықты. [9, 28 б.], Савина Варвара Макаровна 1924 ж 17 желттоқсанында Оренбург облысының Плечовка селосында дүниеге келген. Соғысқа дейін Оренбург облысында байланыс бөлімшесінде жұмыс істеді. 1943 ж қазан айында соғысқа шақырылып, Беларусь майданына аттандырылды. 1943 ж қазан бастап 1945 ж шілде айы аралығында жарықтандырушы болды. 1945 жылы 18 шілдесінде елге қайтып, Орынбор облысындағы байланыс бөлімшесінде жұмысын жалғастырды. 1998 жылы Арыс қаласына көшіп келген. ҰОС бірнеше наградалармен марапатталған. [9, 31 б.] Давыдова Екатерина Петровна, 7.12.1913 жылы Мәскеу облысының Проскурниково ауылында дүниеге келген. 1938 жылдан бастап Мәскеуде тұрып, ашытқы зауытында жұмыс істеді. Ұлы Отан соғысы кезінде Калинин облысындағы ағаш дайындау кезінде еңбек майданында болды, Мәскеудің айналасындағы окоптар мен танкіге қарсы ұралар, үйлердің шатырларында фугас бомбаларын сөндірді. "Ерен еңбегі үшін" ардагерлер марапатталды:

Мәскеуді қорғағаны үшін медальмен марапатталды. Бейбіт уақытта атқаратын тұрғылықты жері бойынша күйеуі: Литвада, Саранске, оңтүстік Қазақстанда және Барнауыл 1983 жылға дейін, содан кейін зейнетке шықты.

Көп жылғы еңбегі үшін еңбек ардагері медалімен марапатталды.

Екатерина Петровна өз өмірі үшін ауыр сынақтарға төтеп берді, аштықты, суықты және басқа да көптеген сынақтарды бастан кешірді.

Ол өте мейірімді, жауапты және өте еңбекқор адам болды. Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу жұмыста болған үзілістерге қарамастан, қатарынан кез келген 3 жыл жұмыс үшін орташа айлық табыс негізге алына отырып, 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап жүзеге асырылады. [10].

Сәлімова Мағмура Ғалиевна, 1924 жылы 24 қыркүйекте Қызылорда облысының Жүзкөл ауылында дүниеге келген. 1938 жылы отбасы Шымкент қаласына көшіп, 1941 жылы 10 сыныпты бітірді. Соғыс басталды, әрі қарай оқу туралы ойлауға тура келмеді, қалалық сот отырысының хатшысы қызметіне кірісті. 1942 жылы Шымкентке эвакогоспиталь көшіп келді, ол кешкі уақытта санинструкторлар курстарына барып, кезекшілік етті, санитариялық поездарды қарсы алды, ауыр жараланғандарды түсірді. Күндіз жұмыс істеді, ал кешке госпитальда кезекшілік етті.

Сол уақытта әскери комиссариатқа үнемі барып, майданға сұрады. 1942 жылы 22 қыркүйекте Мағмура шақыру қағазын алып, өз еркімен соғысқа барды, ол небәрі 18 жаста болды. 731 зениттік-артиллериялық полкқа 5 дивизион, 15 батарея, аспап бөлімшесінің жетекшісі болды. 731 полк сол кезде Түркіменстанда, Каспий теңізінің жағасында, тауларда болды. Түрікмен мұнайы мен Красноводск портын қорғауға қатысты. Полк 1944 жылдың басында Украина астанасы - Киев қаласын босатуға көшті, сол кезде Кеңес әскерлері Днепр өзені арқылы өтті. Полк Днепр жағасының қорғанысында, Мышеловка ауылында Киевтен 8 шақырым жерде тұрды. Онда Сәлімоваға кіші сержант атағы беріліп, бөлімше командирі болып тағайындалды. Бұл Киев маңындағы шайқас болды, шабуылдарын неміс барлаушылардың, маневрлі және бомбалаушы ұшақтарға бомбалады. 1945 жылдың қаңтарында Компартия мүшелігіне қабылданды. Соғыс аяқталған кезде қыздар бірінші болып қарттар, мұғалімдер және дәрігерлермен бірге демобилизацияланды. Соғыстан кейін тұрмысқа шыққан, 8 бала, 28 немере және 29 шөбере тәрбиелеп отыр. 2-ші дәрежелі «Отан соғысы» ордені, көптеген медальдармен марапатталған. Сонымен қатар, майдангер 1, 2 және 3 дәрежелі орден иегері [11].

Майдангер Екатерина Маркина (қыз кезіндегі фамилиясы Рубцова) 1925 жылы дүниеге келген. Соғыс басталғанда Шымкент педагогикалық техникумының 17 жастағы 1 курс студенті болған. Ол орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі болуды армандаған. Техникумды соғыс басталған соң Түркістанға көшірген, сондықтан оқуды қоя тұруға тура келген. Анасымен бауырларына көмектесу керек болған, отбасында сегіз баланың үлкені. Әкесі Сайрам ауданы Самсон колхозының төрағасы болып жұмыс жасаған, содан майданға аттанған.

Екатерина ФЗО-да телеграфист мамандығын таңдап оқыған. Ол аз ғана ай жұмыс істеп, әскери комиссариаттан шақырту келген соң, байланысшы оқуын оқуға ұсынған. Ол келісіп, Ташкентке келген, мұнда байланыс полкі ұйымдастырылған. Информанттың айтуынша оған ұзын шаштарын қиып қысқартқан кезде, майдандағы әкесі хатпен келген қызының әскри суретін көріп, ұл бала деп ойлаған. Тек хатты оқығаннан кейін өз қызы екендігін және майданға аттанғанын білген. Радиотелеграфист болған.

Ташкенттен Катяны Белоруссияға жберген. Мұнда майданның барлық шебінен жаудың қарқынды шабуылы жүріп жатқан кез. Бұл жерде бірақ әскери жорықтарға қатыса алмаған. Оны 3 айлық старшындар курсына оқуға Мытищи қаласына жібереді. Осы жерден оның майдангерлік жолы басталған. Мәскеуді қорғау, Польша, Румыния, Австрия, Чехословакияны азат етуге, Берлинді қоршауға қатысқан.

18 жасқа толғаннан кейін Катяны бөлім командирі етіп тағайындаған. Оның қарамағында 11 жігіт, олардың ішінде өзімен жастылары да, жастары үлкендері де болған. Қыз бұл тағайындалу туралы бұйрыққа қарсы болған, ол өзінің тәжірибесіздігі мен жастығын алға тартып бас тартқан. Кішкене ауылда өскендіктен ер адамдарды басқаруға ұялған. Командир оның ұйымдастыру қабілеттерін байқап өз шешімін өзгертпеген.

Соғыс ардагері өзінің қарулас ер жауынгерлерінің өз бұйрығын сөзсіз орындағанын айтады. 3 айдың ішінде бөлім басқаруға төселген. Соғыста бұйрық талқыға түспейді.

Бөлім дене шынықтыру дайындығымен, байланыстың жаңа құралдарын игерумен, парашюттен секіруді үйренген. Ауаға американдық «Дугласпен» көтерілген, десанталудың механизмін үйренген. Ол қыз баламын деп шегіншектемей, ерлермен бірге дайындалған. Оның есебінде жүзден астам оқу жаттығулары бар. Бірақ бұл әскери жаттығулары оған соғыс қимылдарына керек болмаған.

Ол тағы бір рет іскери құраманы өзгерткен, 103 атқыштар гвардиялық дивизиясының алаңдық байланыс ротасына жіберген. Бұл құрама 1944 жылы желтоқсанда Быхов қаласында 13-ші гвардиялық әуе-десанттық дивизиясының негізінде жасақталған. Оның құрамына енген бригадалар дивизия полктарына айналды.

Екатерины Андреевна үшін нағыз соғыс Польшада басталды. Ол онда жаяу әскердің барлық қиындықтарын басынан өткізді. Соғыса жүріп жаяу қанша күн мен түн жүрді. Кей тәулікте 60 шақырымға дейін жүрген кездері болды. Сонымен қатар, арқада 13 килограмдық рация, автомат, азық-түлік қоры, шинель, арқалып жүреді мұндай ауыр салмақтан Будапешт түбінде Катяның аяғы жүре алмай қалып, оны госпитальге жіберді. Екі апталық емнен кейін кейін қайрадан майданға аттанды. Онда Еуропа елдерін азат етуге қатысып, жеңіс күніне де жетті.

Румынияның солтүстік шығысындағы Ясса қаласының түбінде, толықтыруға полкті жіберген кезде, Катя өз әкесін жолықтырды. Шайқастардың арасындағы үзіліс кезінде елді мекеннің көшелерін аралауға шыққан қыз жауынгерді көрді. Ол әкесімен қалай жолыққанын есіне алады. Әкесін тура 5 жылдай кейін көрген. Бірер сағаттан кейін әкесімен қоштасып, өз полкімен шегінген жаудың соңына түскен. Әкесі Яссада қалған. ПТР взводының командирі ауыр жараланғаннан кейін әкесін шаруашылық бөлімді басқаруға, қойма меңгерушісі етіп тағайындаған. Бұл керемет кездесу туралы майдандық газетте жазған.

Екатерина Андреевна оны үйіне де алып келген, кейін жоғалып қалған. Қызыләскер Е.Рубцованың кітапшасы Оңтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайында сақтаулы.

Женіс күні ауаға атылған оқтар таң атқанша толастамады. Туған жеріме қайтқым келді. Бірақ басқарма радистердің взводын үйретуге тапсырма беріп, содан кейін ғана демобилизация туралы бұйрық шықты.

Екатерина Андреевна үйіне тек 1945 жылдың тамызында оралды [12, 9 б.].

Оңтүстік Қазақстаннан майданға аттанған қыздардың арасында Флоренс Найтингейл атындағы медальдің жалғыз иегері туралы тоқталсақ. Жалпы, Флоренс Найтингейл атындағы медаль Қызыл Крест Халықаралық комитетінің 1912 жылы атақты ағылшын қайырымдылық бикесі мен қоғамдық қызметкерін еске алу үшін оның атына тағайындаған болатын. Ол Британияда медперсоналдың кәсіби мамандарын дайындаудың негізін ғана салған жоқ, науқастарды күтудің қазіргі заманғы негізін қалыптастырды. Ал бұл марапат медальда жазылған жазба секілді «бүкіл адамзаттың құрметін туғызатын, адамдарға деген шынайы қайырымдылық пен қамқорлық үшін» берілді. Марапат есімдік болып келеді, оның бір жағында берілген адамның аты –жөні қашап жазылады [13].

Қазақстандағы Флоренс Найтингейл атындағы медальдің иегері Рәзия Шәкенқызы Ысқақова Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының тумасы. 1936 жылы Шымкент қаласындағы медицина училищесін аяқтап, фельдшер мамандығын алған. 1941 жылдың қазан айында өз еркімен майданға аттанып кеткен. Ол 1-ші Украина майданында генерал-полковник П.Рыбалко қолбасшылық еткен атақты танк армиясына қарасты 55-ші танк бригадасында фельдшер болды. Жауып тұрған қорғасын оқтын арасынан талай жаралыларды алып шықты. Фельдшер Рәзия Шәкенқызының бір ерлігі жөнінде осы бригаданың медицина қызметінің бастығы майор Богусловский: "Медицина қызметінің лейтенанты Ысқақова нағыз ерлік көрсетті. Ол жанып жатқан танктен батальон командирі Федоров пен оның экипажын алып шықты. Ол жаралы он бес адамды өлімнен құтқарып қалды" — деп жазды. Бұл - Сандомир үшін шайқаста болған оқиға еді. Рәзия Шәкенқызын кейде майдандас достары «Қазақстан розасы, Қазақстан гүлі» деп те атайтын [14, 362 б.].

Тобагабылова Лидия Никитична медицина қызметінің аға лейтенанты 1922 жылы дүниеге келген, соғыстан кейін Шымкент қаласының қоғамдық өміріне белсенді қатысқан. Майдангер 1943 жылы қазан айында Ашхабад медицина училищесін аяқтаған соң медицина қызметінің кіші лейтенанты қызметінде майданға аттанды. Ол алдымен дәріхана меңгерушісі, кейін 18-ші гвардиялық дивизияның 58-ші атқыштар полкінің фельдшері болып тағайындалады. Л.Федоренко қызмет еткен медсанбат Таранец станциясының маңында 400-ге жуық жаралы жауынгерлерді қабылдады. Медсанбатта 4 медперсонал ғана болған. Бұл майдангердің алғашқы алған соғыстағы тапсырмасы болды. Ардагердің естелігінде «Шыны керек, жауынгерлер мерт болған кезде өте қатты қорықтым. Медиктер өлімге үйренген халық деп айтқан шындыққа жанаспайды. Мен және менің жолдастарым әрбір жаралы үшін уайымдадық, оның анасы, әйелінің, балаларының қалай қайғыратынын ойша елестеттік. Сол кезде мен тағы бір нәрсені түсіндім- әрбір жаралыға медициналық көмектен бөлек жылы, еркелеткен сөз, оның сауығыуына үміт беретінін айту керектігін түсіндім» [15, 558-559].

Майдандағы әскери жорық жолы туралы келесі естелігінде «Шығыс Пруссияның шекарасын Выштынец қаласының жанында кесіп өттік. Бізге жақын жерде Герингтердің иелігі болды. Оны алғаннан кейін біздікілер тез арада алға жылжыды, ал мен 80 жаралы жауынгермен үйдің жертөлесінде қалдым. Бізбен бірге немістің тұтқындағы бір солдатты қалды. Бізге екі автоматшыны қалдырып кетті. Кенеттен фашистер екінші флангтан шаубылдап, біз тұтқында қалғандай болдық. Танктердің дауысы естілді. Мен сыртқа басымды шығарып қарай бергенімде маңдайыма жыбысқы ыстық зат жабысты. Сөйтсем жақын маңда снаряд түскен жылқының еті екен. Бұл жағдай менің тез есімді жиғызып, біз қорғанысқа дайындалдық. Тұтқындағы фашист маған көмектесуге мәжбүр болды. Бізге қорғану керек болмады, танктер жанымыздан өтіп кетіп, көп ұзамай жаралыларды алып кетуге біздің әскер келді. Бізбен бірге қалған екі автоматшыда полктің белгісі болған екен, олар қасық қалғандары қалғанша оны жау қолына бермеуге ант беріпті» [15, 559 б.].

Ұлы Отан соғысының ардагері Шаля (Лысенко) Анна Федоровна 1923 жылы 12 маусымда Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс ауданында дүниеге келген. Соғыс басталған уақытта мұғалімдер даярлау институтының екінші курсына оқыған, комсомолдардың қалалық комитетінің үндеуімен ерікті түрде радиотелеграфистер дайындау курсынан өтіп, 1941 жылы қараша-желтоқсан айларында Ташкент қаласында әскери дайындықтан өткен. 1-ші Украин майданының 40-шы Әскерінің штабы орналасқан Воронеж қаласында орналасқан. 45 байланысшы қыздың қатарында оны да радиобайланысшы ретінде 63-ші жеке полкының радиоротасына жібереді. Бұл бөлім онда Старый Оскол қаласына қарасты Ястребовка селосында болады. Алғашқы әскери шайқасы туралы майдангердің естеліктерінде келесідей берілген: «Соғыстың аты соғыс қой. Басында қорқынышты болатын. ...Соғыста сәт сайын, сағаты сайын ажал оғы төбеңнен ұшып жүрсе қалай қорықпайсың? Мен қызмет еткен полкте радиотелеграф байланысы барлық қызмет бөлімдерімен және бас штабпен байланыстырып тұратын. Бірінші рет Воронеж-Костор операциясына қатыстым. 1942 жылдың 25 қаңтарында Сталинград шайқасында Гитлер әскері жеңілді. Сол кезде майдан даласында болып жатқан жайттарды қалтқысыз хабарлап тұрғаным үшін Бас қолбасшы алғыс хатпен марапаттады. 1942 жылдың 25 желтоқсанында біздің бөлім Житомир бағытына бара жатқан неміс әскерін талқандады. Сонда екінші рет алғыс хат алдым. Соғыс алаңында радиобайланыс қызметі үлкен рөл атқарады. Майдан даласы жоғарыда айтқанымдай қауіпке толы. Бірде мен де немістердің шабуылынан кейін бомба жарылған бойда құлағымды жапқан күйі естен танып қалыппын. Ал қасымдағы қыздар ажал құшты. Есімиді жиганда атымның кім екенін еске түсіре алмадым» [16, 1 б.]. Соғыс жағдайындағы от пен оқтың ортасындағы қиын кезең, әскери мамандығы бойынша сол қиындыққа қарамай байланыс ісін қалпына келтіру туралы келесі естелігінде айтады: «Полк командиріне қызмет ететін радиостиацияда қызмет еткен кезімде майданның алғы шебіндегі соғысушы бөлімдермен байланысты қамтамасыз ететін Быково селосындағы басқару пунктіне бардым. Біздің әскери бөлімдердің біріккен әскери қимылдары туралы циркулярлық радиограмма жіберу керек болды. Осы кезде әуеден неміс ұшақтарының бомбалауы басталып, бізге қарай көп көлемде танкілер келе жатқанын хабарлады. Біз осындай қысыммен байланысты қалпына келтіріп, жау танкілері селоның шетіне кірген кезде аз шығынмен осы елді мекенді тастап шықтық» [16, 3 б.].

Майдангердің естеліктері сол соғыстың тірі куәсі ретінде қанды шайқастың шынайы келбетін көрсетуде, ондағы қиындықтармен бетпе-бет кездескен әйел жауынгердің бейнесін, оның күнделікті өмірінің образын жасақтауда тарихи дерек ретінде өте құнды. Майдандағы ерліктері үшін А.Ф. Шаля «Қызыл жұлдыз» орденімен, «Отан соғысының екінші деңгейлі» орденімен марапатталған [17, 5 б.]. Соғыстан кейін майдангер Шымкент қаласында кеңестік және партиялық органдарда жұмыс жасаған. Құрметті еңбек демалысына шыққаннан кейін де қоғамдық өмірге белсенді араласқан. А.Ф. Шаля Шымкент қаласындағы облыстық ардагерлер кеңесінің ардагерлерге медициналық және әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету мәселелері бойынша комиссияның төрайымы, ардагерлердің облыстық кеңесі президиумының мүшесі ретінде қызмет етеді [15, 624 б.].

Иконникова Фаина Федоровна Новосибирск қаласынан Түркісібтің құрылыс жүруіне байланысты әкесінің жұмыс орны ауысуымен Шымкент қаласына қоныс аударған. Майдангер 1923 жылы дүниеге келген. Соғыс туралы өзінің естелігінде келесідегідей айтады: «1942 жылдың сәуір айының соңында Өзбекстан комсомолының съезі болды, онда қыздарға комсомолдарға соғысқа өз еркімен бару туралы үндеу жасады. Осылайша 1942 ж. мен оқуға қабылданып, почта байланысы бойынша курсты оқып, 1942 ж. шілде айында аяқтадым, ант қабылдаған соң бізді Солтүстік-Кавказ әскери округіне жіберді. Бізді әскери бөлімдерге бөлді. Мен аға қабылдаушының далалық пошта бере отырып дамытуға бағытталған 123-атқыштар дивизиясына (Әзірбайжан) кіші лейтенант ретінде жіберілдім. Бұл атақта мен қызметтің соңына дейін қалдым. Соғыс жылдары әскери жорық жолым Солтүстік Кавказ, Украина оңтүстігі, Молдавия, Румыния, Болгар, Югославия, Венгриямен өтті. Венгрияда мені ФПС 3-ші Украин майданының алдымен

уақытша, кейін тұрақты жұмысқа ауыстырды. Венгрияда біз «Жеңіс» деген қуанышты хабарды алдық. Біздің қуанышымызға шек жоқ болды. Осы жаңа бөлімде бастықтан, замполиттен, жабдықтаушыдан басқа қыздар ғана болды. Біздің бөлімді Румынияға, атап айтқанда Бухарестке ауыстырды, онда 1946 жылдың қыркүйегіне дейін әскери қызметте болуға тура келді ... осылайша, мен сол жылы, яғни 1946 ж. әскерден босатылдым» [18, 1-3 б.].

Ракова Нина Павловна 1922 жылы Карель республикасында дүниеге келген. Майдангердің естелігінде берілгендей, ол 1943 жылы мамыр айында снайперлердің жоғары мектебіне шақыртылған. Кейін Мәскеу облысының Щелково қаласында 3-ші Белорус майданына 208 атқыштар полкіне жіберілген. Майданда жарақаттанғаннан кейін Смоленскідегі өз бөліміне, саптық бөлімнің штабына қайтып келді. 1945 жылы үйге оралды. «Германияны жеңгені үшін» және Жауынгерлік еңбегі үшін екі марапаты бар. Әскери комиссариатпен берілген соғыстан кейінгі медальдары және екінші дәрежелі Отан соғысы ордені бар. Майданда күйеуімен танысып, Вильнюс қаласында тіркеліп, әлі күнге дейін бірге тұрамыз» [19, 1-2 б.]. Соғыстан кейінгі жылдары Шымкент қаласына көшіп келіп, осында қызмет еткен.

Майдангер-әйелдердің естеліктерінен байқағанымыздай, жас қыздар болса да майдандағы қанды қырғыннан қорықпай, Отанға деген сүйіспеншілікпен өз еріктерімен сұранғандар көп болған. Олардың әрқайсының әскери өмір тарихы түрліше болған. Олар өліммен бетпе-бет келген, қасындағы жолдастарының өлімін көрген, адам өлтіру мен қан көрген. Соған қарамастан, ерекше қаһармандықпен қолына қару алып, майдандағы күнделікті өмірдің қиындығын мойымай көтеріп, соғысқаны таңданарлық. Соның ішінде соғыстағы медициналық қызметкерлердің, санинструкторлар мен фельдшерлердің еңбектері ерекше, олар өз өмірін қауіпке тіге отырып, жаралы жауынгерлердің өмірін сақтауға тырысқан. Төбеде атылған оқ пен жердегі жарылған снарядтарға қарамастан, олар еңбектей жүріп, жаралыларды тасыған, жараларын таңған. Соғыс жылдары медицина қызметкерлерінің көп қаза табуы да сол себепті.

Соғыс тауқыметі майдангерлердің өмірінде терең із қалдырды, бірі майдан даласында мерт болса, енді бірі соғысқа денсаулығын беріп қайтты. Ұлы Отан соғысына қатысушы көптеген әйелдер Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген жоқ, тағдыр оларды Қазақстанның соғыстан кейінгі жылдары әртүрлі себептерге байланысты бұл өңірді оларға тұрақты мекеніне айналдырды. Отан, олардың үйі, ал олардың тағдыры Оңтүстік Қазақстан өңірі тағдырымен тығыз байланысты. Ұлы Отан соғысының аяқталғанына ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, соғыстың зардаптары талай шаңырақтың тағдырында өз ізін қалдырды. Қазақ даласынан майданға аттанған қаншама боздақтар туған елдің топырағынан жырақта жатқанымен қоймай, хабарсыз кетіп, жерленген жері, соғыстан кейінгі тағдыры беймәлім күйінде қалып отырған жағдайы бар. Соған қарағанда соғыстың салған ауыр жарасы қаншама отбасылардың тағдырында әлі де өз ізін қалдырары анық. Бұл мәселені өз дәрежесіне жеткізіп, анықтап зерттеу үшін тарихшылар мен мұрағат қызметкерлері ғана емес, бүгінгі күнгі тәуелсіз еліміздің өмірі үшін жандарын қиған жандардың алдында баршамыз да борыштармыз деп ойлаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия.-Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.-560 б.
- 2 Книга памяти участников Великой Отечественной войны из Южного Казахстана.-Шымкент, 2015. -976 с.
- 3 Южный Казахстан 10 май 2018 г.-1 с.
- 4 Доспанов Ж. Ерлік ескерусіз қалмауы керек.//Егемен Қазақстан. 9 мамыр 2019 жыл.- 4 б.
- 5 Оңтүстіктің ардагерлері. Шымкент: Ғасыр, 2006.-400 б.
- 6 Тарихы терең, байлығы ерен./ Құраст. Д.Тұрантегі.-Шымкент: «Ордабасы», 2008.-286 б.
- 7 Қазығұрт: кеше, бүгін, ертең. Шымкент: Жебе, 2009.120 б.

- 8 История комсомола Южного Казахстана 1921-1991 гг. Сб. архивных документов. Часть 1. Шымкент, 2009.-304 с.
- 9 Орта Азияға жол басы, Арыс-арман арнасы. Шымкент: «Жебе» баспа үйі, 2011.-144 б.
- 10 Қолжетімділік режимі: //https://www.moypolk.ru/soldier/davydova-ekaterina-petrovna
- 11 Қолжетімділік режимі: //https://www.moypolk.ru/soldier/salimova-magmura-galievna
- 12 Казахстанская правда 22 декабря 2017 года.9 стр.
- 13 Қолжетімділік достуы: <https://ru.wikipedia.org/wiki>
- 14 Касымова Б. Қазақстанның қыздары - Ұлы Отан соғысы жылдарында.- Астана, 2005.-371 б.
- 15 Халықтың өшпес ерлігі. Отан соғысы және тыл ардагерлерінің естеліктер жинағы.- Астана:Арай, 2005.-672 б.
- 16 ТО ҚСТ ММ Қ,19., Т. 11., І. 21., П. 1-3.
- 17 Шаля А.Ф. Я считаю себя счастливым человеком... //Деловой курьер. №15.-15 апреля 2009 г. - С. 5.
- 18 ТО ҚСТ ММ Қ,537., Т.13., І. 1. П.1-5.
- 19 ТО ҚСТ ММ Қ,537., Т.15., І. 1. П. 1-2.

Рысбаева Салтанат Касымкановна, тарих пәні мұғалімі

Әлихан Бөкейхан атындағы №76 ЖББОМ, Қарағанды қ., Қазақстан,
saltanat.8405@mail.ru

ӘЙЕЛДЕРДІҢ СОҒЫСТАҒЫ АХУАЛЫ: МАЙДАН ШЕБІ ЖӘНЕ ТЫЛ

Аңдатпа: Мақалада кеңес әйелдері мен қыздарының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы орны мен рөлі жайлы қарастырылған. Ұлы Отан соғысы 70 жылдан аса халық есіндегі ең маңызды тарихи оқиға болып қала береді. Аға ұрпағымыз абыроймен өткерген соғыс ахуалының шынайлығы уақытша ерекшелігіне қарамастан, осы күнге дейін өзектілігін жоғалтпады, себебі бұл оқиға қиын өмірлік жағдайларды және білудің бірден-бір үлгісі болып табылады. Соғыс ешкімді де аямады, оның құрбаны тек ерлер ғана емес, сонымен қатар әйелдер, балалар болды. Бірі ерлермен қатар қолдарына қару алып майдан шебіне кетсе, екіншілері негізгі еңбек күшінен айырылған мемлекеттің экономикасын қайта құруға, майдан шебін керек-жарақпен, азық-түлікпен қамтамасыз етуге күш жұмсады. Енді ғана мектеп бітірген бойжеткен қыздардың батырлығы, 16 сағат бойы зауыт-фабрикаларда тынымсыз еңбек еткен нәзік жандылардың жанкештілігі тарихта өшпес із қалдырды.

Түйін сөздер: әйел рөлі, Ұлы Отан соғысы, майдан шебі, тыл.

Кеңес үкіметінің ірі ғалымы және мемлекет қайраткері Н.А. Вознесенскийдің «Военная экономика СССР в период Отечественной войны» кітабының үлкен ғылыми құндылығы бар, онда Ұлы Отан соғысы жылдары халық шаруашылығында еңбек еткен әйелдердің саны жайлы, олардың білікті мамандар арасындағы үлесінің артуы, ауыл шаруашылығына жұмылдырылған әйелдер саны жайлы мәліметтер алғаш рет келтірілген. 60-70 жылдары жазылған кеңес тарихшыларының еңбектерінде бірталай құнды материалдар кездеседі. Бұл жұмыстарда соғыс кезіндегі халық шаруашылығына тартылған әйел еңбегі арқасындағы экономика мен қоғамдағы өзгерістер, әйелдердің салалар бойынша ара қатынасы, олардың өнеркәсіптегі, транспорттағы, ауыл шаруашылығындағы рөлі, кеңес патриот қыздарының еңбек және саяси белсенділігінің жарқын мысалдары орын алған.

Қазіргі таңда ғалымдар тарихи зерттеулерде соғыс кезіндегі гендерлік тарихқа, оның ішінде әйел затының майдан шебі мен күнделікті тылдағы қызметтеріне, соғыс жылдарындағы экстремалды жағдайларда аман қалу феноменіне аса көңіл бөлуде. Ғылыми еңбектері мен зерттеулерінің біраз бөлігін соғыс кезіндегі әйелдер тақырыбына арнаған отандық тарихшылар ішінде Сақтағанова З.Ғ., Бырбаева Г.Б., ресейлік

ғалымдардың зерттеулері бұл қиын-қыстау кезеңдегі әйелдердің маңыздылығын көрсетеді.

КСРО кезінде әскери қызмет тек ерлер үшін ғана емес, сонымен қатар әйел заты үшін де қадірлі борыш болған. Бұл құқық 1939 жылдың 1 қыркүйегінде КСРО Жоғарғы Кеңесінің IV сессиясында қабылданған жалпыға бірдей әскери міндет туралы Заңның 13-інші бабында жазылған. Бұл заңға сәйкес медициналық, ветеринарлық және арнайы-техникалық дайындықтары бар әйелдерді әскер мен флот қатарына алу, оған қоса оларды оқу-жаттығу жиындарына тарту құқығы Қорғаныс Халық Комиссариаты және Әскери-Теңіз Флотына берілген. Соғыс кезінде аталмыш дайындығы бар нәзік жандылар әскер қатары мен флотқа көмекші және арнайы қызмет атқару үшін шақырылуы мүмкін болған. Әскер қатарына қосылуға өтініш берген еріктілердің 50 %-ы әйелдер болған. Халқымыздың әйелдер бөлігі Ұлы Отан соғысының ауыртпалығын ерлермен қоса бірге тартқан. Әйелдер майдан шебінде дәрігер, ұшқыш, снайпер, әуе шабуылына қарсы қорғаныста, байланысшы, барлаушы, шопыр, топограф, репортер, танк жүргізуші, зеңбірекші және жаяу әскер қатарында болған. Әйелдер астыртын жұмыстарға, партизан қозғалысына белсенді қатысқан. 1941 жылдың 30 маусымында құрылған Мемлекеттік қорғаныс комитеті әуе шабуылына қарсы қорғаныста, байланыста, ішкі қорғаныста, әскери-автокөлік жолдарында қызмет атқару үшін әйелдерді мобилизациялау туралы бірқатар қаулы қабылдаған. Бірнеше комсомол мобилизациясы, оның ішінде Әскери-Теңіз Флотына, Әскери-Әуе Күштері мен байланыс әскеріне комсомол қыздарды мобилизациялау іске асырылған [1, 119 б.].

Ресми деректерге сәйкес соғысқа шамамен 490 мың әйел шақырылған. Олар ерлермен қатар соғысып, Отан үшін жанын берген, жаумен соңғы демі қалғанша шайқасқан. 1941 жылдың шілдесінде Краснодар аймағынан соғысушы әскер қатарына жіберуге 4 мыңнан аса әйел өтініш білдірген. Иванов облысынан Ұлы Отан соғысының алғашқы күндері 4 мың әйел өз еркімен майданға кеткен. Комсомол жолдамасымен Чита облысынан 4 мың және Қарағанды облысынан 10 мыңнан аса қыз қызыл әскер шебіне қосылған. Қазақстаннан майданға өз еркімен кетуге туралы түскен өтініштердің 40%-ы әйелдерден болды. Мыңдаған қазақ қыздары мен әйелдері мейірбике мен санитар мамандығын тездетіп үйренуге кірісті. Қазақ әйелдерінің өтінішімен мемлекетте соғыстың алғашқы екі айында шамамен 206 мейірбике курсы ашылып, санитарлық бірлестіктер құрылды. 200 мыңдай қыздар мен әйелдер ГСО үйірмелерінде оқыды [1, 119 б.].

Майдан шебінде әр түрлі кезеңдерде 600 мыңнан 1 миллионға дейін нәзік жандылар шайқасқан, олардың ішінде 80 мыңы офицер болған. БЛКЖО Орталық комитеті мен Осоавиахим-нің Орталық кеңесімен бірлесе отырып әйелдерге заманауи қару-жарақты игеруге, әскери тактика мен техниканы үйренуге, оларды тыл мен майдан шебінде жауларға қарсы қолдана білуге мүмкіндік беретін нақты шараларды әзірлеп, ұсынды. Бас кезінде әйелдер мен қыздарды тек санитарлық іс, байланыс және автожол қызметі секілді әскери қызметтерге ғана үйрету жоспарда болған. Осоавиахим 1942 жылы жалпы әскери дисциплиналар бойынша тек РҚК (Ресей Қызыл Крест) ұйымдарының санитарлық даярлықтан өткен 300 мың мейірбике мен санитар қыздарды оқытуды және 200 мың комсомол қыздарды шопыр мен байланысшы мамандықтарына үйретуді жоспарлаған. Алайда кеңес әйелдерінің одан да күрделі әскер мамандықтарын игере алатындығына көздері жеткен олар нәзік жандылар үйренеміз деген өзге де әскери мамандықтардың номенклаурасын кеңейтті. 1941 жылдың 1 қазанында Халықтық Қорғаныс Комиссариаты жанында құрамында қыздар да болған комсомолдық-жастар бөлімшелері құрылды. Олар минометші, зеңбірекші, мерген, байланысшы секілді т.б. мамандықтарды игере бастады. Ұлы Отан соғысы жылдары кезінде комсомолдық-жастар бөлімшелерінде өндірістен үздіксіз түрде 222 мыңнан аса жауынгер-маман әйел даярлықтан өтті [3, 35 б.]. Оның ішінде:

Кесте 1

Минометшілер	6097
--------------	------

Станокты пулеметшілер	4522
Қол пулеметшілері	7796
Атқыш автоматшілер	15290
Атқыш мергендер	102333
Жол-эксплуатациялық бөліктердің жауынгерлері	10061
Жергілікті атқыш бөлімдердің жауынгерлері	25445
байланысшылар	45509

Әскери істі тереңдетіп оқыту сигналды әскери училищелерде, қосалқы бөлімдерде, арнайы курстарда жүрді. Ол жерлерде ұшқыштарды, танкішілерді, байланысшы, барлаушы және саяси қызметкер қыздарды оқытты. Мергендерді даярлау әйелдер орталық мектебі ұрыс алаңына 1061 мерген және 407 мерген ісі жаттықтырушысын дайындаған. Бұл мектептің түлектері 11 280 аса жау солдаттары мен әскерін жойған. Мерген қыздарды дайындап шығаратын бұл мектеп Кеңес Одағында ғана емес, әлемдегі ең алғашқы мергендерді даярлау әйелдер мектебі болған.

«Снайперская война» кітабының авторы Алексей Ардашевке сенсек, Мергендерді даярлау әйелдер орталық мектебінде оқу-жаттығу жұмыстары 1945 жылдың наурыз айына дейін тоқтаусыз болған. Соғыс жылдары ішінде бұл мектептен 7 түлек қатары шыққан. Ең әйгілі мектеп түлектері қазақтың аты мәңгіге өшпес батыр қызы – Әлия Молдағұлова, Роза Шанина, Татьяна Барамзина секілді батыл қыздар болған. Татьяна Барамзина мен Әлия Молдағұлова соғыстың аяқталуына аз уақыт қалғанда көз жұмған. Олар Кеңес Одағының Батырлары атағына ие болған. Татьяна Барамзина көздерінің көруінің нашарлауына байланысты 16 жау сарбазын жойып, телофонистка болып қайта маманданған. Роза Шанина 59 гитлерліктердің көзін жойса, Әлия Молдағұлова 78 фашист солдаттары мен офицерлерін жойған.

Небәрі 17 жаста болған Әлия Молдағұлова 1942 жылдың желтоқсан айында енді ғана құрылған Мергендерді даярлау әйелдер орталық мектебінің алғашқы қабылдауына түскен. Мектеп Мәскеу астындағы Вешняки ауылында орналасқан. Мерген қыздарды тәулігіне 12 сағат дайындаған. Әлия оқу барысында толық қараңғыда жаңып тұрған темекі қалдығына дәл тиюге және бір километр қашықтықта қозғалыстағы нысананы қағып түсіруге үйренген. Алайда оған баллистика сабақтары аса қатты ұнаған: курсант қыздар үш секунд ішінде ауа температурасы, жел бағыты мен күн көзінің әсер етуін ескере отырып, оқтың қозғалыс траекториясын анықтаған. 1943 жылдың 26 шілдесінде Әлия мерген куәлігі мен «От ЦК ВЛКСМ за отличную стрельбу» нақышталған атаулы винтовкаға ие болған. 300 бітіруші ішінен тек бірнешеуі ғана мұндай жетістікпен мақтана алған. Майдан шебіндегі алғашқы екі айда Молдағұлова 32 жау сарбазын атып түсірген. Олардың саны ұлғая берген. Мерген қыз көзге көрінбей-ақ жауды жасырынған жерінен шығару үшін әр түрлі айла қолданған [4].

Соғыс кезінде ұшқыштар жасағы аса ерекше абыройға ие болған. 1941 жылдың қазан айында КСРО тарихында алғаш рет толықтай нәзік жандылардан құрылған авиациялық полк құрылған. 17 мен 22 жас аралығындағы 115 қыздан тұрған полк шайқаста өздерін тек үздік жағынан көрсеткен. Олардың ішінде ең әйгілісі 46-ншы гвардиялық түнгі бомбалау авиациялық полкі, немесе жаудың оларға берген аты «Түнгі Мыстандар» («Ночные Ведьмы») болған. Батыр қыздар ұшқан По-2 ұшағы жеңіл әрі төменгі биіктікте ұшқан және жау радары мүлдем дерлік анықтай алмаған. Ал тәсілдері өте қарапайым болған: нысана алдында олар ұшақ моторын өшіріп, дыбыссыз қалықтаған, бомба тастағаннан соң қайта ұшақ моторын іске қосып, базаға оралған. Қалықтаған ұшақтың шуы «сыпырғыштың» сыбдырына ұқсаған. Сондықтан немістер оларды «NachtHexen» («Түнгі Мыстандар»). Қыздардың батырлығы аса зор болғаны сонша, олар тіптен парашют алмаған – олардың орнын қойымша бомбамен толтырған. Сонымен қатар, олардың ұшақтарында бас кезінде көздеуші болмаған және оны өздері жасаған қыздар

тек ұшақты басқармай ғана техник, механик жұмыстарын атқарған. 1942 жылдың мамыр айында әуе полкі аға лейтенант Евдокия Бершанскаяның қолбасшылығына өтіп, алғашқы рет ұрысқа аттанған. Ұшу арасындағы үзіліс бес минуттан сегіз минутқа дейін ғана созылған. Жаз айларында кейде экипаж бір түнде 6-8 рет ұшса, қыс кезінде 10-12 рет ұшқан [5. 145-146 б.].

Полктің 23 ұшқыш қызы Кеңес Одағы Батыры атағына ие болған. «Түнгі Мыстандар» аталып кеткен кәсіпқой ұшқыш қыздардың ішінде жалғыз қазақ қызы Хиуаз Доспанова да болған. Қыздарды ұшу шеберлігіне жылдамдатып үйрететін училищеге Хиуаз штурман бөліміне түскен. Жауынгерлік тапсырманың сәтті болуы көбіне штурман мен оның дәл есептеулеріне тәуелді болған. Ұшу бағдары жерде жасалынған, алайда әуеде кез-келген жағдай орын алуы мүмкін болғандықтан, аймақ картасын – әр төбесін, көлін, жолдары мен станциясын жатқа білген. Сонымен қатар, жұлдыздарға қарап жөн табуды үйренген. Хиуаз Доспанова жаудың көзін жою үшін 300 аса рет көкке көтерілген.

Хиуаз Доспанова өз полкімен бірге Германияға дейін жеткен. Қазақ ұшқыш қызы ерлігі үшін көптеген ордендер мен медальдармен мараптталған. Қазақстан Республикасының бірінші президенті Нұрсұлтан Назарбаев Хиуаз Доспановаға «Халық Қаһарманы» атағын берген.

Ұлы Отан соғысына қатысқан нәзік жандылардан тұратын ең көп мамандар – медицина саласының қызметкерлері болған. Әскер сабында қызмет ететін барлық дәрігерлер саны 700 мыңдай болса, олардың 42%-ын әйелдер құраған, оның ішінде хирургтардың 43,4%-ы әйелдер болған. Майдан шебінде саны 2 миллионнан аса орта және кіші медицина жұмыскерлері қызмет еткен. Әйелдер (фельдшерлер, мейірбикелер, санинструкторлар) 80%-дан аса болған. Соғыс жылдары соғысушы әскерге медико-санитарлық қызмет көрсетудің үйлесімді жүйесі қалыптасқан. Далалық-әскери медицина доктринасы қабылданған. Жаралыларды эвакуациялаудың барлық кезеңдерінде – ротадан бастап ұрыстан тыс жердегі госпитальге жеткізуді жанкешті медик әйелдер өз мойындарына алған. Медицина саласындағы әйелдер барлық әскери күштерде – әуе және теңіз флоттарында, Қара теңіз флотының, Солтүстік флоттың, Каспий және Днепровск флотилиясының әскері кемелерінде, жүзгіш әскери-теңіз госпитальтар мен санитарлық пойыздарда қызмет жасаған. Олар жаяу әскермен Берлинге дейін жеткен. Атқыштар ротасының, медсанбаттардың, артиллерия батареяларының санинструктор-қыздары жараланған жауынгерлердің 70%-ына қатарға оралуына көмектескен. Жасаған ерлігі үшін 15 әйелдер-медик Кеңес Одағы батыры атағына ие болған.

Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап мемлекет басшылары халыққа ащы шындықты айтып, үндеу жолдады. Туындаған қиын жағдайды жеткізе отырып, үкімет барлық күштерді жауға қарсы жұмылдыруға шақырды. Тыл еңбеккерлері және бірінші кезекте әйелдер Қызыл әскер мен флотты қару-жарақпен, оқ-дәрімен, азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз ету үшін аянбай жұмыс жасады. Адами еңбек ресурстарының маңызды көзі болып әрдайым әйел халқы болатын, соғыс кезінде де әйел еңбегі үлкен рөл атқарды. Майдан мен тыл бірлігі Ұлы Отан соғысы жеңісінің шешуші шарты болды. Тылдың мақсаты майданды қажетті керек-жарақпен қамтамасыз ету еді. Ер адамдарды әскерге мобилизациялау жағдайында бұл мақсатқа қол жеткізу әйел затына жүктелді. Экономиканың барлық секторларында білікті ер жұмысын әйелмен алмастыру тыл жұмыскерлерінің патриоттық сезімі мен күштеп жұмылдыру әдістерімен іске асты. Мемлекеттің барлық дерлік ресурстары қорғанысқа жұмсалды. Мемлекеттік және партиялық органдардың көптеген қаулылары мен шешімдері әйел еңбегін қолдануды реттеуге бағытталған болатын. Еңбек ресурстарының алғашқы көздері болып үй шаруасындағы әйелдер болды. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, Ұлы Отан соғысы қарсаңында үй шаруасындағы әйелдер еңбекке жарамды халықтың 34%-ын құраған. Олардан бөлек жұмыс орындарына зейнеттегі әйелдер орала бастады. Сонымен қатар, жұмысқа бойжеткен қыздарда кіріскен. Осылайша, майданға кеткен ерлердің еңбегін үй шаруасындағы әйелдер, зейнеткерлер және бойжеткен қыздар алмастырған.

Халықтың жұмысын реттейтін маңызды шешімдер – КСРО-ның Жоғары Кеңес Президиумының «Соғыс уақыты кезінде жұмысқа жарамды қала халқын өнеркәсіп пен құрылыста жұмыс жасауға жұмылдыру туралы» Қаулысы, Халық Комиссарлар Кеңесінің «Жұмысқа жарамды қала және ауыл халқын колхоздар мен совхоздарға және машина-трактор станцияларына ауыл шаруашылығында жұмыс жасауға жұмылдыру тәртібі туралы» Қаулысы. Еңбекке жұмылдырудан жалтарғандар қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

КСРО-ның Жоғары Кеңес Президиумымен 1941 жылдың 26 маусымында қабылданған «Жұмыс уақыты туралы» Қаулыда кәсіпорын директорларына күніне 3 сағатқа дейін қосымша жұмыс уақытын бекітуге мүмкіндік туған. Соғыс жылдарындағы ең қатал қаулылардың бірі болып соғыс уақытында кәсіпорынның барлық жұмыскерлері мен қызметкерлері мобилизацияланғандығы туралы КСРО-ның Жоғары Кеңес Президиумы 41 жылдың 26 желтоқсанында қабылдаған Қаулысы еді. Бұл қаулыға сәйкес, еңбек тәртібін бұзғандар 5 жылдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Бұл шаралар өте қатігез болғанымен, өнеркәсіпте тәртіпке қол жеткізіп, еңбек дисциплинасының күшеюіне әкелді.

Әйел еңбегін пайдалану кадрлар құрамының ара қатынасы мен санын өзгертті. Осылайша, бір жағынан партиялық, мемлекеттік, профсоюздік ұйымдардың, екінші жағынан әйелдердің еңбектегі ерліктері мен жоғары патриоттық сезімдері арқасында соғыстың бастапқы кезеңдерінде жұмыс кадрларының қайта құру мәселелері шешілді [6, 64 б].

Әйел соғыс уақытында экономиканың ажырамас бөлігі болған – жұмыскерлердің 2/3-сі, ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің 3/4-і әйелдер еді. Нақтырақ айтқанда, Ұлы Отан Соғысының алғашқы жылдары кезінде 19 миллион әйел адам ауыл шаруашылығында жұмылдырылған. Бұл дегеніміз мемлекет пен әскерді азық-түлікпен қамтамасыз етумен байланысты барлық дерлік ауыртпашылық әйелдердің мойнына артылған. Соғыстың алғашқы сағаттарынан бастап, соңына дейін ер және әйел мамандығы деген еңбекті бөлу тоқтап, қайсар еңбекқор апалар, әпкелер, бойжеткен қыздар жер жыртып, бидай еккен, шөп тиеген, дәнекерлеуші және орман кесуші болып еңбек еткен.

Кеңес Одағының территориясын басып алу концлагерьлерді құрумен қатар жүргізілді. Кеңес азаматтарын жаппай қыру (еврейлер сияқты) ұлтшылдық тәртіптің идеологиялық догмасы болып табылды. 1941 жылы тұтқынға түскен 3,4 млн. кеңес жауынгерлері мен офицерлерінің 2 млн. жуығы қырылды [4]. Басқа дерек бойынша 1941 жылдың аяғында немістер 3,9 млн. кеңес жауынгерін тұтқындаса, 1942 жылдың ақпанында солардың бір миллионы ғана тірі қалды. Вермахтың бөлімшелерінде және полицияда қызмет жасауға келіскендер саны 280 мың болса, қалған 2,6 миллионы өлгендердің тізімінде болды [5]. Тұтқынға түскен жауынгерлердің әрбір 5-сі ғана соғыстың аяғына дейін жеткен [6]. Соғыстың алғашқы 6 айында 5 миллион адамның 3 миллион іс-түссіз жоғалды [7].

Соғыстың тұтқиылдан басталуы, жаудың әскери күш-қуатының басымдылығы, кеңестік әскери қолбасшылықтың қателіктері және де қару-жарактың жетіспеушілігі мен білікті қолбасшыларымыздың жазықсыз репрессияға ұшырауынан соғыстың алғашқы жылдарында фашистерден ойсырап жеңілгеніміз тарихи шындық. Жоғарыда айтып өткендей, соғыстың алғашқы айларында 3,4 миллион кеңес жауынгерлері мен офицерлері тұтқынға түсті. Ал осы тұтқынға түскендерді «сатқындар» қатарына қосу дұрыс па еді!?

Тұтқынға түскендердің жағдайы қандай болғанын бізге айтып жеткізу қиын. Басқа мемлекеттердің тұтқындары Женева, Гаага конвенциясының шешіміне сәйкес Халықаралық Қызыл Крест арқылы өз елдерінен киім-кешек, азық-түлік алып отырды. Ал Сталин болса тұтқынға түскендерді Отанын сатқан опасыздар деп айыптап, көмек беруден бас тартты. Соғыс аяқталғаннан кейін Одақтастар тұтқында болған өз отандастарын жаңа киіммен қамтамасыз етіп, медициналық көмек көрсетіп, үлкен құрметпен ұшақтар, купелі вагондармен елдеріне қайтарды. Әскери шендерін жоғарылатып, өтемақы төледі. Ал кеңес тұтқындары елге оралғаннан кейін үстерінен іс қозғалып, айдауға жіберілді. Шындығына келгенде - тұтқынға түсу де әскери маневр. Тұтқынға түсу – өмір сүруді жалғастырудың соңғы мүмкіндігі. Оның өзі жауға қарсы күресті жалғастыру деген сөз.

Гитлер соғыстың бастапқы кезеңінде кеңес тұтқындарынан кеңес үкіметіне қарсы күресетін әскери бөлімдер құру ұсыныстарын мүлдем қабылдамады. Дегенмен, майдандағы неміс әскерлері үшін қолайсыз жағдайлар Гитлерді ойландыра бастады. Аз ұлттардың тұтқындарынан «болшевиктерден және орыстардан азат ету» ұранымен «легиондар» құру жөнінде шешім қабылданды. Сөйтіп, бірте-бірте көптеген жаяу әскерлерден, құрылыс батальондарынан, атты эскадрондардан «шығыстық» құрылымдар пайда болды. 1941 жылдың желтоқсанында Кавказ мұсылман легионы, грузин және армян легиондары ұйымдастырылды. Олармен бірге орыс казактары мен қалмақтар да өз бөлімдерін, ұлттық комитеттерін құрып, Розенбергтің Шығыс министрлігімен ұдайы байланыс жасап тұрды. Бұлардың ішіндегі ең ірісі – генерал Власов басқарған «Ресей халықтарын азат ету комитеті» болатын. Легиондардан ұлттық конгресстер өткізіліп, өздерінің үкіметтерін құруға дейін сөз болды. Әрбір легионның ұлттық жалауы, айырым белгілері болды, киімдеріне дейін бір біріне ұқсамайтын. Гитлердің бұйрығы бойынша әрбір ұлттық құрылым батальон құрамынан аспауға және неміс дивизияларымен барлық уақытта тұрақты байланыс жасап тұруға тиісті болды. Батальондар герман әскери барлау жетекшісі адмирал Канаристің басшылығымен қимылдады.

Кейбір тарихшылар 1941 жылдың күзінде Польша лагерлерінде 132 мыңдай азиаттардың болғанын, ал 1942 жылдың көктемінде олардың 22 мыңдайы ғана қалып, өзгелерді қаза тапқанын айтады. Мысалы, Честохова (Czestohowa) лагерінде 1941 жылдың күзінде 32 мың түркістандық тұтқын болған, 1942 жылдың көктемінде аштықтан, азаптан, аурудан қырылуы салдарынан олардың 262-сі ғана тірі қалған [8]. Бұл фашистердің азиаттарға аса мейірімсіз қатал саясат жүргізгенінің айғағы болып табылады.

1942 жылы сәуірдің аяғында Легиново қалашығындағы лагерьде тұтқындарды лагерь алаңына сапқа тұрғызып, олардан ештеңе сұрап жатпай «Бүгіннен бастап сіздер «Түркістан легионына» қызмет етуге бірің қалмай тіркелесіңдер», - деп бұйырды.

Саптағылардың алдында мұсылман комитетінің «көсемі» Уали Каюм таныстырылды. Ол өзін Орта Азияның «фюрері» деп жариялады.

Сол жиында неміс әскерінің капитаны Эрник тұтқындағыларды Түркістан легионының жауынгерлері деп жариялады.

Түркістан легионы Варшавадан 18 шақырым жердегі Легионово қалашығында жасақталды. Құрамында өзбектер, қазақтар, қырғыздар, қарақалпақтар және басқа ұлттар болды. Гитлершілдер легионды идеялық шынықтырудан өткізе бастады. Геббельс насихаты мұсылмандарды діни рухта тәрбиелеуге күш салып, Варшавадағы мұсылман мешітінен аптасына бір рет молда шақыртып тұрды. Молда арқылы бұл қасиетті соғыстың большевизмге қарсы жүргізіліп жатқандығы насихатталды. «Сіздер ұлы Түркістанды көптен күткен бостандыққа фюрердің туы астында жеткізесіздер. Алла тағала сіздерді аңсаған армандарыңа жеткізсін», - деп бата беріп, дұға оқып тұратын болды.

Бірқатар фактілер көрсеткендей, легионерлердің көпшілігі жат жұртқа қызмет көрсетуге онша ынта-ықыласы бола қойған жоқ. Мүмкіндік болса Қызыл Армия жағына өтіп, елге қалай да қайтуды қарастырғандар аз емес. Олардың соғыстан кейінгі тағдыры өте қиын болды. Елге қайтқандардың үстінен сот процестері басталып, ол бірнеше жылға созылады. Тұтқында болғандарға РСФСР ҚК 58 бабының әртүрлі тармағымен 7 жылдан 25 жылға дейін жазалау мерзімі бекітілді. Ал шет елдерде өмір сүруді жалғастырған түркістандықтардың өмір тарихы мен қызметтері әлі де толық зерттеліп біткен жоқ.

Осы кезге дейін ғалымдардың арасында 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Кеңес Одағының шығындары туралы әр түрлі пікірлер айтылып жүр. Ресей Федерациясының әскери күші әскери-мемориальдық орталығының консультанты Г.Кривошеевтың басшылығымен зерттеушілер тобы 1993 жылы берген мәліметтер Ресейдің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы шығыны туралы ресми мәліметтер болып есептеліп жүр [9]. 2001 жылғы нақтыланған мәліметтер бойынша КСРО-ның майдан даласында қайтыс болған жауынгерлерінің жалпы саны - 6,8 миллион болса, тұтқынға түскен мен із-түссіз жоғалған жауынгерлер саны – 4,4 миллион қатарында саналып отыр [9, 514-б.]. Бейбіт тұрғындарды қоса есептегенде жалпы демографиялық шығын – 26,6 млн. адамға жеткен.

1946 жылы ресми түрде әскери шығындардың алғашқы саны шықты. «Правда» газетінің тілшісімен сұхбатында И.В.Сталин «неміс басқыншылығының нәтижесінде Кеңес Одағы немістермен шайқаста, сондай-ақ неміс оккупациясының және кеңес адамдарын немістік каторгаға айдауына байланысты 7 млн-ға жуық адамынан айырылды», - деп атап көрсетті [10]. Мұрағат құжаттарының мәліметтері бойынша басып алынған территорияларда 11,3 млн. бейбіт тұрғындар жойылған. Сонымен қатар 4,9 млн. адам тұтқында қайтыс болған [11]. Н.С.Хрущевтың кезінде бұл сан «20 млн. аса» болып жоғарылады. Л.И.Брежневтың тұсында да осы «20 млн. аса» саны статистикалық баспаларда көрсетілді.

Кеңес Одағының соғыстағы шығындарын зерттеу тек қана 80-жылдардың аяқ кезінде ғана жүргізілді. 1988-1993 жж. генерал-полковник Г.Ф.Кривошеевтың басшылығымен әскери тарихшылар ұжымы мұрағат құжаттары мен басқа да материалдарға кешенді статистикалық зерттеулер жүргізді.

Ұлы Отан соғысындағы адамдар шығынының қорытынды саны (27 млн. адам) ең алғаш рет 1990 ж. 8 мамырда жеңістің 45 жылдығына арналған КСРО-ның Жоғарғы Кеңесінің салтанатты мәжілісінде жарияланды [12]. Қазіргі таңда Г.Ф.Кривошеевтың тобы берген нәтижелер ресми және сенімді болып есептелді. Себебі шығындарға қатысты құпияда сақталған құжаттарға рұқсат алған бірден-бір жұмысшы тобы осы топ болып табылды. Демек басқа тарихшылардың тиісті құжаттарға қолы жетпегендіктен, Г.Ф.Кривошеевтың тобы берген қорытындыларды бекіту немесе терістеуге олардың мүмкіндігі жоқ.

Тағы бір айта кететін жәйт, Жеңіс күні ресми түрде 1965 жылдан, яғни Жеңістің 20 жылдығын атап өтуден басталды. Ал 10 жылдық мүлде атап өтілмеді. Осы жылдары 9

мамыр күнделікті жұмыс күні болып есептелінді. Неге 20 жылдықты мерекелеуден басталды? Оның алдындағы он жылдық неге тойланбады? Неліктен басшылар соғыс шығынын жасыруға тырысты? Осы секілді сұрақтар өзінен өзі туындайды. Жауабы айтпаса да түсінікті.

Әлбетте, Ұлы Отан соғысы тақырыбын қозғаған кезде қазақстандықтардың Ұлы Жеңіске қосқан үлесі мен ерен ерліктерін ешкім де жоққа шығара алмайды. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарға, Сталинград түбіндегі, Курск иініндегі шайқастарға қатысып, Украина, Белоруссия, Қырым, Прибалтиканы азат етті.

Жазушы Илья Эренбург өзінің «Қазақтар» деген публицистикалық мақаласында тұтқынға түскен бір фашистің сөзін келтіреді: «Біз шабуылға шығып едік. Бір қоңыр түсті жауынгерлер бізге қарсы ұмтылды. Олардың қасарысып алысқандары сонша, біз шыдай алмадық. Бізде бір үрей пайда болды да, кейін шегіндік. Кейін бізбен соғысқандар қазақтар екендігін айтты. Мен бұрын мұндай халық бар екенін білмейтін едім» [13, 142 б.]. Міне, байқағанымыздай қазақтар майдан даласындағы ерліктері арқылы ұлттық рухтың асқақтығын тағы бір дәлелдеді.

Қазақстаннан 1941-1945 жж. Әскери күшке мобилизацияланғандардың жалпы саны – 1 млн. 200 мың адам болды. Тылдағы әскери өндіріске 700 мыңдай адам алынды. Олардың 200 мыңы қазақ қарттары еді. Майданнан оралмаған Қазақстандықтардың саны қазіргі дерек бойынша 600 000 адам. Бұл Қазақстан халқының 11,2%. Соғыс жылдары демографиялық өсім төмендеді. 1940 жылғы өсіммен есептегенде, соғыс жылдары 592 мың бала кем туды. Сонда Қазақстанның тура және жанама шығыны (еңбек майданынан оралмағандарды қоса есептегенде) 1.202.000 адам болып отыр. Бұл бүкіл Одақ бойынша соғыс жүрген аудандардан кейінгі көрсеткіш [14].

Қазақстандық 497 жауынгер мен офицер, оның ішінде 97 қазақ Кеңес Одағының батыры деген жоғары атаққа ие болды. Соғыс жылдарында Қазақстанда барлығы жиырмаға жуық әскери құрамалар жасақталды. Қазақстандық дивизиялар мен бригадалар Мәскеу, Ленинград, Сталинград, Курск шайқастарына қатысып, ерліктің тамаша үлгісін көрсетті. Алайда олардың тарихына қатысты қомақты еңбек қазақ тілінде әлі толық жазылған жоқ. Әрине, мұндай кең көлемдегі тарихи оқиғаны жазу үшін Ресейдің қорғаныс министрлігі мұрағатындағы құжаттарды ақтарып, көп жағдайлармен таныс болу керек. Тағы айта кететін бір мәселе, қарсыласу қозғалысына қатысқан қазақ жауынгерлерінің ерліктері мен есімдерін, жерленген жерлерін анықтау - зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі болып отыр. Ең алғаш рет осы мәселені көтерген Ұлы Отан соғысының ардагері, белгілі жазушы Қалмұқан Исабай еді. Ардагердің 2005 жылы Италиядағы Қазақстан елшілігіне Югославия халық-азаттық армиясының «орыс батальонында» соғысқан 10 қазақ жауынгерінің жерленген жерін іздестіру туралы өтініші келіп түсті. Кейін анықталғанындай, 1944 жылдың басында Югославия халық-азаттық армиясының құрамында фашистік концлагерьден қашып шығып, партизандық қозғалысқа қатысқан жауынгерлерден батальон жасақталды. Осы батальонның командирі болып Қызыл Армияның бұрынғы сержанты 23 жастағы қазақ жігіті Бейсен Райсов тағайындалды. Оның басшылығындағы батальон жауынгерлері көптеген шайқастарға қатысып, талай ерлік көрсетті. 1945 жылдың сәуірінде Италияның солтүстігінде болған шайқаста Б.Райсов басқаратын 10 қазақ жауынгері ерлікпен қаза табады. Міне, осы жауынгерлердің және де Еуропаның басқа да мемлекеттеріндегі қарсыласу қозғалысына қатысып, ерлікпен қаза тапқан қазақ жауынгерлерінің есімдерін анықтап, ерліктерін зерттеу олардың рухына көрсетілген құрмет болар еді.

1418 күн мен түнге созылған соғыстан Кеңес әскері әскери өнердің бай тәжірибесін жинақтады. Бұл тәжірибе мыңдаған кеңес адамдарының құрбандығы мен орасан зор материалдық шығын арқылы келді. Табаны күректей төрт жыл бойы ғаламат күш-қайрат көрсеткен және сұрапыл шығындарға ұшыраған біздің еліміз фашистік Германияның қуатты әскери машинасын тас-талқан етті. Төрт жыл бойы өз басының қамын ойламаған

тыл еңбеккерлері майданның талаптарын орындаудан күшін де, мүмкіндіктерін де аяған жоқ. Майдан мен тылдың бірлігі, майдандағы Кеңес әскерлерінің ерліктері тыл еңбеккерлерін рухтандырып, жеңіске деген сенімдерін нығайтты.

Міне, жеңістің 75 жылдығы да келіп жетті. Соғыстың аяқталғанына 75 жыл болса да бұл соғыстың көлеңкелі яғни қайта қарауды қажет ететін жақтары әлі де баршылық. Атап айтар болсақ олар – қоршауды бұзып шыға алмай Ресей, Украина, Белоруссия ормандарында қалған, неміс тұтқынында қаза болған жауынгерлердің есімдерін анықтау, Түркістан легионының және оның мүшелерінің қызметіне лайықты баға беру, соғыс жылдарында ерлігі белгілі-белгісіз себептерге байланысты бағаланбаған адамдарға тиісті атағын беру және т.б. Себебі тарих бізден осыны талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Великая война. Документальный фильм. 1-серия
- 2 М. Қозыбаев. Өркениет және ұлт. – А., 2001. – 50 б.
- 3 Вторая мировая война. Актуальные проблемы. – М., 1995.
- 4 Великая Отечественная война. Сб. Обзоров. – М., 1995.
- 5 Вторая мировая война. Актуальные проблемы. – М., 1995.
- 6 Полян П. Жертвы двух диктатур. Остарбайтеры и военнопленные в третьем рейхе и их репатриация. – М., 1996.
- 7 Людские потери СССР в великой Отечественной войне. – СПб., 1995.
- 8 <http://baq.kz/kk/material/355>
- 9 Россия и СССР в войнах XX века. Потери вооруженных сил: Статистическое исследование. – М., 2001.
- 10 Большевик. – 1946. – №5
- 11 Людские потери СССР в Великой Отечественной войне. – СПб., 1995.
- 12 Горбачев М.С. Уроки войны и победы // Известия 1990 г. 9 мая
- 13 М.Қозыбаев. Ақтандақтар ақиқаты. – Алматы, 1992. – 272 б.
- 14 М. Қозыбаев. Өркениет және ұлт. – А., 2001. – 54 б.

Аханов Анвар Кенжебаевич, магистрант

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан,

anuca_777@mail.ru

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘЙЕЛДЕРІ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Аңдатпа: Соғыс жылдары әйелдердің өз еріктерімен шахта, завод, рудниктерге, комбайн мен тракторларды игеру кең етек алған. Сол жылдары әйелдерді қандай да бір жағдайларда майданға кеткен ерлерді тез арада алмастыру мақсатымен өндіріс қызметтерін шұғыл түрде үйрету басталды. Осы мақсатпен әйелдерді тез арада – шофер, слесарь, токарь, машинист, басқа да мамандықтарға үйрету ұйымдастырылды. Әйелдердің өндіріс орындарында жұмыс істеулері үшін арнайы көмек ретінде қалаларда, ауыл мен колхоздарда көптеп балабақшалар ашыла бастаған.

Түйін сөздер: Ұлы Отан соғысы, Шахталар, әйелдер, МТС, тыл.

1941 жылы обком, горком, райком партияларының өткен пленумдерінде әйелдердің ролі халық шаруашылығында шешуші деген екен. Қазақ әйелдері, татар, өзбек, ұйғыр дүнген және тағы басқа бұрын өндірісте істелмеген, бірінші рет соғыс қиындықтарымен бетпе - бет соқтығысқан шығыс әйелдері үшін өте қиын болған. Олардың мойындарында қарт адамдары мен балалары болған. Нақты және жан жақты өңделген жұмыскерлерді дайындау жоспарын Қазақстанның ЦК КП(б) және СНК Каз ССР 17 шілде 1941 жылдың постановлениесінде «Өндіріс, мекемелер мен республика ұйымдарында жоғары

маманданған жұмыскер әйелдерді дайындау шаралары өткізіліп, 1941 жылдың аяғына дейін наркомат, ведомстволар мен өндіріс және мекемелер басшыларынан қысқа мерзім ішінде 37 467 адам дайындау қажет деп көрсеткен». Ең бастысы қазақ әйелдерін өндіріске тарту көзделген. Қысқа курстар мерзіміне ұстаздардың орнына арнайы инженер техниктер мен жақсы маман жұмыскерлері ұсынылған [4, 126-б.]. Негізгі мақсат майдан қорғанысы үшін өнімнің шығаруын төмендету еді. Соғыстың алғашқы күнінен мыңдаған қарағанды шахтерлері соғыс майданына аттанған, ал қарағанды қаласының алдына үлкен Орал қаласының металлургиялық пештері мен қоса Поволж қаласындағы қару өндіріс орындарын көмірмен қамтамасыз ету мідеті тұрды. Шахталар да жер астындағы майданға айналған.

Көмек көрсету үшін әйелдер қауымына жолдау жіберілген. Кеншілер жұмысы бүкіл күш – жігерді, жан – дүниенің мықтылығы әйелдерден талап етілген. Ұлы Отан соғысының басталғандығы туралы жарияланғанынан кейін бір ай өтпестен 23 шілде айында Ескі қаладағы Костенко атындағы сая – бағында шеруге жүздеген әйелдер мен қыз балалар жиналған. Ол жиналыста бұрын шахтада жұмыс істеген тәжірибелі әйелдер сөз сөйлеген. Оның бірі Жәкен Мұқанова, Костикова, Балабанова, Ищенко жолдастар сөз сөйледі. Олар әйелдерді майданға кеткен ер – азаматтардың орнын басу үшін әйелдер қауымын кен жұмыстарына шақыра бастады.

Сүйікті азаматтарынан, әкелерінен, жора – жолдастарынан, өмірдің бар қызығынан, бақытынан айрылған әйелдер ойланбастан осы жолдауды қолдай түскен. Осылай 1941 жылы тамыз айынан 1942 жылдың маусым айларыаралығында Қарағанды кен жұмыстарына мыңдаған әйел түсті. Жүздеген, мыңдаған әелдер Қарағанды бассейніндегі бірінші күндік еңбектері мен қандай да бір ауыр жұмыстарды атқаруға дайын екендіктерін іс жүзінде дәлелдеген. Күннен күнге кен орындарында әйелдердің саны өсе бастады. Олардың көбісі забойға өтіп, әйелдердің комсомол жастар ұйымын құрған. Жұмыс талғамады навалсоққыш, запальщик, шахтаның күректерімен көмір тиеген. Ал кейбіреулері одан да қиын мамандықтарды игерген. Мысалы: электровоз, врубовой машиналары. 1941 жылдың аяқ кезінде Қарағанды шахтасында 2 мыңнан астам әйел заты жұмыс атқарған. КСРО көмір өндірісінің халық комиссариатының бұйрығымен 1942 жылдың мамыр айының 6 күні шахта мамандықтарын игеру мен еңбек өнімділігінің жоғарғы дәрежесі үшін «Көмір өндірісінің халық комиссариаты социалистік жарыстарының жеңімпазы» және алғыс грамоталарымен 35 әйел марапатталынған. Олардың арасынан № 3-бис шахтасының электровозы Ақжарқын Абеуова, № 20 шахтасының электрослесарі Варвара Королева, Калинин атындағы шахтасының мотористі Алия Нурмагамбетова, № 1 шахтасының навалсоққышы Сұлубала Сағындыкова және тағы басқалары еді [1].

1942 жылдың өзінде – ақ шахтаның жалпы санынан 16% жұмыс істесе, ал 1944 жылы олардың саны 30,3% - ке жеткен.

Шахталардың құрылған навалсоққыш бригадаларының саны жыл сайын өсіп отырған. № 20 шахтаның үй шаруасындағы әйелдер Лукина, Жданова, Раева, Каримова, Ташкеева, Смагулова, Тургумбаева өздерінің навалсоққыш бригадаларын құрған. 1942 жылы наурыз айында шахтада және бассейн мекемелерінде жұмыс істеген белсенді әйелдердің жиналысы өтті. Онда 200-ге тарта стахановшы қатысқан. Жиналыста қысқа мерзім ішінде кен мамандықтарын игерген үй иесіндегілер мен мектеп оқушы қыздары қатысқан. Олар өздерінің жұмыс тәжірибелерімен бөліскен. Стахановшы Гайдышева өз сөзінде «Мен № 26 шахтасында токарь жұмысын атқарып жүргеніме 4 жыл толды. Өндіріске қолымнан келгенін барлығын істеймін. Қазір мемлекеттен дайын затты күтіп отыратын кез емес. Өзімнің нормамды 300 – 400% - ке орындап отырамын» [2].

Қуанышты сөзбен – Қарағанды Калинин шахтасының моторист – стахановшы, Қарағанды советің депутаты Нурмагамбетова, өндіріс орындарындағы біраз әйелдерінің жетістіктері деген. Біздің шахтамызда қазір 162 әйел.

Олардың 52-і бұрынғы үй шаруасындағы әйелдер. Жас мамандар еңбекте жоғарғы дәрежелі үлгі көрсеткен. Үй шаруасындағы Зада Базыбекова соғыстың алғашқы күндерінен бастап запальщик курстарына түскен. Оны сәтті аяқтап, Базыбекова өндіріс орындарындағы тәжірибелі запальщиктерді озып отырған.

Соғыс жылдары әйелдерден құралған жастар – комсомолын майдандық деп атаған. Олар шахтаны өздерінің жер асты майданы деп атаған. Киров атындағы Полохова бригадасы, № 18 Демина шахтасы, № 19-бис шахтасынан Воронина, № 31 шахтасынан Пирожкова, № 26-бис шахтасынан Крюкова, № 6 шахтасынан Чеснокова, № 1 шахтасынан Сагындыкова, № 49 шахтасынан Козлова мен Соколова тапсырмасын 150% және оданда көп пайызға орындап отырған [2, 59-б.].

Қайсарлықпен Ж. Мұқанова, К. Құлжанова, А. Литовская, Т. Кораблевалар ауысымдық нормаларын 200-ден % аса орындап отырған. Өндірістің көптеген орындарында орыс әйелдерімен қоса қазақ әйелдері де белсенділікпен еңбек етіп отырған. Оларда қалыспай жақсы деңгейде жұмыстарын тапсырып отырған. Мұқанова Жәкен Еңбектің Қызыл Даңқымен марапатталған. Басқадай мыңдаған әйелдер сияқты № 1 шахтасында Бижамал Омарова откатчица болып жұмыс істеген. Соғыстан кейін моторист, жиырма жылдан астам № 12-бис шахтасында көтергіш машинасында жұмыс істеген [3, 100-б.]. 1960 жылы «Социалистік еңбек батыры» деген жоғары атақты иеленген. Ол ерінің, әкелерінің, ағаларының Ұлы Отан соғысы жылдарында орнын басқан бүкіл әйелдердің үлгі тұтары болды.

Қарағанды әйелдері теміржол вагондарына белсенділікпен көмір тиеген. Бұл жұмыс уақытынан тыс істелетін. Соғыс ұзаққа созылды, қатыгез және қанды болды. Шахтада құрылған әйелдер кеңесі майданда қайтыс болған азаматтардың жанұяларына жылы киім, азық – түлік, балалар үйіндегі балаларға ақшалай, майданға, санитарлы самолеттердің құрылысы үшін үлестерін көмекпен көрсеткен «Қарағанды әйелдері».

1942 жылдан бастап Қарағанды бассейнінде Лавалар мен забойларда жекелеп оқыту кең өріс алған. Ондай жұмыстар тәжірибелі шахта жұмыскерлеріне 2 – 3 адамнан тіркеліп отырған. Забойщик пен бұрғылаушы үшін бір ай, навалсоққыш және басқа да жер асты жұмыскерлері үшін – 15 күн. Осы жолмен № 31 шахта горняктары 1942 жылдың ортасына дейін 223 әйелдерді оқытып шығарып, олардың ішінен забойларда 103 әйелдер істеген. Әйелдер жер асты көліктерінде, электроподстанция кезекшілері, моторист, машинист, электровоз машинисттері, Лава машинисттері, лава слесарьлары болып жұмыстарын атқарып жүрген. Үш ай жекелеп оқытудың арқасында 26 навалсоққыш, 2 бұрғылаушы, 12 проходчик, 3 врубомашинист дайындалып шығарылған [4, 89-б.].

Сөйтіп Ұлы Отан соғысының алғашқы қиын – қыстау кезеңдерінен бастап әйелдер өндіріс орындарындағы негізгі күші болып, тылдағы ауыр, қажырлы еңбекті орындап шыққан.

Өндіріске бірінші рет келген әйелдер Отанына деген ыстық мейір – махаббатының арқасында машина құрал – жабдықтарын тез игеріп, бүкіл қиындықтарды өтуге көмектескен.

Ұлы Отан соғысы жылдарында көптеген социалистік жарыстардың арасынан кен етек алған тракторист әйелдердің жарысы және әйелдердің трактор бригадалары. Қарағандылық Овчарова Е.А: МТС «Ударная» әйелдер трактор бригадасы құрамындағы 8 әйел бар 4 трактор екі аптаның ішінде 1942 жылдың мамыр айында 951 кг жанар майын үнемдеп, жоспар көрсеткішін 187 га асып, 234 га жетіп жоспарды асқан. Бес алғыс хаттың біреуін Қарағандылық трактор бригадасы жеңіп алған [2, 61б.].

1943 жылы шілде айында Қарағанды қаласында 87 жиналыс өткізіліп, оған 7546 әйелдер қатысқан. 1943 жылы қыркүйек айында Қарағанды облысында 468 әйелдер кеңесі құрылып, 66- шахтада, мекемелерде -60, қалғандары – МТС-тер мен совхоздарда қалыптасқан. Қарағанды шахталарында әйелдер советі мықты күшке айналған. Қарағанды әйелдері 1943 жылы горняктарға көмек ретінде соцміндеттерін атқаруға көмектескен. Бес ай бойы әйелдер 1737 шаршы метр орман мен 21 вагон кірпіштерді түсірген. Осы

аралықта патриот қарағандылық әйелдеріміз 21 929 тонна көмір түсіріскен. № 33/34 шахталарында 50-ге жуық үй шаруасында отырған күнделікті горняктарға қол ұштарын беріп тұрған. Тек қана 1943 жылы олар 4000 тонна жанармайын түсіріскен [5, 241б.].

Қарағанды бассейнінің әйелдер кеңесі әйелдерді өндіріс орындарына шақыру жұмыстарын ғана жасап қоймай, сондай – ақ оларды жатақханалардағы, бала – бақша, сәби үйіндегі жөндеу жұмыстарына, асханалардағы, магазиндердегі жинастыру жұмыстарына, босатылған аудандарға көмек көрсету қоғамдық жұмыстарын жүргізген. № 18 шахтаның әйелдер кеңесінің қолдауы арқылы қалалық кеңес депутаты Смагулованың басшылығымен 1943 жылы әйелдердің күшімен қысқа мерзім аралығында бала – бақша мекемелері, асхана, 18 жатақхана жөндеу жұмыстарынан өтіп, 35 әйел әрбірі он күннен жеміс жинау жұмыстарына қатысып, олармен вагон жемістері түсірілген.

Соцжарыстарында үй шаруашылығындағы әйелдер горняктардың әйелдері қосылған. Горбачева атындағы қоғамдық - әйелдері үйде отырған әйелдерге және шахтерлерді жатақхана, асханадағы, жұмыс поселкелерін горняктардың еңбектері өнімділігінің артуы үшін оларға көмек ретінде жұмыстар жасауға шақырды. Бұған бәрі бір дауыспен көмектесуге бел буды. № 20 шахта горняктарының әйелдері 1943 жылдың өзінде – ақ 11 жатақхананы әктеп, жөндеп, шахтерлардың киімдерін жуып, үтіктеп берген. Бұның бәрі шахтерлердің жұмыс белсенділігінің арту мақсатымен жасалғаны ғой.

Қарағандылық көмір бассейнінде үй шаруашылығындағы әйелдер ер азаматтардың мамандықтарын игеру қарқынмен жүре бастады. 1943 жылдың маусым айынан бастап бассейнде 214 навалсоққыш, 97 запальщик, 39 машинист электровоз жұмыс істеген. Бұрын үйде отырып, кейін жұмысқа шыққан горняк әйелдері еңбек өнімділігінің жоғары болуы үшін қолынан келгенін жасап отырған. 1943 жылы қыркүйек айындағы № 1 шахта жұмыскері Сагындыкова бұрғылаушы квалификациясын алып, өзінің еңбек нәтижесін 140 – 160% орындалуына қол жеткізген. Шахтаның өндіріс орындарындағы белсенді қатысқан 4,4 үй шаруасындағы, оның ішіндегі 15-і навалсоққыш болып жұмыс істеген. 1944 жылы тамыз айында белсенді әйелдер қалалық өткізілген жиналыстарда үлгі етілген. Олар арнайы грамоталар мен бағалы сыйлықтармен Ким, Ибраева, Кологорова, Миннко, Рахматуллина, Малышева және тағы басқалары марапатталынған [6, 126 б.].

Қарағандылық әйелдердің қосқан үлестерімен бірге Минск қаласында детдомның құрылуына 15 000 руб. Жиналып берілген. Қоғамшыл – патриот әйелдер шахтаның алға шығуына қолдан келгенін бәрін жасап отырды. Әрдайым көптеген ер азаматтардың жұмыстарын атқарған. Кейде көмек күштері қажет болып отыратын. Сонда әйелдер кеңесі арнайы көмір өңдейтін бригадалар ұйымдастырған. Үй шаруасында отырған әйелдер қодарына күрек ұстап, шахтаға аттанған. Мысалы, 1945 жылдың қаңтары мен ақпан аралығында белсенділердің үлесімен 850 тонна көмір табылып, 500 тоннасы теміржол вагондарына тиелген, 3125 м³ кесілген ағаштарды түсірген [7, 130 б.].

Жылдан жылға қоғамдық әйелдер 1944 жылы Қарағандыда 764 әйел болса, 1945 жылы олар 1768 –ге, ал жылдың аяғына қарай – 2035-ке жеткен [8, 109 б.].

Қарағандылық әйелдердің шахтадағы еңбектерін Республика басшылары жоғары бағалаған. 1944 жылдың қыркүйек айында Қазақ ССР Жоғарғы Кеңес президиумының грамоталарымен 25 әйел, бағалы сыйлықтармен – 15 әйел марапатталған еді [8, 180 б.].

Республиканың қалалық, облыстық, партиялық Ұйымдарында біраз әйелдер жұмыс істеген. Мысалы, 1943 жылы Қарағандының порторганизациялары 2 жыл ішінде партияның басшылық және кеңестік жұмыстарына 1710 әйел, оның ішіндегісі 374 қазақ әйелдері [9, 98 б.].

Ұлы Отан соғысы жылдарында өзінің үлкен ұйымдастырушылық қабілетін коммунистка Н.Г. Патранина көрсете отырып, 1941 жылдың қыркүйек айында Қарағанды нан комбинатының директоры етіп сайланған. Сол жылдары комбинат өзінің тапсырмаларын атқара алмай жүрген еді. Патранинаның жұмыс атқарған кезінен бастап комбинат мемлекеттік тапсырмаларды асыра орындап, үздіксіз майдан мен тылды көтеген өнімдермен үздіксіз қамтамасыз етіп отырған.

Ұлы Отан соғысы жылдары комбинат үнемі жеңімпаздарға ауысымдық Наркоматтың қызыл алауын иеленген. Патранина үздіксіз, ауысымдықсыз 14 жыл жұмысын басқарып өткен. Патранина «Еңбектегі ерлігі» мен «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін 1941-1945 ж.» ЖазССР Жоғарғы Кеңес Президиумының алғыс грамотасымен, «КСРО-дегі тамақ өндірісінің үздігі» значогымен марапатталынған

1943 жылдың наурыз айында Киров атындағы шахтасында әйелдерден құрылған жастар – комсомол 12 қыздан құралған навалсоққыш бригадасы құрылған. 19 жастағы Коровина бригадир болып тағайындалған. Мамыр айында өткен жарыстарда Коровина бригадасы сәуір айының тапсырмасын 127 %- ке орындап, кезекпен берілетін қызыл алауды жеңіп алған [10, 115 б.].

1944 жылы XII ВЦСПС пленумының бұйрығымен шахта мен өндіріс орындарында мамандық бойынша жарыстар 19 448 адамды қамтыған.

1944 жылдың өткен осы жарыстарына белсенділік танытқан горняк әйелдері үлгілі еңбек өнімділігін беруді көрсете білген. Солардың бірі Кирова атындағы шахтасының запальщицасы Жамал Сейсенова қоғамдық жұмыстарға ғана қатысып қоймай, еңбекте үлгі көрсете білген. Осы шахтада тағы бір навалсоққыш Анна Полохованың басқаруымен комсомол бригадасы жұмыс істеген. 1944 жылы бригада қалаға 1587 тоннасын жоспардан артық 104,5%- ке орындаған [11, 70 б.]. Олар осы қарқынды тоқтатқан емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Тутинова Н.Е. Қазақстан тарихындағы Ұлы Отан Соғысындағы қарағандылық тар: Оқу құралы – Қарағанды: ҚҚЭУ, 2014. – Б. 91.
- 2 Құлиев Ж. Ұлы жеңістің құны қанша? // Ана тілі. -2004.-6 мамыр. №9
- 3 Абишев Г. Казахстан в Великой Отечественной войне (1941 – 1945гг.). – Алматы, 1959
- 4 Лукпан Ж. Трудовые подвиги женщин Казахстана в годы Великой Отечественной войны. – Алма – Ата, 1960
- 5 Басин В.Я. Тяжелая промышленность Казахстана в Великой Отечественной войне. Алма – Ата, 1965
- 6 Қозыбаев М. Қ. Тарих зердесі (Заман асуы). 1-кітап. – Алматы, 1998
- 7 Козыбаев М. К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. Т. 2. – Алматы, 2000
- 8 Козыбаев М. К. Казахстан арсенал фронта. – Алматы, 1970
- 9 Новиков В.Я. Шахтерская слава Казахстана. 2004
- 10 Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия. – Алматы, 2006
- 11 Жакупова М.А. Тыловые эвакуогоспитали Казахстана и республик Средней Азии (САРВО) в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.). – Астана, 2005.

Бабырбек Акерке Мұхамбетжанқызы, магистрант,

Абдрахманова Қымбат Казалиевна, т.ғ.к., доцент

Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан,

akerke_kz9595@mail.ru

1941-1945 ЖЖ. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАРЫНЫҢ ТҰРМЫСТЫҚ- ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ МҰРАҒАТ МАТЕРИАЛДАРЫНДА

Аңдатпа: Қазіргі уақытта тарихи зерттеулерде ғалымдар Ұлы Отан соғысы жылдарындағы балалардың күнделікті өмір мәселелерін зерттеуге қызығушылық таныта бастады. Мақалада Орталық Қазақстан балаларының соғыс жылдарындағы тұрмыстық-әлеуметтік жағдайы зерттеледі. Архив құжаттары, ардагерлердің естеліктері және жарық көрген мемуарлар негізінде автор сол кезеңдегі балалардың өмір тарихына талдау жасай отырып, олардың тұрмыстық өмірін, балалар еңбегінің, тамақтанудың, балаларды қорғаудың мәселелерін сипаттайды. Сонымен қатар

олардың 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Жеңіске жетуге қосқан өлшеусіз үлестерін баяндайды.

Түйін сөздер: Ұлы Отан соғысы, Қазақстан, Орталық Қазақстан, тұрмыстық-әлеуметтік жағдайы, күнделікті өмір, балалардың тарихы.

Ұлы Отан соғысының басталуы қазақстандықтардың өміріне үлкен өзгерісін алып келді. Республикада алғашқы күндерден бастап гитлерлік агрессор жұмыстарына қаражат жинастыру және күш жұмылдыру жағынан үлкен жұмыстар атқарыла бастады. Барлық мемлекеттің өмірі әскери күште: «Смерть немецким оккупантам», «Все для фронта, все для победы!» болды.

Еңбек жұмысының негізгі күші фронттағы ересек балалар және тыл жұмыстарына қатысқан жасөспірімдер еді. Олар фронтқа астық жеткізу үшін таңнан ерте тұрып, қару-жарақ жасау үшін шахтыға түсіп, колхоздардың астық алу жұмыстарына, поляда көкеністер өсіру жұмыстарына, соғыс уақытында жараланған солдаттарға, ауру қарияларға көмектескен.

1942 ж. 21 мамырда КСРО СНК "кәсіпорындарда жеке және бригадалық оқушыны ұйымдастыру туралы" қаулысын қабылдады-14 жасқа толған жасөспірімдерде кейіннен жұмысқа орналастыра отырып, оқушылар ретінде кәсіпорындарға қабылданды.

Оқу мерзімі бір айдан үш айға дейін белгіленді, бірақ зауыттарда жұмыс істеу үшін көптеген балалар көбінесе 12-13 жаста бастаған.

Олар танк қозғалтқыштары мен артиллериялық қондырғылар үшін бөлшектер жасаумен, жарылғыштардың металдық қаптамаларын дайындаумен айналысты, теміржол көліктерінде жұмыс атқарды, әскери мундирлер тікті.

Қарағанды облысының статистика басқармасының мәліметі бойынша 1945 жылдың 1 қаңтарына көмір өнеркәсібі кәсіпорындарында 14 жасқа дейінгі 140 бала және 15 жасқа дейінгі 650 жасөспірім жұмыс істеді, металлургия өндірісіне 15 жасқа дейінгі 200-ден астам бала тартылды [1].

КСРО ХКК және ВКП ОК(1942 ж. 13 сәуірдегі "қалалар мен ауылдық жерлердің еңбекке қабілетті халқын колхоздарға, совхоздарға және МТС ауыл шаруашылық жұмыстарына жұмылдыру тәртібі туралы" қаулысымен толық емес орта және орта қала мектептерінің 6-10 сынып оқушысы, техникумдар мен жоғары оқу орындарының студенттері колхоздарда, совхоздарда және МТС жұмысқа тартылды [2, с. 42-45,].

Жұмыс күнінің ұзақтығы олардың жасына және жұмыс сипатына байланысты алты сағаттан сегіз сағатқа дейін белгіленген.

12 жастан 16 жасқа дейінгі Колхозшылар отбасы мүшелерінің жасөспірімдері үшін жылына кемінде 50 күн еңбек етудің міндетті минимумы белгіленді.

Қарағанды облысында жоғары сынып оқушыларынан басқа, ауыл шаруашылық жұмыстарына 3-4 сынып оқушылары да тартылды. Қазақстан ЛКЖО Қарағанды облыстық комитетінің мәліметтері бойынша 1943 жылы ауыл шаруашылық жұмыстарына 8901 оқушы, 505 мұғалім қатысты. Олар 645679 еңбек күнін өтеген [3].

Республиканың мектеп отрядтары ауыл шаруашылық жұмыстарына қатыса отырып, сіз 7122444 еңбек күнін жұмыс істеп, 342800 рубль жинаған, пионерлер мен оқушылар жинаған масақтардың ішінен 9346 центнер астық тартылған.

Оқушылар далада еңбек етіп қана қоймай, колхозшылар арасында үлкен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

БЛКЖО Орталық Комитетінің қаулысын және ҚазКСР Наркомпросының 1942 жылғы 10 маусымдағы хатын орындау үшін мектептер мен балалар мекемелері жабайы жемістер, дәрілік өсімдіктер мен саңырауқұлақтарды мемлекеттік жинауға және тапсыруға тартылды. Жиынға 8 жастан бастап балалар қатысты, бүлдіршіндер ата-аналарымен шықты. Мысалы, тек 1943 жылдың жаз мезгілінде ғана қарағандылық оқушылар мемлекетке 316 киллограмм дәрі-дәрмектік шөп жинады, ал жалпы республика бойынша 1944 жылы жабайы өсетін шикі заттарды жинау мен дайындау кезінде 10000-

нан астам пионерлер мен оқушылар жұмыс істеді, 41 туристік лагерь ұйымдастырылды. Олар 4000 тоннадан астам дәрілік-техникалық шикізат дайындады [4].

1941 жылдың тамыз айынан бастап, Қарағандыда Отан қорғау қорына Бүкілодақтық комсомол-жастар жексенбіліктері, 1942 жылдың қараша айында "Пионерлер-фронту!" ұранымен Бүкілодақтық жексенбілік ұйымдастырылды.

Пионерлер мен оқушылар металл сынықтарын жинап, көшелер мен теміржол жолдарын қардан тазартты, көмір тиеді, нан масақтары мен дәрі-дәрмек өсімдіктерін жинады, госпитальдарда концерттерге қатысып, майдангерлердің отбасыларына көмектесті. Ұлы Отан соғысының алғашқы айларында облысқа үш жексенбілік өткізілді, нәтижесінде еліміздің қорғаныс қорына 828346 руб. 19 тиын берілді.

1943 жылы республика бойынша "Қазақстан Комсомолец" су асты қайығының құрылысына 23086604 рубль жиналды, 10 азық-түлік сыйлықтарының вагондары, 9646 жылы заттар жиналып, майданға жіберілді, жеке шаруашылықтардан 2234 бас мал, 4232 бас құс тапсырылды, майдангерлердің балаларына көмек көрсету қорына 451350 руб. жиналды. Қарағанды облысының комсомолдары мен жастары сабақтан тыс уақытта 130500 тонна көмір, 21000 тонна кен, 20 тонна мыс өндірді [5].

Бүкіл елде, сондай-ақ Қарағанды облысында соғыстың алғашқы күндері жаппай тимуршылар қозғалысы орын алды. Тимуршылар майдангерлердің отбасыларына отын дайындауға, бақшаларды өндеуге, балаларды күтуге көмектесті. сондай-ақ, олар тыл госпитальдарына қамқорлық жасады, жараланған солдаттарға газеттер, журналдар мен кітаптар оқыды, өз күшімен концерт қойды. 1944 жылдың соңында облысқа 138 тимурлық команда құрылды, онда 12680 тимуршылар болды. Тимуршылар командалары мен отрядтары мектептерде, балалар үйлерінде, пионерлер үйлерінде және басқа да мектептен тыс мекемелерде жұмыс істеді [6].

Ұлы Отан соғысының басталуымен Қарағанды облысына эвакуациялау бойынша 22000 - нан астам ұлт өкілдері келді: украиндар, белорустар, поляктар және т.б. эвакуацияланған адамдар арасында мектеп жасындағы балалар болды. Қарағанды облыстық атқару комитеті 1942-1945 жылдар аралығында ана тілінде оқытатын мектептер ашу туралы бірқатар қаулы шығарды, мысалы, украин, поляк тілдерінде.

Ата-аналарымен бірге көшірілген балалардан басқа Қарағанды облысында эвакуацияланған балалар үйлерінің тәрбиеленушілері орналастырылды. Тек Компаней балалар үйіне үш украин үйінің балалары қоныстанды. Бұдан басқа, балалар үйінің көшірілген тәрбиеленушілері Қарағанды облысының Осакаров және Қарқаралы аудандарының балалар үйлерінде, ал саңырау балалар үшін Харьков мектеп-интернатының оқушылары Қарағанды қаласының Сталин ауданында қоныстанды.

Ата-анасыз қалған балалардың тағдыры мемлекеттік ауқымдағы мәселеге айналды. КСРО Халық Комиссарларының Кеңесі 1942 жылдың 23 қаңтары "Ата - анасыз қалған балаларды орналастыру туралы" арнайы қаулыны қабылдады.

14 және одан жоғары жастағы балаларды ФЗО мектептеріне, қолөнер және темір жол училищелеріне оқуға жіберді; өнеркәсіпте немесе ауыл шаруашылығында жұмысқа орналастырылды, үш жасқа дейінгі балаларды дереу медициналық мекемелерге жіберілді. Қаулы тармақтарының бірінде "жұмысшылар, қызметшілер және колхозшылар отбасыларында балаларды кеңінен орналастыру" ұсынылды [7].

Ұлы Отан соғыс ыжылдары балаларға аналық қамқорлық жұмыстары жүргізілуі тоқтатылған жоқ. Балаларды емдеу санаториясы, профилактикалар соғыс уақытында жұмыс атқарды.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қарағанды облысында балаларға арналған мекемелерде өсті, 1940 жылы балаларға арналған балабақша 48 болса, төсектер 2018, ал 1944 жылы-64 балабақша 3335 орынға өскен. Мезгілдік балалбаушалар, балаларға арналған кеңес беру орындары, асханалар, балаларға арналған асханалар саны көбейген.

1944 жылы Қарағанды облысында 67 балабақшалар жұмыс істесе, 6000 балаға қызмет істеген, , 1562 балалар орналасқан 3 жетім балалар үйі, 30 балаға арналған 30 балалар үйі ашылған. Облыста 374 мектепте 40000 аса балалар білім алған.

Қиын қыстау заманда соғыс балалары үлкендермен бірге жұмыс істеп өмір сүрген. Заводта, поляда, шахтада, госпиталдарда жеңіл жұмыстарға көмектескен. Оқу мен жұмысты қатар алып жүрген 111 карағандылық оқушыларға ЦК ЛКСМК және КазССР Наркоматтың грамоталармен марапаттаған [8].

Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздеген қала мен елді мекендерді тып-типыл етті. Сөйтіп соғыс әр үйге, әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының тарихындағы қасіретті бет қана емес, сонымен қатар ол халықтарымыздың теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр-қайратының, бірлігінің дәлелі еді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады. Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақ балаларының қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 ҚОММ Қ.596. Т.5. І.29. П.6.
- 2 Абишев Г. Казахстан в Великой Отечественной Войне. 1941-1945. – Алма-Ата, 1958. – 330 с.
- 3 ҚОММ. Қ.22 п. Т.1. І.509. П. 19.
- 4 ҚОММ. Қ. 22п. Т. 1. І. 478. П. 26-27.
- 5 ҚОММ. Қ. 717. Т. 2. І. 162. П. 36-37.
- 6 ҚОММ. Қ. 1п. Т. 1. І. 116. П. 104-107.
- 7 Справочник по законодательству для прокурорских работников. Том-3 – М., 1949. – С. 324-325.
- 8 ҚОММ. Қ. 664. Т. 1. І. 34. П 3.

Баспакова Мадина Ералиевна, студентка,

Шапагатова Диана Дауровна, м.г.н., преподаватель

Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, г. Караганда, Казахстан,

baspakova.madina@mail.ru

ДАЛЬНЕВОСТОЧНЫЙ ФРОНТ: И ТЫЛ И ПЛАЦДАРМ В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

Аннотация: В статье рассмотрен вклад дальневосточного фронта в победу в Великой Отечественной войне. За годы ВОВ Дальний Восток подготовил большое количество военных частей и мобилизовал их на западный фронт. Предприятия Дальнего Востока и эвакуированные переквалифицировались на производство военной продукции, усовершенствовав производство и перевыполняя план. Дальневосточный фронт стал и тылом, и плацдармом для военных действий против японского вторжения с востока.

Ключевые слова: Великая Отечественная война, Дальний Восток, дальневосточный фронт, оборона, войска, вооруженные силы, тыл, производство, снабжение.

В период Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.) Дальний Восток был на особенном положении. За время войны геополитическая и военно-стратегическая расстановка сил в Азиатско-Тихоокеанском регионе и Юго-Восточной Азии вынудила

правительство страны принять значимые социально-политические, организационно-правовые и военно-экономические решения, которые были направлены на формирование в регионе мобилизационного резерва военных частей для поддержки боевой готовности.

С самых первых дней Великой Отечественной войны все части и соединения Дальневосточного военного округа были переведены в боевую готовность. Хотя и находились вдали от всех происходивших на западе страны, на советско-германском фронте сражений, его военные формирования рвались туда, где решалась судьба государства.

На самом Дальнем Востоке обстановка оставалась чрезвычайно напряженной, и в последствии тоже перешла в военные действия с Японией, одного из союзников Германии. Первоначально на территории Дальнего Востока боевые действия не велись, он был глубоким тылом для всех остальных фронтов ВОВ. Еще до войны, после ряда военных провокаций и нарушений государственной границы на востоке, в 1938 году И.В. Сталин предложил преобразовать дальневосточные войска в Дальневосточный фронт (далее – ДВФ) [1, с. 43].

Первые боевые действия на Дальнем Востоке проходили уже в августе 1938 года возле оз. Хасан. Затем в мае 1939 г. войска ДВФ остановили вторжение Квантунской армии в Монголии. Японские войска были разгромлены на тот момент возле р. Халхин-Гол.

Подписанный И.В. Сталиным договор о ненападении с Германией, позволил Дальнему Востоку быть готовым к вероятным военным действиям еще до начала ВОВ. Это позволило к середине 1941 г. в рамках ДВФ организовать несколько десятков хорошо подготовленных дивизий, и, кроме того, таких частей, как: авиационные, танковые и артиллерийские. Личный состав включал 704 тыс. человек. Дальневосточным фронтом на тот момент командовал генерал-полковник Апанасенко И.Р. [1, с. 44]

Дальний Восток стал кузницей резервов для действующей западной армии. Тут создавались запасные части и соединения, проходили обучение призывники, помимо этого подготавливались инженерные, командные и политические кадры. На территории Дальнего Востока с успехом был развернут дальневосточный тыл, который был опорой для самого региона и для западного фронта войны.

Важнейшей задачей тыла было обеспечение продовольственного снабжения войск. Эту проблему удалось решить на основе развития подсобных хозяйств и военных совхозов. Уже в июле 1941 г. Военный совет фронта потребовал от командиров и тыловиков обратить внимание на их развитие и использование местных сырьевых ресурсов. В первый год войны подсобные хозяйства были созданы во всех воинских частях ДВФ. Здесь военнослужащие выращивали картофель, овощи и зерновые, разводили домашний скот. Площадь подсобных хозяйств постоянно увеличивалась. Так, в течение 1943 года их посевные площади достигли 42 217 гектаров [2, с. 66].

Значительно расширилась и улучшилась хозяйственная деятельность военных совхозов, действовали 15 армейских машиносенокосных станций. В среднем, благодаря военным совхозам и подсобным хозяйствам, дивизии каждый год войны заготавливали до 60 тыс. т. зерна [2, с. 68].

Стоит упомянуть и о появившихся в годы войны военных лесных хозяйствах. Они были организованы с целью обеспечения потребности войск в деловой древесине, дровах, угле, торфе. Военные лесхозы эффективно наладили снабжение войск вышеперечисленными природными ресурсами. На 1944 год в распоряжении военных лесхозов находилось 19 тракторов, 137 автомашин и 505 лошадей. Численность работников лесхозов в том же году составляла 2284 человека [2, с. 70].

Уделял внимание Дальневосточный фронт и гражданскому сельскому хозяйству Дальнего Востока. Тысячи военнослужащих в период весенней страды и уборки урожая работали в совхозах и колхозах. Армейские специалисты помогали селу в ремонте тракторов, комбайнов и другой сельскохозяйственной техники. Были установлены

трудовые и шефские связи воинских частей с посёлками и городами. Так, части 26 стрелкового корпуса весной и осенью помогали 18 колхозам. На колхозных полях и в мастерских в битве за урожай трудилось 1500-2000 военнослужащих [3, с. 22]. Помощь военных приобретала особую ценность, учитывая уменьшение материально-технической базы сельхоза, вызванного передачей для нужд армии части машинно-тракторного парка и прекращением поступлений новой техники. Таким образом, Дальневосточный фронт внес заметный вклад в экономическое развитие Дальнего Востока в годы ВОВ.

Помимо рассмотренной выше сельскохозяйственной деятельности, фронт принял активное участие в развитии транспортного сообщения на Дальнем Востоке. Подразделения Дальневосточного фронта принимали участие в строительстве железнодорожных путей, таких как: «Хабаровск – Ургал», «Комсомольск – Советская Гавань», а также в прокладывании нефтепровода «Оха-Комсомольск». Более 4 тысяч бойцов за лето 1942 года построили шоссейные дороги длиной 417 км, связавшие Хабаровск, Биробиджан, Бирофельд и Биджан, Богучан и Райчихинск. В следующем 1943 году военные части построили 492 км второстепенных дорог [3, с.24]. Улучшение транспортного сообщения повышало мобильность войск, позволяло более эффективно организовать продовольственное и материально-техническое снабжение.

Благодаря вышеперечисленным мерам тылового обеспечения боеготовность войск Дальневосточного фронта поддерживалась на высоком уровне. Продовольственное, материально-техническое, медицинское обеспечение в целом справилось со своими задачами. Укрепление ДВФ и Дальнего Востока соответствовало ключевым положениям советской военной доктрины, предопределяя развертывание войсковых частей на территории региона в годы ВОВ.

В свете реальной угрозы со стороны Японии на дальневосточных границах был сформирован пояс военно-стратегической безопасности, обеспечивающий стабильную оборону от потенциального вторжения противника, и кроме того, позволивший в последствии осуществить наиболее успешные наступательные действия ДВФ, ТОФ и АВФ. В согласовании со сформированными военно-стратегическими задачами были прикрыты основные районы по суше, на побережье и самое важное наиболее уязвимые участки Транссибирской железной дороги [4, с. 43]. Это позволило реализовывать свободу маневров военным гарнизонам, кроме того, в случае возможного неблагоприятного начала военных в регионе были разработаны планы эвакуации населения и всего ценного из фронтовых и прифронтовых районов Дальнего Востока, были сформированы заранее очаги сопротивления.

Фашистская Япония не оставляла без внимания Дальний Восток, следила за каждым шагом на дальневосточных рубежах. Конечно же, об опасности создания нового дальневосточного фронта никто ни на минуту не забывал. Вследствие этого фронт поддерживался призывниками из самого края, Сибири и других частей.

Перевозка новых сформированных войск от ДВФ была организована до такой степени умело и скрытно, а пополнение контингента частей осуществлялось так стремительно, что даже смогло вызвать спор между японцами и немцами. Первые были уверены в том, что дивизии ДВФ остаются на месте, тогда как вторые утверждали, что «под носом» Японии дивизии ДВФ регулярно перебрасываются на запад.

С 1941 года Японией разрабатывался план по вторжению на советский Дальний Восток. К августу 1941 г. был намечен первый этап нападений с окончанием уже осенью 1941 г. Но все же это не удалось, и даже не началось. Анализ боев на западе убедил Японию не спешить с наступлением на Дальний Восток, поэтому они пересмотрели все сроки.

ДВФ проводил подготовку к возможной войне с Японией. Вся пограничная полоса преобразовывалась в неодолимую линию обороны сухопутной границы страны и морского побережья. Военные части постоянно рыли окопы, организовывали специальные командные пункты, формировали противотанковые препятствия и прокладывали дороги.

Морские части Тихоокеанского флота выставляли корабли и оборонительные минные поля в море на всех возможных подступах к Владивостоку, Советской Гавани и Петропавловску.

В последние годы войны Дальний Восток был также и плацдармом военных действий против Фашистской Японии. Безопасность Дальнего Востока была обеспечена с применением социально-политических и экономических потенциалов региона и страны в согласовании со стратегией активной обороны, которая предполагала не только лишь отражение фашистской агрессии, но и полный разгром противников, если начнутся военные действия. И проведенное форсированное вовлечение всей ресурсной базы Дальнего Востока позволило получить наиболее быструю отдачу.



Сплоченность, организованная деятельность по усилению обороны на ДВФ стала результатом труда каждого: от командира до рядового солдата. Мукажанов Кайшубай является одним из тех участников военных действий на ДВФ, благодаря героическим действиям которого в итоге удалось противостоять фашистам.

Мукажанов Кайшубай является прадедушкой одного из авторов данной статьи Баспаковой Мадины. Он был призван Октябрьским РВК Казахской ССР на Дальневосточный фронт. Он родился в 1905 г. в Северо – Казахстанской области, Октябрьском районе, ауле Жанасу. Прадедушка Кайшубай был старшим ребенком в семье. Когда началась война на тот момент у прадедушки была вторая семья, в которой был один ребенок.

Первая семья прадедушки в 1931 году умерла от голода. Мукажанов Кайшубай проходил службу в 547 ОАТБ (отдельный автотранспортный батальон) 1 А 1 ДВФ. [5]

Мукажанов Кайшубай по возвращению с фронта приказом от 4 сентября 1945 года № 015/н был удостоен награды Орден Красной Звезды. «За отличное вождение материальной части по бездорожью. Под обстрелом противника действовал решительно, материальную часть вывел из-под обстрела и вел по намеченному маршруту». [5]

Баспакова Мадина гордится тем, что одним из тех людей, кто самоотверженно боролся за мир над головой, был ее прадед.




Рис. 2 Наградной лист Мукажанова Кайшубая

Таким образом, в течение всей ВОВ Дальний Восток и ДВФ были и тылом, поддерживающим западные войска страны, и фронтом, который был полностью готовым в любой момент начать военные действия.

Список использованной литературы:

- 1 Ткачева Г.А. Оборонный потенциал Дальнего Востока СССР в годы Великой Отечественной войны. – М., 2013. – С. 43-48.
- 2 Ткачева Г.А. Дальний Восток СССР в годы Великой Отечественной войны (1941-1945) //Россия и АТР. – М., 2020. – №2 (108). – С. 65-78.
- 3 Петренко В.М. Дальневосточный фронт накануне и в период Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. //Военно-исторический журнал. – М., 2010. – №11. – С. 20-25.
- 4 Абросимов А.Д. Особенности боевой подготовки войск на дальневосточном фронте и в забайкальском военном округе //Историческое наследие Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.). – М., 2015. – С. 39-45.
- 5 Память народа 1941-1945 гг. [ЭР]. – Режим доступа: <https://pamyat-naroda.ru> (Дата обращения: 13.04.2020)

Бекетова Камила Ерлановна, студент

Научный руководитель: к.и.н., ст. преподаватель **Джумагалиева К.В.**

КазАТУ им. С. Сейфуллина, г. Нур-Султан, Казахстан, Ka.mi.la01@mail.ru

ЛЕГЕНДАРНАЯ ДОЧЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА – ЕДИНСТВЕННАЯ НОЧНАЯ БОМБАРДИРОВЩИЦА

Аннотация: В историю Великой Отечественной войны значительный вклад внесли женщины. Они не только работали в тылу без сна и отдыха, обеспечивая всем необходимым фронт. Но и принимали активное участие в боевых действиях наряду с мужчинами, проявляя, как и они, примеры героизма и стойкости. Статья посвящена одной из прославленных дочерей казахского народа Хиуаз Доспановой. Она была единственной девушкой-казашкой штурманом полка ночных бомбардировщиков.

Ключевые слова: Великая Отечественная война, штурман, бомбардировщик, ночные ведьмы, полет.

Казалось бы, такие понятия как война и женщина, девушка не совместимы. Не зря говорят у войны не женское лицо. Но Великая Отечественная война стала примером величайшего героизма женщин в эти годы. Когда девушки и женщины работали не только на военных предприятиях, сменив ушедших на фронт мужчин, но и участвовали в боевых действиях. Одной из до конца неисследованных страниц является вопрос о численности женщин, принявших участие в войне. Статистические сведения о призванных женщинах военнотружущих противоречивые, скудные. Более того, в период Советского Союза эти данные были под грифом секретности. Лишь после распада СССР часть архивных материалов были рассекречены и стали достоянием исторической науки и общества.

Призыв женщин в армию начался весной 1942 года. Огромные потери в армии вынудили начать призыв не только мужчин. На оккупированной немцами территории СССР осталось значительное число мужского населения именно призывного возраста. А когда в начале 1942 года началось формирование новых частей, столкнулись с тем фактом, что людских ресурсов не хватает. В связи с этим появилась острая необходимость создания первого и единственного Авиационного полка.

По приказу НКО СССР №099 от 8 октября 1941 года «О сформировании женских авиационных полков ВВС Красной Армии» был создан Авиационный полк, как 588-й ночной легкомобильный авиационный полк. Руководила формированием Марина Раскова. Командиром полка была назначена капитан Евдокия Бершанская, лётчица с десятилетним стажем. Под её командованием полк сражался до окончания войны. Партийно-политическое руководство полком возглавила Мария Рунт [1, с. 55].

Формирование, обучение полка проводилось в городе Энгельс. Авиаполк отличался от прочих формирований тем, что был полностью женским. Созданные согласно тому же приказу два других женских авиаполка в ходе войны стали смешанными, но 588-й авиаполк до своего расформирования остался полностью женским. Они были пилотами, штурманами, механиками, техниками.

23 мая 1942 года полк вылетел на фронт, куда и прибыл 27 мая. Тогда его численность составляла 115 человек – большинство в возрасте от 17 до 22 лет. Полк вошёл в состав 218-й ночной бомбардировочной авиадивизии. Первый боевой вылет состоялся 12 июня 1942 года.

Приказом НКО СССР №64, от 8 февраля 1943 года, за мужество и героизм личного состава, проявленные в боях с немецко-фашистскими захватчиками, полку было присвоено почётное звание «Гвардейский», затем он был преобразован в 46-й гвардейский ночной бомбардировочный авиационный полк. Некоторое время начальником штаба полка была Фортус Мария Александровна, затем ее сменила Ракобольская Ирина Вячеславовна. С 15 мая 1944 года входил в состав 325-й ночной бомбардировочной авиадивизии [2, с. 88].

В ходе освобождения Крыма в мае 1944 года полк временно входил в состав 2-й гвардейской ночной бомбардировочной авиадивизии. Немцы прозвали их «Ночными Ведьмами» за то, что все боевые вылеты были исключительно ночными, а перед пикированием на вражеские позиции пилоты отключали моторы на своих бипланах По-2 и оставался слышим, лишь негромкий шелест воздуха под крыльями, похожий на звук метлы. 15 октября 1945 года полк был расформирован, а лётчицы демобилизованы. В этом полку служила Хиуаз Доспанова. Она была родом из Казахстана и вошла в историю как первая лётчица-казашка.

Хиуаз Доспанова родилась 15 мая 1922 года в Гурьевской области, вблизи села Ганюшкино. Ее отец был партийным работником. В 1940 году она с отличием оканчивает школу в городе Уральске. Одновременно со школой она успешно учится и в аэроклубе. После окончания школы она получает аттестат отличника и удостоверение лётчика запаса. Обучаясь в школе, она занималась также в местном аэроклубе. Поэтому Хиуаз вместе с аттестатом получила еще удостоверение пилота запаса.

После окончания школы Хиуаз уехала учиться в Москву. Она решила осуществить свою давнюю мечту, поэтому подала документы в Военно-воздушную академию им. Жуковского. Но ее документы не приняли, ей отказали. Возвращаться назад в Уральск она не стала и поступила в Первый московский медицинский институт. Летом 1941 года Хиуаз собиралась на каникулы домой, но началась война. Пришлось остаться в Москве. Вскоре Хиуаз узнала, что создается новый авиаполк, в который принимают только женщин. Хиуаз Доспанова отправилась на собеседование.

Приемную комиссию возглавляла прославленная советская лётчица Марина Раскова. Хиуаз успешно прошла собеседование и сумела убедить М.Раскову, что имеет не просто представление об авиации, а закончила летную школу. Она была принята в полк и направлена вместе с другими девушками в общежитие Военно-воздушной академии им. Жуковского [3, с. 55].

Авиационный полк действительно состоял только из молодых девушек. Обязанности пилотов, штурманов, механиков и техников выполняли девушки. Численность авиаполка составляла 115 человек от 17 до 22 лет. Сначала они прошли быстрое обучение в городе Энгельсе. А в мае 1942 года состоялся первый боевой вылет.

Подготовку к боевым полетам полк М. Расковой проходил в Саратовском военно-летном училище. Хиуаз была зачислена в штурманский класс. Весной 1942 года она сдала выпускные экзамены. Экзамены состояли из теоретической части, нужно было показать знание азбуки Морзе. А также продемонстрировать практические умения. Это были ночной полет и бомбометание, прыжки с парашютом. Некоторые дисциплины принимала сама М. Раскова.

Летали девушки на самолетах По-2, деревянных бипланах с двумя открытыми кабинами. Максимальная скорость летательного аппарата была 120 км в час. Первоначально из оружия были только пистолеты. Пулеметами самолеты снарядили в 1944 году. Так как самолет мог летать только на низкой высоте, эти аппараты вылетали только по ночам. Каждую ночь девушки отправлялись на 5-10 вылетов. В задачу полка входила бомбардировка конкретной цели. Девушки сбрасывали бомбы и летели обратно за следующей порцией снарядов [4, с. 46].

Напарницей Хиуаз была Юлия Пашкова, пилот самолета. А Доспанова штурманом-снайпером. С каждым полетом постепенно накапливался опыт, росло боевое мастерство. В книге бывшего командира эскадрильи Героя Советского Союза Марины Чечневой «Боевые подруги мои» дается характеристика казахской летчицы. Она высоко оценила ее штурманское мастерство: «Доспанова всегда безошибочно выводила свой самолет на цель и также точно выходила на свой аэродром» [5, с. 120]. Во время боевых действий на Кавказе Хиуаз получила первое ранение. Но уже через месяц она вернулась в свою часть.

Однако война никого не щадила. Гибли боевые подруги. Однажды Хиуаз и Юле Пашковой дали задание разбомбить скопление фашистов в станице Славянская. Оказалось, что это было родное село Пашковой, в котором жили ее родители. Хиуаз сбросила бомбы, стараясь не задеть их дом. Позже Доспанова навестила это село, после гибели Юли и узнала, что ее родители остались живы.

Самое страшное произошло 1 апреля 1943 года. Летчица Раиса Аронова в своей книге «Ночные ведьмы» вспоминала: «В то время вражеские самолеты стали очень часто проходить по ночам над нашим аэродромом. Наверное, они что-то пронюхали. В целях маскировки командир полка приказала свести до минимума световые сигналы, запретила пользоваться аэронавигационными огнями. Случилось так, что два самолета пришли одновременно с задания и при заходе на посадку столкнулись в воздухе. На одном была Юля Пашкова с Катей Доспановой, на другом - Полина Макогон с Лидой Свистуновой. Катя помнила только, как внезапно раздался треск и самолет начал падать... Очнулась она на земле под обломками. Кругом тишина. Катя хотела крикнуть, позвать на помощь, но из груди вырвался лишь стон. Сознание опять затуманилось. Но где-то в уголке мозга билась мысль: нужно дать о себе знать. Неимоверным усилием воли Кате удалось вытащить из кобуры пистолет, но сделав несколько движений, она опять потеряла сознание. Юле Пашковой, тоже полуживой, истекающей кровью, все же удалось несколько раз выстрелить. Вскоре к месту катастрофы подъехала санитарная машина. Макогон и Свистунова были мертвы. Доспанову и Пашкову доставили в полевой госпиталь. Юля умерла на операционном столе. У Кати тоже не было никаких признаков жизни и ее положили в мертвецкую рядом с подругой. Потом случайно заметили, что она не покрывается мертвенной бледностью. Срочно приняли все меры к спасению девушки, несколько дней и ночей врачи боролись за ее жизнь. У Кати начиналась как будто гангрена, встал вопрос об ампутации ног, но главный хирург госпиталя сказал, что ноги ей пригодятся и он попробует ей их сохранить. Катя сумела. Она буквально воскресла из мертвых. В Эссентуки ее привезли всю закованную в гипс. Через некоторое время рентген показал, что сращение у нее идет неправильно. Ломали гипс, вправили кости. Хиуаз выжила только потому, что вопреки инструкциям не прикреплялась к сидению и во время столкновения ее выбросило из кабины. А все, кто были пристегнуты, погибли. После лечения Хиуаз вернулась в полк, но не могла сама сесть в самолет и подруги сажали ее в кабину. После вылета она так же не могла самостоятельно вылезти и часто спала внутри

боевой машины. Посмотрев на мучения девушки, командир перевела ее в штаб – Хиуаз становится начальником штаба связи» [6, с. 110].

Всего Хиуаз Доспанова совершила 300 боевых вылетов. Вместе со своим полком она дошла, точнее, долетела до Германии. «Ночные ведьмы» участвовали в освобождении Кубани, Тамани, Новороссийска, Крыма, Белоруссии, Польши. Только на территории Германии девушки совершили 2000 вылетов. Всего за годы войны летчицы сбросили 2 902 980 кг бомб, 26 000 зажигательных снарядов. В боях погибло 32 девушки.

Хиуаз получила много наград. Это ордена Красного знамени, Отечественной войны I и II степени, орден Трудового Красного Знамени, Красной Звезды, медали «За оборону Кавказа», «За освобождение Варшавы», «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.». Но среди них не было Героя Советского Союза. В 2004 году согласно указу Президента Казахстана Н.А. Назарбаева от 7 декабря Хиуаз Доспанова была удостоена высокого звания «Халық Қаһарманы» Республики Казахстан с вручением знака особого отличия Золотой звезды и ордена «Отан».

После окончания войны Хиуаз вернулась в родной город Уральск в 1945 году. Ей тогда всего было 23 года, инвалид второй группы. Больше она не летала – авиация, как и война, остались в прошлом. Она решила продолжить свою учебу в медицинском институте, который не успела закончить из-за войны. Но ей предложили заняться партийной работой. Она поступила в Высшую партийную школу в Алма-Ате, там познакомилась со своим будущим супругом Шаку Амировым.

Ее карьера складывалась хорошо: была секретарем ЦК ЛКСМ Казахстана, депутатом Верховного Совета Казахской ССР и на первой же сессии – секретарем Президиума. Занимала пост секретаря Алма-Атинского горкома партии. Но в возрасте 37 лет Хиуаз Доспановой пришлось уйти на пенсию по состоянию здоровья. Военные раны сказались, особенно перенесенная контузия. Хиуаз Доспанова жила в центре Алматы. На стене дома, где она проживала, имеется мемориальная доска [7]. Авиакомпания «Эйр Астана» приняла решение присвоить имя Хиуаз Доспановой самолету Embraer 190. Ее именем назван также аэропорт в городе Атырау.

Таким образом, в своей статье я рассмотрела бессмертный подвиг нашей соотечественницы Хиуаз Доспановой. Летчица, рискуя жизнью, ценою своего здоровья и жизни, даже после ранений, продолжала летать и бить врага. В современном мире мало кто отличится такими качествами личности.

Ей, как и всем фронтовикам, хотелось сокрушить неприятелей, защитить свою Родину, народ, семью и приблизить поскорее День Победы. Радует тот факт, что Хиуаз Доспанова осталась в живых после страшной войны, при жизни получила награды и создала счастливую семью, оставив позади страшные воспоминания и события. Своей отвагой, мужеством и доблестью она останется в памяти миллионов людей своими боевыми заслугами.

Список использованной литературы:

- 1 Ракобольская И., Кравцова Н. Нас называли ночными ведьмами. Так воевал 46-й гвардейский полк ночных бомбардировщиков. – М.: Изд. МГУ, 2005. – 336 с.
- 2 Русский архив: Великая Отечественная: Приказы народного комиссара обороны СССР 22 июня 1941г.– 1942 г. Т. 13 (2-2).– М.: Терра, 1997. – 458 с.
- 3 Магид А.С. Гвардейский Таманский авиационный полк. – Изд. третье, дополненное и переработанное. – М.: ДОСААФ, 1960. – 228 с.
- 4 Ульяновко Н.З. Незабываемое: воспоминания Героя Советского Союза, летчицы первого в мире авиационного полка ночных бомбардировщиков. – Ижевск: Удмуртия, 2005. – 93 с.
- 5 Чечнева М.П. Боевые подруги мои. – М.: ДОСААФ, 1975. – 341 с.
- 6 Аронова Р.Е. Ночные ведьмы. – М.: Советская Россия, 1969. – 207 с.
- 7 Штурман ночного бомбардировщика // Известия-Казахстан, 15 мая, 2007. [ЭР]. Режим доступа: <https://nomad.su/>

Қалмахан Ақнұр, студент

Ғылыми жетекшісі: PhD, аға оқытушы **Қоскеева Ә.М.**

С. Сейфуллин ат. ҚазАТУ, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан, kalmakan_aknur@bk.ru

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ БАТЫРЫ МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН – ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ КӨРНЕКТИ ӨКІЛІ

Аңдатпа: Мақалада Кеңес одағының батыры, жазушы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері Мәлік Ғабдуллиннің ғылыми жолы баяндалған. Сонымен қатар авторлар М. Ғабдуллиннің қазақ халқының дәстүрлі фольклорының тарихы мен теориясына зор үлес қосқандығы, жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған бағдарлама мен хрестоматия жасағандығы, ата-баба мұрасын жанымен сүйген ғұлама ғалым ауыз әдебиетіндегі «ақтаңдақтар» жөнінде ой тербегендігі, жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне де үлес қосқандығы жөнінде мәліметтер берген. Және де М. Ғабдуллиннің халықтың рухани көркем мұрасының өкелең ұрпақты тәрбиелеуге ат салысатын «Ата-аналарға тәрбие кеңес» атты кітабы да назардан тыс қалмаған.

Түйін сөздер: қазақ, батыр, жазушы, ғалым, ұстаз, ұрпақ, соғыс.

Қазақ халқының біртуар батыр ұлдарының бірі болған ұлағатты ұстаз, қоғам қайраткері және жазушы Мәлік Ғабдуллиннің тарихтағы, әдебиеттегі орны тым ерекше. Ол қаһармандық, батырлық іс-қимылдарымен, терең ғылыми ізденістерімен, ұстаздық, санаткерлік ерен еңбегімен, қаламгерлік қабілет дарынымен, жан дүниесінің кіршіксіз, мөлдір тазалығымен, кісілік мейірім-қасиеттерімен, әдеп-инабатымен, үздік жаратылысымен, ақыл парасатымен өзгешеленетін тарихи тұлға [1, 455-б.].

И. Байзақов айтқандай: «Ер туып, жоқ елді бар қыла алмайды. Ел болмаса, ер туғызбай тұра алмайды» дегендей, дүниеге Мәлік атты «ат ұстар» ұлан келген. Дүйім елге бақ болып қасы. Мәлік Ғабдуллин 1935 жылы 20 жасында Қазақтың Абай атындағы педагогтік институтын тәмамдағанда, әйгілі оқымысты Құдайберген Жұбанов «Он үш жас күш» деген мақаласында бір топ айрықша талантты жастардың ішінде Мәлік Ғабдулинді «біздің мәдени жұртшылығымыз біліп те қалған» деп атап, олар «көптің күткеніндей жеміс берер», «алған білімдерін іске асыра алар», «үмітті ақтап шын қайраткер болар» деп әулиелік танытады 1935 жылғы 14 қаңтардағы «Лениншіл жас» газетінде [2, 3-б.]. Жас маманды Қазақстан Өлкелік комсомол комитеті «Пионер» газеті редакторының орынбасары етіп тағайындайды. Әдеби сын және ғылыми мақалалар жазады, аударма жасайды. Сәбит Мұқановтың 1935 жылы жарыққа шыққан екі томдық шығармалар жинағын әзірлеуге қатысады.

Әйгілі философ Платон: «Уақыт бәрін алып кетеді; жылдар тізбегі адамның есімін де, сыртқы пішінін де, мінез-күлқы мен тағдырын да өзгертеді», - деген екен. ХХІ ғасырдың ұл-қызына ежелгі тарихтың бір үзигіндей болып қалған большевик, ақ пен қызыл арпалысы, қазан төңкерісі, 1937 жыл ойраны, фашизмнің сұрапыл соғысы, Сталинның сойқаны, Хрущевтің тыңы, колхоз, совхоз құрылымдары сол дәуірдің ұрпақтарының санасына салмақ түсірен. Өз замандастары сияқты М. Ғабдуллиннің өмірі осындай алыс-жұлыс арпалыс заманда өтті. Бірақ ол қажымады, жасымады, оның орнына жігеріне жігер, қайратына қайрат қосылып, өмірде де, ғылымда да дегеніне жетті.

1938 жылы КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалында ғылыми қызметкер болып істегенінен бастап, қазақ ауыз әдебиетінің күрделі ғылыми теориялық мәселелерін жан-жақты, толық, терең тексереді. Москва, Ленинград, Омбы, Орынбор мұрағаттарында ізденеді. 1938 жылы 7-11 маусым күндері КСРО Ғылым Академиясының Этнография институтының ұйымдастыруымен Ленинград қаласында өткен фольклорлық конференцияда М. Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» деген тақырыпта ғылыми хабарламасы тыңдалды. Диссертациялық жұмыстың жетекшісі Мұхтар Әуезов

болды. Ол академик Ю.М. Соколовқа өзінің ғылыми еңбегінің мән-жайын баяндап, орыс оқымыстысының ақыл-кеңестеріне сүйеніп отырды. Аспирант кезінде «Қобыланды батыр», «Халық фольклоры жайында» деген зерттеулерін жазды. Жас ғалым фольклор теориясымен мықтап қаруланды. Орыс, өзбек, әзірбайжан, қалмақ, бурят, моңғол, ойрат, татар, башқұрт, армян, алтай, саха халықтарының көне батырлық эпостарын мұқият зерттейді. Қазақ халқының дәстүрлі фольклорының тарихы мен теориясына зор үлес қосты. Ұлттық фольклордың сыр-сипатына ой жүгірткен ол «Қобыланды батыр» жырын ғылымдық зерттеудің проблемалары» деген диссертациясы дайын болғанда, Ұлы Отан соғысы басталып кетті. Мәлік те майданға аттанды. Соғыс – өлім мен өмір сынағы.

М. Ғабдулин 1941 жылдың 15 шілдесінде майданға аттанды. Ол генерал И.В. Панфилов бастаған даңқты 8-гвардия дивизиясы құрамында Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысты. Майдан даласында Мәліктің жүрген шиыр-шиыр іздері мен есінде сын сағаттағы сұрапыл жылдардың елесі қалып қойды. Бір басына жететін атақ пен абырой соғыс кезіндегі жанталаста жинақталса да, Совет Одағының батыры, КСРО Қорғаныс Министрлігі Жоғары Саяси Басқармасының үгіт-насихат бөлімінің бастығы Мәлік Ғабдуллин жоғары шенді шинелді өз ұлтының оқасыз, тым қарапайым көрінетін шекпеніне қиналмай айырбастады. Қарудың орнына қалам алып, өз сүйікті ісіне араласты. Құрулы мылтыққа, құрсаулы жауға қарсы өршелене шайқасты, ер сасқандай, етек басқандай от кешуде арыстанша айқасты. Автоматшылар ротасының саяси жетекшісі, 2 атқыштар батальонының комиссары, полк үгітшісі М. Ғабдулин Москва іргесіндегі ұлы шайқаста қаһармандықтың асқан үлгісін көрсеткені үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен 1943 жылдың 30 қаңтарында Мәлік Ғабдуллинге «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді. Бұл атақпен қоса, Ленин ордені және «Золотая Звезда» медалі де берілді. Мәліктің жаужүрек батырлығы жөнінде очерк жазған Борис Полевой темір өзек жауынгерлерін көзімен көріп, таңғажайып ерліктеріне елжіреген дивизия командирі, генерал-майор И.В. Панфиловтың толғанысын былайша суреттейді: «...Өзінің көргісі келді. Сұңғақ бойлы, талдырмаш жасты Панфилов ұзақ айналдырып қарады. Шынын айтқанда, Мәліктің денесіне соғыстың әскери киімі әлі қона да қоймаған кезі еді. «- Мә, саған ғылым адамы! Жарайсың! Жаман солдат болмассың», - деді ол Мәлікке жарықшақты дауысымен. Сөйтті де, Мәлікті өзіне қарай тартып алып, кәдуілгі орыс халқының әдетінше, бетінен үш рет сүйді. Бұлардың қасында жақын тұрған адамдар, көп езу тартпайтын, салқын жүзді атақты генералдың сыр бермейтін жүзінде әкелік қуаныштың лап бергенін байқасып қалысты», - дейді ол. Етігімен су кештіріп, қанды көбік жалатқан қатыгез күндер өз батырын осылай тудырды» [3].

Майдан даласында өзі оқып, көңілге тоқыған Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын, Қамбарлардың қаһармандығын әр кез, әр шақта қайталауға болатындығын дәлелдеді. 1946 жылдан бастап М. Ғабдулин запастағы подполковник болады. Сұрапыл соғыс жылдарынан соң елге аман қайтып, түрлі салаларда белсенді қызмет етеді. Соғыстан кейінгі жылдары ғылыми-педагогикалық салада қызмет атқарады, 1946-1951 жылдар аралығында Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тіл және Әдебиет Институтында директорлық қызметте болады.

Қаһарлы күндері қолдаушысы мен қорғаушысындай болған «Қара қыпшақ Қобыланды батыр» жырының сандаған нұсқасын қайта қарап, жырдың тарихи негіздеріне қатысты құнды пікірлер айтты. Ол соғыстан кейінгі кезде жазылған «Бауыржан Момышұлы», «Қазақ мақалының күші» Мәлік Ғабдулиннің «Менің майдандас достарым», «Алтын жұлдыз», «Майдан очерктері», «Ел намысы – ер намысы», «Сұрапыл жылдар» секілді шығармаларында сұрапыл жылдар оқиғаларын шебер баяндады. Мәлік Ғабдуллиннің бірнеше том боларлық эпистолярлық мұрасы да (егер жинай алсақ) біздер үшін айрықша қымбат. Олардың тарихи-мәдени, тағылымдық мәнін де ерекше айтуға болады. Ол соғыс жылдарында қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткерлері Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Сәрсен Аманжолов, Есмағамбет Ысмайлов, Бейсенбай Кенжебаев, Бек Сүлейменов, Қайнекей Жармағамбетов, Ысқақ Дүйсенбаев, техникалық

әскерлердің генерал-майоры Шәкір Жексенбаев, полковник Бауыржан Момышұлы тәрізді жолдастарымен хат жазысқан. Мәлік өз хаттарында Отан Қорғау жолындағы майдан ерлерінің табан тірескен ауыр ұрыстардағы батыл да табанды күресін, совет жауынгерлерінің бауырластық сезімі, қазақ халқының батырлық дәстүрін, фольклорлық мәдениетінің адам өміріндегі орнын, адамгершілік мәселелерін қозғайды. Ұсыныстары мен ойларын ірікпей ортаға салады. Халыққа қажет, елге ортақ нәрселерге көңіл аударуды қатаң түрде талап етеді.

«Халқым – қазынам» дейтін, халық сүйгенді қалтқысыз орындайтын, ел ынтымағын, берекесін ойлайтын сергек ойлы, аяулы ел серкелері М. Ғабдуллинмен берік достықта болған. Кейде сыр-сезімін, ойлы пікірлерін хат арқылы жолдаған. Бұған айғақ мысалдардың біріне Қазақстанның көрнекті қоғам қайраткері, белгілі әдебиет сыншысы Лияс Омаровтың жазған хаттары жатады. Ол 1947 жылғы қаңтарда Өскемен қаласынан өлеңмен жазылған хатында Қазақ әдебиетін қазіргі дәуірге сай дамыту әңгіме болады. Қазақ жазушылары кесек, күрделі, қабырғалы шығармаларды жазуға күш жұмылдырсын деген пікірлерді айтады.

«Мәлік Ғабдуллин ісімен де, жүрегімен де жұртқа ұнаған асыл азамат еді. Әрқашан жақсылық жасауға, қол ұшын беруге әзір ол, ел шаруасын тындырумен айналысатын. Елді мекенге дүкен салу керек пе, біреуді қалаға тіркеу керек пе, үйге телефон орнату қажет пе, демалыс орындарына жолдама қажет пе, тірексіз қалған шаңырақтың жыртығына жамау болу қажет пе, я болмаса меншік малдың совхоз малына араласып, дау-дамай туып кетсе де, бір сөзбен қайырғанда, тұрмыс-тіршіліктің ұбақ-шұбақ қисапсыз шаруаларына ренішсіз араласатын. Ол біреуге: «Жоқ, олай емес» деп бетін қайтармайды екен. «Е, жарайды» деп қостайды екен», - деп жазады ф.ғ.д., Л. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры Серік Негимов.

Мәлік Ғабдуллин Ұлттық фольклортану ғылымына сүбелі үлес қосқан қажырлы зерттеуші. Соғысқа байланысты қорғауға үлгермеген «Қобыланды батыр» жырын ғылымдық зерттеудің проблемалары» деген кандидаттық диссертациясын 1947 жылы қорғады. Батырлық жырдың жиналуы мен зерттелу тарихынан, көркемдік образдық кестесі жайында құнды пікірлер айтты. Ал үш рет жарияланған «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» деген кесек, өміршең монографиясында фольклордың жазба әдебиетінен айырмашылығы, қазақ фольклорының жиналуы мен зерттелу тарихы, ертегідегі тұрақты ұқсастық, дәстүр, варианттар және оның себептері, синкретизм табиғаты, фольклордың шығуы туралы толғамдар, ауысып алу теориясы, туған халқымыздың қаһармандық отаншылдық рухқа толы батырлық жырлары, лиро-эпостық дастандары, тұрмыс-салтқа байланысты шығармалары, арбау, жалбарыну жырлары, мақал-мәтелі, басқа сарындары, жаңылтпаштары, үйлену салт өлеңдері, импровизация өнерінің туындылары, жырдың құрылысы мен тілі туралы ғылыми топшылаулар мен қорытындылар жасайды. Айтулы оқымысты қазақ фольклорының табиғатын, оның танымдық, тәрбиелік қасиеттері мен сипаттарын шебер жіктеп талдайды.

Сондай-ақ, ол жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған бағдарлама мен хрестоматия жасады. Ата-баба мұрасын жанымен сүйген ғұлама ғалым ауыз әдебиетіндегі «ақтаңдақтар» жөнінде ой тербеген. «О казахском эпосе», «Едиге» атты жарияланбаған зерттеулері осыған айғақ.

М. Ғабдуллин жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне де үлес қосты. «Ата-аналарға тәрбие кеңес» атты кітабында халықтың рухани көркем мұрасының жаңа буындарды өсіріп тәрбиелеуге ат салысатыны турасында сыр шертеді. Атамекенді қорғауға, ана тілін ардақтауға, әділ, шыншыл, ізетті болуға шақырады. Еңбектің бағалылығы да осында. Ерлігімен, еңбегімен, қаламгерлігімен, адамшылығымен, нағыз ғалымдық, педагогтік істерімен елдің ықыласына өленген Мәкеңнің КСРО Педагогика ғылымдары академиясының академигі болып сайланды. М. Ғабдуллин әдебиеттің тарихы мен сынына да зейін аударды. Қазақтың жазба әдебиетінің мәселесі, көркем шығарманың тілі, тұңғыш ұлттық эпопея және қазіргі поэзиясы туралы мақалалар жариялады.

М. Ғабдуллин 1951-1963 жылдар аралығында Абай атындағы ҚазПИ-де ректорлық қызмет атқарады, 1959 жылы оған Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі тағайындалады. 1963 жылдан 1973 жылы қайтыс болғанға дейін Қазақ КСР ҒА Тіл және Әдебиет Институтында Фольклор бөлімінде меңгеруші болып жұмыс жасайды.

«Өтіріктің балын жалап, тірі жүргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық», - деген майдандас ағасы Бауыржан Момышұлының аталы сөзіне мүлтіксіз жауап берген жауынгердей өмірден өтті. Күндей күліп, айдай сәуле шашып, жұлдыздай жарқырап барып ағып кетті. Өмір атты мұхиттан өткен Көкшенің көк бөрісі Мәлік Ғабдуллин тұғыры биік тұлға екендігін мәңгілікке дәлелдеп кетті» [4, 457-б.], - дейді Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры ф.ғ.д. Б.Рахымов.

«Мәлік Ғабдуллин фольклорист ғана емес, әдебиет зерттеушісі, сыншы, педагог болғаны да мәлім. Сондықтан да заманымыздың заңғар тұлғалы азаматын жерлестік тұрғыдан ғана емес, қазақ әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан қабырғалы ғалым ретінде, ұлы майдан қаһарманы қатарында қалай әспеттесек те, есімін мақан тұтсақ та еш артықтық етпейді. Өкініші сол, Көкшетаулықтар ұлы перзентінің ғасырлық тойы қарсаңында көшеге есімін беріп, мұражай ашумен шектелгендігін қанағаттанғандық шара деп қабылдай алмасақ керек. Өзімен бір сапта соғысқан Бауыржанның еңселі ескерткіші Астанада тұрса, одан қаһармандығы да, ғалымдығы да бір мысқал кем емес Мәлік аға Ғабдуллиннің ұмыт қалуы елдігімізге сын болса керек» [5, 458-б.], - деген Көкшетау қаласының құрметті азаматы, жазушы Төлеген Қажыбайдың сөзін толық құптаймыз.

Көз көргендер Мәлік Ғабдуллинді соғыс кезінде шығыстың қос шынарының бірі Мәншүк Мәметоваға қамқоршы аға болған деседі. Мәншүктің қазасынан кейін оған Батыр атағын бергізу үшін М.Ғабдуллин үлкен еңбек сіңіреді. Бұл жайлы ҰОС ардагері Байуақ ардагер мәлімдейді: "Ол Мәншүктің қазасын ести салысымен, дереу Невель қаласына келеді. Келе сала: «Мәншүкке не жасап жатырсындар?» – дейді. Олар екінші дәрежелі Отан соғысы орденіне ұсынғандарын айтады. Мәлік Ғабдуллин сонда қатты ашуланып: «Айтыңдаршы, Алматы мен Мәскеудің арасы қанша шақырым?» – дейді. Біреуі «4800» десе, біреуі «5000 шақырым» деп жатады. «Мейлі, 4 мың-ақ болсын. Басқаны қойып, қазақтың жиырмаға жаңа шыққан қызы сонша жерден Отанымды, Мәскеуді қорғаймын деп келіп, қолына орыстың винтовкасын алып, соғысамын деуінің өзі сендерге ерлік емес пе? Осыдан артық немене керек? Дереу құжаттарын қайта дайындаңдар. Комсомолдың Орталық комитетінің бірінші хатшысы Михайловқа, болмаса маған Батыр атағын берген Калининнің өзіне барам. Тіпті Ворошиловқа кірем. Одан түк шықпаса, менің Мәлік атым құрып кетсін, өзімнің жұлдызымды берем» деп қайтадан дайындалған құжаттарды алып кетеді. Содан алты ай дегенде, 1944 жылы 5 наурызда Мәншүкке Батыр атағы беріледі [6].

Совет Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің деректілік жағынан болсын, көркемдік сапасы жағынан болсын мейлінше құнды «Сол бір күндерде», «Жас қазақ», «Төлеген Тоқтаров» дейтін әскери повестерінде жас барыстай жалынды Төлеген Тоқтаровтың, саяси жетекші В.Клочковтың, полк комиссары Ахметжан Мұхамедияровтың, барлаушы Бахтияр Меңдіғазиннің, полк командирі Н.В. Капровтың, майталман командир, ұлт тілінің қамқоры, терең білімді В.Н. Шуттің, жанартаудай жігерлі, алып тұлғалы Балтабек Жетпісбаевтың, жауынгер-композитор Рамазан Елебаевтың батырлық-ерлік іс-қимылдары келісті өрнектелді. Сонымен бірге солдат әзілдері, жаратылыс суреттері көркемдік қуатымен, шеберлік қырларымен өзгешеленеді. Әскери мемуарист М.Ғабдуллиннің «Досыма хат», «Ерлікке баулу – тәрбиеден», «Майдан дәптерінен», «Тапқырлық», «Қайтқан көк», «Біздің Сашок» деген новеллаларында, эпистолярлық мұрасы мен күнделіктерінде жақұттай жарқыраған сөз меруерттері, адам жанының тұңғыық терең иірім-сырлары, кестелі кеменгерлік толғамдар, сыр мен сезім сұлулығынан туған нақысты сөйлемдер жеткілікті. Мысалы, «Досыма хат» дейтін жазбаларындағы мына бір ой-толғамын миға жүгіртейікші: «...Ай артынан ай туып, жыл соңынан жыл да келер. Бүгінгі ауырлық, сұрапыл соғыстың дәуірі ертең-ақ шаттық,

алтын нұрын шашқан сәулет күніне жеткізер. Сол кездерде өткен уақыттың оқиғаларына көз салармыз. Адам тарихынан ғасырлар бойы өшпестік орын алған талай-талай белестерді, мақтаныш етерліктей болып жасалынған мазмұнды істерімізді, халқымыздың абырой-атағы, даңқы, намысы үшін жас өмірін қаза еткен батыр бауырларымызды еске түсірерміз. Олардың ерлік істерін, олардың бізге қосқан аманатын «қасықтай қаның қалғанша халқыңа қызмет ет» деген тапсырмаларын еске алармыз».

Асылында, батыр, білімпаз, ұстаз Мәлік Ғабдуллиннің әскери прозасы – сұрапыл жылдардың шежіресі іспетті. Қан кешуде ғажайып ерліктер жасаған, түйғындай түлеген сайыпқыран көкжал ерлердің рухына орнатылған көркем ескерткіш деу лайық. Сондықтан да заманнан заманға ауысып-озған сайын оның деректі һәм көркем прозасының танымдық, көркемдік, тағылымдық мәні зорая бермекші.

Жас ұрпақты тәуелсіз қазақстанның шынайы қорғаушысы, жер – судың қаһарман сақшысы, сүйікті Отанының тірегі, иесі болу қақында тәрбиелеуде, ұлттың рухани игіліктері мен қасиеттерін жарқын болашақтың бақыты мен кәдесіне жартуында, жаңарту мен қоғамды өрлету мақсатында, адам бойындағы ізгілік пен кісілік, парасат пен пайым, жанашырлық пен бауырмалдық секілді жақсылықтарын кейінгі толқынның жүрегіне терең ұялатуға Мәлік Ғабдуллиннің ерлік өмірі мен өнегеге толы істерінің мәні мен мағанасы ерекше елеулі. Кесек тұлғаның ғибадат, тағылымды істері, таза болымыс бейнесі, өз шығармаларында көрініс тапқан.

Мәлік Ғабдуллин Қазақстан руханиятында терең із қалдырған жарқын тұлға. Оның артынан ғылым мен әдебиетте қалған мол мұрасын және оның батырлығының жастар үшін тағылымдық қырларын әлі де зерттеп, зерделеп, түйсіну қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Исакова К., Ахметов А. Мәлік Ғабдуллин – қазақтың көрнекті ғалымы // «Ұлттық тарихты зерттеу мен оқытудың қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелері» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағы. – Астана, 2014. – Б. 455-458.
- 2 Негимов С. Ерліктің шынары, ұрпақтың ән-жыры // Тарихи тұлға. Естеліктер, мақалалар, өлеңдер. – Құрастырушылар: Б. Баймағанбетова және т.б. – Астана, 2012. – 160 б.
- 3 Сматуллаева А. Мәлік Ғабдуллин: «... Мәлік атым құрып кетсін, өзімнің жұлдызымды берем» // https://massaget.kz/arnayyi_jobalar/9-mamir/10255/
- 4 Рахымов Б. Тарихи тұлға тағылымы // Тарихи тұлға. Естеліктер, мақалалар, өлеңдер. – Құрастырушылар: Б. Баймағанбетова және т.б. – Астана, 2012. – 160 б.
- 5 Қажыбай Т. Мәлік Ғабдуллин – көрнекті ғалым тағылымы // Тарихи тұлға. Естеліктер, мақалалар, өлеңдер. – Құрастырушылар: Б. Баймағанбетова және т.б. – Астана, 2012. – 160 б.
- 6 Мәлік Ғабдуллин туралы не білесіз? // <https://surak.baribar.kz/573812/>

Мухатаева Гаухар Абзаловна, докторант

Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан,

gauhar-mukhataeva@yandex.kz

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСҚАН ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІ ТУРАЛЫ (СОЛТҮСТІК ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША)

Аннотация: Мақалада әйелдердің, оның ішінде Ұлы Отан соғысы жылдарында Солтүстік және Орталық Қазақстанның жауынгер қазақ қыздарының ерліктері, Ұлы Отан соғысының Жеңісіне қазақ әйелдерінің қосқан жеке үлесі қарастырылады. Автор зерттеу жұмысында ресейлік, облыстық, аймақтық мұрағат құжаттары және мұражай қорының деректерінің негізінде, елін, жерін жаудан қорғаған майдангер қазақ әйелдердің ерлік өнегесін дәлелдей түскен.

Кілт сөздер: Ұлы Отан соғысы, майдан, Орталық Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, ерлік, жауынгер қыздар, әйел тағдыры.

Жеңіс күнін атай отырып, халқымыз майдангерлердің ерлігін әр уақытта да қастерлеп, олардың алдында бастарын иеді. Кеңес халқының фашистік Германия мен оның одақтарының басқыншылық соғысына қарсы әлемді шарпыған сұрапыл майдан 1418 күн мен түнге созылды. Оның әр күні бүкіл халықтың майдан мен тылдағы өшпес ерлігінің жарқын шежіресі, олардың табанылығының, қайсарлығының, қаһармандығының өшпес даңқы мәңгіге ұмытылмайды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Кеңес Армиясының жауынгерлік туы астында соғысқа атталғандардың қатарында ер азаматтармен қатар әйелдер мен қыздар да қанқұйлы басқыншы жаумен жаналмай шайқасты. Бүгінгі күнге дейін Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қарулы күштер қатарында болған әйелдердің саны туралы біржақты мәліметтер жоқ. Ұлы Отан соғысының басталуымен Е.С. Сенявская «әскерге жүз мыңдаған әйелдер еркектерден қалмай, ең бастысы олармен қатар Отан қорғау құқына ие екендіктеріне, әскери қызметтің барлық қиыншылықтарын көтере алатындықтарына сенімділік сезіммен аттана бастады» деп атап өтеді [1, 81 б.]. Барлығы қан майданда 800 мыңнан астам әйел жауынгерлер ерлермен бірге елін, жерін қорғады [2, 3 б.].

Ұлы Отан соғысы жылдарында Кеңес үкіметі әйелдерді әскери қызметке тарту мақсатында бірнеше қаулылар мен бұйрықтар шығарған. Оларды атап айтар болсақ, Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1942 жылы 25 наурыздағы ГОКО-№1488сс «Комсомол қыздарды әуе шабуылына қарсы қорғаныс бөлімдеріне мобилизациялау туралы». Бұл Қаулыға сәйкес 19-25 жас арасында, 40% толық орташа білімі алған, қалғандарының 5-7 сыныптық білімдері бар 100 000 комсомол қыздарды әскер қатарына алу жоспарланды келесі мамандықтар бойынша: телефонист, радист, зенит артиллериясының қару-жарақшысы, зенит артиллериясының барлаушылары, кейбір прожекторлық станциялардың, зенит пулеметтерінің және аэростаттардың бақылаушылары, сонымен бірге қызмет көрсету бөлімінің әртүрлі мамандары [3, 157 п.].

Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1942 жылы 13 сәуірдегі ГОКО-№1595сс «Майдандағы, армиядағы және байланыстың батыс бөлімдерінде, байланыстың тылдағы орталығындағы қызыл әскерлерді әйелдермен алмастыру туралы». Бұл Қаулының бірінші пунктінде: «Майдандағы, армиядағы және байланыстың батыс бөлімдерінде, байланыстың тылдағы орталығындағы Қызыл әскерлерді 30 мың әйелдермен алмастыру туралы келесі мамандықтар бойынша: а) бодистер, эстистер, морзистер, телефонистер, радистер, телеграф техниктері, телефон-телеграф шеберлері, радиомастерлер, кино-радиомеханиктер, дала поштасының жұмыскерлері мен экспедиторлар – барлығы 24 144 адам. б) сызбашы, кеңсе хатшысы, іс жүргізуші, аспазшы, қоймашы, фельдшер, кітапханашы, тігінші және басқа да қызмет көрсетушілер – барлығы 5856 адам» [4, 105-107 п.].

1942 жылдың 4 шілдесіндегі КСР Одағының қауіпсіздік бойынша Халық комиссарының №0459 «автоброньды танк әскери оқу орындарында және Қызыл әскердің тылдағы мекемелерінің жеке қызметтерін ауыстыру туралы» бұйрығының мазмұнына сәйкес әйелдер тек әскери училищелерде ғана емес, майданда да танк экипаждарында әскери қызметтерін өтеген [5].

Сөйтіп, 1942 жылдан әйелдер соғыстың әр майданында, әскери құрамалардың әр бөлімінде болды, әйелдер әскери ұшақпен аспанда жаумен шайқасты, жерде танкпен, зеңбірекпен, пулеметпен әскери қызметтерін өтеді. Жау тылындағы барлаушы әйелдің, соғыстағы мерген әйелдің, байланыстың әртүрлі бөлімдерінің қызметтеріндегі әйелдердің ерліктері аңызға айналды.

Мақаланың мақсаты – елін, жерін жаудан қорғаған, майданға барлық мамандықтар бойынша соғысқа қатысқан Солтүстік және Орталық Қазақстаннан шыққан дәрігерлер Гүлімжан Қарсыбекова, Рахима Кошқумбаева, майдандық медбике Ғазиза Омарбаева,

барлаушы Рахила Ералина, ұшақтың механиктері Дәмелі Жәкеева, Мәдина Ысқақова, Асия Надырова (Апишева), танкистер Жамал Байтасова, Күлкен Тоқбергенова, Күлжамила Талқанбаева, зенитші Роза Шамжанова, әскери байланысшы Раушан Мадиева, минометші Жексенова Гүлбану, пулеметші Аймереке Көбеева, сияқты майдангер әйелдердің ерлік өнегесін дәріптеу. Бұл қазақтың қыз-келіншектері Қиыр Солтүстікте де, Смоленск өңірінің қалың ну ормандарында да, Кавказ тауларында да, Қара теңіз жағалауында да, Украина мен Белоруссияның қалаларында да, Москва, Ленинград, Сталинград үшін болған шайқастарда да Отанға, халыққа, өзінің еліне, жеріне, шексіз берілгендіктің асқақ, Отанға шексіз берілгендіктің жарқын үлгілерін көрсетті.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстан әйелдерін майданның әр тұсынан, әскери құрамалардың әр түрінен кездестіруге болатын еді. Ж.О. Доспанов «Женщины фронтовики Казахстана» деген 6 томдық еңбегінде соғысқа қатысқан 7477 әйел туралы зерттеу жүргізіп, оның 637-сі офицерлер, ал 13100 қазақ офицерінің 22-сі қыз-келіншектер болған деп көрсетеді [6].

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап майдаға өз еркімен баруға сұранғандар көп болды. Осындай өтініштер жазғандар қатарында: «Қызыл әскер қатарына алуларыңызды сұраймын, Отанымды соңғы қаным қалғанша қорғаймын» - деп жазған А. Иябекова мен Г. Ашмухамбетова бар [7, 5 п.]. 1942 жылы Ақмола аудандық әскери комиссариатына өтініш берген 213 еріктілердің ішінде Г.А. Ақбердинова, Р.Ш. Мухаметова, Н.С. Мурзаева және т.б. болған [8, 71 п.]. Ал Орталық Қазақстан бойынша әрбір бесінші өтініш Ленин қалалық әскери комиссариатына түскен, Қарағанды облысының тұрғындарының атынан жазылған 25 мың өтініштің 10 мыңнан астамы әйелдерден болған [2, 5 б.]. Қарағанды қаласы бойынша 1942 жылдың мамыр айында майданға аттанған 50 қыз-келіншектің көбі С.М. Киров атындағы №1 орта мектебінің түлектері болса, Балқаш қаласынан 30 ерікті қыз-келіншек аттанған. Бұлардың көпшілігі Ұлы Отан соғысының майдан даласынан оралмады [9, 62 б.].

Соғыста әскери барлаушы болған санаулы қазақ қыздарының бірі Рахила Ералина (Қарағанды облысы Нұра ауданының тумасы, 1922 ж. дүниеге келген). Өз еркімен аттанған қарағандылық қыздардың бірі. Әскер қатарына Ленин АӘК-мен 1942 жылдың 24 мамыр айында шақырылған, 8 сыныптық білімі бар [10, 221 п.]. 1942 ж. 25 шілде 6-шы авиациялық кіші мамандар мектебінен барлау авиациясының әскери авиачилищесіне бағытталған [11, 31 п.]. Екінші дүниежүзілік соғыста 8 жеке барлау авиациялық полкының 8-ші әуе армиясының барлаушысы (1942 ж. қарашасынан - 1943 ж. маусымына дейін) болған. Сталинград шайқасының қатысушысы. Аз уақыттың ішінде өз мамандығын шебер меңгерген барлаушы әуеден жаудың маңызды қорғаныс шептерін суретке түсірді. Талай рет ажалмен бетпе-бет келіп, жапқиярлық шайқастардағы ерлік өжеттігі өз алдына бөлек әңгіме. Кезекті әскери тапсырманы орындау барысында 1943 жылдың маусым айында ауыр жарақаттанып, 1944 жылы Қызыл әскер қатарынан демобилизацияланып, Қарағандыға қайтқан. Денсаулығына, жарақатына қарамастан, майдан даласынан оралған қазақ қызы «Бәрі Отан үшін, майдан үшін» деп тылдағы еңбекке бел шеше кіріскен. Рахила Ералина «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында ерлік еңбегі үшін» наградларымен қатар бейбіт еңбектегі табыстары үшін алған Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған [12, 23 б.].

Қазақтың тағы да бір ұшқыш қызы Дәмелі Жәкеева (Қарағанды облысының тумасы, 1922 ж. дүниеге келген). Майданға өз өтініші бойынша 1942 жылдың көктемінде аттанады. Алдымен Саратовтағы Вольск авиациялық училищесінде төрт ай оқиды. Мұнда Дәмелі бомбалаушы ұшақтарды қару-жарақтармен жабдықтайтын механик мамандығын меңгеріп және атуды үйренген [13, 217-218 пп.]. 1942 жылдың тамызында Сталинград майданындағы 944-ші авиациялық полкке қабылданады. Дәмелі Жәкеева осындағы бірінші эскадрилияның 2-ші тобының әскери жарақтандыру шебері қызметін атқарды, 1942 жылдың тамызы мен 1944 жылдың қаңтар аралығында Солтүстік Кавказ майданында

соғысты. 1944 жылдың тамызынан бастап, Балтық жағалауы Ленинград және Бірінші Беларуссия майданында болып, 360 әскери ұшақты, оның ішінде: «ИЛ-2» ұшағын – 275, «ПЕ-2» ұшағын 85 рет көкке көтерген. 1943 жылдың 16 тамызында сержант Жакеева «ИЛ-2» ұшағын жарақтандырып жатқан кезде, төбеден жаудың әскери бомбалаушы ұшақтары төніп келіп, аэродромды атқылаған. Сол кезде оң қолдан ауыр жарақат алып, бір саусағынан айырылады. Күніне 8-9 әскери ұшақтарға 8 «ФАБ-100» бомбаларын орналастырып 15-17 минуттың ішінде дайындайды. Госпитальда жатып шыққаннан кейін, Солтүстік Кавказ майданында 188-ші бомбалаушы әуе дивизиясындағы 367-ші әуе полкіне ауыстырылады. 1944 жылдың соңына қарай Дәмелі осы полктің «ПО-2» бомбалаушы ұшағының атқышы болып, шайқасқа қатысқан. Ол кезде полк екінші Балтық майданында шайқасып жатқан болатын. Дәмелі Жакеева жаңа полк құрамында: Шауляй, Каунас қалаларын жаудан азат етуге қатысқан. 1945 жылдың басында Польшаны азат еткен әскери бөлімдермен бірге Германия астанасы Берлинге жеткен. Сөйтіп жеңіс күнін Берлинде қарсы алған. Дәмелі Жакеева «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Сталинградты азат еткені үшін», «Кавказды азат еткені үшін» медальдарымен және «I дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапатталған [14].

Өмірі ұшақпен байланысты болған тағы бір қазақ қызы ұшақ механигі мамандығын иерген Мәдина Ысқақова (Көкшетау облысы Сандықтау ауданының тумасы, 1924 ж. дүниеге келген). 1942 жылы мамыр айында Мәдина Исқақова паспорттағы 1924 жылды 1921 жылға ауыстырып, өз еркімен шақыру пунктiсiне аттанады, онда 17 қызды iрiктеп алып Кемерова қаласындағы әуе байланысы мектебiне жiбередi. 6 ай бойы қыздар 2 жылға жоспарланған бағдарламаны күніне 14-16 сағат бойы игерген. Авиациялық құрылғылардың бақылаушысы маманы болған Мәдина Исқақова самолеттің оттегімен жабдықталуын қадағалаған. Кемерова қаласындағы әуе байланысы мектебін бітірген соң 240-шы жойғыш авиация полкіне қабылданып, атақты ұшқыш Иван Кожедубтың жеке механигі болды. 1944 жылдың жазында полк 178-ші гвардиялық жойқын авиация полкы болып қайта жасақталады [15, 72 п.]. Мәдина соғыс біткенше осы полк құрамында шайқасады. Будапешт, София, Вена, Курск, Орел, Белгород қалаларын жаудан азат етуге қатысқан. Иван Кожедуб 330 рет әскери әуе шайқасына қатысып, жаудың 62 ұшағын жойғаны үшін үш мәрте Кеңестер Одағының батыры атағына ие болды, осы ерлікке Мәдинаның да үлесі бар екені анық. Соғыстағы өжеттігі үшін «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. Елге оралғаннан кейін Айыртау ауданының шаруашылығында сауыншы болып еңбек еткен. 1985 жылдың мамырында Жеңістің 40 жылдық мерекесі қарсаңында үкімет «II дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапаттаған. Сол жылы Мәдина Ысқақова дүниеден өткен [16, 24-25 бб.].

Арнайы электрожабдықтар шебері Асия Надырова (Апишева) (Көкшетау қаласының тумасы, 1921 ж. дүниеге келген), 1942 жылы 16 мамырдан бастап қызметін Қызыл Әскер қатарынан бастады, оған дейін аудандық газетте корректор қызметін атқарған. 1943 жылы сәуір айында авиамамандарды даярлайтын 16-шы дизизиялық мектепті аяқтағаннан кейін, оны Моршанск қаласындағы 4-ші жойғыш полкіне, ал содан кейін 3-ші Украин фронтына жібереді. Асия Апишева 995-ші полкінің 17-ші әуе әскерінде қызмет етті. Австрия, Венгрия, Германиядан Жеңіске жету жолы жеңіл болған емес. Фашистерге қарсы күресте ол көп ерлік пен батырлық танытты. «ИЛ-2» ұшағын әскери тапсырмаларды орындауға арнайы электрожабдықтармен қамтамасыз етіп, 770 рет әуеге көтерген, істен шыққан 10 ұшақты арнайы электрожабдықтармен қайта жабдықтап, қалпына келтірген [17]. «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Будапешті алғаны үшін», «Венаны алғаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдары және «II дәрежелі Отан соғысы» ордені оның айғағы [18, 136 б.].

Авиақаруландыру ісінің ісмері, кіші сержант Шамшура Жүсіпова (Ақмола облысының тумасы, 1921 ж. туылған). Қызыл әскер қатарына 1942 жылдың 24 маусымында Ақмола АӘК-мен шақырылған. 249 авиациялық дивизиясының 305 истребительді авиациялық полкінің 3 авиаэскадрильясында әскери қызметін өтеген. [6,

338 б.]. Жапон жаулап алушыларына қарсы әскери іс-қимылдар барысында Жүсіпова Шамшура дайындаған самолет 6 рет әскери амалдарға қатысып, толығымен жабдықталған, қаруландырудың материалдық жағын өте жақсы игерген. «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған [19].

Әскери байланысшы Раушан Мәдиева майданға 1942 жылдың 1 тамызында аттанған. 116-атқыштар полкінде байланысшы болып әскери қызмет атқарған. Мәскеуді, Ленинградты азат етуге қатысқан, Жеңіс күнін Польшада қарсы алған. Соғыстан оралған соң, 1946 жылдан №1 бис. шахтасының қосалқы станциясында кезекші болып жұмыс істеген [9, 238 б.; 12, 78 б.; 20, 12 б.].

Зенитші Роза Шамжанова (Ақмола облысының тумасы, 1923 ж. дүниеге келген). Бұл қазақ қызының ерекшелігі Еңбекшілдер ауданындағы жетімдер үйінің тәрбиеленушісі 13 жасар пионер қыз 1936 ж. Михаил Калининнің қолынан «Құрмет Белгісімен» марапатталған [21]. 1942 жылы сәуірде еріктілер қатарында майданға аттанып, Түрменстанның шығысында орналасқан Чарджоу (Түркменабад) қаласында Орта Азия әскери округіне кіретін 33 жеке әуе байланыс бөлімінде әскери қызметін өтейді. 1944 жылы 33 рота Белоруссияға аттандырылған. «Жауынгерлік ерлігі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған. Соғыс аяқталған соң Мәскеу институтының шығыстану бөлімінде қытай тілін меңгереді, көп жылдар бойы шетелдермен достық және мәдени байланыстар бойынша Қазақ қоғамын басқарған [22].

Радиотелеграфист Хайржан Ақжарова (Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының №5-ауылының тумасы, 1924 ж. туылған). Қызыл әскер қатарына 1942 жылдың мамырында Орал ҚӘК-мен шақырылған. Ұлы Отан соғысында 24 атқыштар копусында 132 жеке гвардия байланыс батальонында әскери қызметін өтеген. «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен және «II дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапатталған [6, 24 б.]. Марапаттау парағынан: «гвардия ефрейторы Ақжарова Хайржан 24 гвардиялық атқыштар копусының штабында және оның байланысатын бөлімдерінде радиотелеграфист ретінде берілген тапсырмаға ықпалды орындайды, қабылданған радиограммаларды қатесіз уақытында жібереді. Корпустың әскери іс-қимылдарды орындау сәтінде корпуста жолдас Ақжарова Х. радиостанцияда жұмыс жасап, бөлімдердегілермен үнемі байланыста болған, желілік байланыс бұзылған сәтте радио байланысқа ауысып отырған. Дер кезінде радиограммаларды жіберіп және қабылдап, корпус командирінің ұрыс қимылдары кезінде дұрыс шешім қабылдауын қамтамасыз етіп, шайқастың нәтижелі аяқталуына тікелей әсер етті» [23].

Қарағанды облысынан шыққан танкшы қазақ қыздары Жамал Байтасова, Күлкен Тоқбергенова, Күлжамила Талқанбаева туралы алғаш рет мақала 1944 жылы 22 тамызда «Советтік Қарағанды» облыстық газетте жарияланды. Мақала авторы Қарқаралының тумасы, медальді сержант Топатай Жүнісов, дала почтасы 28054-0 деп көрсетілген: «Танкшылар шабуылға шығып немістерді қаладан жөңкілте қуды. Литваның сәнді-сіулетті қалаларын жендеттер аяусыз талқандаған екен. Бір кезде Жамалдың танкісі жаудың күтпеген жерінен шығып, немістерді баса жаншып, жаудың оқ ататын ұяларының үнін өшірді Күлкен Тоқбергенова жаудың тылына кіріп, танктерге жол ашатын, жаудан «тіл» әкелетін барлаушы болды. ...Бөлімшедегі танкшы қазақ қызы Күлжамила Талқанбаеваның ерлік істері ерекше көзге түседі. Ол бәр күнгі болған ұрыста жаудың 5 атыс ұясын жойып жіберді. Күлжамила атақаға шыққанда сондай шеберлікпен алға ұмтылады. Осылардың ішінде радист, пулеметші Жамила Бейсенбаева да өзінің қызметін жақсы атқарады. Міне, бұлардың ерлік істері қазақ халқын мақтаныш сезіміне бөлейді. Танкшы қыздар даңқтарың арта берсін» [24].

Капитан Аймереке Көбеева (Латипова) (1927 ж. туған), Ақтөбе қаласында жетімдер үйінде өскен сәтінде қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұловамен құрбы болған. 1941 жылы майданға Мәскеу қаласында инженерлік институтта оқып жүргенде аттанады. Алғашында 1873 зенитті-артиллериялық полктің 10-батареясының зенитті артиллериясының

пулеметшісі болса, кейін барлаушылар қатарына ауыстырылған. 1943 жылы үш айға Грозный қаласына жіберіліп, кіші лейтенант шенін алып шыққан [20, 12 б.; 25, 2 б.]. Сталинградты азат етуге, Беларусь пен Украина жеріндегі ұрыстарға қатысқан. Сталинград шайқасына, Кавказды, Киевті, Ростов-на-Дону, Воронежді, Ровноны, Шепетовканы, Шығыс Пруссияны азат етуге қатысқан. Соғыста жүріп үш мәрте жарақат алғанымен, елге оралған соң да ауыл шаруасына белсене араласты. «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған [26, 258-259 бб.].

Әскери теміржолшы Үміт Толқыбекова (Қарағанды облысы Осакаровка кентінің тумасы, 1923 ж. туған). Ұлы Отан соғысына аттанған еріктілердің қатарында болған, Батыс-Шығыс әскери теміржол транспортында теміржол әскерлерінің құрамында машинистің көмекшісі болған. 1942 жылы күзде жараланғандарды эвакуациялау кезінде жарақат алып, госпитальда бірнеше ай жатқан соң елге оралып Қарағанды облысының қауіпсіздік комитетінде қызметін жалғастырған [9, 246 б.; 12, 74 б.; 20, 12 б.].

Медицина қызметінің капитаны Рахима Кошқумбаева (1920 ж. туған). 1942 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын бітірген. 1943 жылы 17 маусымда әскер қатарына шақырылып, Мәскеу қаласындағы бас санитарлық басқармаға бағытталған, кейін үш айлық курстарды тәмамдаған соң Воронеж қаласына ауыстырылып, онда ХППГ-5211 хирургиялық госпитальда әскери қызметін өтейді. Госпиталь Курск-Белгород доғасында орналасқандықтан жарақаттанғандар саны өте көп болды. Сол жылы Киев қаласына Сумск облысының Лебедин қаласынан көшірілген ЭГ-11-11 госпиталіне ауыстырылады. Жеңіс күнін Рахима Кошқумбаева Дрезден қаласында қарсы алған, әскери қызметін Австрияның астанасы Вена қаласында аяқтайды. Бұл әйелдің өмірбаянындағы ең ғажайып сәттердің бірі деп өз жұбайын, майор Шақарды майданда танысқандығын айтуға болады, тағы бір қызығы сонау сұрапыл ұрыстар алаңында дәрігер қыздың өмірлік серігі Қарағанды облысы Егіндібұлақ ауданынан, яғни жерлесі болып шыққандығында [27, 3 б.]. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған [28].

Дәрігер Гүлімжан Қарсыбекова (1919 ж. туған) В.М. Молотов атындағы Қазақ мемлекеттік медицина институтының емтихан комиссиясының 1942 жылы 1 қыркүйектегі шешімімен дәрігер-емдеуші біліктілігі тағайындалып, ертесіне Ленинград-Волхов майданына бағыт алып, осында госпитальдың дәрігер-хирург ретінде әскери қызметі басталған. 59-армияның №3393 госпиталінде 1-Украин майданының майдангерлеріне операция жасаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында Ярославль, Ленинград, Новгородск облыстарында, сонымен қатар атқыштар батальоны мен 31-гвардиялық артиллериялық корпусының артдивизионының құрамында Польша, Германия, Австрия, Чехословакия госпитальдарында да қызмет атқарған. Польшада 12 мың әскери тұтқындарға арналған госпитальды басқарған. Соғыс аяқталғаннан соң Қарағанды облысының медицина саласының дамуына үлкен үлесін қосқан [29, 158-159 бб.]. Қызыл Жұлдыз, Ленин, «II дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен және әртүрлі мемлекеттердің 11 медалімен марапатталған [30].

Медбике Газиза Омарбаева көптеген ұрыстардың қатысушы болған. Кезекті шайқас кезінде Солдус (Латвия КСР) ауданының маңында қаза болған. Көптеген үкіметтік марапаттар тағайындалған [9, 240 б.].

Келесі қазақ аруы көкшетаулық минометші Жексенова Гүлбану. Тағдыр тәлкегінде шек жоқ қой, кейде қатар аққан қос өзенде қатар жүзген қос қайық таудай толқындардың тасасынан бір-бірінен көз жазып қалатын кездер де болады. Дәл осы әйелдің тағдыры кинофильм желісіндей өрбіген еді. 1939 жылы Гүлбану Жексенов Сағитқа тұрмысқа шығады, сол жылдың қыркүйек айында жұбайы Қызыл әскер қатарына шақырылады. 1942 жылы 8 қыркүйекте 1324 атқыштар полкінің штабынан: «1942 жылы 7 ақпанда Жексенов Сағит Батыс майданда хабарсыз кетті» деген хабарлама келеді, 1942 жылы 1 қазан күні Гүлбану Жексенова өз еркімен жұбайының кегін алу үшін соғысқа аттанады [31, 1-3 п.].

«...Сағиттың қаза тапқанына мен сенбеймін! Соғыста неше түрлі жағдайлар болып жатады», - деп қайын атасы мен қайын сіңілісіне жігер берген, олардың жүрегінде үміт отын жаққан. Содан соң «Шешінген судан тайынбас» деп, үлкен іске бел буып: «Мен соғысқа аттанамын, майдан даласынан Сағитты іздеп табамын. Таппасам, соңынан кетемін! Жаудан жолдасымның кегін аламын!» - деп өз байламын айтқан. Сөйтіп әскери комисариатқа барып соғысқа сұранған. Ақыры біраз ізденістен кейін тілегі қабыл болып, алыстағы сұрапыл шайқас даласына аттанған. Сағит Жексенов: «Мен қаза тапты деген қара қағазды алған соң Гүлбануым менің кегімді қайтарам деп соғысқа аттанған кезде мен Москвадағы Киев вокзалының жоғарғы қабатында орналасқан госпитальда жатқан едім. Гүлбану дәл сол Киев вокзалында бірнеше сағат бойы поезд күтіпті. «Майданда қаза тапты» деген өмірлік серігінің, яғни менің, қол созым жерде, дәл сол вокзалдың төртінші қабатында жатқанымды ол қайдан білсін!». ...Кездесу тек екі жыл өткеннен кейін ғана болды. Лейтенант Сағит Жексенов осыдан соң өзінің минометші жары Гүлбанудан айырылған жоқ. Сөйтіп екеуі фашистермен иық түйістіріп бірге соғысты. 1945 жылдың сәуір айында екеуі елге қайтты [32, 10 б.].

Осы мақаланың аясында Солтүстік және Орталық Қазақстан жерінде дүниеге келген әйелдердің, қазақ қыздарының қайсарлығын, табиғатының нәзік жаратылысына қарамастан майдан даласында батыр қыздардың ерекше ерлік көрсеткендерін баса көрсету еді. Қазақ әйелдерінен ұрыс даласында әйелге тән емес кәсіппен айналысқан пулеметші де, ұшақ механигі де, авиақаруландыру ісінің маманы да, зенитші де, танкист те, радист те, барлаушы да, партизан да, минометші де және т.б. шықты. Бұл мақалада дараландырылған тәсіл аясында осы әйелдердің әрқайсысына жеке тоқталып көрсетілді. Әйелдер, 17 жастан жаңа асқан қыздар ғаламат табандылық пен теңдесі жоқ ерліктің үлгісіндей бола алды. Әйелдердің әскери мамандықтарды үйренуі, майдан жолдары, шайқастар кезіндегі қайсарлықтары, Отанды қорғауға қосқан жеке үлестері тәнті етпей қоймайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Сенявская Е.С. Человек на войне. Историко-психологические очерки. – М., 1997. – 232 с.
- 2 Мурманцева В.С. Советские женщины в Великой Отечественной войне. – М.: Знание, 1987. – 64 с.
- 3 Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарихы мұрағаты (РГАСПИ). 644-қ., 2-т., 43-іс., 157-п.
- 4 РГАСПИ. 644-қ., 2-т., 51-іс., 105-107 п.
- 5 Ресей мемлекеттік әскери мұрағаты (РГВА). 4-қ., 11-т.
- 6 Доспанов Ж.О. Женщины фронтовики Казахстана. 6-ти томная исторически-документальная книга. Атырау: Издательство «Ағатай», 2019. – 374 с.
- 7 Ақмола облысының мемлекеттік мұрағаты (АОММ). 258-қ., 9-т., 474-іс., 5-п.
- 8 АОММ. Ф. П-1 қ., 1-т., 256-іс. 71-п.
- 9 Сактаганова З.Г., Турсунова Ж.Ж., Смагулов А.Ж. Женщины Центрального Казахстана в годы Великой Отечественной войны: монография. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2016. – 256 с.
- 10 Ресей Федерациясы Қауіпсіздік министрлігінің орталық мұрағаты (ЦАМО РФ). Ф. 49908-қ., 188105-т., 18-іс., 221-п.
- 11 ЦАМО РФ. Ф. 60417-қ., 36041-т., 13-іс., 31-п.
- 12 Лұқпанов С.Е., Сембаев М.С. Жауынгер қыздар. Боевые подруги / ред. Қ.Ә. Аманбаев. – Қарағанды, 1995. – 138 б.
- 13 ЦАМО РФ. 49908-қ., 188105-т., 18-іс., 217-218 п.
- 14 Подвиг народа. 1941-1945. Жакеева Д.Ж. [ЭР]. – Режим доступа: <http://podvignaroda.ru/?#id=28404958&tab=navDetailManAward>
- 15 ЦАМО РФ. 178 гв.иап-қ., 396562-т., 5-іс., 72-п.
- 16 Мэри. Естеліктер мен деректі әңгімелер / Құраст. А. Шикатаева. Алматы: Телеарна, 2015. 104 б.
- 17 Память народа. 1941-1945. Надырова А.Ш. [ЭР]. – Режим доступа: https://pamyat-naroda.ru/heroes/podvig-chelovek_nagrazhdenie38893856/

- 18 Жеңіс батырлары / Құраст. Ақмола облыстық тарихи-өлкетану мұражайы. Көкшетау, 2015. - 236 б.
- 19 Память народа. 1941-1945. Джусупова Ш.К. [ЭР]. – Режим доступа: https://pamyat-naroda.ru/heroes/podvig-chelovek_nagrazhdenie37861593
- 20 Темиргалиева К. Воевали и работали // Индустриальная Караганда. 2006. 7 марта.
- 21 Ақмола облыстық тарихи - өлкетану мұражайының ағымдық мұражайы.
- 22 Шатров М., Рамазанова Л. Знатная женщина Казахстана. [ЭР]. – Режим доступа: <https://www.voxpopuli.kz/history/1045-znatnaya-zhenshchina-kazakhstanana>.
- 23 Подвиг народа. 1941-1945. Акжарова Х. [ЭР]. – Режим доступа: <http://podvignaroda.ru/?#id=18145783&tab=navDetailManAward>
- 24 Жүнісов Т. Танкшы қазақ қыздары // Советтік Қарағанды. №106 (2356). 1944. 22 август.
- 25 Кубеев Қ.С. Батыр әже // Приозерский вестник. 2015. 9 января.
- 26 Солдаты Победы. Карагандинцы в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. / Сост. Совет ветеранов Карагандинскрй области. Караганда, 2015. – 423 с.
- 27 Братухина Е. Приказано познакомиться // Новый вестник. 2010. 12 мая.
- 28 Память народа. 1941-1945. Ерижепова Р.К. [ЭР]. – Режим доступа: <https://pamyat-naroda.ru/awards/1535025725>
- 29 Досмагамбетова Р.С., Сайфулина Н.Ф. КГМИ. Дело которому они служили (далекие и близкие пятидесятые). – М.: Литтерра, 2015. – 320 с.
- 30 Шет ауданы өлкелік мұражайының ағымдық мұрағаты.
- 31 АОММ. 1525-к., 1-т., 148-іс.
- 32 Сейіт Р. Оттай жанған жүрегі // Көкшетау. 2005. 2 ақпан.

Мұрат Томирис Мукарамқызы, студент

Научный руководитель: к.и.н. **А.Е. Даниярова**

КарГТУ, г. Караганда, Казахстан, henrytasmanheh@gmail.com

ВОЕННО-ПАТРИОТИЧЕСКАЯ ТЕМАТИКА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ КАСЫМА АМАНЖОЛОВА

Аннотация: В статье рассматривается историческое значение Великой Отечественной войны для мировой истории, влияние ее на судьбу советских людей и, в частности, казахстанцев. Проведен анализ восприятия военных событий через лирику Касыма Аманжолова, которая содержит в себе наглядный пример патриотизма и героического подвига. Произведения казахского поэта, непосредственно участвовавшего в войне, представляют собой не только историческую и культурную ценность, но и имеют огромное воспитательное значение. Поэзия Касыма Аманжолова демонстрирует образ и чувства обычного солдата Красной Армии, описывая его судьбу и мировоззрение, формирует чувство гражданского долга, любовь к истории своей Родины и ее предкам у подрастающего поколения страны. Лейтмотив статьи в том, что события Великой Отечественной войны, должны служить примером и наставлением нынешней молодежи и последующим поколениям о необходимости сохранения мира и согласия.

Ключевые слова: Великая Отечественная война, Касым Аманжолов, патриотизм, память народа, военная поэзия, воспитание, героизм.

Память об исторических событиях своего народа и страны ответственна за формирование непрерывной связи между поколениями и чувства патриотизма. Спустя 75 лет с момента окончания Великой Отечественной войны воспоминания о событиях тех лет, о людях, внесших вклад в победу, должна быть незабвенна в сердцах каждого. Современное поколение должно помнить о подвиге своих предков, брать пример с них, воспитывая в себе любовь к Родине, толерантность и решительность.

Великая Отечественная война, как неотъемлемая часть Второй мировой войны, оказала огромное влияние на всемирную историю и историю советского народа. Война

была не только трагическим, но и героическим периодом истории советского народа. Мужество, самоотверженность, стойкость духа объединяют миллионы советских людей, беззаветно защищавших свою Родину. Человеческая память хранит в себе опыт поколений, и опыт каждого.

Фашистская Германия, набиравшая мощь с 30-х годов XX столетия и проводившая экспансионистскую политику, и Советский Союз 23 августа 1939 года подписали договор о ненападении, также называемый «пактом Молотова-Риббентропа». 22 июня 1941 года фашистская Германия, нарушив договор, вторглась на территорию Советского Союза.

Для Казахстана, как и для остальных республик в составе СССР, эта война была Отечественной, освободительная и затронула все слои населения. Многочисленные народы советского государства проявили преданность Родине, патриотизм, сплоченность одной идеей – не позволить врагу победить. «Подлинно народный характер войны со стороны СССР стал одним из решающих факторов быстрой и максимально возможной мобилизации людских резервов, производительных сил и природных ресурсов на отпор врагу» [1, с. 256]. КазССР внесла огромный вклад в будущую победу советского народа, не только за счет переориентирования производства всех предприятий на военный лад, но и благодаря снабжению армии человеческими ресурсами. «В ряды сражавшейся армии в годы войны влились 1196164 казахстанца. В Казахстане было сформировано 12 стрелковых и 4 кавалерийских дивизий, 7 стрелковых бригад, около 50 отдельных полков. За боевые подвиги около 500 казахстанцев были награждены званием Героя Советского Союза» [2, с. 326].

События тех лет затронули всех граждан СССР без исключения, поэтому неудивительно, что они были отражены во многих литературных произведениях. «Могучим идейным оружием воюющего народа явились литература и искусство» [1, с. 292]. Важно было не только оставить потомкам память о событиях военных лет, но и сформировать чувство патриотизма, интернационализма и воинский дух, которые должны были зарождал огонь надежды и веры в победу, посреди голода, смерти и разрухи. Своими произведениями деятели искусства КазССР оказали огромную моральную поддержку солдатам, в частности, литераторы, чьи произведения часто посвящались смелости советских солдат. «Огромную популярность приобрели произведения Жамбыла «Ленинградцы, дети мои», «Ленинград» Тажибаева, стихи Ж. Шанина, А. Сарсенбаева, К. Аманжолова» [4, с. 311]. Известные акыны и писатели Казахстана писали о своих искренних переживаниях и солидарности к тяжелому положению жителей оккупированной части СССР, или вносили непосредственный вклад в победу. Около 90 писателей и поэтов КазССР сражались в рядах советской армии, совмещая литературную деятельность с буднями фронта, и через призму их творчества читатель может в полной мере понять о тяжести и жестокости войны, о мыслях и чувствах солдата и тыловика.

Поэт Касым Рахимжанович Аманжолов родился в 1911 году в Каркаралинском районе Карагандинской области. С детства ощутил все тяготы жизни, после смерти родителей воспитывался в интернате. В 1930 году окончил Семипалатинский зооветеринарный техникум, и к этому времени Касым Аманжолов уже имеет первые публикации своих стихов в периодической печати. Несмотря на то, что после учебы в зооветеринарном техникуме он поступает в Ленинградский институт лесного хозяйства, именно «тяга к поэтическому творчеству коренным образом повлияла на дальнейшую судьбу поэта» [4, с. 5]. В 30-х годах XX в. Касым Аманжолов работал в различных республиканских и областных газетах в качестве литературного сотрудника. В 1938 году молодой поэт и журналист выпускает свой первый сборник стихов «Өмір сыры», полный новых тем, сюжетов и экспериментов в стихосложении. С публикации дебютного сборника молодой поэт начал вносить свой неповторимый вклад в казахскую поэзию. В 1941 – 1946 гг., будучи одним из солдат Красной Армии, Касым Аманжолов стал свидетелем и непосредственным участником Великой Отечественной войны, продолжившим свою литературную деятельность на фронте. Как солдат и поэт, он через

свои произведения смог описать сюжеты и события войны, давая возможность будущим поколениям достоверно и без прикрас узнать о военных событиях 1941 – 1945 годов.

Интернационализм, чувство любви к Родине, сопричастность общего дела - борьба с фашизмом, объединяла все народы Советского Союза. Поэт насмешливо описывает негодование фашиста от осознания того, что, по его мнению, «унтерменш» оказался сильнее его.

«Когда б ты в плен меня забрал,
Наверно б, в цепи заковал.
Но вышло так, что счастлив я,
А ты, фашист, затосковал» [4, с 32].

Важно было показать, что идея интернационализма, терпимости и братства народов приводит к прогрессу и миру, она искореняет споры и войны, учит тому, что все люди равны между собой, и каждый человек должен с уважением относиться к каждой нации. Из строк стихотворения, главный герой, приверженец той самой идеи интернационализма, счастлив от уверенности в правильности своих убеждений, тогда как фашист и его идеология, в конце концов, потерпели крах.

К 1943 году в оккупированных фашистскими захватчиками зонах, возникали партизанские отряды, общая численность которых в годы войны достигла почти 1 миллиона человек. «Почти все партизанские соединения, бригады и отряды были многонациональными. Плечом к плечу с сыновьями и дочерьми русского, украинского, белорусского, молдавского народов и народов Прибалтики против фашистских агрессоров самоотверженно сражались сыны и дочери казахского народа» [1, с 270]. Сплоченность советского народа против общего врага подталкивала людей на защиту общей Родины, не разделяя республики на отдельные народы, что создавало противовес фашистской идеологии. В другом своем произведении «Смертельный враг», написанном на фронте в 1943 году, Касым Аманжолов полностью описал чувства и мысли солдат и партизан, и их готовность дать отпор врагу.

«Пусть сердце бьется, как набат,
Пусть не смолкает автомат,
И пусть враги ложатся в ряд.
Сметай их, смерч, сметай их, вихрь!» [4, с 31].

Солдаты Красной Армии шли в бой отважно, готовые ценой своей жизни, остановить продвижение врага. Через поэзию Касым Аманжолов поднимал воинский дух своих товарищей, показывая, что советская армия, благодаря своей сплоченности и отваге, есть сила, с которой невозможно совладать. Подобные строчки морально поддерживали солдат и тыловиков, верящих в победу своих соотечественников.

«Передо мной проклятый враг.
Он разоряет мой очаг.
Он шлет нам гибель, мор и смерть,
А этого нельзя стерпеть» [4, с 27].

Для всех людей Советского Союза борьба с фашистской Германией была Отечественной и освободительная. Они не могли позволить врагу, продолжить захватническую политику, отдав в руки агрессоров свою родную землю, земли своих предков и будущих поколений. Отсюда подвиг 312-ой, 316-ой, 238-ой, 391-ой и 387-ой стрелковых дивизий, в ноябре-декабре 1941 года стоявших насмерть под Москвой, героический подвиг сражавшихся в битве под Сталинградом с 17 июля 1942 г. по 2 февраля 1943 г., переломившей ход войны.

«Советский народ во время мировой войны 1939-1945 годов понес невосполнимые потери. 20 миллионов человек погибло на фронтах, уничтожено в концлагерях, пропало без вести. Среди них 410 тысяч казахстанцев» [1, с 267]. Последствия войны были колоссальными. Гибель людей, неоправданная жестокость, голод, разрушения и страх – все это доказывает несправедливость войны, необходимость поддержания мира между

странами. Важна жизнь каждого человека, и война не должна быть причиной стольких потерь. Однако они не были напрасными. Каждый солдат, тыловик внес свой вклад в дело победы Советского народа против фашистских захватчиков.

Люди искусства, наравне со всеми, добровольно шли на фронт, где они проявляли мужество и героизм, защищая свою Родину. Их поэзия, как и героический подвиг, не должна стираться из памяти народа. «Многие писатели и поэты с оружием в руках участвовали в боевых действиях, А. Жумагалиев, Б. Булкишев, В. Чугунов пали смертью храбрых» [3, с 311]. О таких героях, как они, пишет в своем произведении «Сказание о гибели поэта» Касым Аманжолов.

«...Прощай, родная сторона.
Я не исполнил долг сполна.
Я о поэзии мечтал,
Я биться до конца желал.
Но все же сделал, все что мог,
Как мог, я Родине помог» [4, с 29].

Война переломила судьбы многих людей, многие были вынуждены покинуть родной дом и отправиться на фронт, многие лишились своих родных. В те годы мысли каждого советского гражданина занимала война, они стремились сделать все, чтобы она закончилась. Отсюда такая самоотверженность и героизм.

«Прощайте, верные друзья!
Я окружен, я взят в тиски...
Быть может, ваши сыновья
Еще прочтут мои стихи» [4, с 29].

Несмотря на огромные потери, СССР смог победить в этой несправедливой и захватнической войне. Этот подвиг солдат и советских граждан не должен быть забыт. Именно поэтому, так важно чтить героев военных лет, перенимать их мудрость, храбрость и неугасаемую надежду. Воспоминания о войне, о людях должны храниться в песнях, в рассказах и литературе, должны быть услышаны и навсегда отложены в памяти народа, то есть переходить из поколения в поколение. Особенно ценны биографии и творчество тех, кто пережил Вторую мировую войну, сражаясь на передовой. Касым Аманжолов, Бауржан Момышулы, Токен Абдрахманов, Шакир Абенев и остальные литераторы – участники Великой Отечественной войны своим творчеством воспитывают в современном поколении патриотизм и трепетное отношение к героическому прошлому. Герой Советского Союза, писатель-фронтовик Бауыржан Момышулы отмечал: «Самое грозное оружие – это душа солдата, а боеприпасы к нему – это духовная пища» [5, с. 89].

Духовный потенциал народа и патриотическое сознание нашли отражение в творчестве К. Аманжолова, где показано: мужество, героизм, стойкость духа советского солдата. В поэзии Касыма Аманжолова раскрываются события суровых военных лет, и показывается значимость того, насколько ценен мир на планете Земля.

Список использованной литературы;

- 1 Иллюстрированная история Казахстана: С древнейших времен до наших дней. В 4-х томах. Том III. Алматы, 2005. – 320 с.
- 2 История Казахстана с древнейших времен до наших дней. – Алматы: «Дәуір», 1993. – 416 с.
- 3 История Казахстана: Учебник для вузов. 8-е изд./ - Костанай: Костанайский региональный институт исторических исследований, 2006. – 350 с.
- 4 Светлый путь. Стихотворения, поэмы/Касым Аманжолов. Перевод с казахского. – Астана: Аударма, 2011. – 480 с.
- 5 Момышулы Б. Психология войны: книга-хроника. – Алма-Ата:Казахстан, 1990. – 237 с.

Ожаева Бахытнур Бахытбековна, магистрант

С. Аманжолов ат. ШКМУ, Өскемен қ., Қазақстан, bakhytnuro@mail.ru

ЕРЛІКТЕРІ ЕЛЕНБЕГЕН ЕКІ БАТЫР НЕМЕСЕ КЕҢЕС ОДАҒЫ БАТЫРЫ АТАҒЫН АЛМАҒАН АТАЛАРЫМЫЗ

Аңдатпа: Мақалада өмір мен өлім арасындағы қан майданда қан кешіп, жеңісті жақындатуға үлес қосқан жерлестеріміз, тарбағатайлық жауынгерлер, қаһарман аталар: Жарылғасынов Қабыкен мен Құдагелдінов Қотырбайдың ерен ерліктері жазылды. Аталарымыз соғыс кезінде жасаған ерліктері үшін, ең жоғары марапат Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынылған, алайда олар. «Қызыл Ту» орденімен марапатталған. Бұл жайттың тарихи шындық екеніне, алдағы беттерде жарияланған Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынылған 133 майдангер туралы Ұмытылған қаһармандар атты үлкен жинақ кітап пен аталарымыздың ерлік істерін растайтын мемлекеттік архив құжаттары дәлел болады. Онда аталарымыздың жасаған ерліктері туралы баяндалған. Деректер бойынша соғысқа 4831 тарбағатайлық қатысып олардың 1630 –ы соғыста қаза тапса, майданнан 1228-і аман оралды, ал 1973 боздақ хабарсыздар қатарында.

Түйін сөздер: «қара қағаздары», жауынгер, боздақтар, қаһармандар, архив құжаттары, ерлік, ордендер, рота, командир.

Жалпы бізде белгісіз солдаттар жоқ,
Барлығының бар аты, туған жылы.
Олар сонау
Қырық бірінші жыл құрбандары,
Олар сонау қырық бесінші жылдың құрбандығы.
Біз көтердік оларды белгісіз деп,
Белгілі ерлігі мен болашағы үшін.
Олар қайтадан оралды жер-су іздеп,
Туған елдің қорғады ар-намысын.

Сырбай Мәуленов

Биыл 2020 жыл екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 75 жыл, келесі 2021 жыл екінші дүниежүзілік соғыстың басталғанына 80 жыл толады. КСРО бойынша 27 миллионнан астам адамның өмірін қиған бұл соғыс талай боздақты қыршыннан қиып, ананы жесір, баланы жетім етті. Қанды шайқастарға толы 1418 күн мен түн ешқашан ұмытылмайды. Осы жанкешті жойқынға КСРО халқымен бірге Отанымыз Қазақстан елі де жұмыла қатысты. Еліміздің шығыс өңірінде орналасқан, туған өлкеміз Тарбағатай жерінен де соғысқа аттанған ер азаматтар, ортақ жеңіс үшін жан алып, жан берісті.

Деректер бойынша соғысқа 4831 тарбағатайлық қатысып олардың 1630 –ы соғыста қаза тапса, майданнан 1228-і аман оралды, ал 1973 боздақ хабарсыздар қатарында. Тарбағатайлық жауынгерлер Москва, Ленинград, Курск, Тула, Азия және Европа елдерін азат етуде көптеген шайқастарға қатысты. Неміс басқыншылары Ленинград, Москва, Сталинград бағытымен күшейе түскен кезде, ондаған қазақстандық жауынгерлер сол соғыс өртінің ішінде жүрді. Олардың арасында тарбағатайлық жауынгерлердің де болғандығын кейінгі ұрпақ, сол аталарымыздың айтқан естеліктері мен соғыстан келген хаттары және «қара қағаздары» арқылы білді. [1, б. 25]

Менің осы тақырыпқа тоқталып, осы тарихи оқиғаны жазуыма негіз болған себеп, ол өмір мен өлім арасындағы қан майданда қан кешіп, жеңісті жақындатуға үлес қосқан жерлестеріміз, тарбағатайлық жауынгерлер, қаһарман аталар: Жарылғасынов Қабыкен мен Құдагелдінов Қотырбайдың ерен ерліктерін көрсету.

Аталарымыз соғыс кезінде жасаған ерліктері үшін, ең жоғары марапат Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынылған, алайда олар «Қызыл Ту» орденімен марапатталған. Бұл

жайттың тарихи шындық екеніне, алдағы беттерде жарияланған Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынылған 133 майдангер туралы Ұмытылған қаһармандар атты үлкен жинақ кітап пен аталарымыздың ерлік істерін растайтын мемлекеттік архив құжаттары дәлел болады. Онда аталарымыздың жасаған ерліктері туралы баяндалған.

Жарылғасынов Қабыкен 1 қаңтар 1920 жылы (биыл 2020 жылы Қабыкен атамның туғанына 100 жыл толды) бұрынғы Семей облысы, Зайсан уезі, Маңырақ болысында, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Маңырақ ауылында дүниеге келген. Осы өңірдегі Байжігіт елінің алты Жұмық, бес Саты ішінде Есенгелді – Айтқожа ұрпағы. Ерте есейген бозбала 7 сыныпты бітірген соң 14 жасында комсомол ұйымына қабылданып, Шілікті совхозының Сталин фермасына (қазіргі Тасбастау) сауатсыздарды оқытуға жіберіледі. Кейін біраз жылдар осы совхоздағы май зауытында мастер болып қызмет атқарады. 1940 жылы 20 жасында әскер қатарына алынып КСРО – Жапон шекарасында әскерде болады. Осы жерден 1942 жылы соғысқа аттанып, Брянск, Украина, Курск, Орловск майдандарына қатысады. Гвардия ефрейторы жауынгер Қабыкенов Берлин, Прага т.б қалаларды азат етудегі ерліктері үшін «За отвагу» (Ерлігі үшін) медалымен және «Қызыл Ту», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен марапатталды.

1945 жылы 17 қаңтарда Польшаны азат етуде Слабошевице ауданында Пилица өзеніне көпір салу құрлысы кезінде мұздай суық суға қарамай, төзімділікпен құрлыс жұмысын атқарып, көпірдің уақытында бітуіне барынша үлес қосып, асқан күш қайрат пен табандылық көрсетті және осы іске өз взводының әскерлерін тарта білді.

1945 жылы 25 қаңтар күні оңтүстік Карлсрее ауданында сапер взводына қарқынды күшпен контратака жасаған жаудың автоматшыларынан тасжолды ашу кезіндегі шайқаста, ефрейтор Қабыкенов асқан батырлық көрсетіп, бірінші болып алға ұмтылып, жаудың 9 жауынгерін атып өлтірген. Сонымен бірге осы ұрыста ауыр жараланған рота командирін, борап тұрған жау оғына қарамай, ұрыс алаңынан аман алып шығып, офицер өмірін ажалдан құтқарған.

Осы жасаған ерен ерліктері мен батылдығы үшін гвардия ефрейторы, сапер Жарылғасыновты 28 қаңтар 1945 жылы жазылған марапаттау парағына, 121-ші Жеке Гвардия Сандомир Саперлер батальонының командирі, гвардия майоры Романов пен корпус инженері, гвардия подполковнигі Фастов қол қойып, ең жоғары марапат «Кеңес Одағы батыры» атағына ұсынған, алайда батыр атамның «Қызыл Ту» орденімен марапатталған. [2, б. 2-5]

Қабыкен ата соғыста үш рет жараланып, басынан контузия алып Украинада госпитальда болады. Соғыс аяқталған соң 1946 жылдың мамыр айына дейін Австрия, Румыния, Чехословакия, Венгрия жерлерін картаға түсіруші отряд құрамында болып, осы жылдың күзінде туған жеріне аман, есен оралады.

Әскерде және соғыста болған күндерін жауынгер атамның былай деп еске алады. Әкемнің Оқас деген жолдасы маған құс атуды үйрететін, әсіресе дуадақ деген құсты шиті мылтықпен атып мерген деген атқа ие болдым. Осы мергендігімнің пайдасы әскерге барғанда тиді, тактикалық жаттығу кезінде үштен оқ береді, бесатармен атамның, сонда менің үш оғым бір жерден өтеді. Мені Тамбов қаласындағы бір айлық мергендер оқуына жіберді, мен оқуды жиырма күнде аяқтап, үшінші полктың 7-ші корпус 53-ші бригадада барлаушы мерген болдым. Менің міндетім; немістің мергенін оның қарауындағы пулеметшілерін, қару, жарақтарының қай жерде екенін анықтау. Қасымда фотоға түсіретін адам болды. Барлық өзіме берілген тапсырмаларды жауапкершілікпен атқардым.

Соғыстан келген соң Қабыкен ата 1947 жылы Ташкент қаласындағы жоғары заң оқу орнына қабылданып, оқуды үздік нәтижемен тәмамдайды. 1950-60 ж.ж арасында Самарда, Шіліктіде милицияда, ал Ақжарда тергеуші болып қызмет атқарады. Сонымен бірге Тарбағатай аудандық комсомол ұйымының екінші хатшы қызметінде болған. Кейін денсаулығына байланысты Ақжар совхозында жылқышы болып, зейнеткерлікке шығады. Бейбіт өмірде Қабыкен ата домбыра шертіп, ән айтқан және қолөнермен

айналысып, жасаған бұйымдары талай көрмеде жүлделі орын алған. Өмір жолы осындай еңбек пен ерлікке толы батыр атамыз 2009 жылы желтоқсанда 90 жасқа қараған шағында өмірден өтті. Бүгінде жұбайы Әминә Нығметжанқызы мен бірге өсіріп жеткізген 9 баласынан тараған 16 немереден үш немересі, әскери және заң саласында табысты қызмет етуде. Олар: Мұхтар ҚР ұлттық қауіпсіздік комитеті шекара қызметінің запастағы подполковнигі, қауіпсіздік қызметінің басшысы, Мұхит полиция қызметкері, Азамат өрт сөндіру қызметінде. Ал шөбересі Жанғали Нұрсұлтан қаласындағы ұлттық Ұлан сапында Ақорданың қауіпсіздік қызметінде.

Гвардия ефрейторы, 121-ші Жеке Гвардия Сандомир Саперлер батальонының сапері Жарылғасынов Қабыкен атамыздың соғыс кезінде жасаған ерен ерліктерін ескеруде, «За отвагу» (Ерлігі үшін), медалымен марапатталғандығын және ең жоғары марапат Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынылғандығын бірақ «Қызыл Ту» ордені берілгендігін растайтын Ресей мемлекеттік архив құжаттары дәлел.

Авторы Берік Әбдіғалиұлы құрастырған 2019 жылы Астана қаласынан шыққан Ұмытылған қаһармандар атты үлкен жинақ кітапта, II-ші дүние жүзілік соғыста (оның ішінде 1941 - 45 ж.ж Германия - КСРО соғысында) ерен ерлік көрсетіп, Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынылған, бірақ түрлі себептермен осы құрметті марапатқа ие болмаған қазақстандық жауынгерлердің ерліктері туралы жазылған. Кітапта Ресей Қорғаныс министрлігі архивінің қорларында сақталған құжаттардың көпшілігі алғаш рет жарияланды.

Осы кітапта жазылған құнды деректерді ықшамдап айтқанда, соғыс кезінде 497 қазақстандық жауынгер Кеңес Одағы Батыры атағына ие болған деген бұрынғы жайтты, жаңартып, толықтыратын маңызды дерек көздеріне және жоғарыда атаған тарбағатайлық жауынгерлер, қаһарман аталарымыздың ерліктері туралы ресми мәліметтерге тоқталайын. Біз білетін 497 қазақстандық жауынгерді лты бойынша жіктесек, олардың 280-сі орыстар, 96-сы қазақтар, 85-сі украиндар 45-і басқа ұлт өкілдері және 113 қазақстандық 3-ші дәрежелі Даңқ орденінің толық иегері атанған. Ал соңғы зерттеу мәліметтеріне сәйкес соғыс кезінде жасаған ерліктері үшін 103 қазақ - Кеңес Одағы Батыры атағына ие болған.

1990 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың ұсынысы бойынша, Кеңес Одағы Батыры атағы, қайтыс болғаннан кейін аты аңызға айналған атақты қазақ қолбасшысы Бауыржан Момышұлына берілді. Айта кететін бір жайт Кеңес Одағы Батыры Сабыр Рахимов пен Расул Исетов ұлты бойынша қазақтар, бірақ кезінде өзбек болып жазылып кеткен.

2007 жылы КСРО Қорғаныс министрлігінің (қазіргі РФҚМОА) Орталық мұрағатының құжаттарынан «Жоғары құпия» грифі алынып тасталғаннан кейін, көптеген шындық ашылып олар, арнайы ғаламтор – жобаларда орналастырылды. Сол бойынша ұрпақтары батыр аталары мен әкелерінің марапаттау қазаздарын көріп, оардың ерліктері жайында білді. Кеңес Одағы Батыры атағына ерлігі үшін ұсынылып, бірақ белгісіз себептермен басқа марапатқа ие болған адамдардың көбі анықталды. Осы ең жоғары атаққа ерліктері мен лайықты болып, бірақ Кеңес заманы кезінде оны алмаған кейбір біздің батырларымыз, еліміз тәуелсіздік алғанда «Халық қаһарманы» атағына ие болды, бірақ өкінішке орай көп жауынгерлер бұл атақты өмірден өткен соң иеленді. Олар: Сағадат Нұрмағамбетов (1994ж) Қасым Қайсенов (1995ж) Бақтыораз Бейсекбаев (1998ж) Рахымжан Қошқарбаев (1999ж) Хиуаз Доспанова (2004ж). Ал, Бақтыораз Бейсекбаевқа Ресейдің Батыры атағы да берілді. («Капитан Маслов экипажы»)

Соғыс болған Белоруссия, Украина мен Еуропа елдерінде, миллиондаған белгісіз және аты жөні сақталмаған жас батырлар мәңгілікке қалды. Бірақ осы соғыс болған алаңдарда, іздестіру жұмыстары әлі күнге дейін жалғасуда, іздеуші отряд тобы бүгінгі күнге дейін оншақты жылдар бойы «жоғалған адамдар» тізімінде тұрған біз білмейтін жеңіс жауынгерлерін іздейді. Бауырластар зиратында жерленбеген он мыңдай сарбаз іздеушілерін күтуде. Талай жылдан кейін болсада олар жақындарына өздері жайлы хабар

жетуін күтуде. Батырлардың денелері ерекше құрметпен жерленуі тиіс. Өйткені олардың барлығы ұмытылмас қаһармандар.

2010 жылы Мемлекеттік тілді дамыту қорының қолдауымен біз «Халық Батыры» патриоттық акциясын өткіздік. Мұндағы мақсат 1941- 45 ж.ж. соғыстағы қазақстандықтардың ерліктеріне лайықты құрмет көрсету. Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынылған бірақ түрлі себептермен осы лайықты марапатқа ие болмаған майдангерлердің есімдерін іздестіру мен халық жадында жаңғырту. Бұл жеңіске жетуге тиіс тарихи әділеттілік. Атқарған жұмыстың алғашқы кезеңі жемісті болып Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынылған онға жуық қазақстандықтың материалдары мен құжаттары жиналды. 2015 жылы «Забытые герои. «Герои Советского Союза» атты жинақталған материалдар жинағы жарияланды. Осы жинақ кітап сол жобаның жалғасы болып табылады. Қазан қаласының Ұлы Отан соғысының ұлттық музей - мемориалынан ресейлік әріптесіміз М. В Черепанов бізге үлкен көмек көрсетті. Сонымен бірге қазақстандық офицерлер туралы 25 томдық еңбекпен 2018 жылы шыққан батыр атағы берілмеген қазақстандықтар тақырыбына арналған кітаптың авторы

Ж. Доспанов елеулі жұмыс атқарды. [3, Б35-6]

Осы жинақ кітапқа енгізілген қаһармандардың есімдері тек жақын туыстарына ғана таныс. Көпшілік бұларды білмейді. Олардың майданда жасаған ерліктері соғыста бірге болған жолдастарының арасында мойындалғанымен, партия және штаб «басшылары» тарапынан ескерусіз қалды. Тарихи әділдік үшін ұмытылған батырлар туралы айту - біздің міндетіміз. Кітапқа енген Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынылған 133 майдангердердің көбі жаяу әскер және 26 артиллерист, 14 пулеметші, 8 сапер, 5 танкист, 4 танкіге қарсы өздігінен жүретін (СУ, ИСУ) атқыш 5 снайпер, 4 санитар, 3 байланысшы, 2 кавалерист 3 десант, 1 әуе десанты, 1 ұшқыш, 1 инженерлік әскер және 1 ІХН – нің (НКВД) 1 қызметкері болған. Ұлты бойынша 118 қазақ, 6 орыс, 3 өзбек, 3 татар 2 ұйғыр, 1 тәжік болған. Бұлардың әр қайсысы ерлік жасады. Ұлы Жеңіске өз үлесін қосты.

Жиналған құжаттар бойынша біздің сегіз отандасымыз екі рет Батыр атағына ұсынылған. Екеуі капитандар Сағадат Нұрмағамбетов пен Сейітхан Темірбаев бір рет Батыр атағын алса, қалғандарына екі ретінде де берілмеді. Олар саперлар: қатардағы жауынгер Жансеріков Құдайберген, аға сержант Сағындықов Мінайқұл. Атқыштар ротасының командирі, лейтенант Көктаев Қабыш, 248 фашистің көзін жойған снайпер, аға сержант Байжанов Зейтін және майор В.А Гутов пен лейтенант В.И Гувовский. Шығыс Қазақстан облысы Зыряновск қаласының тұрғыны, майор Несмянов Александр үш рет Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынылды ! Үш ретінде де берілмеген.

Осындай батырлармен бірге, кітапта біздің жерлестеріміз Жарылғасынов Қабыкен мен Құдагелдінов Қотырбай аталар да бар. Оларды Ұмытылған қаһармандар кітабының беттерінен көруге болады.

Жарылғасынов Қабыкен ата туралы жоғарыда айтылды. Енді келесі батыр жауынгер атамыз Құдагелдінов Қотырбай 1909 жылы туған. Туған жері белгісіз. Соғысқа ШҚО Тарбағатай ауданынан шақырылып, 1942 жылдың сәуір айынан соғысқа қатысқан. Капитан Құдагелдінов 301-ші атқыштар Сталин дивизиясы, 1050 –ші атқыштар полкі 8 –ші атқыштар ротасының командирі. Жеке ерлігі, батылдығы мен қаһармандығы және шайқас барысында, шебер жетекшілік ету қабілетінің арқасында, күштерді дұрыс орналастырып, қоршауда тұрған қорғаныс шебін сақтап қалып, өзінен күші басым қарсыласты жеңіліске ұшыратты.

1945 жылы 2 ақпанда Ортвиг селосы ауданында (Германия) Одер өзенінен өту кезіндегі шайқаста, жаудың күшті атыс көрсетуіне қарамастан капитан Құдагелдіновтің басшылығымен, рота батыл әрекет етіп жау қарсылығын жойып тез арада өзеннен өтіп маңызды бекіністі қолға түсірді. Немістер 12 танкінің күшімен жоғалтқан шебін қайтарып алу үшін бірнеше рет белсенді шабуыл жасады.

Құдагелдінов 20 адамнан тұратын топпен өз шептерін асқан ерлікпен қорғап, 70 ке жуық немістің көзін жойды.

Жау өз танктерінің абсалюттік басымдылығын, және полк бөлімшелерінде оқ – дәрілердің жоқтығына орай, 1945 жылы 4 ақпанда екі жаяу батальон және сол жағында 34 оң жағында 20 танкпен шабуылға шығып, кеңес әскерінің 2 атқыштар батальонын және 3 ші атқыштар батальонының 8 ші атқыштар ротасының әрқайсысын жекелей толық қоршауға алды. [4; Б4-6]

Шайқастың осындай ауыр кезеңі мен жаудың үздіксіз шабуыл көрсетуіне қарамастан, 2 - ші атқыштар батальонының жауынгерлері мен офицерлері, әсіресе 8 ші атқыштар ротасы асқан ерлік пен қайсарлық көрсетті. Капитан Құдагелдінов осы сәтте абыржымай, қоршау кезінде ұрысты дұрыс ұйымдастыра білді. Жеке батылдығы өз қарамағындағы жауынгерлерінің рухын көтерді. 17 жауынгер батыл және шебер командирдің басшылығымен, екі күнде жаудың 12 шабуылына тойтарыс берген. Ержүрек капитан Құдагелдінов қираған үйге бекініп оны тірек пунктіне айналдырып, үйге кірмекші болған фашистерді қақ маңдайдан атып тастап отырған. Қоршаудың бірінші күні, жаудың жойқын 12 шабуылынан кейін, бекінген үйдің жанында немістің өлген 156 адамы мен гранатамен қираған 3 танкісі қалды. Екі танкті рота командирі, капитан Құдагелдіновтің өзі қиратты. Келесі күні таңертең фашистер 12 танкімен тікелей шабуыл жасап, үйді қоршап өртеді. Өртенген үйдің шатыры мен төбесі қирап сарбаздарға құлады. Бірақ қайсар жауынгерлер жаудың жойқын шабуылына тойтарыс беруін тоқтатпады. Олар тағы да 13 шабуылды қайтарып, қарсыластың 200 дей әскері мен офицерлерін шығынға ұшыратты. Жау әскері бірнеше рет үйдің терезелері мен дәліздеріне кіруге ұмтылғанда, автоматтың штық құралы арқылы жойылып отырды. Ал оқтар мен гранаталар жау шабуылшыларын жою үшін есеппен жұмсалып, «әр оқ пен граната тек мақсат үшін қолданылды».

Капитан Құдагелдінов жеке ерлігі, батылдығы мен қаһармандығы және шайқас барысында, шебер жетекшілік ету қабілетінің арқасында, күштерді дұрыс орналастырып, қоршаудағы қорғаныс шебін сақтап қалып, өзінен күші басым қарсыласты қиратты. Осылайша Одер өзенінің батыс жағалауындағы басқа бөлімдердің плацдармын сақтап қалуды қамтамасыз етті.[5; Б35-48]

Осы жасаған ерлігі ескеріліп, гвардия капитаны Құдагелдіновті 10 наурыз 1945 жылы 1050 ші Сталин атқыштар полкінің командирі, гвардия подполковнигі Гумеров ең жоғары марапат Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынған, алайда капитан Құдагелдінов 10 сәуір 1945 жылы «Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

Ержүрек атамиздың ерлігін ескеріп Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынуды мақұлдап, тағы да біршама офицерлер қол қойған марапаттау парағы мен жасаған ерлігі туралы жазылған жоғарыда атаған Ұмытылған қаһармандар кітабының атамизға арналған беттері де көп. Сонымен бірге осы құжаттар қатарына, ғаламтордан «Память народа» сайтынан қаһарман атамиздың 13 сәуір 1945 жылы жазылған «Қызыл Ту» орденімен марапатталған бұйрық парағын тауып осында жазып отырмын.

Ұмытылған қаһармандар үлкен жинақ кітабын біз, Жарылғасынов Қабыкен атаның ұрпақтары қызы Байтұманова Қанипа апай және немересі Мұхтар Кәкімұлы арқылы көріп, оқып таныстық. Ол кісілерге зор ризашылығымызды білдіреміз, үлкен алғыс айтамыз. Кітаптан бұрын соңды жарияланбаған мол тың деректер және біз үшін ерекше мақтаныш Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынылған жерлес қаһарман аталарымыз туралы білдік. Аталарымыздың жасаған ерлік істері біз үшін және өскелең жас ұрпақ үшін, үлгі, өнеге, үлкен мақтаныш және ұмытылмас естелік. [6; Б3]

Ендігі мақсат осы жайтқа орай аталарымыздың есімін есте қалдыру мақсатында, оларға арналған арнайы қоғамдық іс - шара ұйымдастырып, тиісті жұмыстар атқару. Осы ойымызды жергілікті басшылық өкілдері қолдайды деген үміттеміз.

Біздің қаһарман аталарымыздай ерлік еткен, осы Ұмытылған қаһармандар кітабында ерлігі жазылған, Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынылған, бірақ I –дәрежелі

« Отан соғысы » орденімен марапатталған, ШҚО Жарма ауданы Қапанбұлақ аулының тумасы, танымал панфиловшы, 8 ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 302 ші гвардиялық атқыштар полкінің 2 ші атқыштар ротасының снайпері, соғыста 397 немістің көзін жойып 32 снайпер дайындаған, неміс снайперлері «қара өлім» деп атаған әйгілі сұрмерген, «Қызыл Ту» ордені және екі мәрте «Қызыл Жұлдыз» ордені иегері, гвардия аға сержанты Төлеуғали Әбдібековтің есімін есте қалдыруда, Жарма ауданы біршама игі істер атқарды. Әйгілі снайпердің туған жері Қапанбұлақ ауылының кіреберісіне «Төлеуғали Әбдібеков туған ауыл» деген белгі қойылды. Қызылжұлдыз ауылын мергеннің атына беру үшін өкілетті орындарға ұсыныс жасалынды. Сонымен бірге аудан орталығы Қалбатаудың көрнекті жеріне ескерткіш қою жоспары бар. Ал өткен жылы ауданда Т. Әбдібеков туралы «Сұр мерген» атты деректі фильмі көрсетіліп, туынды авторы ШҚО Зайсан ауданы Шілікті ауылының тумасы, ШҚО - нан шыққан тұңғыш кинорежиссер, документалист, ҚР Мәдениет қайраткері, Бауыржан Момышұлы атындағы «Батырлар шапағаты» медальінің иегері Ғазизхан Әділхановпен кездесу өтті. [7; Б7-8]

Ұмытылған қаһармандар кітабындағы Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынылған бірақ ол марапатқа ие болмаған, барлық 133 майдангердің баршасы да осындай құрметке лайықты тұлғалар. Сонымен бірге оларға, Кеңес Одағы кезінде берілмеген ең жоғары марапатты, бүгінгі тәуелсіз еліміздегі ең жоғары марапаты «Халық қаһарманы» атағын беруге де әбден лайықты деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ш. Көпшікпаева Өшпес ерлік. – Семей, 2005
- 2 Аудандық Тарбағатай газеті. № 39 . 09.05.2013
- 3 З.Сағатқызы Өмір жолы осындай / Аудандық Тарбағатай газеті № 21 .9. 05 . 2005 ж
- 4 Т. Қалимажанов Ер есімі ел есінде /Облыстық Семей таңы газеті 29 .06. 2018 ж
- 5 Б . Әбдіғали Ұмытылған қаһармандар . – Астана, 2019
- 6 Ғаламтор желісінде «Память народа» сайты.
- 7 С . Қалиұлы Мергендердің мергені / Облыстық Дидар газеті 18. 04 .2020 ж.

Райымбек Ақтолқын, магистрант

Өл-Фараби ат. ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан, tolkyn130798@gmail.com

ТҰҢҒЫШ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІ С. НҰРМАҒАМБЕТОВТЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа: Мақала Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың Ұлы Отан соғысы кезіндегі жауынгерлік жолына, майданда көрсеткен ерлігіне арналған. Сонымен қатар, мақалада Сағадат Нұрмағамбетовтың жеке жазба дәптері негізінде жазылған еңбектері, армия генералы жөнінде қызметтестерінің пікірлері қарастырылған. Белгілі тұлға, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың Ұлы Отан соғысы кезіндегі, тәуелсіз елдің іргетасын қалау кезеңіндегі ерен еңбектерін көпшілік біле бермейді. Осы мақсатта жүргізілген зерттеулер де тапшы. Алайда бұл оның жеке армия қалыптастырудағы қызметі ел тарихы үшін аса маңызды екендігін өзгертпейді.

Түйін сөздер: Сағадат Нұрмағамбетов, Ұлы Отан соғысы, жауынгерлік жолы, Қазақстан Республикасының Қарулы күштері, Қорғаныс министрі.

Тәуелсіз елдің Қарулы күштерін құруына үлкен ықпал жасаған белгілі тұлға, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың ерен еңбегін, жауынгерлік жолын көпшілік біле бермейді. Елін қорғауды Ұлы Отан соғысы кезеңінен-ақ бастаған Сағадат Нұрмағамбетов, кейін туған елінің егемендігі мен аумақтық тұтастығын өз қолына алды. Қазіргі таңда

еліміздің Қарулы күштерінің уақыт талабына сай қарқынды дамып, осы дәрежеге жеткеніне Елбасымыз Н. Назарбаевтың басшылығымен тағайындалған еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетовтың қажырлы еңбегін атап өтуіміз қажет.

Сағадат Нұрмағамбетов 1924 жылы 25 мамырда Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Қосым ауылында дүниеге келген. Әкесі Қожахмет дүние есігін ашпаған перзентіне Сағадат есімін (араб тілінде тыныштық, бейбітшілік) қойып өмірден өтеді. Жеті жасында Сағадат анасынан да айырылады [1, 7-б.]. Әкенің де, ананың да орнын баса білген, жалғыз ағасы Сағитты да сұм соғыс Новгород түбінде алып кетеді. «Сағит ағамды ерекше жақсы көруші едім. Ұзын бойлы, қара көзді, мейірімді күлкісі, анама қатты ұқсайтын» [2, 17-б.] - деп үлкен жылылықпен есіне алатын. Жақын адамдарынан өте ерте айырылған Сағадат тез есейіп, жастайынан еңбекқор әрі өжет болып өседі. Алайда мұғалім боламын деген арманына соғыс біржолата кедергі болады. 17 жасқа енді толған ол майдан даласына өз еркімен баруға бел буады. Бірнеше рет жасы жетпегеніне қарамастан, ол 1942 жылы алдымен әскери училищеге, 1 жылдан соң Қызыл Армия қатарына қабылданады. Мұрғаб жазығы, Байрам-али қаласындағы (Түркіменстан) Түркістан пулемет училищесін бітіреді. «Сенейін бе, сенбейін бе, мен – офицермін. Отбасымда да, тегімде де офицер болмаған. Мен – алғашқысымын. Әрине, мен мұнымен мақтандым», – деп Сағадат Нұрмағамбетов өзінің соғыс жылдарындағы өмірін еске алады [3, 37-б.]. Соғысты көзімен көріп, ажалмен бетпе-бет келген Сағадат Нұрмағамбетов шайқаса жүріп, соғыс тактикасын, әскери тәртіпті меңгеруге тырысады. Қатар жүрген сарбаздардың оққа ұшып, қыршынынан қиылғанын көрген Сағадат Нұрмағамбетовке майдан даласында тек сабыр мен берік мінез көмектеседі.

Соғыс кезінде С.Нұрмағамбетов тек алдыңғы қатарда болды, ол басқарған батальон шайқастарда батылдық пен ержүректілік танытты, ауыр шайқастарда жеңіске жетті. Сондай шайқастардың бірі Молдова ауылы Урсоаяның батысындағы биіктікте болды. 1052-ші атқыштар полкі гитлерліктердің төрт шабуылына тойтарыс берді. Бұл полкте қарсы шабуылда капитан Сағадат Нұрмағамбетовтың пулеметшілер тобы бір-бірінен ерекшеленді: Величко, Новиков, Михайленко, Пастухов, Яковенко, Саламатин, Беус. Оттың жалынымен олар жаудың жаяу әскерінің тізбектерін жерге орналастырды және 200-ге жуық неміс басқыншыларын жойды.

1945 жылдың 14 қаңтары. Артиллериялық шабуыл басталды. «Шабуыл!» деген бұйрық жіберіліп, 1052-ші полктің 1-ші атқыштар батальоны - шабуылға шықты. Бірінші шабуылда капитан Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың пулемет тобының барлық пулеметшілері болды. Капитан Нұрмағамбетов әдеттегідей пулеметшілерді батылдықпен ауыстырып, жау қорғанысын отқа өртеген болатын. Жаудың оттарын пулемет зеңбіректерімен жауып, алға қарай ілгері жылжыды [4, 201-б.].

1945 жылдың 17-ші қаңтарында Сағадат Нұрмағамбетов Польша жерінде жау қорғанысын бұзып өту кезіндегі жауынгерлік тапсырманы ержүректілікпен орындайды. Магнушев плацдармында болған шайқаста ол басқаратын пулемет ротасы 2 күн ішінде 120 фашист пен 12 пулемет орналасқан орынның көзін жояды. Варшава қаласынан 60 шақырым жерде орналасқан Магнушев қаласын жау әскерінен тазарту кезінде Нұрмағамбетов әскерлерді сауатты басқара білуімен көзге түседі.

Шайқастардың бірінде станокты пулемет дәлдеуші істен шығады. Соған қарамастан Нұрмағамбетов пулеметті қолына алып, жау әскеріне оқты қарша боратады. Осылайша, ол фашистердің 2 жойқын шабуылына тойтарыс беріп, 65 фашист әскерін өлтіреді. Нәтижесінде Сағадат Нұрмағамбетов басқарған рота Польшаның Пилица өзенінен өтеді. Онда рота 35 жау әскерін өлтіріп, 6 пулемет орналасқан жердің көзін жояды [5].

Сағадат Қожахметұлы фронтта взводтың, ротаның, батальонның командирі бола отырып, полк пен дивизия командирлерінің міндеттерін түсіндіру бойынша жүргізілетін жаттығуларға қатысып отырған.

Ұлы Отан соғысы Қарулы күштердің жақсы ұйымдастырылған және техникалық жарақтандырылған тылының қалыптасуына ықпал етті. Әскери қолбасшылар, кез-келген дәрежедегі командирлер бағынышты әскерлерді материалдық қамтамасыз ету мәселелерімен үнемі әрі нақты айналысуы қажет болды. Мұндай жағдайда соғыс қимылдарының сәтті болуын қамтамасыз ету үшін әскери тыл жақсы және жедел жұмыс істеуі керек. Соғыс тәжірибесі көрсеткендей, жауынгерлік жағдайдың барлық кезеңдерінде сарбазды күніне кемінде 2-3 рет тамақтандыру керек, сонымен қатар сапалы киіммен, аяқ киіммен, оқ-дәрілермен және қару-жарақпен қамтамасыз ету қажет.

Бұл туралы Сағадат Нұрмағамбетов өзінің еңбегінде: «Бейбіт уақытта біз тылдың бірінші қызметі - жауынгерді тамақтандыру, киіндіру, аяқ киіммен қамтамасыз ету екенін ұмытпауымыз керек. Бұл маңызды мәселені екінші орынға қоятын әскери қолбасшылар қатты қателеседі. Тіпті, бейбіт уақытта, әсіресе ұйымдастырылған жаттығулар кезінде, бұл мәселеге көптеген командирлер мен тыл еңбеккерлері аз көңіл бөледі. Бұл өрескел қателік және тактикалық сауатсыздық. Ойластырылған логистикалық қолдау болмаса, ұрыста жетістік болмайды. Сондықтан, біз офицерлерді бейбіт уақытта ұрысқа, операцияларға жан-жақты үйретуіміз керек» – дейді [3, 308-б.].

Осы соғыс жылдарындағы ерлігі үшін Сағадат Нұрмағамбетовке 1945 жылы 21 жасында Кеңес Одағының батыры атағы беріледі. 1946-1949 жылдары Сағадат Қожахметұлы Мәскеудегі Фрунзе атындағы Әскери академияны бітіріп, Орта Азиядағы Түркістан әскери округінде полк басқарады. Сағадат Нұрмағамбетов қорғаныс саласында жүріп, үнемі біліктілігі мен білімін арттырып отырған. 1950-1989 жылдары Азаматтық Қорғаныс штабының бастығы, Венгриядағы оңтүстік әскер тобы бастығының бірінші орынбасары секілді жауапты қызметтерді атқарады.

Сағадат Нұрмағамбетов тарихшылар мен жазушылардың, сондай-ақ әскери қызметкерлердің көптеген еңбектерін оқи отырып, Ұлы Жеңіске жеткізген негізгі үш себепті өзінің естеліктерінде бөліп көрсетеді. «Біріншіден, біз Ұлы Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғадық. Екінші себеп – біздің бірлігіміз - кең байтақ елдің барлық халықтары мықты және қатты қаруланған жаумен шайқасқа еш қаймықтастан шықты. Және, үшіншіден, КСРО-дағы соғыс жылдарында миллиондаған адамдар күш-қуаты күшті экономикалық және қорғаныс әлеуетін құрды, – дейді армия генералы [3, 145-б.].

Бар күш-жігерін елінің қорғанысына, біртұтас күш болуына жұмсаған Сағадат Қожахметұлының еңбегі ерен. Жаумен айқаса жүріп, жанынан тастамаған жазба дәптері негізінде сол бір соғыс кезеңін ол өзінің «Мой передний край» [2] еңбегінде толық суреттеп береді.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан кейін Сағадат Нұрмағамбетов 1991 жылы 25 қазанда Президент Жарлығымен Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің төрағасы, ал 1992 жылдың мамырында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі болып тағайындалды.

Қазақстан әскерінің құрылуы «таза парақтан» басталды және Қорғаныс министріне өте үлкен мәселелерді шешу қажет болды. Қысқа ғана уақытта Қарулы күштерді басқару жүйесі құрылды. Әскери басқару органдары тапшы болып, осы саладағы дайындалған мамандардың жетіспеушілігі байқалды. Орталықтанған жүйенің құлауы салдарынан, әскердің қаржылық, материалды-техникалық және медициналық қамтамасыз етілуін қайта құру қажет болды. ТМД елдерінде ұлттық армиялардың құрылуы себебінен офицерлердің тапшылығы байқалды. Бұл әскери кадрларды дайындаудың жеке жүйесін құруды талап етті [6, 13-б.].

Қазақстан Республикасынның егемендікке енді ғана қол жеткізген тұстағы әскери күші туралы Сағадат Нұрмағамбетов: «Иә, жанадан құрылғалы тұрған Қарулы күшімізге қажетті мамандарды қайда даярлаймыз деген сұрақ туындай бастады. Сонда біз, Ресейдің Генералдық штабымен Республикаға кадр дайындау жөнінде шарт жасастық. Ресей әуелі келісім бере қоған жоқ, біз түгілі Украина мен Белоруссияны да жолатпады. Не керек,

түбінде келісімге келіп жыл сайын 40 офицер әскери академияға, 250-300 офицер әскери училищеге оқуға қабылданатын болды. Менің жіберген сол офицерлерімнің көбісі қазіргі кезде генерал, бастық болды. Академияға қазақтың офицерлерін тартып отырып оқуға жіберген едім. Алғашында қиындық болар, кейін олардың барлығы елдің мүддесі үшін қызмет етер, қол бастар деп жібердім. Үміт ақталды...», – деп пікір білдірген [7, 15-б.].

Қазақстан Республикасы Қарулы күштерін құрудағы алғашқы ұйымдастырушылық кезең (1992-1994) жеке армияны қайта құру, ядролық қарудан бас тарту, маманданған кадр жетіспеушілігі, әскерді толық қамтамасыз ету, әскери қызметтің құқықтық базасын қайта құру, көршілес елдермен дипломатиялық қатынастар құру сынды күрделі мәселелермен сипатталады. Осындай күрделі кезеңде Қарулы күштердің тізгінін ұстаған Сағадат Нұрмағамбетов иығында үлкен жауапкершілік тұрды.

Ауған соғысының ардагері, генерал-майор Мұрат Қалматаев: «... сонау тоқсаныншы жылдары, еліміздің Қарулы күштері қиын кезеңді бастан кешкенде Сағадат Нұрмағамбетов әскерімізді дағдарысқа ұрындырмай, өзінің әскери реформатор тұлға екенін танытты. Ол қандай қызметті атқарса да қазақтың «Ұлық болсаң – кішік бол» деген аталы сөзін жадынан шығармағанын білемін» – деп, әскери қайраткер тұлғалығын тағы бір қырынан толтырады [8, 15-б.].

Тәуелсіз елдің Қарулы күштерін құрудағы ерен еңбегі үшін Сағадат Нұрмағамбетовке 1993 жылы 7 мамырда Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен «Армия генералы» әскери атағы берілді. Ал 1994 жылы 23 мамырда «Халық Қаһарманы» және №1 «Алтын Жұлдыз» қоса тапсырылды [9, 5-б.].

1995 жылы армия генералы лауазымында құрметті демалысқа шыққанымен, өмірінің соңына дейін Президент кеңесшісі болып қызмет атқарды. Сағадат Нұрмағамбетов жас ұрпақтың тәрбиесіне де әрқашан мән беріп отырған, сол себепті әскери тәртіп, ерлік, батылдық жөнінде құнды өсиеттерін қалдырған. Ол соғыс жылдарын, әскери өмірді суреттейтін «Лицом к огню» (1984 ж.), «Мой передний край» (1995 ж.), «А в памяти нет тишины...» еңбектерінің авторы болып табылады.

2013 жылы 24 қыркүйекте Кеңес Одағы батыры, армия генералы, Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов 89 жасында дүниеден өтті. Өз өмірін тек армиямен байланыстырған Сағадат Нұрмағамбетов әріптестерімен өзінің жауынгерлік тәжірибелерімен бөлісіп, сарбаздарды, сержанттарды, офицерлерді батылдық пен ерлікке баулып отырды. Сондай қасиеттердің ең маңыздысы – адал жолмен жүруді үйретті.

1999 жылы Астана қаласындағы «Жас ұлан» республикалық мектебіне тәуелсіз еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі Генерал Сағадат Нұрмағамбетов есімі берілді. Бұл оның жауынгерлік және қайраткерлік қызметінің жоғары құрметке ие болғандығын көрсетті [8, 15-б.].

Сол себепті, тәуелсіз Қазақстан тарихында алтын әріптермен жазылған Сағадат Нұрмағамбетов есімі ел есінде. Оның соғыс жылдарындағы ерлігі, Қазақстан Қарулы күштерін құрудағы еңбегі, артынан қалдырған өнегелі өсиеттері Қазақстан халқы, соның ішінде жас ұрпақ үшін үлкен тарихи маңызға ие болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Тобагабылов Т. Сағадат Нурмагамбетов. Очерк. /«Жазушы» – 1966. – 28 б.
- 2 Нурмагамбетов. С.К. Мой передний край. – Алматы: Ана тілі, 1995. 224с.
- 3 От огненных лет до суверенной армии. Сағадат Нурмагамбетов. Сборник мемуарных произведений. – Алматы: Издательский дом «Жибек жолы», 2005. – 544 с.
- 4 Антонов В. С. Путь к Берлину. – М.: Наука, 1975. – 378 с
- 5 Назгүл Ержанқызы. «21 жасында Кеңес Одағының батыры атанған қазақ» // aikyn.kz. <https://aikyn.kz/21-zhasynda-kenges-odaghynyng-batyr-atanghan-qazaq/>
- 6 А.Тасбулатов 10 лет на страже независимости Республики Казахстан // Бағдар-Ориентир. – 2002. – N 2. – С. 11-21

7 Грибанов А. Сагадат Нурмагамбетов: «А в памяти нет тишины» // Вечерний Алматы. 2013. – 26 сентября. – С.7

8 Сагадат Нурмагамбетов // Дала мен қала. – 2013. – 26 қыркүйек (№39). – 15 б.

9 Сагадат Нурмагамбетовтың өмірі мен қайраткерлік қызметі туралы мәліметтер // Қазақ. – 2016. – 6-13 мамыр (№18/19). – 5 б.

Рыспаева Камила, магистрант, **Абдрахманова Кымбат Казалиевна**, к.и.н, доцент

Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, г. Караганда, Казахстан,

kamila.ryspayeva17@gmail.com

ЖЕНСКАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ В «АЛЖИРЕ» В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

Аннотация: В данной статье рассказывается о женской повседневности в одном из самых больших отделений Карлага – женского лагеря для жен «изменников Родины» – «АЛЖИР» в годы Великой Отечественной войны. В этом лагере сидели члены семьи интеллигенции, государственных и партийных деятелей, которые были репрессированы в годы «Большого террора» в 1937-1938 гг. Через воспоминания узниц лагеря «АЛЖИР» представляется повседневная жизнь и хозяйственный уклад лагеря. Акцентируется внимание на использовании профессионального опыта и знаний женщин-специалистов, их вкладе в развитие региона.

Ключевые слова: «АЛЖИР», женский лагерь, женская повседневность, советские женщины, Акмолинск, Великая Отечественная война

Одной из трагических страниц, вызывающих неподдельный интерес исследователей, в отечественной истории является создание концлагерей. Данная тема активно исследуется историками Казахстана и по крупицам восстанавливаются реальные факты событий тех лет.

20 июля 1934 г. было принято дополнение к 58 статье о «членах семей изменников Родины», в котором официально узаконивалась возможность ареста данной категории населения. Соответствующий документ был принят, и теперь каждый должен был знать, что, получив обвинение в измене родине, он не только пострадает сам, но и его семья будет осуждена как ЧСИР. Считалось, что они не могли не знать о преступной деятельности главы семейства, но не донесли и потому должны быть наказаны. Если обвинен глава семьи, как ячейки общества, то наказание должны понести все ее составляющие. «Мы будем уничтожать каждого такого врага, хотя бы был он и старым большевиком, мы будем уничтожать весь его род, его семью. Каждого, кто своими действиями и мыслями, да, и мыслями, покушается на единство социалистического государства, беспощадно будем уничтожать» [1, с. 71]. Данные слова Сталина являют собой суть механизма действий властных структур в отношении всех причастных к судьбе репрессированного родных.

Начавшаяся в 1937 г. кампания по осуждению женщин ЧСИР, привела к необходимости создания специальных лагерей. Эта статья считалась особо опасной, и посылать женщин с такой статьей в общие лагеря не рекомендовалось. Вопрос об организации специальных мест заключения для данного контингента вставал неоднократно, причем менялись и рекомендации по поводу их размещения. Первоначально на заседании Политбюро ЦК был принят документ с грифом «строго секретно», где НКВД было предложено «всех жен осужденных изменников родины, членов право - троцкистской, шпионско-диверсионной организации заключить в лагерь не менее чем на 5-8 лет» [2, с. 18]. Местом организации этих лагерей должны были стать Нарымский край и Тургайский район Казахстана.

К категории «ЧСИР» относились не только жены «изменников родины», но также матери, сестры, дочери. Однако в законодательных актах того времени, в названиях лагерей фактически всегда употреблялся термин «жены изменников родины», который на самом деле подразумевал всех членов семьи осужденного. Более того, как показал фактический материал, нередко это были даже не жены, а вдовы.

Акмолинский лагерь жен «изменников Родины» («АЛЖИР») был создан на базе 26 посёлка для спецпоселенцев Акмолинской области 3 декабря 1937 г. на основании приказа НКВД СССР за № 00758 от 3 декабря 1937 г. и приказа по Управлению Карлага НКВД за № 0043 от 16 декабря 1937 г. [3, с. 82]. С 29 декабря 1939 г. официально включён в структуру Карлага как «Акмолинское отделение Карагандинского исправительно-трудового лагеря» (до этого времени формально подчинялся непосредственно ГУЛагу НКВД СССР). В 1936 г. началось строительство бараков и формирование на этом месте детской колонии, в августе 1937 г. переселенцы были размещены в других спецпоселках и началась подготовка к приему заключенных ЧСИР.

За период с 1938 по 1953 гг. в Акмолинском спецотделении были заключены 18 тыс. женщин. В 2003 г. международное общество «Мемориал» опубликовало список из 8 тыс. женщин – заключенных Акмолинского и других отделений Карлага в книге «Узницы «АЛЖИРа». По информации музея политических репрессий «АЛЖИР» в Нур-Султане, с 2007 г. были дополнительно выявлены 50 имен узниц и внесены в список «Стены памяти» при музее. Поэтому работа по выявлению имен узниц должна найти свое продолжение.

Определено также социальное происхождение женщин до их ареста. Данный спецконтингент состоял из следующих социальных категорий: рабочих, служащих, крестьян, крестьян-бедняков, крестьян-середняков, кустарей, мещан, купцов.

По воспоминаниям Г. Степановой-Ключниковой: «Ближе к весне по баракам пошли со списками. Выявляли нужных лагерю специалистов-строителей, сметчиков, агрономов, врачей. Так было сформировано наше конструкторское бюро «Шарашка». Нашему маленькому бюро предстояло запроектировать для лагеря швейную фабрику, кирпичный завод, электростанцию, котельную, баню, столовую с кухней и кинотеатр для вольнонаемных вне зоны лагеря. Начальницей конструкторского бюро была назначена Амалия Георгиевна Микаэлян-Кечек» [4, с. 38]. Тяжело приходилось женщинам с гуманитарным, музыкальным и другим ненужным лагерю образованием, им приходилось выполнять самую тяжелую физическую работу. Они месили голыми ногами глину с соломой, набивали этой массой деревянные формы, надрываясь, тащили их и вытряхивали сырые саманы на площадку для просушки. Из подсушенных саманов другие женщины – каменщицы клали стены. Слабые женщины по 12–14 часов в день таскали двадцатикилограммовые саманы, поднимали их на подмости, укладывали в стены, другие женщины работали в поле. Как пишет Г. Колдомасова: «Я попала в бригаду саманщиц. Мы делали саманы – большие кирпичи из глины, соломы и навоза. Утром, выходя за зону, я радовалась, что работа поможет отвлечься от горя, и мои страдания теперь как-то переносятся в среде таких же женщин, как я» [5, с. 19].

В Акмолинском женском лагере было много специалистов – машинистов, зоотехников, врачей, педагогов, музыкантов, счетоводов, экономистов, продавцов, химиков, ткачих, портних и других, немалую часть составили и те, кто не имел определенной профессии к моменту ареста и в графе «специальность» было написано «не имеет» или «без специальности».

Старшим агрономом была назначена А.А. Зайцева – прекрасный организатор и знающий специалист. Она сумела подобрать себе помощников и вместе с ними развернула огромную работу. Была создана опытная станция, на полях которой велась серьезная научная работа. Впоследствии за работу против эрозии почв в институте зернового хозяйства А. Зайцева, совместно с коллективом ученых во главе с директором института А. Бараевым, получила Ленинскую премию. А работу по борьбе с эрозией она

начала еще в лагере. Вместе с освоением новых земель развивалось овощеводство. Построили парники, теплицы, выращивали морковь, свеклу, капусту [5, с. 11].

Для использования всего контингента решено было организовать швейную фабрику и вышивальное производство, где было занято более 2 тыс. человек. Швейная фабрика выполняла заказы на давальческом сырьекрупных организаций. Вышивальное производство изготовляло продукцию из сырья Наркомата торговли Казахской ССР, по его нарядам и указанию продукция отправлялась в другие области Казахстана. Об этом в воспоминаниях написала Г. Степанова-Ключникова: «Из малосильных, больных и старых был организован вышивальный цех. По рисункам художницы Ксении Шуко, родственницы известного архитектора, с раннего утра до позднего вечера, теряя зрение, вышивали “алжирки” – тончайшие купоны блузок, украинских сорочек, роскошные скатерти, салфетки. После войны я еще долго встречала в художественных салонах Москвы изделия, выполненные по знакомым рисункам 26 точки Карлага» [4, с. 39].

Режим содержания в лагерях должен был создавать условия для исправительно-трудового воздействия на заключенных, куда входили трудовое перевоспитание, политико-воспитательная работа, материально-бытовое обеспечение и медико-санитарное обслуживание. Лагерный режим регламентировал правила поведения осужденных и деятельность администрации. Таким образом, основные требования режима предусматривали изоляцию, надзор и точное выполнение своих обязанностей как тех, кто надзирает, так и тех, за кем надзирают.

Как уже отмечалось, практически все женщины, осужденные по статье ЧСИР, после ареста содержались несколько месяцев в тюрьме, где сразу подпадали под особый режим, предназначенный для «политически неблагонадежных». «Мы не простые преступники. Мы особо важные, государственные. И нас провожают в одиночный корпус, отгороженный высокой стеной и массой дозорных вышек даже от остальной обычной тюрьмы» [6, с. 145].

По данным К.Н.Поль, первоначально лагерь состоял из шести бараков и нескольких служебных домиков, так что вместимость его была достаточно ограничена. В течение нескольких месяцев бараки заполнились до отказа, хотя рассчитаны были на 250-300 человек, в них набивалось в два раза больше, то есть порядка 500-600 узниц. В основном бараки состояли из двухъярусных нар, реже из трех, нередко приходилось размещаться на полу. На высоте верхних нар находилось узкое продольное отверстие, заменявшее окно, заткнутое из-за отсутствия стекла ветошью. У входа отгораживалось помещение для длинного умывальника, и хотя озеро находилось рядом, с водой в лагере было тяжело: на стирку и купание выдавалось раз в неделю по ведру воды. В начале барака стоял стол для дневальных, которые дежурили посменно. В конце барака находилось небольшое помещение для человек десяти, где впоследствии были поселены лагерные специалисты. Сами бараки были расположены так, что входная дверь одного барака, была напротив входа в другой - так получалось несколько рядов. В каждом бараке назначалась староста, на которую накладывались весьма широкие обязанности: поддерживать в бараке установленный порядок, улаживать конфликты между обитательницами барака, проводить вечернюю поверку, получать и распределять задания на работу, осуществлять связь между заключенными и лагерным начальством.

Первая лагерная зима, по воспоминаниям «алжирок», была лютая, мороз достигал 40 градусов. И, конечно, первое, что необходимо было сделать – это обогреть бараки. Кругом голая степь и полное отсутствие топлива, но рядом с лагерем находилось озеро, где рос камыш, ставший основным видом топлива.

3 января 1938 г. вышел приказ по Карлагу НКВД, по которому было запрещено выходить «на внешнюю работу даже при наличии теплой одежды в дни ветров и морозов от 25 градусов ниже нуля, в дни морозов без ветра 30 градусов ниже нуля, не считая аварийных работ, но в этих случаях люди должны быть тепло одеты. Обеспечить все жилые и производственные помещения ласточек топливом и кипятком, поддерживая их

бесперебойным запасом. Перед разводом давать карболовый вазелин для смазывания лица и рук». Данный приказ в Акмолинском отделении не выполнялся, так как женщины выходили рубить камыш даже в 40-градусный мороз, в результате чего получали обморожения. Так, во время проверки зам. Начальника ГУЛАГа Леонюком Акмолинского спецотделения 2 февраля 1939 г. было обнаружено, что во время больших морозов на работы были направлены полураздетые заключенные, в результате чего было обморожено 89 человек [3, с. 100].

Первая серьезная проверка была проведена в январе 1939 г. начальником 3 отдела Карлага ИКВД капитаном Госбезопасности Лютым. По его данным, в Акмолинском спецотделении на начало 1939 г. находилось 4 с лишним тысячи заключенных женщин. Помимо выявленных недостатков, выразившихся в плохом питании, нехватке воды, отсутствии постельных принадлежностей, одежды и обуви, было предложено пересмотреть существующее положение о спецотделении, которое, по словам проверяющего, устарело и к тому же подписано врагами (к тому времени Народный Комиссар Внутренних Дел Ежов и те, кто был выдвинут им на руководящие посты, были расстреляны). В заключении было отмечено, что управление Карлага очень мало обращает внимания на состояние этого отделения, считая как бы «пасынком», имея в виду его самостоятельный бюджет. Действительно, хотя Акмолинское спецотделение было изначально отделением Карлага, оно имело свой бюджет, утвержденный ГУЛАГом и было принято на баланс Карлага лишь на основании приказа Зам. Наркома Внутренних Дел от 11 сентября 1939 г. и приказа по управлению Карлага от 15 октября 1939 г. [3, с. 108].

Для устранения вышеперечисленных перебоев в снабжении, 31 января в Акмолинское отделение выехал начальник отдела снабжения Левандовский. По его наблюдениям, все оказалось не так уж плохо как с продуктами, так и с товарами первой необходимости. Из всего увиденного Левандовский сделал вывод, что необходимо укомплектовать штаты работников снабжения, так как начальник снабжения один на весь Карлаг и не может уследить за всем. К своей докладной записке он приложил примерное меню столовой на неделю, составленное зав. столовой и зав. производством Никитиным. Судя по представленному меню, рацион питания весьма разнообразен и напоминает хорошую столовую: здесь и щи с мясом, и плов, и галушки, и суп картофельный, и рагу из овощей, и различные соусы.

На самом деле питание заключенных было весьма скудным и однообразным. Это подтверждено как воспоминаниями женщин, так и в личной беседе с ними. К примеру, в интервью А.Г.Енданова рассказывала: «Мне повезло, закончила кулинарные курсы и была определена поваром в столовую. На вопрос как кормили, могу ответить, что женщины постоянно ходили голодные, я как могла, помогала им, отдавала свою пайку...». Из мемуаров Г.Степановой-Ключниковой: «Чувство голода никогда не оставляло. Организм изнывал, просил белков, жиров, витаминов. Пайка черного хлеба, черпак баланды, примерно чайная чашка каши-размазни - вот неизменное наше питание из месяца в месяц, независимо от времени года» [4, с. 42]. По воспоминаниям К.И.Мальцевой: «Кормили плохо: суп из свекольной ботвы да каша ячневая или пшенная. Если норму выполняли – 700 граммов хлеба, если нет - оставались без ужина». Из разговора с У. Майжоловой: «Норму я всегда перевыполняла, ведь я работала портнихой и эту работу хорошо знала, иногда давала вместо 100 % - все 300 %, а перевыполнившим план давали 900 граммов хлеба». Для заключенных занимающих руководящие должности и для ударников готовилась специальная пища на так называемой «итээровской плите» [3, с. 109].

Общий режим был распространен без исключения на все отделения Карлага, что предполагало следующий распорядок дня: подъем в 6 часов, утренняя поверка и развод по рабочим местам. Те, кто имел самостоятельную работу в зоне, шел самостоятельно, кто трудился за зоной, подходил к проходной, и конвоир сопровождал их до места работы. Те, кто был определен на сезонные работы, вместе со своими бригадирами и специалистами,

выстраивались в шеренгу у проходной и двигались за зону под охраной стрелков. Обед привозили на место работы, ужинали в столовой. Отбой в 10 часов вечера. Днем передвижение было свободным, ночью ходить запрещалось.

Из записей бывшего руководителя «АЛЖИРа» М.Т. Юзипенко: «Хотя, добравшись после изнурительного труда до барака, порой у женщин не было сил даже поесть, а только желание лечь на нары и выспаться, но если по лагерю объявляли о какой-нибудь самодеятельности, концерте, то откуда, что бралось - все тут, же собирались» [3, с. 118].

28 сентября 1940 г. вышел приказ заместителя Наркома Внутренних Дел Чернышева за № 877 о запрещении использовать заключенных на всех видах культурно-воспитательной работы, за исключением радистов, преподавателей и в кружках художественной самодеятельности [3, с. 118]. Причем художественная самодеятельность должна быть во всех отделениях лагеря. В отчете политотдела Карлага НКВД отмечалась хорошая работа кружков Акмолинского и Джартагского отделений, спектакли «Крылья гнева» и «Без вины виноватый», поставленные в Акмолинске, заняли первое место среди всех отделений лагеря.

Акмолинское отделение в начале 1940-х гг. стало смешанным и все более походило на другие отделения Карлага. К ноябрю 1943 г. общее количество заключенных составило 3341, из них – 2108 женщин и 1 233 мужчин, причем за контрреволюционные преступления – 2271, за бытовые – 1013, то есть, третья часть от их общей численности составили неполитические осужденные [3, с. 122].

За годы войны численный состав заключенных отделения оставался практически неизменным. Хотя многие из привезенных умирали, но за счет вновь прибывших численность оставалась прежней. Так, на 1 июня 1944 г. общее количество заключенных в Акмолинском отделении насчитывалось 3 562, то есть за 7 месяцев их численность увеличилась на 221 человека [3, с. 122].

Многие заключенные, несмотря на лишения и невзгоды, не теряли патриотического духа и в годы войны просились на фронт. Но, осужденных как ЧСИР, не брали на фронт, о войне они узнавали из радиосводок, газет, переписок. Во время войны ухудшилось условия содержания в лагере, питание, только с окончанием войны нормы питания приблизились к довоенному периоду.

В период военного времени швейная фабрика выполняла заказы по пошиву обмундирования для военных ведомств. Для этого лагерь имел наряды и получал мануфактуру по нарядам из Иваново, Тейково, меланжевых комбинатов Барнаула, Ташкента. Швейное производство являлось основным направлением в хозяйственной деятельности Акмолинского отделения. Нельзя сказать, что это было самое трудоемкое лагерное производство, так как оно являлось исключительно женским занятием и по сравнению с другими отраслями лагерной экономики находилось в более выгодном положении: во-первых, труд швей был частично механизирован; во-вторых, работа не зависела от погодных условий и женщины находились в помещении; в-третьих, они могли видеть результаты своего труда, причем сами носили вещи, произведенные на фабрике. По воспоминаниям самих узниц, эта работа занимала весь световой день, при малом освещении портилось зрение, монотонный труд переходил в хроническую усталость. Но шла война, и они хорошо понимали, что, перевыполняя план, помогают бойцам фронта, они делают одно общее дело.

В целом, за период существования Акмолинского лагеря жен «изменников родины» условия содержания в нем менялись в зависимости от течения времени, обстоятельств. Условия пребывания в лагере осужденных женщин были очень тяжелыми в бытовом плане, с множеством запретов и суровой дисциплиной. Это, в первую очередь, постоянное конвоирование, запрет в свободном передвижении по зоне, ежедневные проверки, отсутствие права переписки, ведение дневников. За нарушение установленных правил нередко отправляли в карцер.

«АЛЖИР» в современных реалиях не только музейно-мемориальный комплекс на месте лагеря, но и место осмысления, памяти о драматических событиях советского прошлого, ставшего неотъемлемой частью нашей отечественной истории.

Поэтому дальнейшее продолжение междисциплинарного исследования по данной теме очень важно, требует осмысления и преобразования знаний с позиции солидарности с жертвами, ради их памяти, ради избежания разрушительного воздействия тоталитаризма на свободу личности и общества в целом.

Список использованной литературы:

- 1 Волкогонов Д.А. Триумф и трагедия. Кн.2. – М.: Агентство печати «Новости», 1989 г. – 398 с.
- 2 Мемориал: информационный бюллетень. –1996. – №12.
- 3 Кукушкина А.Р. Акмолинский лагерь жен «изменников Родины»: история и судьбы. – Караганда, 2008. – 248 с.
- 4 Степанова-Ключникова Г. Казахстанский АЛЖИР. – Астана, 2003. – 63 с.
- 5 Малиновские вехи. Сборник публикаций и воспоминаний (от АЛЖИРа до современной Малиновки). – Астана: Ассоциация жертв незаконных репрессий, 2003 г. – 82 с.
- 6 Гинзбург Е. Крутой маршрут: Хроника времен культа личности. – М.: Книга, 1991. – 734 с.

Сабыр Аружан, студент

Ғылыми жетекшісі: PhD, аға оқытушы **Ә.М. Қоскеева**

С. Сейфуллин ат. ҚазАТУ, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан, Koskeeva@mail.ru

ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫ ЖӘНЕ МҰСТАФА ШОҚАЙ

Аңдатпа: Мақалада II дүниежүзілік соғыс кезінде кеңес армиясы қатарында соғысқа қатысып, неміс фашистеріне тұтқынға түскен түркі тектес әскерлердің адамзат тарихының ең ауыр қасіреттерінің бірін бастан өткергендігі баяндалған. Автор фашистік Германия түрік тектес және басқа халықтар есебінен жасақталған Ұлттық легиондар, оның ішінде Түркістан легионы қарастырған. Сонымен қатар, тұтқында болған түркістандық азаматтардың мәселелерін шешуге тырысқан Мұстафа Шоқайдың іс-әрекеттері, сол әскери құрамда болған боздақтардың қилы тағдыры туралы баяндалған. КСРО-ға жеңістің кеңес халқының төгілген қанымен келгендігі нақты деректермен келтірілген.

Түйін сөздер: легион, фашист, кеңес, тұтқын, шығыс, түркі халықтары.

«Түркістан легионы» жәйлі сөз қозғағанда Мұстафа Шоқай туралы айтар болсақ, ол совет өкіметінің, большевиктердің елге жақсылықтан гөрі қайғы-қасірет көп әкелгендігін ашып айтты. Коммунистік жүйенің тиянақты бола алмайтындығын білді, болжады. Сондықтан да өмір бойы советтермен қас болды, ол туралы ащы шындықты дүние жүзіне әйгіледі. Елдің бостандығын, азаттығын аңсады.

Әлемдегі ең тәуір деген білім ордасынан тәлім алған. Оқымысты заңгер. Бірнеше шет тілін еркін меңгеріп, бөтен тілде сөйлей де, жаза да білген тамаша публицист. Табиғатынан дарынды тұлға. Ол – Мұстафа Шоқай. Саясатқа араласпаса кез келген елде алаңсыз, ешнәрсеге мұқтаж болмай шалқып жүруге жағдайы бар еді. Осынау талант-қабілетімен өз елінде де талай биікке көтерілері сөзсіз, әрине. Бірақ ол кездегі совет елінде, қазақ жерінде орын алған әділетсіздікке бейтарап бола алмады, оған оң ықпал жасағысы келді. Сол үшін большевиктер соңына шырақ алып түсті. Ақыры туған жерінен кетуге мәжбүр етті. Алайда, шетте жүрсе де, елден қанша алыс болса да бағытынан таймады, айтқанынан қайтпады. Коммунистердің ұзын құрығынан жасқанбады, пікірін әлемге паш етті. Советтер өкіметіне қарсы екендігін өмірі жасырмады; себептерін саралады, көңілге қонымды етіп, дәлелдеп айтты. Совет туралы шындықты жер жүзіне

хабарлады. Ақтық демі таусылғанша қазақ халқының жыртысын жырты, тілеуін тіледі [1, 105-б.].

Түркиядағы профессор Әбдуақап Қараның «Мұстафа Шоқай» атты кітабында айқын көрсетілгендей, «1941 жылы 20 сәуір күні Шығыс Еуропа аймағы мәселелерінің орталық атқару қызметкері деген лауазым алған (Альфред) Розенберг өзінің жұмыс тобын жасақтай бастады. Соның алғашқы қызметкерлері арасында профессор Герхард фон Менде мен Георг Лайбрандт секілді тұлғалар орын алды. Сонымен Розенберг неміс армиясы басып алатын Кеңес жерлеріндегі болашақ неміс билігінің жоспарларын жасай бастайды.

А. Розенберг басшылығындағы бюроның ресми бір мекемеге айналуы соғыс басталғаннан кейін Мұстафа Шоқайдың Берлинге аяқ басқан күндеріне сәйкес келеді. 1941 жылдың 16 шілде күні (Адольф) Гитлердің қатысуымен маңызды жиналыс өткізіледі. Бұл жиналыста Кеңестер Одағындағы басып алынған аймақтармен айналысатын жаңа бір министрліктің құрылуы мен өкілеттіліктері туралы шешім қабылданады. «Басып алынған Шығыс елдері Министрлігі» деген ат берілген осы жаңа министрлікке ертеңіне Розенберг министр болып тағайындалады. Сөйтіп Мұстафа Шоқайдың аралауға тілек білдірген тұтқын лагерлеріне жауапты және қысқаша Шығыс Министрлігі (Остминистериум) деп аталған бұл жаңа министрлік 1941 жылы 17 шілдеден бастап өз жұмысын бастайды [2, 249-б.].

Германия Сыртқы істер министрлігінің Кеңестер Одағын жаулап алуға бағытталған алғашқы ұйымдық жұмыстарды 1941 жылдың сәуір айында басталды. Сол айда министрлікте басып алынатын кеңес жерлері мәселесімен айналысатын Ресей комитеті құрылады. Бұл комитеттің төрағалығына елшілік кеңесшісі Георг Гросскоф тағайындалады. Бірақ Ресей комитетінің жұмыстары НСДАП-тың Шығыс мәселелері Орталық саяси бюросының жұмыстарынан артта қалды. Өйткені одан бұрын жұмыстарын бастаған аталмын бюро Кеңестер Одағы жөніндегі мамандардың көпшілігін өз құрамына жинап алған еді. Осы себепті Гросскофтың (Герхард) фон Менде мен (Георг) Лайбрандт секілді мамандарды Ресей Комитетіне алу ұмтылысынан бір нәтиже шықпады. Сондықтан Гросскофтың жұмыстары жаулап алынатын Украина, Кавказ және Қырым секілді аймақтарда құрылатын неміс басқару аппараттары үшін Сыртқы Істер Министрлігі қызметтерінен басқарушы мамандардың тізімін дайындаудан әріге бара алмады.

Гросскофқа қарасты Ресей Комитетінің міндеттері мен жауапкершіліктерінің аясы Кеңестер Одағына қарсы соғыс басталғаннан кейін белгіленді. Соғыстан бір апта өткеннен соң Варнер Отто фон Хентиг кеңестердің оңтүстік шығыс халықтарының (кавказдықтар, қырғыздар, татарлар және т.б.) мәселелеріне жауапты қызметкер болып тағайындалады.

Ресей комитеті, сондай-ақ «Винета Шарк» кеңсесінің үгіт-насихат істерінің бір бөлімін міндеттіне алып, Кеңестер Одағының бұратана халықтарына қатысты брошюралар дайындай бастайды. 1941 жылдың 16 тамызы күнгі бір құжаттан аңғарылғандай, Ресей Комитеті Кеңес армиясынан тұтқынға түскен татар, өзбек, қазақ секілді шығыс халықтарына арнап «Шығыс Түрік» атты бір брошюра дайындауға кіріскен. Мұны Сыртқы Істер Министрлігінің Ресей Комитетінде жұмыс істейтін қазандық Ғалымжан Идриси жасайды [2, 251-252 бб.].

Мұстафа Шоқай шілде айында Берлинге келген кезде, тұтқындармен жүздесу мәселесінде билік таласына тап болады. Мұстафаға радио арқылы түркістандықтарға арнап сөз сөйлеуін өтінген нацистік өкіметтің Үгіт-насихат министрлігіне қарасты «Винета» ұйымы болуы тиіс. 1941 жылдың көктемінде листовка, брошюра және грампластинкалар арқылы кеңестерге қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін құрылған «Винета» ұйымы радио хабарларымен де айналысатын еді... 17 шілде күні Шығыс Министрлігінің құрылуымен бірге кеңес тұтқындары жөніндегі билік Гросскофтан Розенбергке өтті... Шығыс Министрлігі тамыз айында тұтқындармен айналысатын бір комиссия құрады. Бұл комиссияның басына НСДАП-тың «СА» полкімен штрумбанфюрер Гейбель тағайындалады. Бастапқыда бұл комиссияға тұтқындармен

ұлттарына қарай айналысу үшін жеті адам кірген. Татар, башқұрт және фин тұтқындары үшін Ахмет Темір, Түркістанның қазақ, өзбек, қырғыз және түрікмен тұтқындары үшін Уәли Каюм, солтүстік кавказдықтар үшін Әлихан Кантемир, әзербайжандар үшін Мехмет Бей, грузин және армян тұтқындары үшін екі кісі және Мұстафа Шоқай белгіленеді. Мұсылман және түркі тектес тұтқындармен байланысты қызметкерлердің төрағасы болып Мұстафа Шоқай тағайындалады. Ол өзіне көмекші және аудармашы ретінде Уәли Каюмды таңдайды. Комиссия мүшелеріне тұтқындарды ұлтына қарай анықтау және олармен сөйлесіп мәлімет алу қызметі жүктелді [2, 255-б.].

Ал, Германия Кеңестер Одағына шабуыл жасаған күні, 1941 жылдың 22 маусымда 300-ге жуық ресейлік эмигранттар Парижде тұтқындалады және олар «құрметті кепілдегілер» ретінде Компьен қамалына жабылады, солардың ішінде Мұстафа Шоқай да үш апта 22 маусымнан 13 шілдеге дейін болған... Мұстафа Шоқай шілдеден ортасынан Парижден Берлинге ауыстырады, бірақ ол қыркүйектің аяғында ғана тұтқынға түскен қызын әскерлерге жіберіледі [3, 29-бет].

Тұтқын комиссиясының Ганофер маңындағы Оербке және Берген Белсендегі жұмыстары 1941 жылдың 27-28 тамыз күндегі арасында екі күнге созылады. Бұл жерде жұмысын бітірген комиссияның келесі аялдамасы Шығыс Пруссиядағы лагерлер еді. М. Шоқай 1941 жылдың 1941 жылдың 6-25 қыркүйек күндері бұл жерге орналасқан жеті лагерлерді аралады. Олар: 1. Торп. 2. Просткан. 3. Сувалки. 4. Ширвиндт. 5. Метзикен. 6. Понсгеп. 7. Ебепрод лагерлері еді [2, 259-б.].

«1941 жылдың қыркүйек айында біз тұрған Сувалки деген жердегі (Шығыс Пруссияда) тұтқындар лагеріне біздің Президентіміз Мұстафа Шоқайұлы келді. Отанымда жүргенде мен оның шетелдегі ұлттық қозғалыстың басқарушысы екенін білетінмін. Он екі күн бойы ол бізге күнде келіп жүрді. Біздің халімізді сұрап, лекциялар оқитын. Жеке кездескенде Мұстафа аға бізге алдымызда тұрған сан-алуан қиыншылықтар туралы айтты». Бұл – Батыс Қазақстанда 1911 жылдың 1-мамырында туған Қарыс Қосайұлы Қанатбай есімді тұтқынның Мария Яковлевнаға жазған хатынан үзінді [4]. Ал оның 1948 жылдың 2 маусымында Манхеймнен жазған бір хатнда Марияны «Сүйікті Анашым! (Любимая Мама!)», «Жақсы көретін және құрметтейтін Сіздің балаңыз Қарыс» («Любящий и уважающий вас сын Карис») – деген сөздер бар. Мұны жоғарыда атап өткеніміздей, Мария Шоқайдың жалпытүркістандықтардың ортақ анасындай болып кетуінің тағы бір көрінісі деуге болады.

Мұстафа Шоқай мұрағатындағы әскери тұтқындардың хаттары жүрек шымырлатады. «Ағажан, есіңе ал! Сізден, яғни өзіңнің бауырлас қазақ балалары жалынышты сөздерімізді айтып тапсырамыз. Осы қазақ арасынан жұмысқа адам алсаңыздар, біздерді еске аларсыз. 4 группадамыз. Сұлтанұлы, Нұрбайұлы және Аңшыбайұлы. Қандай жұмыс болса да қолымыздан келеді. Шамаңыз келсе жауап берерсіз. 14.09.1941». Осы тектес тілхаттарды Қызылордадан Сейіт Есмұрзаев, Әбсадықов, Семейден Молда Әмірханов, Елесін Ахметов, Келестен Сәрсенбай Қараевтар жазған. Кей хаттар «Туысқаным ағай Мүсеке», «Берлин қаласынан келген ағай» деп басталады. Хаттар 1941 жылдың тамыз-қараша айларында Debica, Verw, Pogegeo, Lemberg т.б. лагерлердің тұтқындарынан келген. Осы лагердегі тұтқындардың тізімі лагер бойынша жасалған, қолжазба араб, латын әріптерімен, көпшілігі қарындашпен жазылған. Жүздеген тұтқынның тізімін М. Шоқай өз қолымен тіркеген. Тізімде тұтқынның аты-жөні, әскерге алынған уақыты, туған жылы, білімі, мамандығы, қай жерден келгені көрсетілген [5, 18-б.].

Комиссияның үшінші жұмыс аймағы Польша мен Украинадағы лагерлер болды. 7 қазан мен 30 қараша күндері арасында жасалған бұл сапарда бес лагердегі тұтқындармен жүздесті. Ол лагерлер: 1. Лемберг, 2. Ярослав, 3. Кочановка, 4. Деба, 5. Самош еді [2, 259-б.].

Түркістандық тұтқындар негізінен екі категорияға бөлінген; біріншісі қызыл әскер тұтқындары, яғни кеңес үкіметінің мәжбүрлі жұмыстарына жегілген түркістандық

тұтқындар; екіншісі азаматтық тұтқындар, яғни кеңестік сотпен антикеңестік әрекеті мен қылмысы үшін айыпталған тұтқындар. Бұл екі топтағылар да бірдей жағдайда болды. Жұмыс істеу құқығы мен тәртібінде де еш айырмашылық болмаған. Екі категорияның адамдары бір-бірімен тығыз достық қарым-қатынас орнатқан [3, 31-32-бб.].

«1941 жылдың 16 шілдесінде Кеңес Одағындағы басып алынған аймақтармен айналысатын «Басып алынған Шығыс елдері министрлігі», қысқаша Шығыс министрлігінің (Ostministerium) министрі Альфред Розенберг мұсылман және түркі тектес тұтқындардан көмекші отрядтар жасақтау жөніндегі жобасын желтоқсан айының басында Адольф Гитлерге ұсынған. Гитлер бұл жобаны бекітіп, 1941 жылы 22 желтоқсан күні неміс қарулы күштері құрамында түркістандықтардың, армяндардың, грузиндердің және кавказ мұсылмандарының легиондарын құру туралы бұйрық шығарады» [2, 260-261-бб.]. Ал Мұстафа Шоқайдың легион құру жобасына жеке көзқарасы мен ұстанымы оның жазбаларынан айқын көрінеді.

Профессор Әбдіуақп Қараның тұжырымы бойынша, Мұстафа Шоқай Түркістан легионына қатысудан үзілді-кесілді бас тартқан. М. Шоқайдың «Яш Түркістан» журналын шығаруына ұзақ жылдар бойы көмектескен Тахир Шағатайдың жұбайы Сағадат Шағатай да осы пікірде болған. Шағатай Мұстафа Шоқайдың тұтқын жерлестерін орыстарға қарсы өз шептерінде соғысуға ынталандыру туралы талаптарына келіспегендігін атап өтеді. Оның айтуынша, Мұстафа Шоқай мұндай іс-қимылға үлес қоспайтынын ашық түрде білдірген. Мұстафа Шоқай алмандарға түркі тілдес кеңестік тұтқындарды майданға жібермеуге кеңес берген. Оның орнына оқуларын аяқтамай жатып, Кеңес әскері қатарында соғысқа айдалып, тұтқынға түскен жастарды оқуға жіберулерін, ал басқа тұтқындарды майдан тылындағы жұмысқа жіберулерін ұсынған.

Мұстафа Шоқайдың Марияға жазған соңғы хаттарының бірінде мұндағы жағдайға өзінің көңілі толмайтынын және бірнеше күн ішінде Парижге қайтатынын жазған. Осы мазмұндас хатын Тахир Шағатайға да жолдаған. Онда: «Бұл жердегі кездесулерім аяқталды. Парижге қайтуға шешім қабылдадым... Германияда бізді қызықтыратын мәселелер туралы мағлұмат алғың келсе, бұл жұмыстарға тікелей араласып жүрген Уәлиге хат жаз... Парижге оралғаннан кейін жазатын егжей-тегжейлі хатымды күтерсің» деп жазған. Бірақ Парижге қайту Мұстафа Шоқайдың маңдайына жазылмайды [6, 43-б.].

Мұстафаны Мария Шоқайдың айтуымен ғана білетін қазақтың тұңғыш скрипкашысы Әлім Алмат, сұхбаттарында оның өмір бойы баспасөз саласында жұмыс істеуді армандағанын тілге тиек етеді. Бұл мәселе профессор Александр Яковлевич Шульгиннің 1942 жылдың 8 ақпанында Парижде өткен Мұстафа Шоқайды еске алуға арналған салтанатты жиындағы оның: «Егер маған тағы да Түркістанды көру бақыты бұйырса, мен алдын-ала басқару ісінің бәрінен бас тартар едім, мұнымен жастар айналысын, маған үгіт-насихат жұмыстарын басқаруға берсе болды. Сонда мен баспа арқылы кеңінен таралатын тамаша дүниелерді шығаратын баспахана құрушы едім, оған өзіміздің үздік қызметкерлерімізді және шетелдік әріптестерімізді шақырар едім. Біздің адамдардың көзін ашу керек. Оларға ағарту жұмыстары керек, өйткені олардың көзі әлі де нашар көреді» - деген сөздермен үндеседі [7, 311-б.].

Польша территориясындағы легиондарды жасақтау, 1942 жылдың жаз-күз айларында аяқталғаны белгілі. 1942 жылдың қаңтарында өзбек эмигранты Уәли Каюм Түркістан Ұлттық Комитетінің Шығыс министрлігінің президенті болып тағайындалады және оны қалыптастыруға кіріседі. Герман зерттеушісі Патрик Фон цур Мюленнің мәліметтері бойынша, Түркістан легионы қатарындағы түркістандықтардың саны 110 мыңнан 180 мыңға дейін жеткен. Бұл сандар Түркістан Ұлттық Комитетінің құрамындағы әскери министр қызметін атқарған Баймырза Хайттың 181 402 түркістандықты көрсеткен сандарына жақындайды [8, 87-б.].

КРСО-ның 1945 жылдың мамырындағы жеңісі кеңес халқының төгілген қанымен келді. 7 млн. (Сталин жариялағандай) емес, 20 млн. (Хрущев бекіткендей) емес, Горбачев мойындауға мәжбүр болған 27 млн. Кеңес халқы өлілер әлеміне өтті... Тұтқынға түскен

қызыл әскерлердің жалпы саны – 5 миллион 734 мың. Бұл Қазақ МҚК-нің мәліметтері. Француздық деректер 5,7 млн. адамды көрсетеді, оның 3,3 миллионы аштық пен қатыгездіктің құрбаны болған. Қазақ КСР МҚК статистикасы бойынша тұтқындарды ауыстырған лагерлерде 280 000 адам, 1 млн. 30 мың 157 адам тұтқыннан қашу кезінде немесе Германияның шахталары мен заводтарында мерт болған. Тек 500 адам концлагерлерден қашқан. Тұтқынға түскен түркістандықтардың саны 1 млн. 700 мың. Бұл тұтқындардың жалпы 5,7 млн санының бір бөлігін құрайды [8, 104 б.].

Қуғын-сүргін және Ұлы Отан соғысында қаза болған және тұтқынға түсіп азап көрген өандастарымызды ұмытпайық. Қасірет шеккендердің аты-жөнін толық анықтайық. Еске алайық. Саясатта, экономика мен рухани салада тоталитарлық жүйенің қалдықтарынан арыла білейік. Тарих сабағы жадымызда болсын!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Кәкен А. Түркістан легионы. – Астана: Республикалық баспа-полиграфия орталығы, 2000. – 140 бет.
- 2 Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Зерттеу / Түрік тілінен қазақ тіліне аударған Гүлім Блен Шадиева. – Астана: «Педагогика-Пресс Баспа Үйі», 2012, – 375 б.
- 3 Мендикулова Г. Мұстафа Чокай и списки туркестанских военнопленных / Участие казахов во Второй мировой войне и странах Западной Европы: Сборник материалов круглого стола / отв.ред. Г.М. Мендикулова – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 165 с.
- 4 Садықова Б. Әлім Алмат: «Табыс етем өлгендер аманатын...» // Қазақ елі. Еларалық апталық. №48(72). – 29 қараша, 1996 жыл.
- 5 Исахан Ғ. Тұтқындардың тізімін өз қолымен тіркеген // Аңыз адам. – №7. – 2011.
- 6 Ілиясова К.М. Айтылған тарих немесе Стамбул жазбалары. – Астана: «Типография Стимул», 2016. – 175 бет.
- 7 Шульгин А.Я. Памяти Мустафы-Бей Чокан Оглы / Қараңыз: Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. Алматы: Дайк-Пресс, 2014. – XI том. – 544 бет.
- 7 Садықова Б. Создание Туркестанского легиона как часть восточной политики Третьего рейха. / Қараңыз: Участие казахов во второй мировой войне в странах Западной Европы: Сборник материалов круглого стола / отв.ред. Г.М. Мендикулова. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 165 с.

Сағындықова Аида Мейрамқызы, студент

Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан,

aida_0130@mai.ru

МЕКТЕПТЕ, КОЛЛЕДЖДЕРДЕ ЖӘНЕ ЖОО-ДА ТАРИХТЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖӘНЕ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа: Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев Республиканы әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіргізу туралы міндет қойған болатын. Бұл мәселені жүзеге асыруда білім беру жүйесін жетілдіру айтарлықтай рөл атқарады. Қазақстан Республикасы тәуелсіз елдердің қатарына қосылғаннан бері «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың маңызы арта түсті. Бүгінгі күнде білім беру жүйесінде «Қазақстан тарихы» пәнін орта білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытудың аражігі ажыратылған. Аталған курс бойынша Ұлы Отан соғысы тақырыбын оқу орындарында оқытуға қатысты мәселелер кездеседі. Білім берудегі инновациялық технологияны қолданудың басты мақсаты – дәстүрлі жүйемен салыстырғанда оқушының тұлғасын сапалы өзгерту. Сондықтан ел үшін жанын қиған батырлардың есімі ұмытылмас үшін оқу орындарында

Ұлы Отан соғысы тақырыбын оқытуда интерактивтік және инновациялық әдістерді қолдану жұмыстарын одан әрі қарай дамыту қажет.

Түйін сөздер: Қазақстан тарихы, Ұлы Отан соғысы, оқыту әдістемесі, инновациялық әдістер.

Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі – білім сапасын арттыру болып отыр. Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев Республиканы әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіргізу туралы міндет қойған болатын. Бұл мәселені жүзеге асыруда білім беру жүйесін жетілдіру айтарлықтай рөл атқарады деп, заманауи білім беру саласының маңыздылығын өзінің «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді стратегиясының бағдарламасында көрсеткен болатын. Тәуелсіздік жылдарында Елбасының тікелей араласуымен «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру» тұжырымдамасы, «Мәдени мұра», «Ғылыми қазына» сияқты Мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, қаржыландыру мәселесі шешілді. Мұрағат қорлары ашылып, тарих беттері толықтырылды. Басқаша айтқанда, алғашқы «сындарлы он жыл» мен кейінгі «жасампаздық пен бейбітшілік жылдарын» қамтитын жанама тарихтың маңызды оқиғалары ғылыми айналымға енді. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында тарих мәселесін қайта жаңғыртып, «...Қазақтардың ұлттық тарихы, олардың этногенезі мыңдаған жылдарға созылған бірегей ажырамайтын үдеріс ретінде қарастырылуы тиіс» – деп айтқан болатын [1,4б.].

Қазақстан Республикасы тәуелсіз елдердің қатарына қосылғаннан бері «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың маңызы арта түсті. «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың мақсаты – оқушыларға оның жерін ежелгі заманнан бастап осы күнге дейін мекендеп келген адамзаттың жүріп өткен тарихи жолын, адамдар жасаған құндылықты, мәдениетті яғни олар жинаған тарихи тәжірибенің негізін оқытып үйрету. Қазіргі кезеңде оқу орындарында тарихты оқытудың басты міндеті – жастарды адам баласының өткен шындық тарихымен таныстыру, дүниежүзілік мәдениеттің басты-басты жетістіктермен сусындату, өткен тарихты өздігінше сын көзімен талдай отырып, келешекті бағдарлайтын, шығармашылықпен ойлана отырып, олардан дұрыс қорытынды жасай алатын, тарихи деректермен өздігінше жұмыс істеп, өз білімін үнемі толықтырып отыратын, алған білімін күнделікті өмірде қолдана алатын азамат тәрбиелеу екені үнемі назарда болуы тиіс [2, 12 б.]. Бүгінгі күнде білім беру жүйесінде « Қазақстан тарихы» пәнін орта білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытудың аражігі ажыратылған. Аталған курс бойынша Ұлы Отан соғысы тақырыбын оқу орындарында .

Ұлы Отан соғысы еліміздің басынан өткерген қиын кездердің бірі ретінде тарихқа мәңгі енді. Білім алушыларға бұл тақырыпта талқыланатын адами ,саяси , соғыс қимылына қатысты мәселелер тарихтың кез келген кезеңінде актуалды. Бұл сабақты оқыту барысында сабақтың тәрбиелік бағыты жеңістің маңызын түсіндіру арқылы Отанға деген сүйішпеншілік сезіміне, патриоттыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеуге , өз елінің тарихына қызығушылығын арттыруға негізделген.

Адам баласы тарихты жас кезінен үйрене бастайды. Оған белгілі дәрежеде өскен ортасы, ата-анасы, бастауыш мектеп бағдарламасы әсер етеді. Жас жеткіншекті тарихты білуге сол елді мекендегі мұражайлар, ұлт тұлғаларына арналған ескерткіштер, тіпті көше және аула атаулары да үйретеді. Егер ауыл баласы туралы айтар болсақ оған көп жағдайда атасы мен өжесінің айтқан ертегілері мен аңыздары, шежірелері, естеліктері, ауыл маңындағы көне заманнан қалған қорғандар мен сынтастар және тағы да басқа тарихи жәдігерлер тікелей әсер етеді. Осылай жас бала азаматтық тұлға есебінде қалыптаса бастайды. Қазақстан тарихы - арнайы курс және пән есебінде 5-сыныптан басталады. Ұлы Отан соғысы тақырыбын 5-сыныптан бастап оқыту оқу орта мектеп жүйесінде өте маңызды саналады. Аталған сыныптан бастап оқытудың мақсаты: тақырып жайлы мағлұмат беру арқылы жеңіске қосқан қазақстандықтардың үлесі мен ерлік істері жайлы және Ұлы жеңістің тарихи маңызы туралы білім беру [2, 18 б.].

1991 жылдан бері Қазақстандағы тарихи білімділік ой-сана мүлде жаңа бағытта дамуға бет алды. 2001 жылы Қазақстан тарихы пәнінен тәуелсіздік жағдайында оқытудың алғашқы 10 жылдығы аяқталған тұста, республика мектептерінің 5-11 сыныптарына арналған Қазақстан тарихының жаңа оқулықтары түгелдей шығып үлгерді. Жасыратыны жоқ, Қазақстан тарихы бойынша жазылған кейбір оқулықтардың кемшіліктері де болды. Елбасы өз сөзінде: «Осы күнге дейін Қазақстанның ең жаңа тарихының бірде-бір қалыпты оқулығы жоқ. Біздің тәуелсіздігіміздің қасіретті оқиғалары және оны нығайту жолындағы біздің күресіміз зерттеу тақырыбына айналмаған» деп тарихшылардың алдына Қазақстанның жаңа тарихын жазу міндетін қойды.

Осыған байланысты 5- сынып оқулықтарындағы Ұлы Отан тақырыбына қатысты оқушыларға ұсынылған мәліметтер мен тапсырмаларға салыстырмалы зерттеулер жасалынды.

1. Жаңартылған бағдарлама бойынша дайындалған «Қазақстан тарихы» кітабы жалпы білім беретін мектептің 5-сынып оқушыларына ұсынылған. Кітап авторлары: Б.Е.Көмеков, Т.С.Жұмағанбетов. Кітап баспаға 2017 жылы ұсынылған. Оқулық 53 тақырыпқа бөлінген. Алайда соңғы жылдары шыққан кітапта Ұлы Отан соғысына арналған бірде бір тақырыпша жоқ.

2. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің бағдарламасына сәйкес дайындалған келесі оқулықтың авторлары: С.Р.Ахметова, А.М.Ибраева. Оқулық 2017 жылы басып шығарылған. Бұл кітап еліміздегі тек кей мектептерде ғана қолданылады. «Қазақстан тарихы» кітабы оқушыларды Отанымыздың тек ежелгі тарихымен ғана толық таныстырады.

3. «Қазақстан тарихы» атты екі тілді оқулық 2017 жылы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқыту бағдарламасына сай басылып шығарылды. Авторлары: С.Ахметова, А.Ибраева, А.Құлымбетова. Оқулықта Ұлы Отан соғысы туралы мәліметтер екі тілде аз аз көлемде ұсынылған. Берілген тапсырмалар тақырыпшадағы мәтін бойынша тікелей құрастырылған сұрақтар түрінде келтірілген.

4. 2012 жылы басып шығарылған «Қазақстан тарихынан әңгімелер» атты кітап жалпы білім беретін 11-жылдық мектептің 5-сынып оқушыларына арналған. Авторлары: Б.К. Абдугулова, А.Т.Капаева. Оқулық 68 тақырыпқа бөлінген. Ұлы Отан соғысы тақырыбы жайлы 4 тақырыпша ұсынылған. 1. Ұлы Отан соғысы 2. Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысында 3. Сталинград шайқасы. Қазақстандықтардың ерлігі 4. Ұлы жеңіс Бірінші тақырыпшада Ұлы Отан соғысының қалай басталғандығы, қазақ батырларының Брест қамалын қорғауға салған күші, қазақ партизандарының ерен ерлігі жайлы толық жазылған. Алайда қазақстандықтардың тылдағы ерен ерлігіне байланысты сандық мәліметтер аз. Келесі тақырыпшаларда қазақ батырларының майдандағы ерліктеріне байланысты фактілер, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанған қазақстандықтар туралы мәліметтер келтірілген. Әр тақырыпшамен бірге оқушыларға Ұлы Отан соғысына қатысты қызықты деректер келтірілген. Дегенмен, оқулықта берілген тапсырмалар сұрақ түрінде келтіріліп, тақырып мазмұнының толық ашылуына әкелмейді.

5. 2010 жылы басылып шығарылған «Қазақстан тарихынан әңгімелер» атты кітаптың авторлары: Ж. О. Артықбаев, Ә.Ә. Сабданбекова, Е. А.Әбіл. Оқулықта Ұлы Отан тақырыбына қатысты 3 тақырыпша ұсынылған. Әр параграфта Ұлы Отан соғысының барысы жайлы толық мәлімет келтірілген. Әсіресе қазақстандықтардың майдандағы ерліктері ерекше сипатталған. Ең бастысы тапсырмалар тақырыптың мазмұнын толық ашады. Мысалы:

Кесте 1 [3,113 б.]

	Мәскеу үшін сайқас	Ленинград үшін шайқас
Уақыты		
Құрамалар		
Ерлік көрсеткен қазақстандықтар		

Аталған тапсырмаларға жауап ала отырып мұғалім Ұлы Отан соғысы жайлы оқушылардың пікірін, жеке көзқарасын білуіне болады. Сонымен қатар мұғалім Бауыржан Момышұлы сынды батырлардың ерлік істерін жас жеткіншектердің үлгі алу қажеттігін атап өтеді.


Жоғарыда ұсынылған салыстырмалы жұмыс нәтижесінде мектеп оқушыларына Ұлы Отан соғысы тақырыбын оқыту әдістемесіне байланысты мәселелер бар екені анықталды. Соңғы жылдары басып шығарылған оқулықтардың көбісінде тіпті бұл тақырыптың жоқтығы үлкен мәселе. Себебі білім алушылар дәл осы орта мектеп жасына келген кезде Ұлы Отан соғысының толықтай барысын білмесе де, Ұлы жеңістің тарихи маңызы қандай екенін білуі тиіс. Оқулықтарда берілген тапсырмалардың деңгейі төменгі мектеп жасындағы оқушылардың тапсырмаларымен бірдей. Тапсырмалардың көбісі сұрақ/жауап түрінде келтірілген. Бұл арқылы оқытушылар оқушының алған ақпаратты талдап, белгілі бір қорытындыға келгенін анықтай алмайды.

Жаңартылған бағдарлама бойынша оқытатын көптеген мұғалімдер оқытудың нәтижелілігіне қол жеткізу үшін оқытудың заманауи технологиялары мен инновациялық әдістерін қолданады. Бұл әдістер оқытуда қолданылатын белсенді және интерактивті формаларды қамтиды. Ол үшін оқыту үрдісін өзгерте отырып, мұғалім шығармашылық тұрғыда келуі керек. Оқытудың инновациялық әдістері оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға ықпал етеді, оқылатын материалды талдауға, жинақтауға, талқылауға және ой қорытуға үйретеді. Алған білімдерін тереңдете отырып, оқушылар оларды тәжірибеде қолдану дағдыларын меңгереді, қарым-қатынас тәжірибесін алады.

Оқу орындарында Ұлы Отан соғысы тақырыбын оқыту барысында қолдануға болатын интерактивтік әдістер: шығармашылық сипаттағы жаттығулар, топтық тапсырмалар, экскурсия сабақтары, шығармашылық адамдармен және мамандармен кездесу сабақтары, шығармашылық дамуға бағытталған сабақтар, спектакль-сабақтар, фильмдер жасау, газет шығару, «шешім ағашы», «ми шабуылы» әдістерінің көмегімен күрделі сұрақтар мен мәселелерді шешу. Ал инновациялық технологияларды қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырады. Мультимедиа мұғалімге экранда Ұлы Отан соғысына қатысты әр түрлі статистикалық материалдарды бейнелеуді көрсетуге мүмкіндік береді. Мультимедиа көмегімен тіпті Ұлы Отан соғысына қатысты түсірілген фильмдердің фрагменттерін көрсету арқылы оқушыларға алған ақпараттарын визуалды көрінісін көрсетуге болады. Білім берудегі инновациялық технологияны қолданудың басты мақсаты – дәстүрлі жүйемен салыстырғанда оқушының тұлғасын сапалы өзгерту, оны оқыта отырып, оқушының еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Сол себепті инновациялық технологияны қолдану – өмір талабы [4, 37 б.].

Биыл Ұлы Отан соғысы басталғанына 75 жыл толды. 1941 жылдың 22 маусымында басталып, үздіксіз 5 жылға, яғни 1 418 күнге созылған сұрапыл соғысқа қазақстандықтар қатысты. 2020 жылдың наурыз айында 12-19 жас аралығындағы мектеп, колледж және Жоғарғы оқу орындарының білім алушыларының арасында Ұлы Отан соғысы тақырыбына байланысты сауалнама жүргізілген болатын. Сауалнама гугл формада, анонимді түрде ұсынылды. Бұл сауалнаманың мақсаты қазіргі жастардың Ұлы Отан соғысы, ондағы Ұлы Жеңіс туралы қаншалықты құлағдар екенін, соғыс тарихымен танысудағы оқыту әдістемесінің рөлін анықтау болды. Сауалнамаға 46 адам қатысты. Олардың 52,2 %-ы еліміздегі СДУ, Е.А Бөкетов атындағы ҚарМУ, МУИТ, ҚарМТУ сынды университеттердің 1 курс студенттері, 15,4 %-ы облысымыздағы колледждердің студенттері, 32,4%-ы облысымыздағы арнайы мамандандырылған, жалпы білім беретін орта мектептің оқушылары. Сауалнамадағы сұрақтар жалпы білім беретін мектептерге арналған «Қазақстан тарихы» оқулығы бойынша құрастырылды. Сауалнаманың бірінші сұрағы жабық болды. Сұрақтың мазмұны Ұлы Отан соғысы қай жылы басталғандығы

туралы болды. Қатысушыларға үш түрлі нұсқа ұсынылды. 1 – суретте қатысушылардың жауаптары көрсетілген. Білім алушылардың 50 %-ы сұраққа дұрыс жауап берсе, қалған 50 %-ы сұрақтың дұрыс жауабын белгілеген жоқ.




Сурет 1

Екінші сұрақ ашық түрде болды. Сұрақтың мазмұны Мәскеу түбіндегі шайқастарға қатысқан қандай батырлар белгілі екендігі жайлы болды. Қатысушылардың 60 %-ы өз тізімдеріне Бауыржан Момышұлын қосты.

Қалған 28 %-ы өз жауаптарына Ә.Молдағалиеваны, Н.Әбдіровті, 28 панфиловшыларды қосқан. Тек ғана 1 қатысушы Т.Тоқтаровты қосты. Білім алушылардың 9 %-ы сұраққа «білмеймін» деп жауап берген.

«Ұлы Отан соғысына қатысқан қандай қаһарман партизандарды білесіз?» деген сұраққа қатысушылардың 46 %-ы ғана дұрыс жауап берді. Дұрыс жауап бергендердің қатарында мектеп оқушыларының санына қарағанда Жоғарғы оқу орындарының білім алушыларының саны 1,4 есе көп екені анықталды. Қатысушылардың 35%-ы тек Қасым Қайсеновты ғана біледі екені анықталды. Тіпті сұраққа «Панфиловшылар, Бауыржан Момышұлы» деп жауап бергендер де бар. Қатысушылардың 15 %-ы сұраққа «білмеймін» деп жауап берген. Тек бір ғана қатысушы өз жауабына Ғалым Омаров, Ғалым Ахмедияров сынды тұлғаларды қосқан.

Қанша қазақстандық дивизия арнайы атақтарға ие болғаны жайлы сұраққа қатысушылардың 39,1%-ы дұрыс жауап берді. Қалған 61,9%-ы дұрыс жауапты белгілемеген. Бұл сұрақтың дұрыс жауабын мектеп оқушыларының тең жартысы тапқан. 2-суретте сауалнамаға қатысушылардың белгілеген жауаптарының диаграммасы көрсетілген.



Сурет 2

Сауалнамаға қатысқан жастардың басым бөлігі Ұлы Отан Соғысы кезіндегі негізгі ұрыс-шайқастар туралы оларға ұсынылған оқулықтардан оқыған болатын. «Оқу орны сізге Ұлы Отан соғысы туралы ақпарат алуға көмектеседі ме?» деген сұраққа жас буын төмендегідей жауап берді: Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған коммуникативтік тапсырмалар мен мультимедиа көбейген жағдайда еліміз үшін тарихи маңызы жоғары оқиғаны толық зерделей алушы едік. Осы сауалнаманы қорытындылай келе, қазіргі жас ұрпақ Ұлы Отан Соғысы туралы, сұрапыл жылдардағы шайқастар туралы аз ақпарат

білетінін атап айтуға болады. Сондықтан ел үшін жанын қиған батырлардың есімі ұмытылмас үшін оқу орындарында Ұлы Отан соғысы тақырыбын оқытуда интерактивтік және инновациялық әдістерді қолдану жұмыстарын одан әрі қарай дамыту қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Н.Ә. Назарбаев. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан
- 2 Тұрлығұл Т.Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқыту теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 1984.
- 3 Ж.О. Артықбаев. Қазақстан тарихынан әңгімелер. /Ж. О. Артықбаев, Ә. Ә. Сабданбекова, Е. А.Әбіл – Атамұра, 2010.
- 4 Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім // Қазақстан мектебі, №4. – Алматы, 2014.

Сарманова Алмагүл, студент

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к. **Абишева Ж.Р.**

С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан, zhanat_2511@mail.ru

СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНЫҢ ЕРЛІКТЕРІ ХАҚЫНДА

Аңдатпа: Мақала Ұлы Отан соғысы жылдарында майдан даласындағы қазақ қыздарының ерліктерін талдауға арналған. Автор соғысқа қатысқан қазақ қыздарының ерліктері үлгісінде сол жылдардағы патриоттық рухтың, отанға, елге деген құрметтің жоғары деңгейде болғандығын талдап көрсетуге тырысқан. Х. Доспанова, Р. Ысқақова, Ә. Ақжолова, Қ. Асанова, Х. Маманованың мысалында қазақ қыздарының қатардағы жауынгерден командирге дейін көтеріліп, ер азаматтармен қатар майдан даласында табандылық пен қайсарлықтың жарқын үлгісін көрсеткендігі қарастырылған. Аталмыш қазақ қыздары Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақ қыздары ерлігінің бір парағы ғана болып табылады.

Түйін сөздер: майдан, әскер, жауынгер, медицина, авиация, штрафрота.

Соғыстың аяқталғанына 75 жылдан астам уақыт өтсе де, соғыстың салған лаңы халықтың жадында мәңгіге сақталып қалды. Соғыс тақырыбына бірқатар мемуарлар жарыққа шығып, осы кезге дейін әкесін, бауырын іздеушілердің легі бір толастаған емес. Жыл сайын жеңіс күні қарсаңында мерзімді басылымдар мен электрондық сайттарда соғыс боздақтарына қатысты естеліктер жарияланады. Бұл естеліктерден байқағанымыз соғыстың ызғары еңбектеген баладан еңкейген кәріні де айналып өтпегендігі. Бүкіл ел «бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранның төңірегінде топтасып, шынайы патриотизмнің жарқын үлгісін көрсетті.

II дүние жүзілік соғыстың бір ерекшелігі сол, әскери қақтығыстарға қарапайым халықтың, соның ішінде әйелдердің де көптеп тартылуы болды. Кеңес Одағы әйелдердің соғысқа қатысу ауқымы жөнінен алдыңғы орынды иеленді. Әйелдер өндіріс орындарында соғысқа кеткен ер азаматтардың орнын басып, әскери госпитальдардағы медицина қызметкерлерінің басым көпшілігін құрады. Қыз-келіншектер әскердің алдыңғы қатарында болып, партизандық отрядтардың құрамына да кірді. XX ғасырдағы әскери тарихта ең алғаш рет Қызыл әскер әйелдерден жасақталған тұрақты жеке әскери құрамаларды құрды. Сондай-ақ майданға білікті мергендердің қажеттілігін ескере отырып, 1942 жылдың мамыр айында мергендерді даярлайтын нұсқаушылардың Орталық мектебі ашылды. Осы мектептің аясында мергендерді даярлайтын әйелдер курсы жұмыс істей бастады. Ұлы Отан соғысы жылдарында мергендер курсына барлығы – 2484 мерген әйелдер дайындықтан өткен. Толық емес мәлімет бойынша мектептің түлектері

11 280 фашист солдаттары мен офицерлерінің көзін жойған. Мектептің көптеген тәрбиеленушілері ордендер мен медальдармен марапатталды. Ал екі қызға – мергендер Ә.Молдағұлова мен Т.Н.Барамзинаға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді [1]. Ресми емес мәліметтерге жүгінсек, Ұлы Отан соғысы жылдарында 100 мыңнан астам қыз-келіншек орден, медальдармен марапатталып, 90-ға жуық ару Кеңес Одағының батыры атағын иеленді. Десек те көптеген арулардың ерліктері еленбей ескерусіз қалды. Солардың қатарында қазақ қыздарының ішінен шыққан тұңғыш ұшқыш – Хиуаз Доспанова да бар еді. Хиуаз Қайырқызы Доспанова 1922 жылы 15 мамырда Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Зормата ауылдық округінде дүниеге келді. Төңкеріске дейін ата-анасы қарапайым балықшы болды. Кейіннен әкесі, Қайыр Доспанов заңгер білімін алып, партия саласында қызмет атқарды [2, 1 п].

Хиуаз авиация саласына сол жылдардағы қатарластары сияқты мектепте оқып жүрген кезде келді. Орал қаласындағы №1 орта мектептің 9-шы сыныбының оқушысы бола жүріп, ол аэроклубқа оқуға түседі. 1940 жылы орта мектепті алтын медальмен бітіргендігі туралы аттестатпен бірге ұшқыш атағы берілгендігі туралы куәлікті қатар алады. Аэроклубтың түлегі ретінде И.Е.Жуковский атындағы әскери-әуе академиясына оқуға түсуге шешім қабылдады. Бірақ та құжаттары қабылданбайды. Жазғы демалысты ауылда өткізетін Хиуаз жас дәрігер Мария Поповамен танысады. Ол қыздарға дәрігерліктен артық мамандық жоқ екендігіне көзін жеткізеді. Осыдан кейін Хиуаз құжаттарын И.М. Сеченов атындағы Москва медициналық институтына тапсырды [2, 3 п]. Хиуаз үшін соғыс барлық кеңес халқы сияқты 22 маусымда басталды. Соғыстың басталғандығы туралы үкіметтік хабарламадан кейін студенттерді қорғаныстық сипатқа ие болған Москва метрополитенінің кезекті желісінің құрылысына жұмылдырды.

Жаңа оқу жылының басында Хиуаз комсомол комитетіне әйгілі ұшқыш, Кеңес Одағының батыры Марина Роскова жасақтап жатқан полкқа мінездеме беруді өтінген арыз берді. Қабылдау комиссиясы запастағы ұшқыш Х.Доспанованы ұшқыштардың әскери мектебіне алды. Осылайша 1941 жылдың қазанында ол әскер қатарында болды. 1942 жылдың мамыр айында әлемдік авиация тарихында ең алғашқы түнгі уақытта жеңіл бомбылайтын әйелдер полкі құрылды. Осы полкқа Хиуаз штурман-атқыш ретінде қабылданды. ПО-2 бомбылаушы полктың міндеті түнгі уақытта оңша үлкен емес биіктіктен жаудың алдын ала барланған техникасы мен әскери күшін бомбылау болып табылды [2, 2 п]. Полк Солтүстік Кавказда, Кубанда, Қырымда, Украина, Белоруссия, Польша, Германия аспанындағы әскери қимылдарға қатысты. Ұшқыш қыз 300-ден аса әуе шайқасына қатысады.

Хиуаз алғашқы әскери тапсырманы орындау барысында партияның қатарына қабылдау туралы өтініш жазады. Кеңес Одағының батыры Марина Чечнева «Боевые подруги мои» кітабында Хиуаздың штурмандық шеберлігі туралы «Доспанова әрқашанда өзінің ұшағын мүлтіксіз көздеген жеріне апарып, сондай-ақ өз аэродромына жеткізетін», - деп атап өтті [3, 4 п]. 1942 жылдың күзінде Кавказ үшін болған шайқаста Хиуаз жараланып, екі ай бойы госпитальда жатып, бөлімге аман-есен қайтып оралады. Қорғаныс Халық Комиссариатының 1943 жылдың 8 ақпанындағы №64 бұйрығымен полктің Кавказ, Қырымдағы әскери қимылдарынан кейін 46 Таман полкі гвардиялық болып қайта құрылды [4, 3 п]. Немістер мен кеңес әскерлерінің арасында майдан даласында түнде бомбылайтын әйелдер полкінің аты аңызға айналды.

1943 жылдың сәуірінде Хиуаз екінші рет ауыр жарақат алады. Пашков станциясында жарықты көрсетпей ұшақты қондыру барысында полктің екі ұшағы соқтығысып, осы апатта тек Хиуаз ғана аман қалады. Екі аяғы сынған ұшқыш қызды Ессентукидегі госпитальға жетізеді. Ол үш айдан кейін полкке қайтып оралды. Гвардия лейтенанты Қызыл жұлдыз орденімен, «Кавказды азат еткені үшін» медалімен марапатталды. Хиуаз Қырымды азат ету шайқастарына да қатысып, II-ші дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталып, гвардиялық аға лейтенант атағын алады [2, 2 п].

Хиуаз Доспанова Мәскеуге БЛКЖО ОК-гі майдангер қыздардың кездесуіне қатысу үшін арнайы барады. Оның есімі республиканың 25 жылдығына орай Қазақстандық майдангерлердің халыққа жазған хатында да кездеседі [4, 3 п].

Алайда уақыт өте келе соңғы мәрте алған жарақаты сыр бере бастайды. Сондықтан да оған штабқа полктің байланыс басшысы болып ауысу туралы ұсыныс жасалды және де полк комсоргінің орынбасары етіп бекітілді [5, 2 п]. Полкпен бірге Хиуаз II-ші Белорусь майданындағы шайқастарға қатысады. Жеңісті ұшқыш қыз Берлиннен алыс емес жердегі Нойе Бранденбург қаласында қарсы алды. Артынша полкті тарату туралы бұйрық келеді.

1945 жылы авиация аға лейтенанты Хиуаз Доспанова Оралға екінші топтағы мүгедек болып оралады [5, 3 п]. Елге келгеннен кейін облыстық партия комитетінің нұсқаушысы болып қызмет жасайды. 1946 жылы республикалық Жоғары партия мектебіне оқуға жіберілді. Ал 1951 жылы Қазақстан ЛКЖО ОК-нің бірінші хатшысы және Қазақстан КП ОК-нің Бюросының мүшесі болып сайланды [2, 4 п]. Сол жылы Хиуаз Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат және де бірінші сессиясында Президиумның хатшысы болып сайланды. 1954 жылы СОКП ОК жанындағы жоғары партия мектебіне түседі. Кейіннен Алматы қалалық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланады. Осы жылдары Хиуаз Доспанованың қайраткерлік қызметі басталды. Қазақтың біртуар ұлы Михаил Есенәлиевтің басшылығымен Қазақстанның орталық мұражайын ұйымдастыруға ат салысты. «Ұлтшылдық» деген ұран белең алып тұрған кезде Ғабит Мүсірепов, Ахмет Жұбановтармен бірігіп, Орталық комитеттің идеология жөніндегі хатшысы Н.Жанділдинге өтініш хат жазып, «Абай» операсының сахнаға қойылуына қол жеткізді [6, 91 б.]. Сондай-ақ, оқушылар сарайының құрылысы мен көркемдік безендірілуіне, «Медеу» спорт кешенін салдыруда және Алматыдағы т.б. да ғимараттардың салынуына еңбек сіңірді. 1959 жылы денсаулығына байланысты 37 жасында зейнетке шығады.

2004 жылдық желтоқсанында Елбасының жарлығымен «Халық қаһарманы» атағына ие болды.

Хиуаз Доспанованың тағдыры Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақ қыздары ерлігінің бір парағы ғана болып табылады. Соғыс басталған алғашқы айларда-ақ әскери комиссариатқа өз еріктерімен майданға барғысы келетіндіктері туралы өтініштерін тапсырған қыз-келіншектердің саны күннен күнге көбейе берді. Қазақ қыздары майдан даласында қайсарлық пен төзімділіктің тамаша үлгісін көрсете білді. Олардың қатарында Әкима Ақжолова, Қалзия Асанова, Шәмшібану Әмірова, Шекер Ботаханова, Қантай Елубаева, Рахила Ералина, Шағила Құсанова, Фатима Сұлтанова, Рәзия Сыздықова, Рәзия Ысқақова және т.б. қазақ қыздарын атап өтуге болады. Қазақ қыздары барлаушы мен мерген, медбике мен байланысшы, десантшы мен зеңбірекші болып майдан даласында ер азаматтармен қатар ерлік жасады. Солардың қатарында Қызыл Крест Комитетінің «Флоренс Найтингейл» медалімен марапатталған қазақ қызы Рәзия Ысқақованың ерлігіне тоқталып өтпеу мүмкін емес. Рәзия 1941 жылдың қазан айында әскери фельдшер болып өз еркімен соғысқа аттанады. I-ші Украина майданында генерал-полковник П. Рыбалко қолбасшылық еткен атақты танк армиясына қарасты 55-ші танк бригадасында фельдшер қызметін атқарды. Борап тұрған жау оғының арасынан талай жаралыларды алып шығып, азаматқа тән ерлік көрсетті. 1943 жылдың жазында Курск доғасында Прохоровка елді мекенінің маңында болған шайқаста ол лаулап жанған танктің ішінен жаралы танкисті көтеріп, сыртқа шығарып, сол бағытымен кері қайтып төрт бірдей танкисті от оранған танктен алып шығып, барлығын медсанбатқа жеткізді [6, 362 б.]. Рәзия Ысқақова Сталинградтан бастап Харьковті, Киевті, Варшаваны азат етуге қатысты. Чехословакияны азат ету үшін болған ұрыста жанып жатқан үйдің ішінен кішкене баланы алып шығады. Рәзия Шәкенқызының соғыс кезіндегі ерліктері еленіп, Халықаралық Қызыл Крест Комитетінің «Флоренс Найтингейл» медалімен марапатталған. Бұл медаль соғыс кезінде жаралылар мен ауруларға көмек көрсеткен, оларды ажалдан құтқарған және мейірімді жүрегімен қамқорлық жасай білген таңдаулы медбикелерге ғана тапсырылады. Оны Ұлы

Отан соғысы кезінде Кеңес Одағы бойынша жиырма алты медбике, ал Қазақстаннан үш фельдшер ғана алған болатын.

Қазақ қыздары қатардағы жауынгерден командирге дейін көтеріліп, табандылық пен төзімділік таныта білді. Сондай қазақ қыздарының бірі Әкима Ақжолова еді. Әкима соғыс басталған алғашқы айларда-ақ аудандық әскери комиссариатқа барып, өтінішін тапсырды. Бірақ та «өкпе ауруына шалдыққансың» деп оның өтініші кері қайтарылды. Бойындағы табандылығының арқасында және де аудандық комсомол комитетіндегі қызметін пайдаланып, ақырында өтінішін қабылдаттырды. Сөйтіп, Әкима Рақымқызына тез арада майданға аттанудың сәті түсті. Алғашқыда ол Қиыр Шығыстан бір-ақ шықты. Сол жерде кіші авиа қызметкерлерін дайындайтын қысқа мерзімді курста оқып, авиамоторшы мамандығын алды. Оны бітіргеннен кейін 583-ші авиаполкінің атқыштар тобына жіберілді.

1942 жылы Әкиманы Ленинград майданының қарамағына жіберу туралы шешім қабылданды. Мұны алғаш естігенде қуанғандай болғанымен, соңынан іле-шала бойын үрей билегенің жасыра алмайды. Әлбетте, бұл сезім Ленинград қаласын қорғаудың биік абырой екендігін түсінуден туындаған еді.

Жалпы Ұлы Отан соғысы барысында Ленинградты қорғау операциясы мен оны қорғаушылардың ерлігі тарихта алтын әріптермен жазылды. Қоршауда қалған Ленинградта Жамбылдың өлеңі қаланы қорғаушыларға моральдық күш, тірек болды. Ленинградты қорғаушылардың бірі атақты Всеволод Вишневский «бұл сәлемді көзге жас, көңілге қуаныш толы сезіммен оқымауға болмайды... Біз күшімізді еселей түсіп ұрысқа аттандық» [7, 143 б.] - деп еске алған-ды. Қоршаудағы 900 күн мен түнге созылған арпалыста кеңес азаматтарының ерліктері мен шыдамдылықтарының арқасында неміс командованияесінің жоспары тас талқан болды. Міне, осы Ленинградты әуе шабуылынан қорғайтын зенитшілер тобының командирі болып қазақ қызы Әкима Ақжолова тағайындалды. Әлбетте, соғыс тарихында зенит-артиллерия тобын талдырмаш қыздың басқаруы сирек кездесетін жағдай. Ұлы Отан соғысы тарихында жиырмаға енді ғана аяқ басқан қаршадай қыз зенит-артиллерия командирі болып, Ленинград қаласына жау ұшақтарын өткізбей қорғауда асқан ерліктің үлгісін көрсетті.

Қаһармандық көрсеткені үшін сержант Әкима Рақымқызы «Әуе шабуылынан қорғау әскерлерінің үздігі» деген атаққа ие болды. Ол басқарған зенитшілер тобы Ленинград қаласын бомбалап жүрген немістің екі ұшағын атып түсірген ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды [6, 20 б.].

1942 жылы кәмелеттік жасқа толғаннан кейін әскери комиссариатқа келіп, ерікті түрде майданға аттанған қазақ қыздарының бірі - Қалзия Асанова болды. Мамыр айында Қызылордадан шыққан эшелон Саратов қаласына келіп тоқтады. Осы жерде қыздарды қысқа мерзімді курстарға бөле бастағанда, бала күнінен аспанға ұшуды армандайтын Қалзия Асанова парашютшілер мен зеңбірекшілер курсына жазылды. Курсты тамамдаған бір топ қызды 16-шы дивизия авиациялық полкінің 271-ші батальонына жіберді. Авиаполктің міндеті – әскери аэродромды қорғау болатын.

Орел қаласының түбіндегі шайқаста зеңбірекші қыз алғаш рет дұшпанмен бетпе-бет келді. Зеңбірекші қыздар неміс әуе күштерінің шабуылдарына тосқауыл қойды. Әуеден оқ бораған кескілескен ұрыстардың бірінде Қалзия Асанова мергендік танытып, немістің ұшағын атып түсірді. Осы ерлігі үшін зеңбірекші Қалзия Әжібекқызы ең алғашқы наградасы «Ерлігі үшін» медалін алды. Гомель қаласының түбіндегі шайқастардың бірінде жараланған ол әскери госпитальға жіберілді. Госпитальдан соң І-ші Белорусь майданына қосылып, батысқа қарай жылжи берді. Қазақ қызы батысқа бет алған майдан шебінде Варшава, Прага қалаларын азат етуге қатысты. Жеңіс күнін Германияда қарсы алды және де Рейхстагқа ту тігілген Ұлы Жеңіс салтанатының куәсі болды. Қалзия Асанова - I және II дәрежелі Даңқ ордендерінің иегері [6, 33 б.].

Ұлы Отан соғысы жылдарында штрафбат құрамында Берлинге дейін жеткен қазақ қызы – Халида Есенқұлқызы Маманова. Халида Маманованың өмір жолы әкелері не

бауырлары «халық жауы» деген айыппен ұсталып кеткен жастардың тағдырымен үндесіп жатыр. Халиданың шыққан тегі бүкіл Жетісуға өзінің меценаттығымен аты шыққан Маман әулеті еді. Білімсіз өскелең ұрпақтың болашағы бұлыңғыр екенін ескерген Мамановтар әулеті өздерінің жеке қаражатына Жетісуда зиялы мектеп ашты. Алғашқы кезде мектеп екіжылдық, кейіннен төрт, сегіз жылдық болып кеңейтілді. Ашылған мектепке мұғалімдерді байқаудан өткізу арқылы іріктеді және де Қазан, Уфа, Орынбор, Санкт-Петербург, Стамбулда білім алған ұстаздар сабақ берді. Маман әулеті ел ішінен балаларды жинап, оларды өздері ашқан мектептерде тегін оқытты. Мектеп оқушыларды жататын орын, тамақ, оқулықтар және киімдермен қамтамасыз етті. «Мамания» мектебі Уфадағы «Ғалия» медресесі үлгісінде болды. Ұстаздар үшін арнайы пансион салынып, оларға бүкіл жағдай жасалды. Мектепті үздік бітіргендерді Ресейдің жоғары оқу орындарына жіберген. Шетке оқуға кеткен балаларға жылына 300 сом орыс ақшасымен стипендия төлеп отырған. «Мамания» мектебінде Мұхамеджан Тынышбаев, Ілияс Жансүгіров, Біләл Сүлеев, Жәкен Қалиұлы, Оңалсын Жұмабеков, Мұхтар Арын және т.б. оқыған.

Қазан төңкерісінен кейін Маман әулетінен 15 адам атылып, 36 отбасы жер аударылды. Халиданың әкесі Есенқұлды әйгілі 58-баппен айыптап, үш жылға Қазақстаннан тыс жерге жер аударды. 1928 жылы дүние-мүлкін тәркілегеннен кейін бүкіл отбасы Чкалов қаласына қоныс аударды. Әкесі қара жұмысшы болып жұмысқа тұрса, шешесі тігін фабрикасында тігінші болып жұмысқа орналасты. Алты баланың ішіндегі ең үлкені он жасар Халида еді. Айдауда әкесі және де екі кішкене інісі ауырып, қайтыс болды. Отбасы 1932 жылы Алматыға оралды.

Халида Есенқұлқызы техникумның қысқа мерзімді курсына оқыды. Кейіннен медициналық институттың дайындық бөліміне, ал 1937 жылы I курсқа оқуға қабылданды. Алайда оның өткен өмірі қайтадан алдынан шығып, «феодалдың қызын» комсомолдан, сосын оқудан шығарды. Кейіннен үлкен қиыншылықтармен оқуын қалпына келтірді.

Халида Мамановаға 1941 жылдың 31 желтоқсанында Қазақ медицина институтының Мемлекеттік емтихан комиссиясының шешімімен емдеуші дәрігер біліктілігі берілді. Халида Ғылым Академиясының физиология институтына аспирант болып қалады. Бірақта оқуды әрі қарай жалғастыра алмады. 1942 жылдың ақпанында Қызыл әскер қатарына шақырылды. Медицина институтының түлегіне лейтенант шені берілуі керектігіне қарамастан, Халидаға медбике болуға да рұқсат берілмеді. Медициналық дорбаның орнына окоп пен бейіт қазу үшін қолына күрек ұстатты. Әскери дәрігер қызметі мен шенін ала алмаған Халида Сталинге хат жазады. Хатта «егер де мен халық жауы болсам штрафротаға жіберіңіз. Егер де тірі қалсам, менен және менің туыстарымнан бүкіл айыпты алып тастаңыз», - деп атап өтеді. Көп ұзамай Халида зектер және саяси тұтқындардың арасына, яғни штрафротаға түседі. Штрафротадағы жалғыз әйел болғандықтан шабуыл барысында ер кісілер Халиданы қорғаштап жүргендіктен, тірі қалады. Кейіннен авиабатальонға ауыстырылды. Әскери қызметі 821 батальонда жалғасып, Халида амбулаторияның бастығы болып тағайындалды. Батальон Сталинградтың түбіндегі кескілескен айқасқа басынан аяғына дейін қатысты. Батальон әр түрлі майдандардың құрамында Прибалтика, Польша, Чехословакия, Германия, Австрияны азат етті. Осылайша Халида Есенқұлқызы Берлинге дейін жетті [8].

Тек 1943 жылы ғана оған медициналық қызметтің аға лейтенанты шені беріліп, 1945 жылы капитан шенінде елге оралды. «Сталинградты қорғағаны үшін», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдар және «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды.

1945 жылы 26 желтоқсанда майдан даласында алған жарақатына байланысты әскерден босатылды. Бейбіт өмірде де Халида Есенқұлқызы қызмет барысында біраз кедергілер мен қыспаққа тап болды. Әлбетте, қанмен берілген төзімділік пен қайсарлықтың арқасында Халида Есенқұлқызы ғылым саласында үлкен жетістіктерге

жетіп, еңбектері ғылыми ортада танылды. 1977 жылы Болгарияға сапары барысында белгісіз жағдайда қайтыс болды.

Әлбетте, 91 фашисттің көзін жойған мерген қыз Әлия мен пулеметші қыз Мәншүктің, сондай-ақ майдан даласында батырлық танытқан қазақ қыздарының ерліктерін насихаттау қазіргі тәуелсіз Қазақстанның қорғаны болар, сенім жүктер ұрпағына үлгі болмақ. Заты әйел болса да сонау сақ заманынан келе жатқан батырлық үрдісті жалғастыру көшпелілердің ата дәстүрі болып табылады. Бұл дәстүрді өскелең жастарға насихаттағанда ғана өміршең болмақ. Демек ел басына күн туған кезде ер азаматтармен қатар толарсақтан саз кешкен қазақ қыздарының ерліктерін насихаттау өскелең ұрпақтың бойында ұлттық рухты көтереді деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 <http://www.mywebs.su/blog/history/1051.html>

2 ҚРОММ Қ. 2367, Т. 1, I. 1.

3 ҚРОММ Қ. 2367, Т. 1., I. 24.

4 ҚРОММ Қ. 2367, Т. 1., I. 58.

5 ҚРОММ Қ.2367, Т. 1., I. 15.

6 Б. Қасымова Қазақстанның қыздары – Ұлы Отан соғысы жылдарында. – Астана, 2005. – 371 б.

7 М. Қозыбаев. Ақтаңдақтар ақиқаты. – Алматы, 1992. – 272 б.

8 <https://e-history.kz/media/upload/4901/2015/07/29/839ab75921b3e24bde243fc337019878.pdf>

Тасырбаева Эльмира Кайратовна, студентка

Научный руководитель: к.и.н., ст. преподаватель **Джумагалиева К.В.**

КазАТУ им. С.Сейфуллина, г. Нур-Султан, Казахстан, d_kylash@mail.ru

ПРОБЛЕМА БЕСПРИЗОРНОСТИ ДЕТЕЙ В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

Аннотация: статья посвящена положению детей в годы Великой Отечественной войны. В военные годы масса детей были беспризорными. В статье уделяется внимание мерам, предпринятым правительством и государством с целью спасения детей. Раскрывается с какими трудностями пришлось столкнуться при распределении детей в детские дома и какую помощь оказало население сиротам.

Ключевые слова: война, дети, детство, оккупация, патриотизм, эвакуация, детский дом, правонарушения, преступность, детский приемник.

Проблема охраны детства и детей является одним из главных приоритетов социальной политики государства. Забота о детях была, есть и будет делом государственной важности. Ведь дети – это будущее любой страны. Обязанность государства состоит в эффективной защите детей от социальных потрясений. Оно должно создавать благоприятные условия для формирования нового поколения.

С первых дней Великой Отечественной войны возникли серьезные проблемы в охране детства. Перевод экономики на военный лад изменил положение женщин-матерей и детей. Оккупация европейской части СССР фашистскими войсками ухудшило положение детей в годы войны. Хотя часть населения была эвакуирована в центральные и восточные районы страны. Но еще большее число осталось на месте [1, с. 61].

Война привела к росту безнадзорности и беспризорности детей. Беспризорность это следствие любой войны. Советской власти пришлось вести борьбу с детской беспризорностью с приходом к власти. Сначала гражданская война, голод 20-х годов привело к росту огромного числа таких детей. Следующая волна роста беспризорников

приходится на начало 1930-х годов, когда началась коллективизация и массовый голод 1932-1933 гг., затем репрессии 1937-1938 гг. В 1935 г. вышли постановления «О ликвидации детской беспризорности и безнадзорности» и «О мерах борьбы с преступностью среди несовершеннолетних». В первом из них было официально объявлено, что детская беспризорность в СССР ликвидирована.

Новая волна беспризорности приходится на годы Великой Отечественной войны и послевоенные годы. Как известно из материалов Нюрнбергского процесса на территории нашей страны было уничтожено и сильно разрушено 1710 городов и более 70000 деревень и населенных пунктов. Лишенные дома, родителей, теплой одежды и пищи, дети погибали от голодной смерти, становились инвалидами [2, с. 110].

Многие дети потеряли родителей, которые погибли на фронтах войны. Родителей, угоняемых на работу на Запад насильно, разлучали с детьми. Так, А.М. Нечаева в монографии «Охрана детей-сирот в России: история и современность», приводит данные об угнанных женщинах на Запад. Из восточных районов было решено вывезти в Германию 500 000 женщин в возрасте от 15 до 35 лет. Среди них были женщины-матери, вынужденные оставить своих детей [3, с. 152; 4, с. 85].

Фашизм доставил ужасающие мучения и страдания детям. Их убивали, заживо хоронили, расстреливали, угоняли в концентрационные лагеря. А сколько детей потеряли своих родителей во время эвакуации! Многие дети теряли связь с родителями во время эвакуации, так как часто эвакуировались отдельно от родителей, вместе с детскими учреждениями, а их родители — со своими предприятиями. Зачастую детей вывозили отдельно от родителей. В начале войны матерям даже запрещали привозить к себе эвакуированных детей.

Нельзя отрицать того факта, что благодаря эвакуации были спасены от гибели много детей. Однако условия, у которые попадали потом дети, конечно, не соответствовали домашнему уюту и теплу. Большая часть детей оказывались в детских домах. Разрешалось усыновление детей, или предполагалась возможность проживания их в других семьях [5, с. 219-220].

Одной из проблем при изучении вопроса о беспризорности является точность и достоверность сведений о количестве эвакуированных детей в начале войны. Так, только из Москвы и Ленинграда летом 1941 г. было вывезено 800 000 детей. А ведь помимо этого были эвакуированы дети из Украины, Белоруссии, Прибалтики, Молдавии. Тем не менее, много детей не успели вывезти из районов, попавших под оккупацию. Так, в блокадном Ленинграде осталось 467 000 ребятишек. После того как была проложена Дорога жизни и наладили воздушные перевозки были вывезены оставшиеся в живых дети. Но большинство из них погибли от голода, болезней, холода [6, с. 219-220].

Часть детских учреждений были первоначально эвакуированы на Северный Кавказ, где уже летом их оказалось значительное число. Неожиданное наступление немецких войск на Кавказ застало руководство региона и центра врасплох. С Северного Кавказа успели эвакуировать 98 детских домов. Но многих не успели вывезти. Часть детей приютили и спрятали местные жители, при этом они сами рисковали своими жизнями. Однако спасти всех не удалось. Некоторые дети умерли от голода, истощения, кого-то расстреляли немцы.

В некоторых документах военной поры говорится, что для эвакуированных детей созданы все условия. Состояние здоровья удовлетворительное. Однако местные отделы здравоохранения в своих отчетах искажали действительность. Частыми были примеры бюрократизма, равнодушия по отношению эвакуированным и бездомным детям. Были иногда и явления национализма. Много еще до конца не исследовано в судьбах таких детей, и то с чем им пришлось столкнуться в действительности [6, с. 250].

В качестве подтверждения можно привести текст докладной УНКВД от 1943 г. в Актюбинский обком партии о состоянии детского приемника-распределителя. Документ составлен 2 декабря и адресован секретарю Актюбинского обкома партии Бекжанову и

председателя облисполкома Уразбаеву. Докладная написана от имени начальника УНКВД по Актюбинской области подполковника госбезопасности Дегтева. В ходе проверки детского приемника-распределителя были выявлены ряд недостатков. Детприемник не отапливался, дети проживали в холодных помещениях, одежда была рванной, некоторые не имели обуви и одежды, все завшивлены. Верхней одежды нет, поэтому этих детей не могли отправить даже в детские дома. Несмотря на строгий приказ Совнаркома КазССР о «о бесперебойном снабжении детских приемников вещевым довольствием, продовольствием и топливом и неоднократные обращения начальника детприемника положительных результатов не достигнуто». Учитывая катастрофическое положение детского приемника, начальник УНКВД области просил обязать Областной торговый отдел немедленно выделить одежду детям, особенно верхнюю. Председателя Горсовета обязать бесперебойно обеспечивать детприемник топливом [7, л. 55].

Основными детскими учреждениями становятся детские дома. Эти учреждения систематически сталкивались с огромными трудностями. Это были недостаточное финансирование, плохие условия пребывания в них воспитанников, текучесть педагогических кадров, недостаток места и др. Жизнь воспитанников детдомов постепенно улучшается только к началу 1950-х годов.

В годы войны значительно выросла детская преступность, которая стала одной из проблем. Для таких детей открывались специальные учреждения открытого и закрытого типов – трудовые дома и трудовые и трудовые воспитательные колонии. Однако, в эти учреждения попадали не только малолетние правонарушители и имевшие уже судимость подростки, но и не совершившие никаких преступлений. В годы войны криминализация среди детей и подростков значительно возросла. НКВД СССР оперативно реагировал на изменения численности беспризорных и безнадзорных детей, принимал строгие меры. Но их результативность была кратковременной. В ходе борьбы с беспризорностью основное внимание было сконцентрировано не на первопричинах, а на следствиях. Новые репрессии привели к росту численности беспризорных детей.

Рост преступности среди детей некоторые исследователи связывали с трудным материальным положением семей и самих детей, отсутствие продуктов питания, одежды, обуви и других самых необходимых вещей для существования. В этот период среди преступлений преобладали кражи и грабежи, проявление хулиганства и рост числа изнасилований. Одной из причин роста детской преступности было вызвано усилением советского режима в годы войны. 7 июля 1941 г. был принят указ «О применении судами постановления ЦИК и СНК СССР от 7 апреля 1935 г. «О мерах борьбы с преступностью среди несовершеннолетних»».

Согласно этому указу к суду привлекали детей, как совершивших сознательно преступление, так и совершившие деяние осмотнительно. Дети, работавшие на производстве, в случае не выполнения плана также подлежали уголовному наказанию, наказывали и за самовольный уход с работы [8, с. 93-94; 9, с. 133-134].

Еще более худшая участь ожидала детей евреев. Нацисты вместе с взрослыми тотально уничтожали и их детей. Известны случаи, когда посторонние люди спасали и прятали детей евреев, ценой своей собственной жизни. Мало изучены проблемы повседневной жизни евреев в немецком гетто.

Другой проблемой несомненно является которые принудительно были вывезены из СССР в годы войны в Германию и страны Европы. Кто-то был использован в качестве рабочей силы на предприятиях, немецких латифундиях, каменоломнях и т.д. А кто-то закончил жизнь в немецких лагерях. Однако жизнь некоторых детей в Европе сложилась намного лучше, чем тех, кто остался на оккупированной территории. По возвращении же обратно домой эти дети попали в списки неблагонадежных. И это клеймо сопровождало их длительный период времени. Многие из них старались даже не афишировать этот факт своей жизни [10, с. 6].

Как видим, положение разных детей не было одинаковым. Можно сказать, что в более привилегированном положении оказались дети воинов Красной Армии и партизан Отечественной войны, а также сирот, родители которых погибли от рук немецких оккупантов. Для решения в некоторой степени проблемы беспризорности были открыты Суворовские и Нахимовские военные училища. Эти училища в чем-то напоминали прежние кадетские корпуса. Такие училища были открыты в девяти городах – Москве, Краснодаре, Воронеже, Харькове, Курске, Орле, Ставрополе, Новочеркасске, Калинин. Обучение в них было рассчитано на семь лет. Мальчики получали среднее образование и офицерское звание. Набор в каждое училище составлял 500 человек. Как правило, в суворовские училища принимали детей погибших советских военнослужащих.

Первичным учреждением был детский приёмник. Помощь в них получали все дети без исключения. В них беспризорный ребёнок не только получал приют, но и получал медико-педагогическую помощь. Сотрудники этих учреждений изучали прошлую жизнь ребёнка, его физическое и умственное состояние, анализировалось реальное поведение беспризорника и степень его способностей. Всё это позволяло определить впоследствии, направлять ребёнка в детский дом общего типа или трудовой дом для несовершеннолетних правонарушителей.

В 1942 г. наибольшее число беспризорных детей было в центре Европейской части СССР, на Урале, в Поволжье, Западной Сибири. Значительно возросло их число в Казахстане, Узбекистане, Азербайджане, Армении, Грузии, Киргизии, Таджикистане. В связи с этим резко возросло число детских домов. На 1 января 1943 года имелось 3 000 детских домов, в которых было 500 000 детей. Рост числа детских домов по областям наблюдался в 1943 г. Увеличение числа детдомов имело место и в республиках Средней Азии и Казахстане. Так в Узбекской ССР детских учреждений стало в два раза больше, в которых находилось 27 050 человек. В конце июня 1943 года в Казахской ССР было 273 детских дома и интерната, в которых воспитывались 28 500 сирот. В Азербайджане открыто 68 учреждений с 6 800 воспитанниками, а в Грузии сформированы 41 детский дом на 6 150 детей, в Армении – 28 учреждений на 4 200 человек, в Таджикистане – 28 домов на 2 870 детей, в Туркмении – 45 детских специальных учреждений на 4 800 человек. Всего по всей стране насчитывалось 4 730 детских домов на 688 750 сирот.

8 мая 1943 года в одной из справок Народного комитета просвещения отмечался рост числа безнадзорных детей. Это было вызвано начавшимся освобождением оккупированных территорий и возвращением беженцев и эвакуированных в свои родные места. Во время обратной эвакуации имело место потери детей. Так в результате эти потери составили 189 950 детей. Много детей сирот взяли в свои семьи неравнодушные люди к судьбам детей граждане. Так в Казахстане были усыновлены 1 474 ребенка. Всего же к концу войны советские граждане усыновили 350 000 сирот. Таким образом, за период Великой Отечественной войны в детских домах воспитывалось более 1 млн. сирот [11, с. 450-452].

В итоге хотелось бы отметить, что война наложила огромный отпечаток на психику детей сирот. Еще долгое время они не могли забыть события той войны, очевидцами которой они оказались в зависимости от различных ситуаций. Война вызвала у детей психические заболевания, на их душевном состоянии. Многие из них не хотят вспоминать и говорить о военных годах.

Список использованной литературы:

- 1 Дети военной поры / сост. Э. Максимова. – 2-е изд., доп. – М.: Политиздат, 1988. – 320 с.
- 2 Котляр Э.С. Войной опаленная смена. – М.: Высшая школа, 1985. – 207 с.
- 3 Стояли со взрослыми рядом : Сб. докум. очерков / [Составители А. М. Осипова, О. Н. Тюлева]. – Л.: Лениздат, 1985. – 208 с.
- 4 Нечаева, А.М. Охрана детей-сирот в России: история и современность. – М.: Дом, 1994. – 176 с.
- 5 Сборник законодательных материалов СССР и РСФСР. 1917-1958. Т.2. – М., 1958.

- 6 Зинич М.С. Будни военного лихолетья. 1941-1945. – М., 1994. – 143 с.
- 7 Государственный архив Актюбинской области. Ф.13, Оп.12, Д. 32.
- 8 Сборник законодательных и нормативных актов о репрессиях и реабилитации жертв политических репрессий. – М., 1993. – 222 с.
- 9 Кузьмин О.В., Поцелуев Е.Л. К вопросу о преступности учащихся средних специальных учебных заведений РСФСР в 1941-1945 гг. // Социально-политические проблемы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. Кострома, 1992. – С.133-134.
- 10 Черненко М. Свои и чужие. – М., 2001. – 237 с.
- 11 История Великой Отечественной войны Советского Союза. 1941-1945. Т.3. – М., 1961-1965. – 647 с.

Темірболат Мадина Мейрангазықызы, магистрант

Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан, m.tanikenova@list.ru

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ 101-ШІ ҰЛТТЫҚ АТҚЫШТАР БРИГАДАСЫНЫҢ БЕЛОРУССИЯНЫ АЗАТ ЕТУГЕ ҚАТЫСУЫ

Андатпа: 1941-1945 жылдары Герман фашизмі мен Кеңес Одағы арасындағы соғысқа Қазақстан халқының төрттен бірі аттанды. Қазақстандық құрамалардың жауынгерлік жолы 1941 жылғы қаһарлы шақта Мәскеу түбінен басталып, 1945 жылы көктемде Берлинде аяқталды. Қазақстанда жасақталған әскери құрамалардың арасында 101-ші ұлттық атқыштар бригадасы қаһарлы соғыста қиян-кескі шайқастарға қатысты. Сол ұрыстардың бірі Белоруссияны азат ету майданы еді. Осы майданда Ақтөбе қаласында жасақталған қазақстандық 101-ші ұлттық атқыштар бригадасы ерліктің ерен үлгісін көрсетті. 1943 жылдың күзінен 1944 жылдың жазының аяғына дейін олар Белоруссияның бірнеше қалалары мен аудандарын азат ету жолында жан аямай шайқасты. 101-ші атқыштар бригадасы 1944 жылы 26 маусымда Витебскіні, 27 маусымда Оршаны, 28 маусымда Могилевты, ал 3 шілде де Минскіні жаудан босатты. Ал шілде айының соңғы күндерінде бүкіл Белоруссия жерін жаудан азат етті.

Түйін сөздер: Ұлттық, бригада, соғыс, қолбасшы, жауынгер, ерлік, жау.

Ұлы Жеңістің жетпіс бес жылдығы да келді. Әлемді күңіренеткен алапаттағы осы жеңіс халқымызға онша арзанға түспегені мәлім. Ұлы Отан соғысында қазақстандықтар майданның барлық шебінде алдыңғы қатарда соғысты. Сондай айқастардың бірі Белоруссияны фашист басқыншыларынан азат ету еді. Бұл майданда қазақстанда жасақталған 101-ші ұлттық атқыштар бригадасы өз өжеттіліктерін танытты.

Соғыс жылдары республика майданға 12 атқыштар дивизиясын, 4 ұлттық әскер дивизиясын, 7 атқыштар бригадасын, соның ішінде 2 ұлттық атқыштар бригадасын аттандырды. Сонымен қатар Қазақстанда әркілы әскер түрлерінің 50-ден астам полктері мен батальондары жасақталды [1, 4-б.]. Міне, солардың бірі соғыс жылдары жанқиярлық танытқан қазақстандық 101-ші ұлттық атқыштар бригадасы. Атқыштар бригадасы құрамындағылар Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстарынан жинақталды. 101-дербес ұлттық атқыштар бригадасының командирі, полковник Севастьян Яковленко, ал комиссары, аға политрук Нури Алиев болды [2]. Калинин майданы құрамына кіретін №101 ұлттық атқыштар бригадасының сапында 5007 сарбаз болғанын деректер айғақтайды. Оның 80 пайыздан астамы қазақтар, қалған бөлігін орыстар мен украиндер құраған [3].

Белорусс халқы Ұлы Отан соғысы жылдарында қайғы-қасіретке ұшырады. Бірақ, олар қайысқан жоқ. Белоруссияда 223 партизан бригадалары мен полктары, 997 партизан отрядтары ұйымдастырылды. Ал, қалалар мен поселкаларда, ауылдар мен ірі кәсіпорындарда 70 мыңнан астам жасырын топтар болды. Белоруссияны азат етуге 70-тен астам ұлт өкілдері жауға қарсы күресті. Қазақстанда құрылған ұлттық әскери жасақтар

Белоруссияның шығыс және солтүстік-шығыс аудандарын 1943 жылдың күзінен 1944 жылдың күзіне дейін неміс басқыншыларынан азат етуге қатысты [4, с. 73].

101-ұлттық атқыштар бригадасының жауынгерлері шайқастың алғашқы күндеріннің өзінде-ақ жауды 14 километрге дейін шегіндіріп тастаған. Осы шайқасты Березнина, Батыс Двина, Днепр, Сожа, өзендері мен Борисова, Орша, Злобин, Гомель қалаларының төңірегінде теңдесі жоқ шайқас болып, Қызыл Армия жауды біраз кейін қарай ысырды. 1943 жылдың 17 қыркүйегінен қазанның аяқ шеніне дейін Велиж, Витебск бағытындағы 101-бригаданың гитлершілдермен жүргізген шайқастары, оның майдан шебінде жүргізген қимылдарының екінші кезеңі еді. Бұл кезеңде құрама жауынгерлерінің, командирлері мен саяси қызметкерлерінің ұрыстарда әбден шыныққанын, жаппай көрсеткен қаһармандығының ғана куәсі болумен қатар, олардың дұшпанға соққы бере алатын үлкен қабілеті мен шеберлігі де айқын байқалды.

1943 жылы 2 қарашада Бірінші Балтық бойы майданы қолбасшысының бұйрығына сәйкес 101-бригада Романы–Лученики–Велиж–Усьяты–Чурилово–Лосотухино маршрутымен 90 шақырымдық жорыққа шықты. 6 қарашада бригада Высокие – Козлы–Заручевье – Шерстико – Буслово – Песица – Колдобовка – Железница – Дубовка – Литвиново – Краснополье – Байдино–Харлаты маршруты бойынша тағы да жорыққа шықса, ал қарашаның 7 күні бригада бөлімдері Коронец–Харлати, Триполье төңірегіне тоқтап, 60-атқыштар корпусының қарамағына ауыстырылды. Бригада 1944 жылдың 18 ақпанына дейін осы корпустың қарамағында болды [5, 100-б.].

1943 жылы 8 қарашада 60-атқыштар корпусы командирінің бұйрығымен бригада Байдино, Триполье, Межно, Череповка, Яженица, Яновичи бағытында шабуылға шықты. 219-атқыштар дивизиясының 710-атқыштар полкының 1-батальоны ұрыс барысында Байдино шебіне шегініп кетті. Немістер бұл батальонның шегінуін пайдаланып, 101-ші бригаданың артиллериялық батареяларына шабуыл жасап, 4-ші батальонды қоршауға түсіруге тырысты. Бұл жағдайға жол бермес үшін 101-ші бригада Межно төңірегіндегі ұрыс қимылдарын тоқтатып, 4-ші батальонға көмекке, оң қанатқа 1-ші батальонды жіберді, сөйтіп дұшпанның өршеленген ұмтылысына тойтарыс берді.

10 қарашада 101-ші бригада жауынгерлері басқа құрамалармен бірлесе отырып Белорустардың аудан орталығы Яновичиді бірінші азат етті. 101-ші қазақтың дербес атқыштар бригадасы 1943 жылы 17 қыркүйегінен 32 күнге созылған жауға қарсы қанды етек шабуылдар кезінде өзінің ені 4 шақырымдық қарыммен Велиж, Витебск, бағытына қарай 100 шақырымға созылған ұрыстар жүргізе отырып, үлкенді-кішілі Смоленск облысынан 131 елді пунктін, ал Витебск облысынан 158 елді пунктін азат еткені әскери құрама тақтасына алтын әріптермен жазылды. 17 қыркүйектен 9 қарашаға дейін 101-ші бригада бөлімдері дұшпанның 550-шабуылшы батальонын, 1-ші егерлер батальонын, 555-жаяу әскер полкын, 330-жаяу әскер дивизиясын талқандап, екі айға созылған ұрыста 1580-ге жуық неміс солдаттымен офицерін құртса, ал 16 қазан аралығына дейін 3600 неміс солдаттары мен офицерлерінің көзі жойылып, 11 қаруы, 8 минометтық батареясы және 54 пулеметі талқандалды. Смоленск мен Витебск бағытындағы көрсеткен ерліктері үшін бригаданың 180 жауынгерлері мен офицерлері ордендермен, ал 414 адам «Ерлігі үшін» және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдарымен марапатталды [4, с. 78].

1943 жылдың қарашасынан бастап 101-ші бригада 4-ші армияның оң қанатында болып, Витебск облысының солтүстігіндегі Нещердо өзені ауданына шоғырланды. 27 желтоқсаннан 1944 жылдың 1 сәуір аралығына дейін жау тылына 12 барлаушылар тобын жіберіп, олардың қимыл барысын, әскери күштері туралы мәлімет алып отырды. 29 желтоқсан күні таңертеңгі сағат 6-30-да Гольница төңірегінен немістердің 20-ға жуық барлаушылары, 4-ші батальонның бағытына қарай барлау жүргізуге тырысты. Батальон жауынгерлері дұшпанның әрекетін іске асырмай, олардың барлығының көзін жойды [6, 49-б.].

1944 жылы 2 қаңтарда дұшпанның 70-ке жуық солдаты бірінші батальон шебіндегі Провордың солтүстік жағындағы жауынгерлік қорғанысқа екі бағыттан тап берді. Біреуі

Межно өзені жағынан, екінші – солтүстіктен. Немістер мен бригада бөлімдерінің арасындағы ұрыс екі сағатқа созылып, жау кейін шегіндірілді. Бригада жауынгерлері оқтын-оқтын немістердің шебіне тұтқиылдан шабуылдап, шығынға ұшыратты. Немістер де бригада бөлімдеріне қарсы шабуылдап отырды. Мәселен, 17 және 24 қаңтарда жау тобы артиллерия қолдауымен бригаданың 1-батальонына бірнеше рет шабуыл жасады. Бригада жауынгерлері олардың ілгері басуларына жол бермей, көпшілігін жер жастандырды.

101-ші атқыштар бригадасы 1943 жылдың қараша айынан 1944 жылдың маусым айына дейінгі мерзім ішінде жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді. Осындай ұрыста шабуылдың тәртібі мен басталу мерзімін белгілеу мәселенің айырықша мәні болды. Жаудың резерв дайындап, дал-дұлы шыққан дивизияларын қайта қалпына келтіруіне, сөйтіп басты бағыттардағы қорғаныс шебін нығайтуына уақыт бермеді. Шабуылды ұзақ үзіліс жасамай бастауды алға мақсат етіп қойып отырды. Осындай стратегиялық жоспар арқылы ұрысты жүргізді. Бригада барлаушылары жау тылына өтіп, оның күшін шамалап қайтты. Бекінісінің құпиясын біліп отырды. Сондай-ақ шешуші учасқтарда ұрыстар жүргізіп отырды. Шабуылды үздіксіз жүргізуге айырықша мән берді. Жауға тактикалық, ал кейінірек, оперативтік үзіліс жасатпау үшін операцияның үшінші күні-ақ немістердің тактикалық қорғаныс шебін бұзып өтісімен, ұрысқа енгізу ұйғарылды.

Минск түбінде тұтқынға алынған неміс-фашист генералдары гитлер әскерлерінің ең таңдаулы деген құрамаларының қалайша тез де оп-оңай күл талқаны шыққанына түсінбей, қатты қайран қалды. Жауынгерлер қимылдарының мұндай нәтижелі болуының негізі соққыға дайындалу кезінде-ақ қаланған болатын. Шабуыл басталмастан бұрын, біздің жауынгерлер алғы шептегі дивизиялардың әрбір батальонымен ең кем дегенде он реттен жаттығу өткізді. Басқа бригададағылар да осылайша дайындалды. Әскери құрамалар мен жауынгерлер ең алдымен ертеңгі соғыста шешілуге тиісті мақсаттарды көздеп, аса табандылықпен соған жаттығумен болды. Жаяу әскерлердің артиллериямен және танктермен тығыз байланыста қимылдауы дәлдікпен ұйымдастырылды және де негізгі салмақ батальондар мен дивизиондарға жүктелді. Жаяу әскерлер өз артиллериясының снарядтары жарыла бастағанда «жерге жабыса» қоюға үйренсе, ал артиллеристер жаяу әскер мен танктердің қимылына орай оқ жаудырып, немесе орын ауыстырып отыратын болды. Бірге жаттығу кезінде неше сан әскерлер түрлерінің жауынгерлік достықтары нығая түсті [7, с. 438].

Белоруссияны азат етуге көмектесу барысында 101-ші бригаданың шабуылға шығуына жер жағдайы да қолайлы болмады себебі- қалың ормандар, қыста да қатпайтын батпақты жерлер, сансыз көлдер мен кес-кестеп жатқан өзендерден келтірген кедергісі көп болды. Мұндай жерлерде танктерді қолданылу мүмкіндігі күрт азайып, бар ауыртпалық еріксіз жаяу әскерлерге ғана түсетіні белгілі. Тұман басып, көзбен көру мүмкіндігінің нашарлануынан артиллериялық атыстың да тиімділігі төмендеді. Қару-жарақ көп қажет болды, ал бұл жағы о кезде тым тапшылық көрсеткен еді.

Соғыстың соңында 101-ші дербес атқыштар бригадасының бөлімдері мен бөлімшелерінің жауынгерлік есебінде көптеген азат етілген қалалар мен елді мекендер, жер жастанған оң мыңдаған фашистер, жойылған қыруар техника бар болатын. Бригаданың жауынгерлері туған халқының «Гитлершіл фашистерді қирата жеңіп қайтыңдар!» деген аманатын абыроймен орындап, Кеңестік Қарулы Күштердің өзге де құрамаларымен тізе қоса күресті. Осынау күрестің бүкіл күрделілігі мен қиын-қыстау кезеңдерінің көп болғанына, көптеген уақытша сәтсіздіктерге қарамастан, оның соңы, түпкі ой-мақсаты мен орындалуы 101-ші бригада жауынгерлерінің соғыс өнерін жақсы меңгергені және әскеріміздің аса зор үлгісі болып табылатыны байқалды.

101-бригада 1943 жылдың қарашасының бас шенінен 1944 жылғы наурыздың соңғы күндеріне дейін жалпы ұзындығы 26 шақырымға созылған шепті табандылықпен қорғады. Осы уақыт ішінде 1500-ге жуық неміс солдаты мен офицері жойылды немесе жарақаттанды, 10 адам тұтқынға алынды, екі бақылау пункті мен төрт қазылған қорғаныс

орны (блиндаж) талқандалды. Бес ай ішінде 101-ші атқыштар бригадасы 1500 солдат пен офицерлердің көзін жойып, көптеген техникаларын істен шығарды [5, 103-б.].

Бригаданың жауынгерлерінің 2-уі Қызыл Ту орденімен, 1-уі бірінші дәрежелі Отан соғысы орденімен, 7-уі екінші дәрежесімен, 7-уі Қызыл Жұлдыз орденімен, 137 адам өжеттілігі үшін медалімен марапатталды. Жауынгерлік Қызыл Ту орденімен командирдің саяси бөлім жөніндегі орынбасары, майор – А.Д. Мәлкеев, Қызыл Жұлдыз орденімен майор – Ж.Жанайдаров, батарея командирі, аға лейтенант – А.П. Протопов, штаб бастығының орынбасары, капитан – Т.Жақыпов, старшина – А.Байғожаев, 3-ші батальон порторгі, кіші лейтенант – А.В. Катковтар марапатталды.

Белоруссия жерін жаудан азат еткендердің ішінде қазақстандық 101-ші бригаданың жауынгерлерінің «Ерлігі үшін» медалімен марапатталғандар қатарында жауынгерлер Сағымбаев Фазыл, Әбдікәрімов Әбдіғали, Әбдіқалықов Жақып, Тоғабылов Мырзахмет, Махамбетов Өмірзақ, Жақыпов Қасымжан, Бержанов Жүнісбек, Үргенішбаев Махамбет, Қыпшақбаев Махамбедияр, Ерішов Сары, Сарбасов Мақұлбай, Сейтпембетов Қуан, Піржанов Бексейіт, Байғабылов Мырзабек, белменов Мұхамеджан, Бәкіров Мәжит, Қанабаев Сәлім, Боранқұлов Бедер, Өтегенов Әлихан, Мұқанов Бисен, Шайхабасов Егеубай, Бектұрғанов Кенжес, Нигметеров Данияр, Рахымжанов Төкен, Алшымбаев Сейфолла, Татау Әшкин, Қабылбек Шәкіров, Жанпейісов Ахметжан, Сұлтанбеков Қасен, Өтегенов Болатбай, Жамбылов Хамит, Момбаев Құрманбай, Сасыков Алпамыс, Закиров Қайролла, Ақшолақов Қуандық, Алшынбаев Сейфолла, Байтенов Жантөре, Сағымбаев Фазыл, Құсайынов Ерғали және т.б. майданда ерлік көрсетті. Бұл кісілердің аты жөнін мұрағат құжаттарынан алып, жарыққа шығарып отыру себебіміз туған жеріне таныстыру, ерлік істерін ұлағаттау болып табылады.

Бригаданың бөлімшелері кейіннен 4-Екпінді армияның құрамында ойдағыдай ұрыс жүргізді. Бригада жауынгерлері «неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресте жауды жеңу үшін өздерінің барлық күшін жұмсаймыз» деп қабылдаған анттарын берік ұстанды. Бригада өз құрамын толықтырып, бекініс жерінде маңызды құрылыстар жүргізді. Ал артиллеристер мен минометчиктер жау шебіне әлсін-әлі оқ жаудырып, дұшпанның бекінісін әлсірете білді.

Толық емес мәліметтер бойынша, 101-ұлттық атқыштар бригадасының жауынгерлері, соғыс жылдарында 160 елді бекетті азат етіп, жаудың үш жаяу әскер полкі мен бес батальонын талқандады, 9 мың жау солдаттары мен офицерлерін, көптеген техникасын жойып жіберді [8, 37-б.].

Бригада өзіне қанаттас орналасқан бөлімшелермен бірлесіп, жаудың Полоцк-Витебск бағытындағы армиясын жартылай қоршауға алды. Бұл кейін 1944 жылдың жазында «Багратион» деп аталған операцияның ойдағыдай жүргізілуіне көмек болды. Тарихшы, ғалым П.С. Белан жүргізген зерттеуінде: «Багратион» операциясына Қазақстанда жасақталған екі атқыштар дивизиясы, бір атқыштар, бір зеңбірекші артиллериялық, бір минометты, және бір авиациялық полктер, сондай-ақ Қызыл Армия құрамалары мен бөлімдеріндегі мыңдаған қазақстандықтар қатысты», – деп жазды [4, с. 79].

Белоруссия мүйісін қорғап жатқан жаудың жалпы ұзын ырғасы 42 дивизиясына қарсы кеңес армиясы жағынан 77 атқыштар дивизиясы, 3 танк корпусы, бір механикаландырылған, бір атты әскер дивизиясы, 6 стволды артиллерия дивизиялары шабуыл жасауы тиіс болды.

1944 жылы маусым айында 101-бригада Белоруссия жерін жаудан азат ету ұрыстарына қызу кірісті. Үсті-үстіне соққы көрген неміс фашистері табанды қарсылық көрсете алмай шегініс берді. Белоруссия жерінде өзендер мен батпақтар көп. Бұл әскерлердің тез жүруіне кедергі жасады, жаудың ес жинап, тыныс алуына мүмкіндік берді. Осыны пайдаланған неміс фашистері кейде қарсы шабуылға шығып, соққыны күшейте түстіріп, Қызыл армияны едәуір шығынға ұшыратқан кездері болды. 1944 жылы 12 маусымда 101-бригада 219-атқыштар дивизиясымен және Витебск облысының

партизандарымен Россони қаласын жаудан азат етті. Сол кездегі жасалған жертөле, қазылған орлар қазір де сол қалпында сақталып, музейге айналды. Оны соғыстан кейін 1981 жылы бригада ардагерлерінің көздерімен көріп қайтқандары дәлелдейді.

Шілде айының соңғы күндері бүкіл Белоруссия жері жаудан босатылды. 101-ші бригада жауынгерлерінің Минскіні жаудан азат етуде ерлік жасап, көзге түскен 13 жауынгері Қызыл Ту, 17 жауынгері Отан соғысы орденінің бірінші және екінші дәрежесімен, төрт адам Александр Невский, 146 адам Қызыл Жұлдыз орденімен, ал 414 адам медальдармен марапатталды.

101-ші атқыштар бригадасы 1944 жылы 26 маусымда Витебскіні, 27 маусымда Оршаны, 28 маусымда Могилевты, ал 3 шілде де Минскіні жаудан босатты. Ал шілде айының соңғы күндерінде бүкіл Белоруссия жерін жаудан азат етті.

1944 жылы шілде айының соңында 101-ұлттық дербес атқыштар бригадасында қазақтар саны азайып, көпұлтты дивизияға айналды. Олар, орыс, украин, белорус, эстон, латыш, литван, өзбек, түркімен, белорус, тәжік жауынгерлерімен тізе қосып, өшпес ерліктерімен тарихта өз іздерін қалдырды.

Соғыс жылдары Белоруссия зор шығынға ұшырады. Белоруссияның әрбір төртінші адамы жау қолынан қаза тапты. Гитлершіл басқыншылар республиканың 208 қаласы мен елді мекенін, 9200 селосын қиратып жіберді. Ал, 619 село бүкіл халқымен жойылды. Осы қаһарлы жылдары басқа әскери құрамалар мен бірге 101-ші бригаданың да Белоруссия үшін қосқан үлестері Ұлы Отан соғысының тарихында ерекше сипатталатын оқиға.

1941-1945 жылдар аралығында майдан шебінде соғысқан 100-ші және 101-ші дербес ұлттық атқыштар бригадасының жауынгерлері кеңес үкіметін неміс басқыншыларынан тазартуда ерен ерлік көрсетіп, көпшілігі ұрыс барысында қаза тапты. Олар өздерінің міндетін абыроймен орындап, бұл ұрыстарда ерлік пен батырлық көрсетті.

101-ші ұлттық атқыштар бригадасы майдандағы жағдайды жан-жақты саралай келіп, майданның алғы шебінде жүріп, жауды Сталинград іргесіндегі шайқастан аластатуға көмектесіп, Белоруссияны азат етуге қатысты. Оңтүстік майданда Паулюс пен Манштейн армияларын талқандауға көмектесті. Міне 101-бригада жауынгерлері мен офицерлерінің ерлік істері турасындағы мәліметтер осындай.

101-ші бригада жауынгерлерінің басты міндеті – бұл жеңіске өз үлестерін қосу, дұшпандық идеологияға дер кезінде тойтарыс беру, өз бойларындағы саяси саналықты нығайтып, оларды елжандылық ісіне берілгендік рухында тәрбиелі болу болып табылады.

Белоруссия жерін азат ету жолындағы ұрыстар аса ауыр болды. Күні де, түні де тоқталмай жүргізілген бұл қанды шайқастар сан мыңдаған қазақтың айбынды жауынгерлерінің өмірін қиды. Сонымен қатар, мұның өзі 101-ші бригадамыздың жауынгерлік жолындағы ең абыройлы да, ең мақтанышты кезеңі болды. Тіпті бригаданың ұлттық құрама сапындағы ең соңғысы да болды. Бұған дейін бригада жауынгерлері Мишуково түбіндегі шайқаста, Велиж, Витебск бағыттарындағы ірі ұрыстарға қатысып, өз күштерін сынақтан өткізіп, жемісін Белоруссия майданында көрді. Бригаданың жауынгерлік жорықтары ерлікке толы. Солдат бойында жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде халықтардың басынан өткен жауынгерлік жолдары мен ұлттық дәстүрлердің маңызы зор. Ұлттық құрама адамзат тарихындағы бұл жойқын соғыстың тоқталуына, неміс басқыншыларының жеңіліске ұшырауына ерен үлес қосты. Олардың ерлікке толы жауынгерлік жолы халықаралық құрметке ие болды. Еліне паналы қорған болған 101-ші бригада жауынгерлерінің, халық қаһармандарының өнегелі өмірлерін Отан тарихында қалдыру, оларды болашақ ұрпаққа жарқыратып үлгі ету тарихшылардың парызы.

Жауынгерлік жолын Ақтөбеден бастаған қазақтың 101-ші бригадасы Ұлы Отан соғысы жылдарында даңқты жолын осылай аяқтады. Қорғаныс жолында, соғыстың небір қиын сәттерінде ерлік танытқан, Жеңіс күнін жақындатуға үлес қосқан 101-ші бригада патриоттарының еңбегі еліміздің ерлік шежіресінен лайықты орын алды. 101-ші бригада жауынгерлері Отанын қорғауда әрқашан әзір екенін, бұл жолда ешқандай күшін аямайтынын айқын көрсетті. 101-дербес атқыштар бригадасы қиян кескі соғыста Витебск,

Смоленск облыстарын, Белоруссия, Балтық жағалауы елдерін жаудан азат ету шайқастарына қатысты. Соғыста ерлік көрсеткен жау жүрек жауынгерлер қатарында жерлестеріміз Б.Иржанов, Г.Житинков, Р.Нұртазин, И.Нуркин, В.Вострокнутов, П.Хасанов, А.Аязбаев сияқты көптеген ерлер есімі бар. 1944 жылы Қызыл әскерді қайта ұйымдастыруға байланысты 101-дербес ұлттық бригада таратылды. Бригада жауынгерлері мен командирлерін 47-ші және 90-атқыштар дивизиясының құрамына қосты [2].

Соғыстан кейін соғыс зардабын көп көрген белорусстар қазақ жауынгерлеріне арнап Межно деревнясында жауынгер қазақтардың ерлігін шежіре етіп айтып жүретін мұражай ашты. Мұражайда 101-ші бригада командирі Қ.Жолмағамбетовтің, взвод командирі М.Әлімбаевтың, батальон командирі Х.Бекішевтің, взвод командирі М.Әлімбаевтың, зеңбірек командирі М.Жұрмаханбетовтің, рота командирі А.Алпысбаевтың, Р.Мұстафиннің және сержант Қарабаевтың, Р.Сапабековтің суреттері қойылды. Осы мұражайдың ескерткіш залында Белоруссияны азат етуге қатысқан барлық әскери құрамалар мен бөлімдердің аттары жазылды.

Ерлер есімі мен ұлттық атқыштар бригадасының соғыстағы ерен ерліктері еленбей қалмады. Ресейдің Ржев қаласында 100-ші және 101-ші жекелеген атқыштар бригадасына арналған, олардың осы қаланы азат етудегі ерлігіне тағзым етіп, жалпы ұзындығы 27 метрді құрайтын мемориалды тақта салынды. Оның орта тұсына қазақ жерінен әкелінген топырақ қойылды. Бұл мемориал алғаш рет 2010 жылы салынды. Ал, қазір толықтай жаңарып, қайтадан ашылды [9]. Ржевтегі ескерткіш қабырғасына ерлер есімі жазылды, тізімдегі есімдердің 8600-ден астамы қазақтар [10]. Сөйтіп, осы арқылы ұлы соғыста ұлттың атын шығарған қаһарман аға-аталардың есімдері мәңгілік есте қалдырылды, ұрпақтары тағзым етіп келетін қасиетті орынға айналды. Қай майданда бомасын өжеттілік танытқан ұлттық бригаданың жауынгерлік жолы, оның құрамындағы жауынгерлердің өжеттілігі мен қаһармандығы, ауыр айқастардағы жанқиярлықтары тарих беттерінде мәңгі қалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Сайлан Б. Кеңестік Қазақстанның фашизмге қарсы күресі: жаңа көзқарастар мен ұстанымдар: оқу құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 120 б.
- 2 Құлниязова А. Ақтөбеде атқыштар бригадасы қалай құрылды? // aqparat.info. 2020. – 23 қаңтар.
- 3 Құсайын Т. Ржев қырғынының басты себебі неде? // Егемен Қазақстан. – 2018. – 9 мамыр.
- 4 Белан П.С. В боях за освобождение Белоруссии и Советской Прибалтики. – Алма-Ата: Наука, 1988. – 176 с.
- 5 Көшербаева Б. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанда ұлттық әскери құрамалардың жасақталуы және жауынгерлік жолы (1941-1945 жж.). – Алматы: 2006. – 154 б.
- 6 Көпішев Қ. Қаһармандар. Алматы: Қазақстан, 1981. – 144 б.
- 7 Галицкий К.Н. Годы суровых испытаний: Записки командарма (1941-1944гг). – М.: Наука, 1985. – 600 с.
- 8 Қанахин Ө. Сұрапыл жылдар // Қазақстан коммунисті. – 1967. – №4. – 34-39 б.
- 9 Тасмағамбетов: Ел үшін туып, жер үшін мерт болған бабаларымыздың рухы желеп-жебеп жүрсін // <http://mail.ult.kz>. – 2020. – 10 мамыр.
- 10 С.Байменше. Саясаттың бір тілі – дәнекерлік // Егемен Қазақстан. – 2011. – 16 желтоқсан.

Tulegenova Saltanat Gizatovna, undergraduate,

Zueva Lyudmila Ivanovna, c.h.s., docent

Academician E.A.Buketov KarU, Karaganda, Kazakhstan, ana_3003@mail.ru

**THE GREAT PATRIOTIC WAR OF 1941-1945:
HISTORY IN BIOGRAPHIES OF VETERANS OF KAZAKHSTAN**

Abstract: This article deals with the problem of the patriotic education of youth in the Republic of Kazakhstan. The researches on the formation of independence of the Republic of Kazakhstan show that the Kazakhstan scientists achieved certain results in the development of this complex and scientifically significant theme which has a huge educational influence on a young generation of our Republic. Considering the efficiency of the developed system of education, the author offers the form of the further perfection of patriotic education of the youth of Kazakhstan on the example of biographical sources of veterans of the Great Patriotic War. Special attention is paid to the process of the formation of patriotic consciousness as a means of the development of a person, who possesses the qualities of a citizen and a patriot.

Keywords: a biography of Great Patriotic War veterans, civic education, patriotism, civic position, love for the Motherland.

The glorious years of the Great Patriotic War, when Kazakhstan, as well as other republics of the USSR, gave all efforts to destroy the enemy, are moving further away from us. More than 1 million 200 thousand soldiers, 12 rifle, 4 cavalry divisions, 7 rifle brigades, about 50 separate regiments and battalions were mobilized for the front from the Kazakh SSR.

This year, the Republic of Kazakhstan is preparing to solemnly mark the 75th anniversary of its victory in the Great Patriotic War of 1941-1945. Our parents' childhood was at a time when the returning veterans were still alive and could tell us all about the hardships of wartime. When we were studying, there were many fewer veterans left, but despite their age and past, they still attended class hours, wartime song contests, celebrative concerts and talked about how difficult it was for them, how they lost friends, how they lived through 1418 days of the war.

At that time, we were still children and did not fully understand the tragedy of the situation. I, like all my peers, do not know the war. I don't know, and I hope I never will. One generation is replaced by another. But the memory of those who did not return from the bloody fields of war, who with their breasts defended the honor and independence of our homeland, who, without sparing their lives, expelled the invaders from our land, who liberated the peoples from fascism, lives in the hearts of people and will live forever!

My life is connected with the Zelenaya Balka settlement, now Doskey-Bukhar-Zhyrau village of Karaganda region. Having visited my native school, having seen the museum created in honor of memory of veterans of the Great Patriotic War, having considered albums, having comprehended how huge their contribution to our peaceful future was, I have decided that the article will be devoted to veterans of our settlement.

As a future specialist - historian, I am concerned about issues related to the education of patriotism and the formation of civic position in students. I believe that education of love for the Motherland and the formation of a worthy citizen should become the main components in the educational work of the school. Great opportunities are obvious here, which allow educating patriots and citizens not on abstract ideals, but on concrete examples, to introduce children to the cultural heritage of the country and "small motherland". It is we, historians, who should teach children to love, respect their people, homeland, so that schoolchildren, knowing their roots, they could create a decent future, while those people, who in the most difficult battles defended our homeland or in the rear, not sparing their efforts, worked for the Victory, who have experienced all the horrors of war, are still alive.

Among my fellow villagers, there are many people of an extraordinary destiny.

Leno Ivan Ivanovich. Born on September 19, 1928, in Zakarpattya region, Venogradsky district, village Veretsya. He has lived in Zelenay Balka since 1975. In 1944 he graduated from 8 classes and at 16 years old, hiding his age, went to the front as a volunteer. He fought in the 520th rifle regiment with the rank of senior sergeant, commanded the department at the Ukrainian front. In 1945 he was wounded in the left shoulder and his fighting way ended. For fighting services the Motherland awarded its hero with medals "For bravery", "For the victory over Germany", Medal "G.K.Zhukov", Medal of "Supreme Soviet". Ivan Ivanovich also has the Order of the second degree and jubilee medals [1].

Iosif Leontievich Slobodetskiy. He was born on June 10, 1923, in Ukraine, in Novoushinskiy district, Struga village, Kamenopol region. In 1940 Iosif Leontyevich was taken to the service, then he got to the front. He fought near Leningrad. He was awarded medals and orders: the Order of the Great Patriotic War of the 1st degree, for bravery, fortitude, and courage shown in the fight against the Nazi invaders, medals of the USSR - "For bravery", "For labor valor". In 1945 he was wounded in both hands and feet, was contused. In 2 years he moved to Kazakhstan, the village of Trudovik. (Zelenaya Balka), where he met his love to Maria Andreevna Voropaeva.

Maria Andreyevna was born on June 19, 1923, in the Voronezh region, Shatalovsky district, the first settlement village council. The family was large: a peasant father, a housewife mother and 6 children. When parents found themselves in the German-occupied territory, she and 5 more girls had to run away. They worked at peat mining. They were bombed more than once. It was only in 1945 that the girl was able to return home. The work continued in her village. Then they started to recruit workers in Kazakhstan. Thus, Maria Andreyevna found herself in the village of Trudovoye, where she organized a Komsomol-youth vegetable growing unit consisting of 12 people. Any difficult and responsible work was carried out by a link of quality and in time, for which Voropaeva M.A. was awarded to participate in the exhibition of the national economy in Moscow.

Kurilenok Mikhail Avakumovich. He was born on February 15, 1924, in the village of Rudnya, Lagai district, Minsk region. When the war started, not all men got into the active army, so some went to the partisans. So Mikhail Avakumovich joined the partisans when he was not yet 18 years old, and his father Avakum Pavlovich became commander of this partisan squad. The squad acted near the village of Khatyn. The distance between Rudnya and Khatyn was only 10 km. Residents of neighboring villages watched the tragedy of Khatyn from afar, not suspecting that the same fate awaits them. Mikhail Avakumovich's wife - Sophia Pavlovna - told several episodes of the fascists' massacre of the locals: "It was scary. Everything burned. No one was spared. When fascists after Khatyn took up our village, my sister with three children hid in the cellar. Machine guns and automatic rifles were used to shoot through the windows of all the people in the houses. The bedding in the beds lit up, and if anyone did not die from the bullets, they died from fire and smoke. I was the only one who managed to escape by miracle. All our family (in the village there were only women and children) together with others, only 18 people were taken out into the yard and started shooting from a machine gun. I fell, stunned, but alive. And I found myself under the bodies of others. Then everyone was dragged to the barn to be burned. I managed to get out through the smoke and run away into the woods..." Residents of Belarusian villages lived in such constant danger. And men in partisan squads did everything to undermine the enemy's forces and not to let them walk on the land calmly. They blew up carts, trains, places of settlement of the Germans.

After the liberation of Belarus, Mikhail Avakumovich participated in the battles for Koenigsberg. He was wounded twice, got a strong contusion. He has combat orders, in 2004 he received a medal "For the Liberation of Belarus". In 1962 he moved to Kazakhstan on Tselina, to Svetlogorsk. Then he moved to Karaganda - a year worked in the mine, and since 1965 his wife lives in the Zelenaya Balka.

Venikov Nikolai Tikhonovich. He was born in 1923 in the Voronezh region. In 1931 he was repressed and sent to Kazakhstan. He went to school in 1934, then at the age of 11, went to study in Samara school. Upon completion of five classes, he went to work in the field. In 1941, he was conscripted into the army together with his father. He was conscripted to the front in 1942, participated in battles on the Baltic and Belarusian fronts. He took part in the liberation of Kyiv and Minsk, in the Battle of Stalingrad, in the tank battle for Prague. When the Soviet army came to the Polish border, he as a soldier participated in the liberation of Poland, Lithuania, went to the border of Germany, liberated the city of Greenberg. The war ended in Germany for him. In 1945-1947 he served in Germany in the group of occupation troops. In October 1947 he

was demobilized and lived in the Oktyabrsky district. In 1957, he moved to Zelenaya Balka. He worked as a brigadier of tractor brigade.

He was awarded two medals: "For bravery", the order: "Patriotic war of the 2nd degree", a medal: "For the Liberation of Belarus", 6 jubilee medals.

Ushakov Gennady Yakovlevich. He was born on August 23, 1924, in the Chita region of RSFSR in a family of a peasant. In 1931 the family was dispossessed and sent to Kazakhstan. Lived at the station Nurinsk, then in the state farm №1 (named after Sverdlov). He finished high school in Karaganda.

